

ШЕЙХ АХМАД-
ҚАЖЫ АБДУЛЛАЕВ
Дағыстан Мүфтиі

Тақуалар өнегесі

Алматы
2024

УДК 28
ББК 86.38
А13

"Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министірлігінің дін істері комитеті" дінтану сараптамасының оң қорытындысы берілген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
Діни сараптама бөлімінің жүргізген сараптама нәтижесі бойынша оң қорытынды берілген.

A13 Шейх Ахмад-қажы Абдуллаев

Тақуалар өнегесі / Орыс тілінен аударған
А. Исламов. – Алматы: "Дәуір" баспасы, 2024,
– 304 бет.

ISBN 978-601-7051-74-7

Көркем мінез – иманның тірегі. «Сендердің ең жақсыларың - мінезі жақсы болғандарың» – дейді, әз Пайғамбарымыз (с.ғ.с). Мұсылмандардың моральдық өлшемдері жоғарылаған сайын, Ислам үмметі соғұрлым кемелдене түседі. Ал егер көркем ахлақ жойылатын болса, бәле-жала белең алады.

Бүгінде айналасына мұқият қараған әрбір жан, кісінің иманын әлсіретіп, жүректегі жақсы қасиеттерді жоятын, мінез-құлқын өзгертіп, жан-жағына жамандық уын шашып жүрген түрлі қайғы-қасіретті көріп жүр. Сондықтан адамның жүрегіндегі көркем ахлақты ояту, мұсылманның мінез-құлқын жақсарту және нәпсіні тәрбиелеу үшін осы кітапты жазу қажеттілігі туындады.

Кітап барша мұсылман қауымына арналады.

ISBN 978-601-7051-74-7

УДК 28
ББК 86.38

АЛҒЫ СӨЗ

**Дүниеде барша адамзатқа,
ал ақыретте тек иман еткендерге
мейірімді Алланың атымен!**


Бүкіл әлемнің Раббысы – Алла тағалаға мадақ, мақтау болсын! Барша пайғамбар мен нәбилердің мырзасы Мұхаммедке, оның отбасына, сахабалары мен қиямет күніне дейін оның жолын ұстанғандарға салауат пен сәлем болсын.

Көркем мінез – иманның тірегі әрі оның бұлтартпас ақиқаты. Мұсылмандардың моральдық өлшемдері жоғарылаған сайын, Ислам үмметі соғұрлым кемелдене түседі. Ал егер көркем ахлақ жойылатын болса, бәле-жала белең алады. Осыған орай, қоғамның игілігін қалайтын әрбір саналы адам өзінің мінез-құлқын жіті қадағалап, оны жақсартуға тырысуға міндетті.

Бүгінде айналасына мұқият қараған әрбір жан, кісінің иманын әлсіретіп, жүректегі жақсы қасиеттерді жоятын, мінез-құлқын өзгертіп, жан-жағына жамандық уын шашып жүрген түрлі қайғы-қасіретті көріп жүр. Сондықтан адамның жүрегіндегі көркем ахлақты ояту, мұсылманның мінез-құлқын жақсарту және нәпсіні тәрбиелеу үшін осы кітапты жазу қажеттілігі туындады.

Алладан осы еңбектің пайдасы елге тиіп, адамдардың иманын арттыруға қызмет етуін сұраймын. Раббым, дұғаларымызды Білуші, Естуші және Жауап беруші!

Барлық мақтау бүкіл жаратылыстың Раббысына болсын. Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның отбасына және сахабаларына Алланың игілігі мен сәлемі болсын.



I-ТАРАУ

НӘПСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

1-БӨЛІМ. НӘПСІНІҢ БОЛМЫСЫ

Адамның нәпсісі – илаһи сыр (латифа раббания), оның мәнін толық түсіну мүмкін емес.

Адам денесіне енген сәтке дейін нәпсі рух деп аталады. Алла тағаланың әмірімен рух тәнмен қосылғанда, ол "мә сиуаны"¹ тани бастайды да, өз Раббысынан алшақтай түседі. Осы кезде Алла тағала мен нәпсі арасында нәпсінің Жаратушысына жақындауына жол бермейтін перде пайда болады.

Адамның рухы табиғатынан ізгі болмыс екені белгілі, өйткені ол періштенің үрлеуінен жаралған. Бұл жайында Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Шын мәнінде, әрқайсың анасының құрсағында қырық күн бойы ұрық тамшы түрінде қалыптасады, содан соң ол сонша уақыт ұйыған қан түрінде және сонша уақыт бір тістем ет тәрізді болады, содан кейін бір періште жіберіледі де, оған үрлеп рух кіргізеді. Ол төрт нәрсені – оның ризық-несібесін, ажалын, амалдарын, және

¹ Мә сиуа – Алладан басқа барлық нәрсе.

оның бақытты не бақытсыз болатынын жазуға бұйрық алады.²

Рух денеге қосылғаннан кейін "инсан" (адам) деп аталатын таңғажайып жаратылыс пайда болады. Алла тағала адамды жасампаз өмір сүрсін деп жер бетінде өзінің халифасы (орынбасары) етті. Әрі адамның нәпсісіне қамқорлық танытып, шариғатын түсірді. Себебі, білім мен көркем мінез – бұл екеуі адам нәпсісінің кемелденуіне көмекші болатын екі негіз.

Алла тағаланың әмірлері мен тыйымдары адамның нәпсісіне тікелей бағытталғандықтан және кісінің ізгілігін немесе азғындығын анықтайтын нәпсісінің қасиеттері болғандықтан, адамның өз нәпсісін тәрбиелеуі илаһи кітаптардың, пайғамбарлардың және шариғат заңдарының түсуіндегі басты мақсат болып табылады.

Адам нәпсісінің табиғи сипаттары құмарлық, бокүйездік, дүниеге тез берілгіштік. Ал оның жаман достары – адам мен жын шайтандарының әсер етуімен нәпсі үнемі күнә жасайды. Сондықтан нәпсімен жұмыс жасап, оның күнә жасау салдарынан пайда болатын кемшіліктерін жойып, сол арқылы нәпсінің жамандығынан құтылу керек. Ал бұл болса, шынайы тәубе ету

² Егер адам өмірден иманмен өтсе – бақытты, имансыз кетсе – бақытсыз болады.

және Аллаға қайту³ арқылы ғана мүмкін.

НӘПСІ – АДАМНЫҢ АТА ЖАУЫ

Жаман мінез-құлық нәпсінің негізгі сипаты. Міне сондықтан, ол құлдың орындауы тиіс әдептерді орындауға қыңырлықпен қарсы тұрады. Нәпсі – адамның тұрақты жауы. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Сенің ең үлкен дұшпаның – ішіндегі нәпсің», – дейді. Демек, ләззат пен құмарлықта нәпсісіне еркіндік берген адам, өзінің құрдымға кетуінде нәпсімен ортақ жұмыс істеген болады. Осы ақиқатты ұғынған тақуалар әрбір күнәнің, ғапылдықтың, құмарлық пен серік қосудың⁴ түп-тамыры – нәпсіге разылық таныту деп білген. Ал, Аллаға мойынсұнудың, рухани ояу болудың, тыйымдардан тыйылудың негізі – нәпсіге риза болмау деп түсінген.

Алланың мейірімінен үміттеніп жасалған кішігірім амал, өзіне сеніп жасалған үлкен амалдан жақсырақ.

Нәпсісін танып, оның жамандығын, мұқтаждығын, әлсіздігін, дәрменсіздігін және оның еншісі "фәнаға мақамына"⁵ жақындау

³ Аллаға қайту – Алла тағала көрсеткен жолға қайту.

⁴ Серік қосу (ширк) екі түрлі болады. Үлкен ширк – Аллаға серік қосу, кіші ширк – қандай да бір амалды Алла үшін емес, біреуге көрсету үшін жасау.

⁵ Фәна – тасаууф термині, нәпсіні тәрбиелеу жолындағы рухани тұрақ, дәреже, көрсеткіш.

екенін түсінген ақылды адам, Жаратушысын Күдірет, Шексіздік, Күш, Ұлылық, Абырой сияқты сипаттарымен таниды. Өйткені сол нәпсіні жоқтан бар еткен – Жаратушы Раббымыз.

Алла тағала әулие құлдарына назарын салып, оларды Өзіне жақындауға шақырды да, оларға мұның ең жақын әрі оңай жолын көрсетті. Бұл жол – нәпсіге қарсы тұру. Алла тағала сүйікті құлдарының бірінің түсіне кіріп, былай деді: «Нәпсіңе дұшпандық таныт! Өйткені Маған қарсы соғыс ашқан одан басқа жаратылыс жоқ».

Нәпсі үнемі тәкаппарлық, ұлылық, адамдарға билік ету сияқты Алла тағаланың сипаттары болып табылатын қасиеттерге ие болуға тырысады. Ал бұл қасиеттер тек Ұлы Жаратушы – Аллаға ғана тиесілі, Алла барлық кемшілік сипаттардан ұзақ.

НӘПСІНІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Адам баласының нәпсісі үнемі өзгеріп отырады. Адамның Алла тағалаға жақындығына немесе алыстығына байланысты нәпсінің бес деңгейі бар.

Бірінші деңгей – «нәпсі әммара» (жамандықты үнемі әмір ету). Ол үнемі иесін күнәға итермелейді, ғапылдыққа, бойкүйездікке мәжбүрлейді. Мұндай нәпсі туралы сопылардың

мырзасы һәм имамы Жунайд әл-Бағдади (қ.с.) былай дейді: «Нәфс әммара (үнемі жамандықты бұйырушы) адамды рухани аздырып, кісінің дұшпандарына қызмет етеді». Жунайд әл-Бағдади (қ.с.) кісі дұшпандары деп, адам баласына күнәлі істі әсемдеп, әспеттеп көрсететін шайтанды және дүниені айтады.

Екінші деңгей – «нәпсі ләууама» (кінәлаушы нәпсі). Бұл деңгейдегі нәпсі иесін жасаған күнәсі үшін айыптап, кінәлап отырады.

Үшінші деңгей – «нәпсі мулһама» (шабыттандырушы нәпсі). Бұл деңгейдегі нәпсі өз иесін игі істерге үгіттеп, жақсылыққа шақырады.

Төртінші деңгей – «нәпсі разия» (разы болған нәпсі). Нәпсінің бұл түрі Алла тағаланың құдіретіне және Оның қалауына ризалық танытады. Ол Алла тағалаға толық мойынсұнып, Алланың өзі үшін таңдағанының бәрін қабылдайды.

Бесінші деңгей – «нәпсі марзия» (Алла тағала өзінен разы болған нәпсі). Бұл құдіретті Алланың разылығын алуға талаптанған нәпсі. Бұл дәрежеге жеткенде мүрид Алла тағаланы шынайы тануға алғашқы қадам жасайды.

2-БӨЛІМ. НӘПСІНІ ТӘРБИЕЛЕУ

Нәпсі нұр және қараңғылық перделерімен⁶ коршалған. Мүридтің осы перделерден құтылуының жолы – нәпсіге қарсы күрес жүргізу, оған қарсылық таныту. Бұл күрестің негізгі бөлігі – нәпсіні әуестіктен, құмарлықтан айыру және оны әр уақытта қалауы мен құмарлығына қарсы күресуге мәжбүрлеу.

Нәпсіні тәрбиелеу оңай іс деп, кейбір философтардың пайымдағанындай ақылдың күшімен-ақ нәпсіні тәрбиелеуге болады деп ойламаңыз. Керісінше, нәпсіні тәрбиелеу – ауыр науқасты емдеумен бірдей, науқас адам тәжірибесі мол білікті дәрігердің үнемі бақылауында болуы керек. Дәл сол сияқты нәпсіні тазарту да бұл жөнінен білімі мен тәжірибесі мол Пайғамбардың (с.ғ.с.) немесе әулиенің бақылауымен ғана мүмкін болады. Адам тәнінің билеушісі – рухани жүрек тазармайынша, нәпсіні тәрбиелеу қиын іс. Басшының мінез-құлқы жақсарғанда ғана оның қол астындағылардың ахлақы жақсара түсетіні бесенеден белгілі.

⁶ Алланы тануға кедергі перделер.

Расында, нәпсіні емдеу қиын іс. Бұл іс қайта-қайта қайталауды қажет етеді. Өйткені, нәпсі тізгінін тартып ұстамаса, бағынғысы келмейтін асау, қыңыр жануар сияқты.

НӘПСІНІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҮШ ЖОЛЫ

Нәпсіні тәрбиелеу, оны жеңу үш түрлі жолмен жүзеге асады.

Бірінші жол – нәпсіні барлық қалаулары мен құмарлықтарынан айыру. Тамағын аздап қана берсе, қыңыр жануардың өзі мойынсұнғыш, көңгіш болатынындай, нәпсі де қалағанынан айырылған сәтте адамға бағына бастайды.

Екінші жол – оған ғибадат жүгін арту. Шынында да, азығы азайып, жүгі ауырлаған, әлсіреген қыңыр жануар икемге тез көнеді. Нәпсі де дәл солай.

Үшінші жол – нәпсімен күресуде Алла тағаладан жәрдем сұрау, жалбарына көмек сұрау. Өйткені нәпсіні жаратқан Алла, оның болмысы мен халін жақсы біледі.

Алла тағала бізге нәпсімен күресудің әдісін айтып, оны тәрбиелеудің жолдарын түсіндірді. Егер қандай да бір дәрігер бір адамға жақсы көретін тағамдарынан бас тарту керек екенін айтып, оны тұтыну зиян екенін, түрлі ауруларға әкеп соғатынын ескертсе, адам баласы ондай

тағамдардан бас тартып, ерік-жігер танытып, нәпсісіне қарсы тұрар еді. Ал сонда, мұғжизамен күшейтілген пайғамбарлардың сөздері мен Алла тағаланың кітапта айтқандары білімі мен ақыл-ойы шектеулі дәрігердің кеңесінен де маңызы төмен болғаны ма?!

Жаман әдеттен бас тартудың қиындығы ма, әлде тозақтың азабы ма? Шіркін, адам баласы осы екеуінің қайсысы қорқыныштырақ екенін білсе ғой!

НӘПСІГЕ ҚАРСЫ ТҰРУ

Адамның нәпсісіне қарсы күресінде көптеген пайда бар. Ал нәпсінің қалауларына еріп, оның айтқандарына көнуде барлық бәленің бастауы жатыр. Бұған дәлел ретінде барлық заман ғалымдары мен данышпандарының бірауызды пікірін келтірсек жеткілікті: нәпсіге қарсы тұру – барлық жақсылықтың кілті, ал нәпсінің қалауына мойынсұну – барлық жамандықтың негізі. Сондай-ақ дін ғалымдары нәпсіге қарсы шығуды Аллаға құлшылықтың негізі деп санап, нәпсісін қарсылықтың "қылыштарымен" өлтіруді тариқатың маңызды міндеттерінің бірі ретінде атап көрсетеді. Олар: «Біздің жолымызға түскен адамның нәпсісі төрт өлімнің дәмін татсын: қызыл, қара, ақ және жасыл» – дейді. Қызыл өлім нәпсі мен оның қалауына қарсы

тұру, яғни дүниенің қызыл-жасыл арбауы және Ібіліс, оның көмекшілерімен күресу дегенді білдіреді. Бұл өлімнің түсі құмарлықты және оларды басуды, яғни өлімді көрсетеді. Қара өлім – жұрттың көрсеткен қиындығына шыдамдылық таныту. Қара түс көбінесе ауыртпалық пен қиындықты білдірсе, ақ өлім аштықты білдіреді. Бұл жердегі ақ өлім – адамның жан дүниесіне, ішкі әлеміне аштық ұялататын нұр. Жасыл өлім болса, жамаулы, ескі киім киіп, ұнамды, әдемі киімнен бас тарту. Сөйтіп аз дүниеге қанағат етудің арқасында өмірі жасыл желекке айналады.

Алла тағала нәпсісіне қарсы күрескен әрбір құлына, мұсылман болмаса да, сол күресіне береке беріп қойған. Мынадай бір оқиға бар. Бір монах Мысырда қасиетімен, білімімен атағы шығады. Осыған орай бір мұсылман ғалымы: «Мұсылмандарды адастырмай тұрып, оны өлтіру керек», – дейді. Сөйтіп пышағына у жағып, оған қарай бет алады. Ғалым монахтың есігін қаққанда: «Ей, мұсылман ғалымы, пышағыңды таста!» – деген дауыс естиді. Бұған таң-тамаша болған ғалым пышағын тастап, ішке кіріп: «Сен мұндай дәрежеге қалай қол жеткіздің?» – деп сұрайды. Сонда монах: «Нәпсіме қарсы тұруымның арқасында», – деп жауап береді. Осы сөздерден кейін ғалым: «Ендеше, Исламды қабылдамайсың ба?» – деп сұрағанда, монах:

«Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік етемін», – деп кәлимаға тіл келтіреді. Сонда ғалым тағы таңданысын жасыра алмай: «Сенің Исламды қалай тез қабылдадың?» – деп сұрайды. Бұған монах былай деп жауап береді: «Мен нәпсімді Исламды қабылдауға шақырдым, бірақ ол бұдан бас тартты. Сосын мен керісінше жасадым». Міне осылай, әлгі адам нәпсіге қарсы күрес арқылы ең үлкен жақсылыққа кенеледі.

Нәпсіге қарсы тұрудың жемісі: көрегендік, құпия білімнің берілуі (фатх) және Алланың қабыл етуі. Ал нәпсіге еру, оның қалағанының бәрін жасау тек қорлықпен Алланы тану жолында кенжелеп қалуға әкеледі. Алла сақтасын!

Ибраһим ибн Шайбанның (қ.с.) былай дегені айтылады: «Көптен бері жасымықты тоя жегім келді, бірақ мұның сәті түспеді. Содан бір күні Шамда болғанымда алдыма бір тостаған жасымық келді, мен тойып жеп алдым. Сыртқа шыққанда, ілулі тұрған бір сұйықтыққа толы құмыраларды көрдім. Мен сірке суы деп ойладым. Олар маған: «Неге тесіліп қарап қалдыңыз? Бұлар шарап үлгілері, ал аналар шарап бөшкелері» – деді. Сол кезде мен жертөлеге кіріп, шарап бөшкелерін талқандап, ішіндегісін төге бастадым. Ал дүкеннің иесі болса, басында мені Сұлтанның бұйрығымен төгіп жатыр екен

деп ойлаған екен. Кейін, ол мәселенің байыбына барып, мені билеуші Ибн Тулунға⁷ алып барды да, ол маған екі жүз дүре соғуды және түрмеге жабуды бұйырды. Мені құтқарып алған ұстазым Әбу Абдулла әл-Мағриби осы қалаға келгенше мен түрмеде жаттым. Кейін ол менен: «Сен не істеп қойдың?» – деп сұрады. Мен оған: «Мен жасымық жегім келді, сосын оны жедім. Содан кейін олар маған екі жүз дүре соқты», – деп жауап бердім. Сол кезде шейх маған: «Сен оңай құтылыпсың», – деді.

Бір күні ауада тіреусіз отырған адамнан бұған қалай жеткенін сұрайды. Сонда ол: «Нәпсімнің қалауынан бас тарттым, ауа менің билігіме берілді», – деп жауап берген екен.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ

Нәпсіні тәрбиелеудің ең үлкен жолдарының бірі – нәпсінің айтқанын, бұйырғанын бақылауда ұстау. Мысалы, егер сізде бір істі бақылауға тағайындалған өкіл болса, онда сіз оны бақыламайсыз. Ал егер ол істі бақылай алмаса, оған сөгіс жариялайсыз. Алла үшін жасалатын амалдарыңыз да солай. Қандай да бір әрекет жасағанда Алла тағала мұны сұрамайды деп

⁷ Сол кездегі Мысырдың билеушісі.

ойлай алмайсыз.

Осылай, өзін-өзі бақылу Алла тағаланы тану дәрежесіне жеткен ұлы адамдардың тәсілі. Жеті будаланың⁸ (үлкен тақуа адамдар) бірі шейх Макинуддин әл-Асмар былай дейді: «Рухани сапарымның басында мен тігінші болып жұмыс істедім. Сол кезде мен күндізгі айтқан сөздерімді санай бастадым. Кеш батқанда мен оларды талдап, сөздерімнің соншалықты көп емес екенін байқадым. Айтқан жақсы сөздерім үшін шүкірлік етіп, Аллаға мадақ айттым. Қалған сөздерім үшін Аллаға тәубе етіп, кешірім тіледім». Сөйтіп ол будаланың біріне айналғанға дейін осылай жасайды.

Әбу Хафс әл-Хаддад ән-Нисабури (қ.с.): «Адамның нәпсісі – қап-қара түнек. Қара түнек нәпсінің шырағы, оның сыры болып табылады. Ал бұл шырақтың нұры – Алла тағаланың қолдауы – тауфик». Ғалым «нәпсінің шырағы – оның сыры» деген сөзімен құл мен Алла тағала арасындағы сырды меңзеп тұр. Бұл сыр – адамның ықылас мекені, соның арқасында құл, әрбір болып жатқан нәрсенің өздігінен болмайтынын, орындалмайтынын, барлық нәрсенің тек Алла тағаланың қалауымен болатынын түсінеді.

⁸ Дүние ләззаттарынан толықтай бас тартқан Алланың жақын құлдарының дәрежелерінің бірі. Олардың жер бетінде нақты анықталған саны бар. – *Ред.*

Осылайша, құл өзінің жақсылық жасауға немесе жамандықты тастауға қандай да бір күші мен қуаты жоқ екенін қабылдайды. Сосын Алланың қолдауымен нәпсінің жамандығынан арылады⁹. Сондықтан ұстаздар: «Сыры болмаған адам күнә жасауда табандылықтан таймайды», – дейді.

Құлдың өзін-өзі бақылауда ұстауына ықпал ететін ең тиімді нәрсе – жол көрсетіп, бағыт-бағдар беру және алдағы нәтижесін айту арқылы нәпсісін ояту. Тақуалардың бірі нәпсісіне былай дейді: «Ей, нәпсім, өткен адамдардың үйлерін қалай салып, жабдықтап, кейін дүниені тастап, бәрін артқа тастап кеткеніне қалайша назар аудармайсың?! Алла тағала олардың жерлерін, сарайларын жауларына қалай қалдырды?! Адамдардың жей алмайтынын жинап, ішінде өмір сүре алмайтынын салып жатқанын, ешқашан қол жеткізе алмайтын нәрсені армандайтынын көрмейсің бе?! Ей, нәпсім, амалдарың қандай ғажап! Осы анық дәлелдерді неге көрмейсің?! Ей, нәпсім, қоғамдағы жоғары лауазымға деген сүйіспеншілікке мас болып,

⁹ Құлдың нәпсісі – абсолютті қараңғылық. Оның шырағы – құл өзінің ешқандай күш-қуатының жоқ екенін, Алланың алдындағы күнәлары мен дәрменсіздігін мойындаған кездегі, құл мен Раббысының арасындағы сыр. Мұны ол жасырын түрде мойындаған соң, нәпсінің жамандығынан сақтайтын Алла тағаланың қолдауына ие болады. Барлық нәрсе, құлдың Алланың алдында өз әлсіздігін мойындап, осылайша Алланың құлға берген қолдау сырына негізделген.

атаққұмарлығыңнан осыны түсінбей жүрген шығарсың?! Мансапқорлықтың мақсаты тек халықтың ықыласына бөленіп, олардың ықыласын өзіңе бұру екенін түсінбейсің бе?! Тіпті жер бетіндегі барлық адамдар сенің алдында кішірейіп бас иіп, саған бағынса да, елу жылдан кейін жер бетінде сен де, саған бағынушылар да қалмайтынын түсінбейсің бе?! Олар сені есіне де алмайтын уақыт келеді. Ендеше, уа, нәпсі! Мәңгілікті елу жылдан кейін жойылатын нәрсеге қалайша айырбастамақшысың?! Ей, нәпсі, ұялмайсың ба?! Өзгелер үшін сырт келбетіңді әсемдейсің, бірақ күнә жасап Алла тағалаға жасырын қасарысасың! Неткен қасірет! Саған назар аударғандардың ішіндегі ең жексұрыны Алла болғаны ма?!¹⁰ Неткен қайғы, ей нәпсі! Егер сен өзіңнің кім екеніңді білсең, сол кезде тек сенің жаман мінезіңнің кесірінен қиындық, бақытсыздық атаулы елдің басына үйірілетінін түсінер едің! Ғажап! Дүние байлығыңның көбейгеніне қуанасың, бірақ саған берілген күндердің азайғанына мұңаймайсың! Өмірің қысқарып жатқанда, байлығыңның өскенінен не пайда?!».

¹⁰ Яғни, сен адамдар көз салатын сыртынды ретке келтіресің, ал Алланың назар салатын ішкі дүниенді парам-парша қыласың.
– Ред.

НӘПСІМЕН КҮРЕС

Құмарлыққа бой алдыру және Алла тағалаға мойынсұнудан бас тарту – барша игілікке жетуге кедергі болатын нәпсінің екі қасиеті. Бүлікшіл нәпсінің ашуға бейім болатыны да сондықтан. Ал мұндай нәпсімен күресудің ең жақсы жолы – ашуды жеңіп, оның алауын жұмсақтықпен сөндіретін көркем мінезді қолдану. Яғни, күнә жасауға итермелейтін нәпсіні сындыру керек, онымен күресу керек. Ал ол үшін нәпсіге оның істерінің арамдығын, төмендігін, сұпайылығын көрсетіп, осылайша оны жазалап, қор қылу керек.

Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: «Рухани күйреу, адам ахлақының құлдырауы алты себепке байланысты: біріншіден, ақырет (мәңгілік өмір) үшін амал жасаудағы ниеттің әлсіздігі; екіншіден, адамның денесі өз құмарлығының тұтқынына айналуы; үшіншіден, өлім жақындағанына қарамастан, оларды ұзақ армандар мен ұмтылыстардың жеңуі; төртіншіден, адам Жаратушының разылығынан адамның разылығын артық көруі; бесіншіден, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетін ұмытып, өз нәпсілеріне еруі, алтыншыдан, адамның өзін ақтап, бұрынғы өткен тақуалардың болмашы қателіктерін айтып, олардың көптеген

жақсылықтарын, ізгі істерін ұмытуы».¹¹

Үлкен ұстаздардың сенімді кітаптарында баяндалған нәпсіге қарсы күрестің көптеген әдістері мен құралдары бар. Алланың разылығы үшін талпынғандар оларды әрдайым еске алуы үшін осы сөздердің кейбірін ұсынамыз.

1. Алланы танушылардың (Ариф) бірі: «Біз сопылықты әдемі сөздер арқылы емес, аштық, дүние қызығынан бас тарту, жаман әдетке жоламау, Алланың әмірлерін орындап, тыйымдарынан тыйылу арқылы түсіндік», – дейді.

2. Бір данышпаннан былай деп сұрайды: «Нәпсінді байлап ұстау үшін қандай кісен керек?» Ол: «Оны аштық және шөл кісенімен ұста, оны төмендетіп, құмарлығын, атақ пен ұлылыққа деген құштарлығын өшір, байлардың сипаттарынан бас тартқызу арқылы оны сындыр», – деп жауап береді.

3. Әбу Язидтен (қ.с.) риуаят етіледі: «Мен түсімде Ұлы Раббымды көріп: «Уа, Раббым, маған Өзіңді тану жолын көрсетші?» – деп сұрадым. Сонда Алла тағала: «Нәпсінді таста да, Маған кел», – деді.

¹¹Олар, мысалы, Әли (р.а.) мен Мұғауия (р.а.) арасында болған келіспеушіліктегі жағдайларды бұрмалап, олардың тамаша еңбектері мен мақтауға тұрарлық қасиеттерін көзге ілмей, өздерін ақтай бастады.

4. Бір ұстаз: «Біздің жолымыз (тариқат) үш ережеге негізделген: аш болған кезде ғана тамақтану; ұйқы жеңген кезде ғана ұйықтау және өте қажет кезде ғана сөйлеу».

5. Бір мүршид шәкіртіне: «Қиындық үш себепке байланысты болады: жаман мінез, жаман дағдыны берік ұстану және жаман дос», – дейді. Шәкірті: «Жаман мінез нені білдіреді?» – деп сұрады. Ұстазы: «Харам ас», – деп жауап берді. Сонда шәкірті: «Жаман дағдыны қатаң сақтау деген не?» – деп сұрады. Ұстаз: «Бұл харамға деген сенің көзқарасың, харамнан ләззат алу және ғайбат айтуға құмарлық», – деп жауап берді. Шәкірт тағы да сұрады: «Жаман достық нені білдіреді?» Оған мүршид былай деп жауап берді: «Бұл құмарлық көңілде оянған әр сәтте оған еру».

6. Белгілі дін ғалымдарының бірі: «Біздің міндетіміз – бізге жамандық жасаған біреуден кек алу емес, керісінше қарапайымдылық пен сыпайылық таныта отырып, одан кешірім сұрау. Өйткені, жүректі біреуге деген жеккөрушіліктен тазарту үшін сол адамға жақсылық жасау керек».

Ендеше, кім нәпсісін артық көрсе, оның діні қорлық көреді. Ал, керісінше, кім өз дінін артық көретін болса, ол нәпсісінен жиренеді. Қарапайым адамдар өз амал-әрекеттерін жақсартуға тырысса, ал Алланың сүйікті

құлдары рухани жақтан кемелденуге тырысады (ахуал). Аштыққа шыдау және түнді Аллаға құлшылықпен өткізу оңай іс. Бірақ мінез-құлықты дұрыстау, бойды жаман әдеттен аластау өте қиын мәселе.

ТОҚМЕЙІЛСУ

Кімде-кім өз нәпсінің сұмдығын білсе, жер бетінде өзінен төмен, жексұрын адамды көрмейтін еді. Адам баласына өзінің ішкі дүниесін білуден артық парыз жоқ. Сондықтан, адам өзіне, өз нәпсісіне тоқмейілсуі дұрыс емес. Өйткені, құл өзін-өзі таныған сайын оның рухани деңгейі жақсара түсіп, Алла тағаланың алдында дәрежесі жоғарылайды.

Нәпсі тәрбиесі жаман қасиеттерден арылып, мақтауға лайық сияпаттарға ие болу арқылы жүзеге асады. Ал барлық жаман қасиеттердің негізі – өз-өзіне тоқмейілсу (‘ужуб¹²).

Демек, адамның арылуы керек болған ең бірінші нәрсе – ізгі қасиеттерге ие болуға кедергі болатын тоқмейілсушіліктен арылу. Сондықтан мақтауға тұрарлық сипаттарға ие болудың басты шарты – өз-өзіне масаттанудан сақтану. Ал өзі туралы жоғары пікірде болмаған адам, көркем мінезді болуға, нәпсісін тазартуға жақындайды.

¹² ‘Ужуб – өзін-өзі жоғары бағалау, тоқмейілсу, өзі-өзіне танданып-тамсану, мақтаныш. – Ред.

Өйткені, кемелдікке ұмтылып, кемшіліктерін жоюға тырысу адам баласына тән қасиет. Адам өз-өзіне масаттану, тоқмейілсу деген сезімдерден арылса, сол арқылы жамандықтан арылып, мақтауға тұрарлық қасиеттерге ие болуға ұмтылады. Өз кемшілігін түсінген адамның бойында мақтаныш, өзін жоғары қою сезімі болмайды. Керісінше, егер мұндай күйде ол өзін-өзі жетілдіруге талпынса, онда оның шынайы ықыласы оянады. Осылайша ол, илаһи ескертулердің әсерімен және табиғи болмысының арқасында өзі үшін алдын ала белгіленген кемелдікке жеткенше мінез-құлқы жетіле түседі.

Нәпсінің бір жаман сипаты оның мақтаудан, мадақтаудан ләззат алуға бейімділігі. Егер нәпсі мақтаудан мақұрым қалса, жалқауланып, қайғы-уайымға батады. Өз-өзіне масаттану, өзің туралы жоғары пікірде болу – Алла тағаланың қаһарына ұшырататын амалдар. Ибн Атаилладан (қ.с.): «Алла тағаланың ашуын тез тудыратын нәрсе не?» – деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: «Ол – адамның өзіне және жеткен рухани жағдайларына масаттануы. Құл өзінің жасаған ісіне сый-сыяпат күткен кезде, Алла тағаланың ашуына ұшырайды».

Нәпсісін үнемі қадағалап, бақылап, өз-өзіне есеп беретіндер ғана нәпсінің кемшілігін байқай

бастайды. Алла тағала өз пендесіне нәпсінің арамдығын, сұмпайылығын көрсетуден артық жоғарылатпаған және де пендесінен нәпсінің арамдығын, төмендігін жасырудан асқан қорлыққа ұшыратпаған.

Ақылы толысқан, парасатты адам қалайша нәпсісіне разы болсын? Өйткені, Юсуф (ғ.с.) пайғамбардың өзі: «Егер Раббым рақым етпесе, мен нәпсімді ақтамаймын, өйткені нәпсі жамандықты үздіксіз әмір етуші. Расында, Раббым жарылқаушы, мейірімді» («Юсуф» сүресі, 53-аят) – деген болатын. Құран тәпсіршілері былай деп жазады: «Бұл дегеніміз, мен өз нәпсімнің жаман қылықтардан ада, таза екеніне сенбеймін. Яғни, мен нәпсімнің жақсаруын табиғи болмысына қарап емес, толығымен Алла тағаланың қолдауына сүйеніп айтамын. Аяттағы «нәпсім» деген сөз барлық нәпсілерді, соның ішінде Юсуф пайғамбардың (ғ.с.) өз нәпсісін білдіреді. Аяттың жалғасында нәпсі табиғатынан «жамандыққа бұйырушы» делінген. Бұл оның бойсұнбайтын, арсыздыққа шақыратын сипатын білдіреді».

Нәпсі бәрінен де бұрын құмарлықтан ләззат алады және пайдасыз, бос нәрселерді жақсы көреді, үнемі жаман әрекеттерге бейім келеді. Егер олай болмағанда, адамдардың көпшілігінің нәпсілері құмарлығын қанағаттандыру үшін

несше түрлі айла ойлап тауып, бағынбай, бойынан жамандық атаулының буы шығып тұрмас еді. Сондықтан да, Адам баласы неғұрлым саналы болса, оның Алла тағаланың алдындағы дәрежесі соғұрлым жоғары болады және адам өз нәпсісінің кемшіліктерін соғұрлым жақсы көретін болады. Кім үнемі нәпсісінің кемшілігін байқай алса, ол одан да үлкен дәрежеде нәпсісін айыптап, кінәлап, нәпсінің өзі туралы жоғары пікірін жоққа шығарады.

«Әт-тауиләт ән-нәжмия» кітабында: «Нәпсі табиғатынан әмір ету үшін жаратылған жауыз. Егер оған еркіндік берілсе, оның қолынан жамандықтан басқа ештеңе келмейді, тек жамандықты бұйырады. Ал егер Алла тағала оны мейіріміне бөлеп, қамқорлығына алып, оған назарын бұрса, бұл нәпсінің мінезін мүлде өзгертіп, жаман қасиеттері жақсы қасиеттермен алмасады. Сонда жамандықты әмір етуші нәпсі, жақсылықтың жаршысы болады. Яғни, зұлымдық мейірімділікке ауысады. Сол себепті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Уа, Раббым, мені нәпсімнің қолына бір сәтке де, тіпті одан да аз уақытқа тастама» – деп Аллаға жалбарынады.

ЕКІ ӨСИЕТ

«Әл-Бахча» кітабында Имам Бахауддин Мұхаммед ан-Нақшыбандидің (қ.с.) мүридіне қалдырған екі өсиеті бар. Ойланып, толғанатындар үшін өте қымбат осы өсиеттерді келтірейік.

Бірінші: «Тариқат жолының шынайы мүриді қаншалықты биік дәрежеге жетсе де, ол өзін тек бастаушы, алғашқы қадам жасаушы ретінде көру керек».

Екінші: «Мүрид өзін-өзі жетілдіру (сейр сулук) жолында ең жоғары дәрежеге көтерілсе де, өзін перғауыннан жүз есе нашар санауы керек».

Ақылды адам нәпсісі рухани тыныштық деңгейіне (мутмаин) көтерілсе де, әрқашан өзін-өзі ұстауы керек. Өйткені, бұл жағдайда да ол өз нәпсісінің құйтырқы айла-амалдарынан қорғана алмайды. Ал біз, қарапайым адамдар, өзімізділікке, атакқұмарлыққа бой алдырып жүріп, нәпсіден қалай қорғанамыз?! Бір Алла ғана жәрдемші.

Расында, Раббымыз өз қамқорлығымен бізге мейірім танытпайынша, нәпсінің айла-амалдарынан аман қала алмаймыз. Ал адамды зұлымдыққа, мойынсұнбауға итермелейтін жаман амалдар екені даусыз. Олай болса, жаман

мінез-құлық – ол дерт, ал оның емі тариқат. Жаман қасиеттер залым рухтар сияқты, ал тариқат суға ұқсайды. Залым рухтардан тазару үшін суды қолдану керек. Анығын Алла тағала біледі. Ал, құдіреті күшті Алланың жәрдемі болмаса, жақсылық жасауға, жамандықтан тыйылуға да күш-қуат жоқ.

3-БӨЛІМ. ТӘУБЕ

Кез келген рухани дәреженің басы – шынайы тәубе, онсыз келесі деңгейге жету мүмкін емес. Егер шын ықыласпен тәубе етсе, Алла тағала ол құлын жақсы көреді, өйткені Ол: «Расында, Алла тәубе етушілерді және тазарушыларды жақсы көреді» («Бақара сүресі», 222-аят) – дейді. Бұл аятта Алла тағала күнәларына тәубе етушілерді сый-сияпатқа бөлейтінін және рухани жамандықтан тазарғандарды жақсы көретінін білдірген. Кейбір ғалымдар мұны күнәға тәубе ету және ғапылдықтан арылу деп түсіндіреді. Сондай-ақ Алла тағала: «Тәубе етпегендер – залымдар» («Хужурат» сүресі, 11-аят) – дейді. Дін ғалымдары: «Олар залым, өйткені олар мойынсұнбаушылықта табандылық танытып, сол арқылы өздерін жазаға ұшыратуда», – дейді. «Әт-Тауиләт ән-нәжмия» кітабында: «Тәубе етпегендер» деген сөзден мақсат, жасаған жаман

істеріне өкінбегендер және шайтани мінез: өзі туралы жоғары ойда болып, басқаларды менсінбей, төмен санағандар. Ал «олар залымдар» деген сөздер олардың Ібіліспен бірге қарғысқа ұшырап, Алланың мейірімінен айырылып, қуылғандардың қатарында екендігін білдіреді. Алла тағала айтқандай: «Залымдарға Алланың лағынеті болсын» («Һұд» сүресі, 18-аят). Бұл аяттарда тәубе етуден бас тартқан адамның залым болатынына бұлтартпас дәлел бар. Сондықтан адам баласы барлық жиіркенішті істері мен күнәларына, әсіресе жоғарыда айтылғандарға шын жүректен тәубе ету керек».

Құл күнә жасаған кезде оны қараңғылық орап алады, өйткені күнә құдды от тәріздес, ал қараңғылық оның түтініндей. Жетпіс жыл үйге от жақсаң, түтіннен іші қап-қара болып кетпей ме? Сол сияқты жүрек қайта-қайта қарсы келу салдарынан қараңғылық басып, Алла тағалаға тәубе ету арқылы ғана тазарады.

Мойынсұнбау адамға сырттай да, іштей де әсерін тигізеді. Іштей әсері – жүректің қатаюы, жүректің қысылуы¹³, нәпсінің қыңырлығы, соқыр адамша нәпсінің айтқанына көніп, айдағанына

¹³ Алланы зікір етпеген, мойынсұнбаған адамның жүрегі қатайып, насихаттарды қабылдамайды. Оның рухы Алла тағаланың әмірлеріне қарсы тұрып, әмір-тыйымдарға құлақ аспайды. Мұндай күнәһардың жүрегі құмарлыққа толы, сондықтан жүрек қысылып, жақсы амалдарға орын қалмайды.

жүру, Аллаға құлшылық етуден ләззат ала алмау, сондай-ақ, Алладан алыстататын жұмыстарының көбеюі.

Тіпті, Аллаға мойынсұнбауда адамның атын өзгертуден басқа оған жамандық келмесе да («мойынсұнушы» дегеннен «бағынбаушы» дегенге), бұл оған жеткілікті болар еді. Өйткені, егер сіз Жаратушыға мойынсұнсаңыз, «жақсылық жасаушы» атанасыз. Ал, керісінше, Алла тағалаға мойынсұнбасаңыз, атыңыз «жамандықты жаюшы, Алла тағаладан бет бұрушы» болады. Бұл жерде тек атау ғана өзгерді. Ендеше, Жаратушыға мойынсұнудың ләззатын қарсы шығудың «ләззатына» айырбастаудың, Алла тағалаға құлшылық етудің ләззатын, нәпсісінің «рахатына» ауыстырудың қасіреті қандай үлкен десеңізші!


Есіңізде болсын, жүрек тамыры Аллаға мойынсұнушылық суымен суарылатын ағаш тәрізді, бұл ағаштың жемістері жүректің дененің басқа мүшелеріне жағымды әсері болып табылады. Олай болса, көздің жемісі – көргеннен ғибрат алу, құлақтың жемісі – Құран тыңдау¹⁴, тілдің жемісі – Алланы зікір ету. Қол мен аяқтың жемісі – жақсылық жасаудағы табандылық. Ал егер жүрек құрап қалса (яғни Аллаға бағынбау

¹⁴ Бұл Құран аяттарын тыңдап қана қоймай, оның мағынасына терең бойлап, оны іс жүзінде қолдануға ұмтылу дегенді білдіреді. – Ред.

салдарынан қатып қалса), оның жемісі де жойылады.

Ендеше, біз үшін ең маңызды міндеттердің бірі – нәпсімізді тәрбиелеу, оны шынайы тәубе арқылы жетілдіру. Сондықтан Алла Елшісі (с.а.у.): «Мен үмметім үшін ең көп екі нәрседен қорқамын: құмарлыққа бой алдыру және ұзақ мерзімді, таусылмайтын армандар. Өйткені, құмарлыққа бату, ақиқатқа апаратын жолды жауып тастайды, ал дүниелік нәрселерге тойымсыздық, адамды ақыретін ұмытуға мәжбүр етеді».

Олай болса, тәубеге келген адам өзінің нәпсісіне үнемі қарсы тұрып, наразылық танытып, Алла тағаладан күнәларының кешірілуін үнемі тілеп отыруы керек. Оны дін ғалымдары былай түсіндірді: "Тәубе – өмірінің соңына дейін басынан өткен қорқыныш сезімі. Ал шын жүректен тәубе еткеннен кейін жасалуы тиіс алғашқы нәрселер: біреуді ренжіткен болса, кешірім сұрау, қарыздарды өтеу және адамдар алдындағы өз міндеттерін орындау. Бірақ егер мұны бірден орындау мүмкін болмаса, ең болмағанда осыларды жасауды жоспарға қою керек. Кімге зиянын тигізген болса, кешіруін және қарызды өтей алмағандығың үшін қарыз иесінен кешірім сұрап, кейін өтегенге дейін күтуін өтіну қажет.



II-ТАРАУ

ЖАМАН ҚАСИЕТТЕР

1-БӨЛІМ. ҚЫЗҒАНЫШ ПЕН ӨШПЕНДІЛІК

ҚЫЗҒАНЫШ ПЕН ӨШПЕНДІЛІКТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ САЛДАРЫ

Қызғаныштың (хасад) мәні Алла тағаланың біреуге қандай да бір жақсылық бергеніне разы болмау және сол адамның осы жақсылықтан құр қалуын тілеу. Ал өшпенділікке (хикд) келер болсақ, ол дұшпандық, зұлымдық, адамдармен қарым-қатынасты ұзу дегенді білдіреді.

Қызғаншақ — ешкімді аямайтын, жайына қалдырмайтын әділетсіз, жауыз адам. Алланың таңдаулы Пайғамбары (с.ғ.с.) барлық күнәлар үш сипатқа негізделгенін айтқан: «Үш түрлі нәрсе бар, олар кез келген күнәнің негізі, солардан сақтаныңдар! Тәкаппарлықтан сақтаныңдар, расында, ол Ібілісті Аллаға мойынсұнбауға және Адамға (ғ.с.) бас иеуге итермеледі. Қатты құмарлықтан сақтаныңдар, расында ол, Адамды (ғ.с.) жәннаттағы тыйым салынған ағаштың жемісін жеуге итермеледі. Қызғаныштан сақтаныңдар, расында, Адам (ғ.с.) ұлдарының бірі Қабыл інісі Әбілді қызғаныштан өлтірді».

Алла тағала Дәуіт пайғамбардың (ғ.с.) ұлы Сүлеймен пайғамбарға (ғ.с.) уахи түсірді:

«Тақуа құлдарыма ешқашан тіл тигізбеңдер және Менің құлдарымның ешқайсысын қызғанбаңдар». Сондай-ақ бір тақуа кісінің былай дегені айтылады: «Алла тағала бір құлға қатыгез дұшпан жібергісі келсе, оған мейірімсіз көреалмаушыны жібереді».

Қызғаныш шарифаттың адам жүрегіне әсерін әлсіретіп, кісінің дінін жояды, жүрегі перделеніп, қараяды. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Расында сендерге бұрынғы қауымдардың дерті: қызғаныш пен өшпенділік келді. Бұл екеуі қырып, жойып тастайды. Бірақ шашты емес, дінді!». Сондықтан арифтердің¹⁵ бірі: «Үш түрлі адамның дұғасы Алла тағаланың алдында қабыл болмайды. Олар: харам жейтіндер, өтірік айтушылар және өшпенділік танытушылар мен көре алмаушылар», – дейді. Жаратушының олардың дұғаларын қабыл етпеуінің сыры – олардың Алла тағаланың құлдарына белгілеген тағдырына наразылық танытуында.

¹⁵ Ариф (көпше түрі – арифун) – Алла тағаланы тануда жоғары дәрежеге жеткен тақуа адам. – Ред.

КӨРЕАЛМАУШЫМЕН ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалары бізге ешнәрсеге қанағаттанбайтын адам деп көреалмаушылардың негізгі сипатын айтып берді.

Мысалы, сахаба Муғауия (р.а.) былай дейді: «Кез келген адамның көңілінен шығуға болады, тек көреалмайтын адамның көңілінен шыға алмайсың. Өйткені оны Алла тағала нәсіп еткен жақсылықтан бір адамның айырылуы ғана қуантады». Сондай-ақ, келесі жолдардың имам әш-Шафи'иге (қ.с.) тиесілі екендігі айтылады:

*Бар дұшпандық басылады деген үміт бар,
Қызғаншақ адамнан келетіні болмаса.*

Данышпандар бізге қызғаншақ адамның көңілінен шығамын деп босқа күш жұмсамауды айтады. Өйткені бұл мүмкін емес нәрсе дейді. Олар былай дейді: «Қызғаншақ адамның ықыласына ие боламын деп әуре болма, өйткені ол сенің оған деген жақсы қарым-қатынасыңды ешқашан қабылдамайды. Ал егер оның зияны тиіп кетпесін десең, одан қуаныштыңды жасыруға тырыс, нығметтерінді оған көрсетпе».

2-БӨЛІМ. ТӘКАППАРЛЫҚ

ТӘКАППАРЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Адамның өзін-өзі сүюі – бұл масаттануға және өзіне-өзі тамсанып, ғашық болуға апаратын табиғи сезім. Өз-өзін сүюден Алланың басқа құлдарына деген тәкаппарлық, менмендік және менсінбеушілік туындайды. Соның салдарынан кісі өзгелерді менсінбей, төменсітіп қарай бастайды, ешкіммен санаспайды, басқаның құқығын таптап, оларды сыйламайды, келісімді орындамайды, уәдеде тұрмайды, жалпы адамдарға өте әділетсіз қарым-қатынас жасайды.

ТӘКАППАРЛЫҚ ШАЙТАННЫҢ ТҮБІНЕ ЖЕТТІ

Шайтан тәкаппарлығы мен шектен тыс өз-өзіне тамсануы салдарынан құрдымға кетті. Ібіліс оттан жаратылғандықтан, Адам (ғ.с.) пайғамбардан өзін артық санап, тәкаппарлық танытты. Егер бір адам дін ғалымдарына, тақуа жандарға деген наразылығын осылай танытса, бұл Алла тағаланың оны бейшара, қор болғандардың қатарына қосқанының бірінші белгісі. Мұндай кісі адамдардың мейірімділігінен құр қалады, ешбір адамнан көмек, қолдау алмайды. Алла тағаланың мұндай

құлдары әдетте: «Бізде айтқандарымен амал ететін бірде-бір тақуа, ғалым адам қалмады», – дейді. Олардың бұлай кесіп айтуының себебі – мұндай адамдар өзгелерден өзінің айнасын көреді. «Кісіде кемшілік бар деп, кемшілігі бар адам ғана айтады» деген сөз өте дұрыс айтылған.

ТӘКАППАРЛЫҚТАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

Тәкаппарлық сезімі өзін шектен тыс жақсы көруден (‘ужуб) туындайды. Алла тағала Құран Кәрімде адам жүрегінің тәкаппарлығы, сосын оның емі туралы айтқан. Тәкаппарлықтың ең әсерлі емі – өзіңнің әлсіздігің мен дәріменсіздігіңді үнемі еске түсіріп отыру. Алла тағала Құранда: «Жер бетінде дандайсып жүрме, расында, сен жерді жарып тастай алмайсың және таулардың биігіне жете алмайсың» («Исра» сүресі, 37-аят) – дейді. Бұл аят адамды тәкаппарлықпен, өркөкіректеніп жүруден тыяды. «Жерді жарып тастай алмайсың» дегені, адам өз күшімен жерді қақ айырып, бөлшектей алмайды. «Бойыңмен тауға жете алмайсың» дегені адамның бойындағы тәкаппарлықты білдіреді. Бұл аят бір жағынан, тәкаппарларды мазақ ету және дандайсып жүруден тыю мағынасында. Сондықтан тәкаппарлық – нағыз ақымақтық.

Асқақтап, тәкаппарланған адам ешуақытта

жақсылық жасай алмайды. Тәкаппарлық, Алла тағаланың өз кітабында («Исра» сүресінде) тыйым салған он қасиеттің бірі. Онда, тәкаппарлықтан дандайсып, панданып жүретін жүріс шығады дейді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Кімде-кім тәкаппар болса, жүрегінде өркөкіректік байқалса, жүріс-тұрысында тәкаппарлық танытса, қиямет күні Алла тағаланың ашуына ұшырайды», – деп айтылған.

3-БӨЛІМ. АТАҚҚҰМАРЛЫҚ

АТАҚҚҰМАРЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Жамандыққа құмар нәпсі табиғатынан атаққұмарлықпен мансапқорлыққа жақын келеді. Сондықтан адам баласының нәпсісі өзгелерден артық болуға ұмтылады және адамдардың оның бұйрықтарын орындап, барлығының оған мұқтаж болуын қалайды. Нәпсі барлық нәрседен мүлдем тәуелсіз болғысы келеді. Бұл дегеніміз, өзін Жаратушымен теңесуді қалауға дейін апарады деген сөз. Сондықтан нәпсінің қалауын тоқтатпасақ, жолындағылардың бәрін жайпайтын, құтырған итке айналады.

АТАҚҚҰМАРЛЫҚТЫҢ ЕМІ

Біз сияқты адамдар үнемі кішіпейілділі болуы керек. Басқаларды өзімізден артық көру, үнемі Жаратушының қорғауына мұқтаж болу, Ұлы Жаратушыдан пана сұрау және Оған бойұсыну, Алла тағаланың алдындағы құлдық (убудия) міндетімізді орындау. Шариғат белгілеген шекараларды сақтап, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аса құрметті сүннетіне бағынуымыз, жақсы істер атқарғанда дұрыс ниетті болуға тырысуымыз, ішкі дүниемізді тазартуда табандылық танытуымыз, мінез-құлқымызды жақсартуға ұмтылуымыз, кемшіліктерімізді байқап, күнәлардың бойымыздағы күшін сезініп, танымал, атақты болу, адамдар тарапынан құрметке бөлену сияқты нәрселерден ұзақ болу. Алла Елшісі (с.а.у.): «Адамға зиян ретінде, дін және дүние істерінде саусақпен көрсетілуі жеткілікті» – дейді. Яғни, адамның дін және дүние істерінде атақты болуы, дініне де, дүниесіне де қатты зиян тигізеді.

Имам Ибн Машиш (қ.с.) былай дейді: «Жүрегіңді дүниеге және әйелдерге шектен тыс құмартудан, атакқұмарлықтан және жаман әдеттерден сақта. Алла тағаланың бергеніне қанағат қыл».

Нәпсің айласын асырып, сені алдап соқпасын. Сені жоғары мансапқа деген құмарлығың дінге деген сүйіспеншіліктен және Алла тағаланың шариғатын жаюға деген күштарлықтан туындайды, деп алдамасын. Дін мәселесі – Алла тағаланың ісі. Оны тек Ол ғана қолдап, биікке көтереді, өйткені Алла тағала бұл дінді қорғауды Өз мойнына алған. Алла тағала: «Олар Алланың нұрын ауыздарынан шыққан сөзбен сөндіргісі келеді, (яғни Оның шариғатын жоққа шығарып, жойғысы келеді). Дегенмен, кәпірлер қаншалықты жек көрсе де Алла нұрын, шариғатын жайып, толықтайды» («Тәубе» сүресі, 32-аят). Демек, залым, әділетсіз адамдар өз сөздері арқылы шариғатты, сондай-ақ Алланың құдіретін көрсететін дәлелдерін де жойғысы келеді. Алайда, Алла тағала шариғаттың нұрын кәпірлер қаншалықты қарсы болса да сақтайтыны сөзсіз.

4-БӨЛІМ. АШУ

АШУ – ДҮШПАН

Уа, мұсылмандар, ашуды оятатын нәрсе – ғаламның мәнін жете түсінбеу. Ғаламда болып жатқан барлық нәрсені жаратушы бір ғана Алла, ал адамдар жасаған әрбір әрекетті өз қолдарымен жасадық деп ойлайды.

Адам нәпсісінің туа біткен екі қасиеті бар: біріншісі – құмарлық, екіншісі – ашу. Құмарлықтан сараңдық, таусылмайтын дүниелік армандар, дүниені жақсы көру және басқа да осы сияқты қасиеттер туындайды. Ал ашудан тәкаппарлық, өзімшілдік, дұшпандық, көреалмаушылық, өшпенділік және осыған ұқсас жаман қасиеттер пайда болады. Дегенмен, құмарлық пен ашу бір жағынан адамның қорғанышы. Өйткені құмарлық адамды өзіне пайда әкелетін нәрсеге ұмтылдырады, ал ашу адамды қоршаған қауіп-қатерден сақтайды. Олай болса, нәпсіні осы екі сипатынан толық арылту адамды кемелдікке емес, керісінше, оның бойындағы кемшілігін арттыра түседі. Бірақ рухта осы екі қасиеттің басым болуы ақыл мен имандағы кемшіліктерді көбейтіп, рухқа зиян тигізері сөзсіз. Демек, адам нәпсісін осы екі шекараның арасында тепе-теңдікті сақтай

отырып тәрбиелеу керек. Міне бұл – Ахмед (с.ғ.с.) (Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) бір аты) пайғамбардан тараған сопылық жолдың негізгі тәсілі мен мәні. Осы жолды ұстанған адамның нәпсісі бойындағы жаман қасиеттерді жақсы қасиеттерге ауыстырады. Құмарлықтың орнына Аллаға деген сүйіспеншілік пайда болады, нәпсіқұмарлықтың орнын тақуалық басады, ал ашу Алла тағаланың әмірлеріне қатысты қызғанышпен ауысады. Нәпсінің барлық жаман қасиеттерінде осындай нәрселер орын алады.

АМАЛДАРДЫҢ ТҮРЛІ КЕЙІПТЕГІ БЕЙНЕСІ

Адамның барлық амалдары мен рухани күйлері оның нәпсісіне, жүрегіне шоғырланып, ішкі дүниесінің мәнін құрайды. Олар барзах¹⁶ әлемінде илаһи нұрдан немесе қараңғылықтан шыққан түрлі бейнелер түрінде кездеседі. Олардың шығу тегін ажырата білу керек. Бұл бейнелерді танудың бірнеше жолы бар. Егер адамның бойын Алла тағалаға деген күшті махаббат пен Оның разылығын қалау үстемдік етсе, бұл оның түсінде тәсбих айту (мадақ

¹⁶ Барзах – қайтыс болғаннан кейін адамдардың жаны қиямет күніне дейін қалатын көзге көрінбейтін басқа әлем. – Ред.

айту), зікір ету, құлшылық ету, мойынсұну әділет, ықылас, тақуалық немесе дәмді жемістер (алма, жүзім, асқабақ), асыл тастар, жәннаттың хор қыздары мен қызметшілері, яғни көркем жағымды бейнеде көрінеді.

Алегерадамнанәпсіқұмарлықнемесеашудың күші басым болса, түсінде шошқа, жылан, өгіз сияқты жануарлардың бейнесін көреді. Егер адам тәкаппарланып, өрккөкіректеніп кетсе, онда ол түсінде арыстан, жолбарыс, қабылан сияқты жыртқыштардың бейнесін көреді. Ал адамды дүниеқоңыздық пен сараңдық билеп алған кезде бұл оның түсінде шаян, өрмекші және басқа да жаратылыс түрінде көрінеді. Адам бұл бейнелерді түсінде де, өңінде де көруі мүмкін.

Кемелдену жолына түскен адам (салик) нәпсіге қарсы күресінің алғашқы кезеңдерінде өзін түсінде алып денелі хайуандар, жәндіктермен арпалысып жүргенін көреді. Бірақ адам өз-өзімен жұмыс жасаған сайын олар азайып, шыбын-шіркей сияқты елеусіз болып қалады. Бұдан шығатын қорытынды, нәпсіңмен күресіп, оны үнемі өзін-өзі тәрбиелеу арқылы әуелі оның ең жойқын бөлігін жеңіп, содан кейін зардабы аздау бөлігін жоюға кірісу керек.

АШУ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Алла тағаланың құлы ашу-ызаға булыққанда, ешбір жағдайда ақиқат пен әділет шеңберінен шықпауы керек. Керісінше, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Егер біреулеріңді ашу қысса, үнсіздік сақтауға тырыссын» – деген сөзін ұстануға тырысу керек. Ашуланған адамның дәрет алғаны дұрыс, өйткені ашу от сияқты, отты су сөндіреді. Мұны Алла Елшісі (с.ғ.с.) де ескертіп кеткен.

Бойын ашу билей бастаған адам, бұл күй оны ұнамсыз амалға итермелеп кетпеуі үшін абай болуы керек. Өйткені, ашу қайғылы салдарға, шындық пен әділет шекарасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөзін есіне алсын: «Адамды құтқаратын және құртатын үш қасиет бар. Құтқарушы қасиеттер – жасырын және ашық (яғни адамдар арасында және жалғыз қалғанда) Алладан қорқу, жай уақытта да, ашу үстінде де ақиқаттан айнымау, тоқшылықта да, жоқшылықта да бір қалыптылығын сақтау. Құртушы қасиеттер – сараңдық, нәпсіқұмарлық және өз-өзіне тамсану, масаттану».

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, пенде мінез-құлқын Алла тағаланың ахлақына сай қалыптастыруы қажет екенін ұғынамыз. Бұл жайында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)

да: «Алланың ахлағымен мінезденіңдер», – дейді. Алла тағала Өзі үшін ашуланбағаны сияқты, пенде де өз пайдасы үшін ашуланып, кек алмау керек. Егер Алла тағала өзі үшін ашуланса, барлық жаратылысты әп-сәтте жойып жіберер еді.

5-БӨЛІМ. ҒАЙБАТ ПЕН ӨСЕК

ҒАЙБАТ МЕН ӨСЕКТИҢ МӘНІ

Алла тағала саған жәрдем берсін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ғайбат – бір кісіні ұнамсыз сөзбен еске алуың», – дейді. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.), егер менің айтқаным ол адамның бойында болса ше?» – деп сұрағанда, ол (с.ғ.с.): «Егер сенің айтқаның оның бойында болса, онда сенің ғайбат айтқаның, ал егер ондай сипат онда болмаса, оған жала жапқаның» – деп жауап береді.

Ал өсек айтуға (намима) келер болсақ, бұл адамдар арасында араздық тудыратын, бүлікке әкеп соғатын сөздер тарату.

Асыл дініміз өсек таратуды қатаң түрде тыйған, өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла табарака уа тағаланың алдында ең жек көрінішті нәрсе – өсек тарату, сол арқылы адамдардың арасына іріткі салып, араздық туғызу», – дейді.

ҒАЙБАТ ПЕН ӨСЕКТІҢ ҚАУІПІ

Өсек тарату мен ғайбат – жаман қасиеттер. Бұл рухани ластық. Құлшылықтарды орындап Аллаға жақындау үшін физикалық тазалықтың қажет болғанындай, Жаратушыға жақын болу үшін осы рухани кірлерден де тазару қажет.

Раббын тану жолына түскен мүрид Алланың рақымы мен разылығына ие болу үшін жаман қасиеттерден арылу керек. Алла тағала бұл туралы: «Кімде-кімді Алла тазартса, сол үлкен бақытқа кенелгені», – дейді. Расында, ғайбат пен өсек мүридтің Алла тағаланың разылығына жетуіне кедергі болатын жаман сипаттар.

Дін ғалымдары ғайбат айту, адамдардың кемшілігін жария қылып, қадір-қасиетін түсіру, Жаратушының ашуына тиетінін, мүридтің барлық амалдарын зая қылатын нәрселер екеніне баса назар аударады. Сондықтан да тариқат ұстаздары (мүршид) дін бауырларының теріс қылықтары туралы сөз тасудан сақтандырады.

Кейде мүридтің жасаған осы ұнамсыз ісін (ғайбат) Алла тағала ол құлының дініндегі тәкаппарлықтан туындаған кемшіліктерінің орнын толтыру үшін алдын ала белгілеген болуы мүмкін. Сөйтіп мүрид жасаған қателігіне ықыласпен тәубе етіп, кемелдікке жетуі мүмкін. Сөзімізді Ибн Атиллахтың айтқаны

да қуаттай түсері хақ: «Кішіпейілділікке және бойсұнушылыққа алып келген күнә (жамас амал), тәкаппарлық пен менмендікті тудыратын құлшылықтан (жақсы амал) қайырлы».

ҒАЙБАТ ЖӘНЕ ӨСЕК ТУРАЛЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Алла тағаланың сүйікті құлдардан мүридке ғайбат айтудың барлық зиянын, қауіпі мен жиіркеніштілігін ескертетін көптеген құнды сөздер бізге жеткен. Міне, осы сөздердің кейбірін бейқам есін жиып, надан білсін деп келтірдік:

1. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Діндес бауырын менсінбей, оны төмен санауы адамға күнә ретінде жеткілікті. Мұсылман адамның жанына, мал-мүлкіне және ар-намысына қол сұғуға болмайды!», – дейді.

2. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ғайбаттан сақтаныңдар, расында ол зинадан да жаман. Өйткені, зина жасаған адам Алла тағаланың алдында көп ұзамай тәубе етуі мүмкін, сөйтіп Алла тағала оның тәубесін қабыл етеді. Ал ғайбаттаушы болса, оны ғайбатталған адам кешірмейінше, Алла оны кешірмейді».

3. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Өсекші жәннатқа кірмейді» – дейді.

4. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Саған Алланың ең жаман құлдары туралы айтайын ба?», – дейді. Сахабалар: «Иә, уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.)», – деп жауап береді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олар өсек тарататын, бір-бірін жақсы көргендердің арасында алауыздық тудыратын, жазықсыздарды айыптаушы адамдар», – дейді.

5. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім күнә жасаудан ұялмай, ашық күнә жасаса, ол адам туралы шындықты айту ғайбат емес», – дейді.

6. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Пасық (ашық түрде үлкен күнә жасаушы) адам туралы шындықты айту ғайбат емес», – дейді.

7. Тақуалардың бірі: «Адамдарды ғайбаттаушы адам катапулт орнатып, сол арқылы өзінің жақсылықтарын батыс пен шығысқа шашып жатқан адамға ұқсайды», – дейді.

8. Суфиян Сауриден (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алла тағала «ет жеуді» жақсы көретін үй тұрғындарына ашуланады» деген хадисінің мағынасы туралы сұралды. Ол бұл сөздерді былай деп түсіндірді: «Олар басқа адамдарды ғайбаттап, сол арқылы олардың етін жейтіндер».

9. Хасан әл-Басриге (қ.с.): «Бір адам сені жамандады», – деп айтылды. Сонда Хасан әл-Басри (қ.с.) ғайбаттаушыға біреуден бір табак

тәтті беріп жібереді де, былай деп айтуын тапсырады: «Маған ізгі амалдарыңызды бергеніңізді естідім, сондықтан сізге қолымнан келгенше рахмет айтуды жөн көрдім».

10. Ибн Мүбәрәктің (қ.с.) жанында ғайбат туралы айтылғанда, ол: «Егер мен біреуді ғайбаттайтын болсам, онда мен өз әке-шешемді ғайбаттар едім. Өйткені менің ізгі амалдарымды алуға ең лайықты адамдар солар», – дейді.

11. Имам Ибн Атаилла (қ.с.) былай дейді: «Егер адамның ақылын сынағың келсе, онда біреудің аты аталғанда оның өзін қалай ұстайтынына назар аудар. Егер ол кісінің кемшіліктерін естуге елігіп: «Қойшы соны, ол мынандай, мынадай жамандық жасады», – деген сияқты сөздерді айтқанын байқасаңыз, ондай адамның білімі таяз, жан дүниесі астан-кестен деп біліңіз. Өйткені мұсылман дін бауырының абыройын сақтауға тырысады».

12. Араб ақындарының бірі былай дейді:

*«Пышақ жарасы тез жазылар,
Ал сөз жарасы – мәңгілік».*

ҒАЙБАТ АЙТЫП ҚОЙСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Ғайбат айтқан адам «Фатиха», «Ықылас», «Фалақ» және «Нас» сүрелерін оқып, сауабын ғайбаттаған адамға бағыштау керек. Алла Елшісі (с.ғ.с.) осындай нұсқаумен бір әулиенің түсіне кіреді. Әулие былай дейді: «Шынында, пенде қиямет күні Алла тағаланың алдында ғайбат еткені үшін күнә аркалап барады. Ал осы сүрелерді оқыса, алғаны сауап болады. Оның осы сауапты ісі айтқан ғайбатының өтеуі болады деп үміттенеміз».

Ақылды адам өзіне айтылған ғайбатқа ренжімеу керек. Өйткені кімде-кім ғайбатталса, Алла оның күнәларының жартысын кешіреді. Өз ісін мақтап, сопыларды айыптайтындармен дос болу мүридке жараспайды. Расында, салихтар айтқандай, мұндай адамдардың нәпсісі мен ішкі дүниесі бұзылады. Діндес бауырына ғайбат айтылғанын естіген кез келген адам бейжай қарап қалуына болмайды. Керісінше, өзгелер тарапынан жамандалып жатқан адамды қолдап, қорғау керек. Мұндай жағдайда үндемеу – мұсылман бауырын төменсіну болып табылады. Өйткені, мұсылманның басты парыздарының бірі – діндес бауырын өсек-аяңнан, ғайбаттан қорғау. Яхья ибн Муаз ар-Рази былай дейді:

«Мұсылманның сенен несібесі үш түрлі болсын: егер оған пайда әкеле алмасаң, тым болмаса зиян келтірме. Егер оны қуанта алмасаңыз, тым болмаса ренжітпе, ал егер оны мақтай алмасаң, тым болмаса, айыптама».

Бір күні Ибраһим ибн Адхам (қ.с.) бір жерге қонаққа барады және сол жердегі бірінің шақырылғандардың бірі туралы: «Ол семіз адам, сондықтан баяу жүреді» деп айтқанын естиді. Мұны естіген Ибраһим ибн Адхам дереу бұл үйден шығып, үш күн бойы нәр татрайды. Үш күн өткен соң ол: «Бір мұминге ғайбат айтылған жерде мен ешқашан тұрмаймын», – дейді.

Тағы бір жолы Ибн Адхамның (қ.с.) өзі адамдарды үйіне қонаққа шақырады. Барлығы асқа отырған кезде, шақырылғандардың кейбірі біреуді ғайбаттай бастады. Сонда Ибраһим ибн Адхам былай дейді: «Бізден бұрынғылар алдымен нан, сосын ет жейтін еді. Ал сендер болсаңдар, алдымен ет¹⁷, сосын нан жейді екенсіңдер». Сосын олармен бірге тамақ ішуден бас тартады.

Барлық тақуалардың игі дәстүрлерінің бірі дін бауыры ғайбатталса, бауыры үшін жауап

¹⁷ Алла тағала ғайбатпен айналысқан адамды Құранда бауырының етін жеген адамға ұқсатып, бұл күнәнің соншалықты жиіркенішті екенін нұсқаған. Ибраһим ибн Адхамның (қ.с.) меңзегені осы. – Ред

беретін еді. Алланың разылығын қалағандар діндес бауырларынан титтей кемшілік көрсе де, оларды ғайбаттауға жол бермейтін еді.

Мысалы, біреулер: «Қандай тәкаппар адам! Ешбір тойға, тіпті үйлену тойына шақырса да бармайды!» – деп ғалым адамды немесе сопыларды ғайбаттаса, тақуа адамдар ол адамды былай ақтайды: «Ол ұялғанынан келмеді немесе нәпсісін төмендеткісі келді».

Жақсылыққа жаны құмар бақытты жандар бір адамның жамандық жасап жатқанын көрсе, сырттай ұнатпай тұрғанын білдіреді де, іштей оған дұға етіп, Аллаға жалбарынады. Ал нәсіпсіз бақытсыз жандар болса, оны табалап, сүрінгеніне күліп, намысына тиюге тырысады. Ал мұсылман адам өзгелер естімесін деп, дін бауырына оңашада ескерту жасайды.

6-БӨЛІМ. ДҮНИЕНІ ЖАҚСЫ КӨРУ

Дүние – адамның жауы. Дүние нығметтерін сүю барлық шарифатта айыпталған. Өйткені ол әрбір күнәнің негізі, барлық бүліктің бастауы. Алланың құлы қоғамда биік мансапқа деген құштарлық пен сүйіспеншіліктен арылып, жалған дүниенің сұлулығынан бас тартуы қажет. Расында, мансапты, атақты сүю адамға байлықты сүюден де көбірек зиян келтіреді.

Ал, бұл екі қасиеттің екеуінің де адам бойында болуы, оның дүниені қатты жақсы көретіндігін білдіреді.

Мынау өткінші дүниенің барша сұмпайылығы мен жағымсыз иісін түсіндіру үшін мына мысалды келтірсек жеткілікті. Алла тағала Адам (ғ.с.) пайғамбар мен оның жұбайы Хауа анамызды жәннаттан жерге түсіргенде, олар жәннаттың иісін сезе алмай, мына дүниенің иісінен жиреніп талып қалады. Сөйтіп олар қырық күн бойы осылай ес-түссіз жатады.

Сондай-ақ Алла тағала бұл дүниені жаратқанда оған былай дейді: «Ей, жалған дүние, Маған қызмет еткенге қызмет ет, ал саған қызмет еткенді құлыңа айналдыр». Дүние нығметінен біздің айтқымыз келгені байлық, мал-мүлік, ас-су, сөз және ұйқы. Ей мүрид, өткінші дүние сұлулығы мен ләззаттары жүрегіңнен орын алуынан сақ бол.

Дүние нығметтері жүректе өскен шашқа ұқсайды – адамның жүрегінде бір тал шаш болса, жүрек бірден өледі. Сондықтан да, Алла тағаланың қалауымен адамның шашы терінің астына қарай емес, терінің бетіне өседі. Мүминдердің жұмақта денелері мен беттері түксіз, көздері сүрме жағылғандай, жүректері бірдей, бір-біріне титтей де қызғаныш пен өшпенділіктің болмауының хикметі де осында

жатыр. Ал егер олардың денелеріне түк шықса, бұл өлімге әкеледі. Өйткені о дүниеде адамдар физикалық және рухани жағынан жүрекке ұқсайды және олар мен Раббыларының арасында ешқандай перде де, кедергі де болмайды.

Мүрид дүние тіршілігінің ләззатын қаншалықты жақсы көрсе, Алла тағала оны соншалықты жек көреді. Сізді Алладан алшақтатқанның бәрі – дүние, ал Алла тағалаға бет бұруыңызға ықпал ететіннің бәрі – ақыреттік амалға жатады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Ақиқатында, Алла тағала дүниеден өткен жек көріністі жаратылысты жаратпаған. Алла дүниені жаратқаннан кейін оған ешқашан қарамаған».¹⁸ Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланы еске алу және соған апаратын нәрселерден басқа дүние және оның ішіндегілердің барлығы лағынет етілді», – дейді.

ДҮНИЕНІ ЖАҚСЫ КӨРУ МЕН ҚҰЛШЫЛЫҚ – ҮЙЛЕСПЕЙТІН ЕКІ ҰҒЫМ

Имам Әбул-Хасан әш-Шазали былай дейді: «Құлдың жүрегінде мына дүниеге немесе о дүниеге деген қызығушылық болатын болса, ол Алла тағалаға жақындай алмайды. Алла

¹⁸ Яғни, бір бағалы, құнды нәрсе ретінде қарамаған. – Ред.

тағалаға шын ықыласпен құлшылық еткен құл ғана Жаратушысына жақындау сауабын алады. Қалғандары мына дүниеде немесе о дүниеде жүрегі иіліп тұратын нәрселерімен ғана қалады және оларға басқа нәрсе берілмейді».

Сондай-ақ Әбул-Хасан Әли ибн әл-Мазиннен (қ.с.) былай риуаят етіледі: «Егер сен бір адамды сыддық (әділдіктің ең жоғары дәрежесі) деп мақтасаң, ал ол құлдың жүрегінде дүниеге деген титтей болсын махаббат болса, Алла тағала оған назар аудармайды. Алланың атымен ант етемін, қандай да бір материалдық байлықтың ләззатын жан дүниесінде сезінген Алла тағаланы тану жолындағы жолаушылар опат болды».

Имам әш-Шазали (қ.с.) былай дейді: «Аллаға құлшылық дүние тіршілігіне деген сүйіспеншілікпен араласса, бұдан шығатыны тек мазасыздану, жүректің алаңдаушылығы және тәннің шаршауы ғана, құдды рухсыз дене сияқты күй кешеді. Дүниеден бет бұрудың (зуһд) және дүние игіліктерінен бас тартудың мәні, бар дүние-мүліктен айырылу емес, оларға деген сүйіспеншіліктің болмауында жатыр. Өйткені, Алла Елшісі (с.ғ.с.) бізді сауда және қолөнермен айналысудан тыйған жоқ».

ДҮНИЕНІҢ АРБАУЫНАН САҚТАНУ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұминдерге өткінші дүниеге деген дұрыс көзқарасты қалыптастыруды және оны еш естен шығармау керектігін жиі еске салатын. Бұл жердегі мәселе кісінің бұл дүниеде жолаушы адамдай әрекет етуі. Бұл ескерту оларды дүниеге деген махаббаттың қақпанына түсуден сақтайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл дүниеде бір жат елдік адам (ғаріп) немесе жолаушы сияқты болыңдар. Өзіңізді осы дүниеден өтіп кеткен адамның қатарында санаңыз. Таң атқан кезде нәпсіңмен кеш туралы сөйлеспе (кешке дейін өмір сүремін деп күтпе), ал кеш батқан кезде ертеңгі күн туралы әңгіме қозғама. Ауырғанға дейін денсаулығыңның, қартайғанға дейін жастық шағыңның, қарбалас болғанға дейін бос уақытыңның, дүние салмай тұрып өміріңнің рахатын көр. Расында, сен ертең қалай аталатыныңды білмейсің».¹⁹

Имам Жунайд әл-Бағдадиден (қ.с.): «Қандай білім ең пайдалы?» – деп сұрағанда, ол: «Сені Алла тағаланы тануға жетелейтін және нәпсіңе еруден алыстататын білім. Пайдалы білім өз иесін кішіпейілділікке, ар-ұятты сақтауға, нәпсімен үнемі күресуге, рухын көркейтуге, өз-өзін басқаруға, Алла тағаладан

¹⁹ Яғни, ертең тірілердің арасынан немесе өлілердің арасынан табылатыныңды білмейсің. – Ред.

қорқуға, жүректі дүниенің қызыл-жасылынан және дүниеге құмартқандардан алыс болуға жетелейді. Мұндай білім адамды бұл дүниеде азға қанағат етуге, дүниенің арбауына түспеуге, дүниені сол дүниемен ғана өмір сүретіндерге тапсыруға, адамдарға адал ұстаз немесе кеңесші болуға, оларға жақсылық жасап, көркем мінезді болуға, мүридтермен (фуқара) араласуға, Алла тағаланың сүйікті құлдарын (әулие, мүршид кәміл) құрметтеуге, сондай-ақ саған пайда әкелетін нәрселермен ғана айналысуға үйретеді» – дейді.

Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) мұминдерді таусылмайтын үлкен армандардан және құмарлығына еруден сақтандырды, өйткені бұлар өткінші дүниеге деген сүйіспеншіліктің жемісі. Ол былай дейді: «Мен сендер үшін екі нәрседен ғана қорқамын: ұзақ армандар мен құмарлықтардың соңына түсу. Өткінші өмірдің емес, мәңгілік өмірдің ұлдары болыңдар».

АЛЛАНЫҢ СҮЙІКТІ ҚҰЛДАРЫНЫҢ ДҮНИЕ ТУРАЛЫ АЙТҚАНДАРЫ

Көптеген дін ғалымдары мен Алланың сүйікті құлдары фәни дүниенің мәнін және дүниенің адамды қалай азғыратынын бізге егжей-тегжейлі түсіндіріп кеткен. Міне, олардың әрқайсысынан пайдасы мол кейбір нұсқаулары мен ескертулері:

1. Имам Жунайдал-Багдади (қ.с.) былай дейді: «Кімде-кім өмірінің тарлығына шағымданып таң атырса, Раббысын шағымданғанмен бірдей. Ал кімде-кім дүние істері мен қиыншылығы салдарынан қайғылы күйге түссе, Алла тағалаға ашуланғандай болады. Ал, кімде-кім дәулетті адамның алдында байлығы үшін кішірейсе, дінінің үштен екісін жоғалтады».

2. Дін ғалымдарының бірі: «Алла тағала біреуді Өзіне сүйікті (уәли) етіп таңдағысы келсе, дүниені оның көзіне жексұрын қылады», – дейді.

3. Сондай-ақ мүршидтердің бірі: «Ей, мүрид, өзгеден сұрамайтындай мөлшерде ғана өткінші дүниенің нығметінен өзіңе қалдыр. Бұл дүниеден толықтай бас тартып та шектен шықпа».

4. Бір ұстаз былай дейді: «Екі ерекше қасиет бар, оған ие болған адам артынан адамдар еретін имам-басшы болады. Біріншісі – өткінші дүниеден бет бұру және оған немқұрайлы қарау; екіншісі – діндес бауырларынан келген барлық қиыншылықтар мен зияндарына сабырлықпен төтеп бере отырып, оларды әр нәрседе өзінен артық көру».

5. Имам әш-Шазали (қ.с.): «Құл мына дүниені және дүниенің соңынан еріп жүргендерді жек көріп, екі дүниенің түрлі нығметтерінен бас

тартпайынша, Алла тағала ол құлын жақсы көрмейді», – дейді.

6. Имам әш-Шазали (қ.с.): «Кім өткінші дүниені жақсы көрсе, Алла тағала оны жек көреді. Сондықтан мүрид дүниенің барлық нығметтерінен бас тартып, жүрегін олардан тазарту керек».

Уа, мұсылмандар, бұл дүние құл мен Раббысының арасындағы уақытша көлеңке және бөгет қана. Адамның жүрегінде тозаңның түйіріндей болса да осынау дүниеге деген сүйіспеншілік бар болса, Алла тағаланың шынайы құлы бола алмайды. Бұл дүниеден толықтай бас тартпайынша, Жаратушы оны құзырына қабылдамайды.



III-ТАРАУ

ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕР

1-БӨЛІМ. АЛЛАҒА ҚҰЛ БОЛА АЛУ

АЛЛАҒА ҚҰЛ БОЛУДЫҢ МӘНІ

Алланың шынайы құлы болу (убудия) – жақсылық жасауда және жамандықтан тыйылуда толық дәрменсіздігінді мойындау, сондай-ақ барлық игіліктердің, күш-қуат пен құдіреттің тек Алла тағалаға ғана тән екеніне толық иман ету.²⁰ Міне, құлдықтың мәні осы, яғни Алланың әмірлерін орындап, харамдарынан тыйылу. Дін ғалымдарының құлдықтың мәнін анықтауда көзқарастары әртүрлі болғанымен, олардың барлығы да Ұлы Жаратушының шынайы құлы болу – Оның құдіретін сезіну және Алланың үстемдігін (рубубия) мойындау анықтамасында ортақ пікірде.

Адамның құлдық қасиеті мен Жаратушы үстемдігінің барлық қасиеттері бір-біріне қарама-қайшы. Яғни, құлға Алла тағалаға тән әрбір илаһи сипатқа қарама-қарсы қасиеттер берілген. Мәселен, Алла тағала құдіретті күшке ие болса, Алланың құлына әлсіздік берілген, Алланың тәкаппарлығы мен ұлылығы бар, ал құлда кішіпейілділік пен қарапайымдылық, т.б.

²⁰ Яғни, кез келген игі істерді орындау және күнәлі істерден тыйылу адамның өз еңбегі емес, Алла тағаланың ерекше мейірімі мен қолдауы деп қарау керек. – Ред.

Адамның Алла тағалаға құл болу сипатына ұлы тұлғалар да анықтама беріп кеткен.

1. Иса (ғ.с.) пайғамбар: «Алла тағалаға құл болу – барлық талап-тілектер мен талас-тартыстан бас тарту, қиыншылықтарға сабырмен төзу, сондай-ақ Раббысына деген махаббат», – дейді.

2. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.): «Құл болу – кез-келген күйде Алланың құлы болу дегенді білдіреді, өйткені Ол кез-келген күйде сенің Раббың», – дейді. Бұл сөз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына сөзімен де сәйкес келеді: «Алланың алдында қандай жағдайда болмасын құлшылық қылуды тоқтатпаған адамнан артық қадірлі құл жоқ».

3. Кейбір дін ғалымдары: «Құлдық – адамның өзінің ғибадаттарын байқамай, рухани жақтан (жүрек көзімен) өзі құлшылық ететінін – Раббысын бақылайтын күй» – деп атап көрсеткен.

4. Сондай-ақ мынадай да сөз бар: «Құлдық төрт қасиеттен тұрады: уәдені орындау; Алла тағала белгілеген шарифат заңдарын сақтау; қолда барға қанағат ету және кез келген мұқтаждыққа сабыр ету».

АЛЛАҒА ҚҰЛДЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Құлдықтың өзіне тән белгілері бар. Бұлар: кез келген жоспардан бас тарту, өйткені әр нәрседен тек Алланың алдын ала жазғанын күту керек. Алла тағаланың сызып белгілеп қойғаны, құл үшін ең жақсы таңдау екенін ұғыну.

Риуаят бойынша, Ибраһим ибн Адхам (қ.с.) құл сатып алып, одан:

- Сен әдетте не жейсің? – деп сұрайды. Құл:
- Не берсіңіз, соны жеймін – деп жауап береді.
- Қандай жұмыс жасайсың?
- Нені талап етсеңіз соны жасаймын.
- Сенің қалауың не?
- Қожайынның қалауы барда, құлдың қалауы бола ма екен?

Сонда Ибраһим ибн Әдхам (қ.с.) ойға батып, өз-өзіне қарап былай дейді: «Ей, бейшара, сен өміріңнің бір сәтінде де мына құлдың саған бағынғанындай Аллаға бағына алмадың!».

Имам Әли ибн әл-Хаууас (қ.с.) өзінің мүриді әш-Шараниге (қ.с.) насихат айтып, оған былай дейді: «Алла тағала саған берген нәрселерден тек қажетті мөлшерде же, ал артығын Алла қалаған кісіге бер. Істеріңді шешуге күш-қуатыңды

босқа жұмсама, керісінше, Жаратушыдан істеріңді дұрыс жолға қоюды сұра». Сонда әл-Шарани (қ.с.) одан: «Алла тағаладан рұқсат етілген тағамды сұрауым дұрыс па?» – деп сұрады. Ұстазы: «Иә, былай деп айт: «Уа, Раббым, маған ризық-несібенді бұйырып, екі дүниеде де кемшілігімді жасыра көр, Уа, аса жомарт, өте мейірімді Алла!» – деп, сөзін былай жалғады: «Алланың сынақтарын ұғыну кезінде сабырсыздық, алаңдаушылық көрсетуден сақ бол. Өйткені, барлық ісін Аллаға тапсырған құлына Алла тағала қажетті білім мен соған сай амал нәсіп етіп, өзгелерді оның ізінен еретін имам-басшы қылады. Расында Алла әр нәрсеге күдіретті».

Сондай-ақ, құлдық белгілерінің бірі – кедей кезінде мұқтаждығын, ал бай кезінде байлығын жасыру. Байлық пен кедейлік Алланың құлы үшін бірдей болуы керек. Аллаға шынайы мойынұсынушы өзіне қатаң қарайды: шариғатты берік ұстану; мұқтаж жандарға жомарттық таныту; ләззат пен құмарлықтың ізінен түспеу. Ғалымдар: «Адам өзіне қызметші іздегенге дейін Алланың шынайы құлы болып қала берелі. Ол өзіне құл іздей бастағанда, Жаратқан Иесінің алдында құлдық қасиетін жоғалтады» – дейді.

Құлдықтың өзіндік әдебі бар. Бұл әдептерді ұстанған адам мына жағдайларда

шамадан тыс алаңдаушылық танытпауы керек: аш қалғанда, киімсіз қалғанда, кедейлікте және қысымшылық көргенде. Осы әдеп бойынша құл Алланың үкіміне мүлде қарсылық танытпай, кішіпейілділікпен Оның жазғанын қабылдауы керек. Яғни, шын мойынсұнған адам тек Алла тағаланың рақымына ғана сүйенеді: тамақтан ешнәрсені қоймаға тығып, сақтап қоймайды және мұқтаждығын Алла тағаладан басқа ешкімге айтпайды.

Құлдық (убудия) – құлдың өзгермейтін қасиеті, үстемділік (рубубия) – құдіреті шексіз Алла тағаланың өзгермейтін және тұрақты қасиеті. Сондықтан, білімі мен ізгі амалдарының себебімен Раббысына мұқтаж болуды қойып, адамдарға кішіпейілділік таныта бастаған әрбір адам рухани күйреуге ұшырайды. Кім байлығына сүйенсе, ол – шын мәнінде кедей, ал кім қоғамдағы жоғары дәрежесіне сүйенсе – жексұрын, тегіне арқа сүйеген – қор болған адам, ал кім ізгі амалдарына сүйенсе – тақырға отырды. Ал кімде-кім Алла тағалаға ғана сүйеніп, үнемі Оған мұқтаждығын сезініп, әр істе Оған ғана жүгінсе, ол нағыз бай адам.

ӨЗІҢДІ БАРЛЫҒЫНАН ТӨМЕН САНАУ

Расында, Аллатағалағаықыласпенкүлшылық ету – адамның әлсіздігі мен мұқтаждығын сезінуі мен оның Алланың алдындағы төмендігі мен кішіпейілділігінің ең жоғарғы дәрежесі. Бұл Алла тағаланың барлық әмірлеріне мойынсұнуға және оларды орындауға, сондай-ақ Алладан кешірім сұрап үнемі дұға етуге дайын екендігінің көрінісі. Төмен болу – жүректің толықтай бағынуында, тәуелді болуында, әлсіздігінен Жаратушыға мұқтаждығының көрінісі. Міне, осындай мойынсұну шын жүректен жасалған ғибадаттың негізі болып табылады.

Өзінің айналасындағы барлық нәрседен төмен екеніне иланған адамға бүкіл дүние жол көрсетуші ұстазға айналады. Өйткені Алла тағала ғаламдағы барлық нәрсені ерекше мағынамен жаратқан. Ал бұл деңгейдің иесі осы ерекшелікке қарап, оны зерттеп, оның даналығымен қарулануға тырысады.

Мысалы, күнәһар адамнан Алла тағаланың оған жіберген қиыншылықтарына қарсы көрсететін кішіпейілділігі мен сабырлығын үйренеді.

Жасалған дөрекілікке сабырмен шыдап, қарнындағы ризығына қанағаттанып, дүние мүлкінің жоқтығын кішіпейілділікпен

қабылдағанын итке қарап, одан да сабақ алуға тырысады. Нағыз кішіпейілдікті адам иттен үйренуіне болады. Өйткені ит иесі лақтырған кәрі жілікке разы болып, берген сүйекті мәз болып кеміреді және оған қандай да бір жақсылық жасаған адамның бәріне мейірімділік көрсетеді.

Еңбекқор ұстадан тасты ойып, оған қажетті пішін беріп, содан кейін оны дәретхана іргетасының астына қойғанда көрсететін мойынсұнушылық пен сабырды үйренеді.

Ал есек пен түйеден бұл екі хайуанның жүк көтергенде немесе иесін тасығанда көрсететін сабырлығын үйренеді.

Ықыласты құл әтешке қарап, оның отбасын қызғанышын, қамқорлығын және отбасына жомарттығын үйренеді.

Шамның жалынына қарап, оның пілтесінің қалай жанып жатқанын көргенде, бұдан мынадай сабақ алады: олар маңайындағыларға қандай көп нұр береді және айналасына пайдасын тигізе отырып, жалынның азабына қаншалықты сабырмен төзеді!

Кімде-кім өзін басқалардан төмен санаса, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) серігі болады. Мұндай пікірде болудың артықшылығы – мұндай адам өзіне дөрекі қарым-қатынас

жасаған адамға жамандықпен жауап бермейді. Адамдар өздерінің кемелдікке жетудегі жоғары дәрежелерінің ақиқатына сендіретін кезде де, барлық жауапкершілікті сол адамдарға жүктей отырып, олардың айтқандарына көнеді. Өйткені адамдардың сырын Алладан және Алла тағаланың құпия білім берген құлдарынан басқа ешкім білмейді. Сондықтан сырын айтқысы келген адамға сенуге міндеттіміз. Өйткені, оны өтірікші деп есептесек, екіжүзділіктің шыңын көрсеткен боламыз.

Имам Афзалуддин (қ.с.) имам әш-Шараниге (қ.с.) насихат айтып, оған былай дейді: «Кез келген жиынға кірсең немесе кез келген салих адамға жолықсаң, бос болса да құрметті орынға жайғасудан сақтан. Егер ол жер басқа бір сыйлы адамның орны болса, онда сізді бұл жерден тұрғызып, ұятқа қалдырулары мүмкін. Иә, сол кезде ыңғайсызданып, нәпсің наразылық танытып, өзін көрсететін болады. Нәпсіңнің осындай екенін біл және оның соңынан ерме. Бұған сіз өзіңізді айналаңыздағы барлық адамдардан төмен санаған кезде ғана қол жеткізе аласыз».

ӨЗГЕНІ КІНАЛАП, ӨЗІНДІ АҚТАУ – ҚҰЛДЫҚ СИПАНЫНА ҚАРАМА- ҚАЙШЫ

Біліп қойыңыз, уа, мұсылмандар, мүридтің әлі нәпсісін толық тани алмағанының айқын белгісі, өзінің мақтауға тұрарлық немесе жаман қасиеттерін жоққа шығаруы. Өйткені, егер ол өзінің нәпсісін шын таныған болса, басқа мұсылмандарда, тіпті Алланың салих құлдарының өзінде кейде байқалатын мақтауға тұрарлық немесе жаман қасиеттердің өз бойында да кейде пайда болып, кейде жоғалып кететінін байқайтын еді. Алланың құлы әртүрлі бұлттар қалқып жүретін көк аспан тәрізді. Яғни, адамның бойында мақтауға лайық немесе жаман қасиеттердің әрбіреуі белгілі мөлшерде болады.

Пайғамбарлардан басқа Алланың әрбір құлында адамдарға тән жақсы және жаман қасиеттер болады. Пайғамбарлардың мінез-құлқын Аллатағалаөзі тазартқан. Алланың сүйікті құлдары мен қарапайым мұсылмандарға келетін болсақ, олардың мінезінде Алладан дарыған табиғи тазалық жоқ. Дегенмен, Алла тағала тақуа құлдарының бойында жаман қасиеттердің пайда болуына жол бермейді, шынайы құлдарын тазартады. Рабысына құлшылық қылушы Алла тағаланың қамқорлығына бөленсе, тек

мақтауға лайық қасиеттер ғана бойынан көріне бастайды. Ал Алла тағаланың қамқорлығынан ажырап қалғанда, бәрі түп-тура керісінше болып өзгереді. Мұндай жанды көргенде адамдар: «Уа, Раббым, бізді оның жамандығынан сақтай көр! Уа, халайық, мына кісінің жүзі қандай сұмдық!» – дейді

Пенде осы ақиқатты түсінсе, Алланың құлын кінәламайды және Жаратушының онымен қалай мәміле жасағанына наразылығын көрсетпейді. Шейх Абдулкадыр ад-Даштути (қ.с.) былай дейді: «Бірде мен намазда рүку мен сәждесіне мән бермей, тағдил әрканды толық сақтамай оқып жатқан адамға ескерту жасадым. Сонда ол маған былай деп жауап берді: «Ей, бауырым, мен толығымен Алла тағаланың қолындамын! Қаласа намазды баяу оқытады, қаласа жылдам оқытады. Мен жасалып жатқан қозғалыстың өзіне емес, осы қозғалысты Жаратушыға ғана назарымды салдым». Содан кейін былай деді: «Дінді жоятын нәрседен басқа еш нәрсеге кінә тақпаңыз».

СЕН ЖҮРЕГІНДЕГІНІҢ ҚҰЛЫСЫҢ

Убудия – құл, тұтқын болу дегенді білдіреді. Адам өзін жаулап алған, жүрегін иемденіп алған нәрсенің құлы. Егер адам нәпсінің тұтқынында болса, онда ол нәпсінің құлы, ал егер дүниенің

тұтқынында болса, ол дүниенің құлы. Құлшылығы дүниені сүйюмен тығыз байланысты мүрид жүрегін ысырап етіп, тәнін азаптап жатқаны даусыз. Өйткені, мұндай ғибадат жиі жасалса да, Алла тағаланың алдында түкке тұрмайды. Құдды жансыз дене сияқты. Қазір көп адамдар дүниенің соңынан жүгіреді де, түнімен құлшылық жасайды. Бірақ, дүниені жақсы көріп жасалған үздіксіз ғибадаттың өзі адамды Аллаға жақындата алмаса, дүниені жақсы көретін және ғибадатын да анда-санда жасайтын адамның жағдайы не болмақ?

Таухид сеніміндегі адам Алла тағалаға және Жаратушыға толық мойынсұнғандарға бағынады. Құлдың қадір-қасиеті мен абыройы оның кімге немесе неге табынатынына қарай анықталады. Ал білушінің құндылығы оның таным объектісіне байланысты.

ДҰҒА – ҒИБАДАТТЫҢ ӨЗЕГІ

Адамның Алла тағаланың алдындағы құлдығы толықтай дұғада көрініс табады. Өйткені, құл Раббысынан шексіз жомарттық күте отырып, өзінің әлсіздігі, дәрменсіздігі және мұқтаждығының шегін дұғада көрсетеді. Шынайы құлдық – адамның жақсылық жасауға да, күнәлі істерден бас тартуға да күш-қуатының жоқтығын мойындауы, сондай-ақ барша игілік

пен жақсылық тек Ұлы Жаратушы тарапынан болатынын мойындауы.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дұға – ғибадаттың өзегі» дейді. Басқа бір риуаятта: «Дұға – ғибадат» делінген. Яғни, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұға жасауды барлық нәрсенің негізі деп көрсеткен, өйткені құлшылықтың мәні құлдың өз әлсіздігін мойындап, шарасыздық, кішіпейілділік танытуы. Ал бұл жағдайлар ең жоғарғы түрде тек дұға жасау кезінде көрініс табады.

ҚҰЛШЫЛЫҚҚА КЕДЕРГІ СИПАТТАР

Адамның тіпті намазда да (әр мұсылманға парыз болған құлшылықтың өзінде) Алла тағалаға жақындауына кедергі болатын сипаттар төртке бөлінеді. Олар: илаһи, шайтани, жануарлық және хайуандық сипаттар.

- **Илаһи сипаттар:** Алла тағаланың толықтай тыйым салған сипаттарымен сипаттануға тырысу. Бұл сипаттарға мыналар жатады: ұлылық, артықшылыққа ұмтылу, ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж болмау, адамдарға үстемдік етуге ұмтылу, кез келген адамнан жоғары болуды қалау.
- **Шайтани сипаттар** ібілістің сипаттарына ұқсас. Бұлар көреалмаушылық, әділетсіздік, жауыздық, сатқындық, қулық, екіжүзділік және күпірлік.

- **Жануарлық сипаттар:** Тойымсыздық, ашкөздік, нәпсісін қанағаттандыруға күшті құштарлық пен нәпсіқұмарлық. Соның салдарынан мұндай сипатқа ие болған адамдар зинақорлық пен ұрлыққа ұрынады.
- **Хайуандық сипаттар** – ашу мен өшпенділік. Осы сипаттар арқылы адам баласы Алла тағала тыйым салған ауыр күнә жасауға: адам өлтіруге, кісіге қандай да бір залал келтіруге бейім келеді.

Адамның жанын әуелі жануарлық қасиет жеңеді. Ал дүниетанымы жетіле түскен кезеңінде хайуандық сипаттар да пайда болады. Егер осы кезде Алла тағала құлына қолдау көрсетпесе, адам өз ақылын алдауға, сатқындыққа қолдана бастайды, шайтанның көмегіне жүгінеді, ал ол өз кезегінде адасқанды итермелеуге бар күшін салады да тек Аллаға ғана тән сипаттарға ие болуға азғырады. Кімде-кім шайтанның тым болмаса бір сипатына ие болса, Алла оны өзіне жақындату мүмкіндігінен айырады, сосын шайтанға және оның әскеріне былай дейді: «Маған жақын құлдарыма сендер тиісе алмайсыңдар, Ал Менен алшақтаған құлдарымды сендер толықтай билейсіңдер».

Алла тағала былай дейді: «Алла (Шайтанға): «Кет! Сен және саған ергендер тозақта толық жазаларын алады. Тіліңмен қолыңнан

келгендерді азғыр, оларға қарсы әскерінді жина, мал-мүлкіне, бала-шағасына ортақ бол және оларға уәде бер». Ал шайтан оларға тек өтірік уәдебереді» («Исра», 63,64 аяттар). Бұл сөздерде үлкен қауіп бар, өйткені Алла тағаланың «олардың мал-мүлкіне және балаларына ортақ бол» деген сөзінің мағынасы мынада: шайтан оларды харам жолмен иемденуге және харам жолмен жұмсауға, сондай-ақ балаларын тыйым салынған жолмен дүниеге әкелуге итермелейді. «Оларға уәде бер» деген сөздер: шайтанның, сендердің жасағандарың үшін есеп те, өлгеннен соң қайта тірілу күні де болмайды деген жалған уәдесін білдіреді. Аяттың жалғасындағы Алла тағаланың «Бірақ шайтан оларға жалған нәрселерді ғана уәде етеді» деген сөздері шайтанның күнәларды әсемдеп, адамдардың саналарына істеген істері дұрыс деген сенім ұялататынын білдіреді.

Хадисте былай делінеді: «Шайтан жерге түсірілген кезде: «Уа, Раббым, мені жер бетіне түсіріп, мейірімнен айырдың, мені қарғадың. Енді менің үйім қайда болады? Алла тағала: «Сенің үйің әжетхана», – деп жауап берді. Ібіліс: «Жиналыстарды қайда өткіземін?», – деп сұрады. Алла тағала: «Сендердің жиындарың базарлар және жол бойындағы адамдар жиналатын орындар», – деп жауап берді. Ібіліс:

«Не жеймін?», – деп сұрады. Алла тағала: «Сенің тамағың – Алла тағаланың аты аталмаған тағам», – деп жауап берді. Сонда Ібіліс: «Менің сусыным қандай?», – деп сұрады. Алла тағала: «Сендердің сусындарың мас қылатын барлық нәрсе», – деді. Ібіліс: «Маған азаншы керек», – деп тағы сұрады. Алла тағала: «Сенің азаншың сыбызғы», – деді. Сонда Ібіліс: «Маған кітап жасап бер», – деп сұрады. Ал Алла тағала: «Сенің кітабың ән-жырлар», – деді. Ібіліс: «Менің жазуым бола ма?» – деп сұрады. Алла тағала оған: «Сенің жазуың татуировка», – деді. Ібіліс: «Менің сөздерім қандай?» – деп сөзін жалғады. Алла тағала: «Өтірік атаулының бәрі сенің сөздерің болады», – деді. Сонда Ібіліс: «Менің елшілерім бола ма?» – деп сұрады. Алла тағала: «Сендердің елшілерің – көріпкелдер», – деді. Ібіліс: «Маған тұзақтарымды бер», – деді. Алла тағала оған: «Сенің тұзағың әйелдер болады», – деді.

АЛЛАҒА ҚҰЛ БОЛУДЫҢ ЖЕМІСІ

Әлсіздігіңді мойында, сонда Алла тағала сені
 Өз күш-күдіретімен қолдайды. Мұқтаждығың
 мен кедейлігіңді түсінсең, Жаратушы саған
 байлығымен жәрдем береді. Өйткені, Алла
 тағалаға үнемі мұқтаждығың сезінген және
 Аллаға білдірген адамды ең үлкен байлыққа –
 Алла тағаладан басқа ешкімге мұқтаж болмау
 байлығына ие қылады. Себебі, құл үшін Алла
 тағаладан басқа қамқоршы да, пана да жоқ.
 Кімде-кім Алланың алдында құлдық (убудия)
 сипаттарына ие болса, үнемі Алла тағаланы зікір
 етсе, Жаратушы оған өзінің үстемдігі (рубубия)
 арқылы жәрдем береді. Өйткені Алла тағаланы
 зікір ету – Алланың алдындағы шынайы құлдық
 сипаттарды магнит сияқты өзіне тартады.

Кісі Алла тағаланың құлы деген атқа шын
 жүректен ие болғысы келсе, Алла тағала оны өз
 күдіретімен қолдайтыны сөзсіз. Алла тағаланың
 өзіне деген мол мейіріміне құлдың осылай куә
 болуы – Жаратушының қолдауының аз ғана
 бөлігі. Өйткені кімде-кім Алланың алдында
 құлдық, кедейлік және мұқтаждық сияқты
 қасиеттерін үнемі көрсетуге тырысса, Жаратушы
 Жаббар Иеміз ол құлға нығметін тез арада береді.
 Сондықтан Алла тағаланың жақсылығына
 тез қол жеткізгісі келетін адам Оған шынайы

мұқтаждығын шын жүректен мойындасын. Алла тағала Құранда: «Расында, садақа мұқтаждарға арналған» («Тәубе» сүресі, 60-аят) – дейді. Яғни, рухани кемелдікке қол жеткізген пенделерге Алла тағала нығметін берген сайын, олардың Алла тағалаға құлдық танытуы күшейіп, сенімі күшейген сайын Жаратушыға жақындай түседі. Мұндай адамдардың абыройы мен беделі артқан сайын олардың кішіпейілділігі де арта түседі. Бұл, мұсылмандар арасында кішіпейілдікпен, қарапайымдылықпен және кәпірлердің алдында ұлылықпен, артықшылықпен көрініс табады.

Рухани кемелдік дәрежесіне жеткен адамдар нәпсісі қалаған дәмді алған кезде, соған ризашылық танытады. Өйткені, кейде тақуа адамдар да нәпсісінің қалағанын тұтынады. Мұндай адамдар үшін нәпсі бағып-қағуды, мейірімді, кейде сый-сияпат беруді қажет ететін кішкентай бала сияқты.

Ал кейде нәпсісін қалаған нәрселерінен айырады, пайғамбарлардың өсиеттерін орындап, өздерінен дүние ләззаттарын шектейді.

2-БӨЛІМ. ЖАРАТУШЫҒА РИЗА БОЛУ, ОҒАН ТОЛЫҚ МОЙЫНСҰНЫП, БАРЛЫҚ ІСТЕРДІ ОҒАН ТАПСЫРУ

АЛЛА ТАҒАЛАҒА РИЗА БОЛУ, ОҒАН ТОЛЫҚ БОЙҰСЫНУ (ТӘСЛИМ) ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ІСТЕРДІ ОҒАН ТАПСЫРУДЫҢ (ТАФУИЗ) МӘНІ

Риза болу – басыңа келген сәтсіздіктің көптігіне қарамастан, Алланың тағдырына ешбір наразылықтың болмауы. Құлдың міндеті – Алланың алдын ала жазған тағдыры бойынша, разылық танытуымызды бұйырған нәрсеге разы болу. Өйткені Алла тағаланың алдын ала жазуымен белгіленіп қойған нәрсенің барлығына бірдей разы болу дұрыс емес. Мысалы, жасаған күнәларға разы болу сияқты.

Разылық – бұл жүрекке қуаныш пен толық қанағат ұялау үшін барлық наразылықты жою. Яғни, бұл – Алла тағаланың шешімдеріне қатысты жүрек тыныштығы, Алла разы болған нәрсеге, құлына таңдаған нәрсеге келісу. Мұндай разылықтың белгісі – Алла тағаланың тағдыры орындалмай тұрып, адамның таңдау құқығы

жоқтығына, тағдыры орындалғаннан кейін наразылық болмайтынына сенімді болу. Ал тағы бір белгісі – кез келген қиыншылықта Аллаға деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Расында, Аллаға Жаратушы ретінде разы болған адам нағыз иманның дәмін татады. Ал жүрегінде дүниеге деген титтей болсын сүйіспеншілік болған адам мұның дәмін сезе алмайды.

Разылық екіге бөлінеді: Әр нәрсені ең жақсы жүйемен жаратқан Ұлы Жаратушыға риза болу және Оның барлық шешімдеріне риза болу. Демек, Алла тағалаға разы болған адам Оның алдын ала жазып қойғандарына қарсы болмайды. Ал Алланың құлына тек ең жақсысын таңдайтынына сенімді болған адам, тек Оның таңдауын ғана қалайды.

Ал, "тафуиз" және "тәслим" деген екі түсінікке келетін болсақ, бұл Алланың қалауына толық мойынсұну арқылы өз таңдауыңан бас тарту. Тәслим, Ислам және Истислам – түбірі бір сөздер, олар Аллаға мойынсұну, бағыну және Аллаға құл болу деген мағыналарды білдіреді. Тафуиз – дүние тіршілігінің кез келген ісін таңдаудан бас тарту, Раббысына толық сенім арту және Оның таңдауына қайшы келетін барлық нәрселерден бас тарту. Кей ғалымдар тафуиз Алла тағаланың шешімі жүзеге аспай тұрып, ал тәслим Алланың әмірі орындалғаннан

кейін болады дейді. Тафуиз бен тәслим Алланы таныған адамның қасиеттері болып саналады.

АЛЛАНЫҢ ЖАЗҒАНЫ – ҚҰЛҒА ЖАҚСЫЛЫҚ

Разылық – Алланың жазуымен болып жатқан барлық нәрсеге байланысты жүректің қуанышы. Алла тағаланың барлық шешімдеріне ризалық танытқан адамға үлкен сауап беріледі. Риуаят бойынша қиямет күні Алла әмірімен бір жаршы былай жар салады: «Құлдарымның ішінен таңдалған, таза пенделер қайда?» Сонда періштелер: «Сенің таңдаған құлдарың кімдер?» – деп сұрайды. Алла тағала былай деп жауап береді: «Олар менің бергеніме және тағдырыма разы болған құлдар».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала Мұсаға (ғ.с.) былай деді: «Тағдырыма разы болудан артық Маған жақындай алмайсың».

Имам Әбул Хасан аш-Шазалидың (қ.с.) мынадай насихаты бар: «Өз таңдауыңнан Алла тағаланың таңдауына ауыс. Расында, өзіне бір нәрсені таңдаған адам оны алатынын не ала алмайтынын білмейді. Алса да, сақтай ала ма, жоқ па, оны да білмейді. Ал егер ол өмірінің соңына дейін қалса, бұл оған жақсылық па, жоқ па, оны да білмейді. Ендеше, нағыз жақсылық –

Алланың бізге таңдағандары».

Біреу Хусейн ибн Әлиге (р.а.): «Сахаба Әбу Зәр (р.а.) былай дейді: «Мен үшін байлықтан кедейлік, денсаулықтан ауру ұнамдырақ». Сонда Хусейн (р.а.): «Алла Әбу Зәрды (р.а.) рақымына алсын. Ал мен болсам былай дер едім: "Адам Алла тағаланың өзіне ең жақсысын таңдайтынына сенімді болса, Оның таңдауын барлық нәрседен артық көреді».

Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) Әбу Мұса әл-Ашариге (р.а.) былай деп жазды: «Барлық жақсылық Алланың тағдырына разы болуда жатыр. Егер разылық көрсете алсаң, ең жақсысы осы, ал егер оны жасай алмасаң, еш болмаса соған бойұсын».

Алла тағаланың шешімдеріне риза болу – Алла тағала туралы жақсы ойдың нәтижесі. Сондықтан Ибн Машиш (қ.с.) былай дейді: «Алла тағаланың шешімдерінің ешқайсысына күмәнданба, әр нәрседе Алла туралы жақсы пікірде бол. Алланың таңдауынан өз таңдауыңды ешқашан артық көрме».

Дінтанушы ғалымдар Алланың алдын ала жазған тағдырына разы болу – үлкен нығмет, яғни жамандық зиянын тигізе алмайтын жақсы амал деп атап өткен. Сондай-ақ олар жамандықтың екі түрі бар екенін айтады. Бұл екеуі болған

жағдайда көп жақсылықтың пайдасы аз ғана болады. Олар: Алланың тағдырына наразылық және Алла тағаланың құлдарына қысым көрсету. Сондай-ақ екі нығмет бар, олар болған жағдайда көп жамандықтың зияны аз ғана болады. Олар: Алланың тағдырына разы болу және Алланың құлдарына қамқорлық танытып, кешірімді болу. Ғұламалар Алланың үкіміне разы болу – амалдардың ең абзалы екенін айтады. Кейбір ғұламалар: «Сауабы мол төрт амал бар: Алла тағалаға махаббат, Алланың тағдырына разы болу, жүректі дүниеден алыстату (зуһд) және барлық нәрседе Аллаға тәуекел ету», – дейді.

Алла тағаланың тағдырына риза болған адамның жүрегінде үлкен қуаныш болады, тыныштықта өмір сүреді. Ал бәрін өзінше таңдап, жоспарлаған адам мазасыз өмір кешеді. Сахл әт-Тустури (қ.с.) былай дейді: «Жоспарлауды және істерінді таңдауды²¹ тәрк ет, өйткені бұл екі қасиет адамның өмірін қиындатады». Имам ибн Атайллах әл-Искандари (қ.с.): «Нәпсіңе тыныштық бер, жоспарлау мен басқарудан босат. Басқаның сен үшін істеп жатқанын жасама».

Алланың сүйікті құлдары бұл мәселені жан-жақты зерттеген. Олар құлдың үкімін құлына алдын ала белгілеп, таңдап қойған

²¹ Негізі істі жоспарлауға болады, бірақ бұл жоспар Алланың шешімімен және рұқсатымен байланысты болу керек. – Ред.

Жаратушының үкімі деп есептейді. Имам аш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Қиын, тар жағдайдағы адамды көргенде, оны бақытсыз бейбақ деп айтуға асықпауға біз уәде бердік. Өйткені бұлай айтуда Алла тағалаға қарсы шығу рухы жатыр. Керісінше, Алладан оған жеңілдік, кешірім және мейірім сұрауымыз керек».

АЛЛАНЫҢ ТАҒДЫРЫНА РАЗЫ БОЛЫП, ОҒАН ТОЛЫҚ БОЙСҰНУ – ҚҰЛДЫҚТЫҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ДӘРЕЖЕСІ

Алла тағаланың барлық үкіміне разы болу және Оған толық мойынсұну (тәслим) – Раббысына құлдық пен Оған құлшылық етудің (ғибадаттың) ең жоғары көрінісі. Исламның кемелдігі мынандай сипаттарда: Ұлы Жаратушыға бойұсыну және істерін Оған ғана тапсыру. Расында, бойұсыну сипатына ие болған адам, шайтанға келгендей оған Алла тағаланың лағынеті келсе де, Алланың бұл тағдырына, иманына және жалпы Ислам дініне разы болады. Сондықтан, шын ықыласпен ғибадат еткен адам әрқашан амалына емес, Алланың шешімі мен тағдырына разы болады. Демек, егер адам қандай да бір жағымсыз жағдайға тап болса және бұл оған біраз алаңдаушылық тудырса, онда ол нәпсінің құлы болғаны. Ал егер оған қандай

жағдайға (жағымды немесе жағымсыз) түскені маңызды болмаса, ол Раббысының шынайы құлы болады. Міне, бұл кез келген амалдың тамыры мен негізі. Ендеше, ей, Алланың жолына түскен адам, күдіретті әрі пәк Алла әрқашан сенің Раббың болып қалатыны сияқты, сен де үнемі Раббыңның құлы бол. Мына бір шумақта бұл қандай әдемі түсіндірілген:

*Айыптау, мадақтау...бұларды ажыратқаның,
Бұл сенің өзіңді мүшріктерге ұқсатқаның!*

Жоғарыда айтылғандардың барлығы барша тариқаттың ең үлкен ұстаздары бірауыздан мақұлдаған негіздер болып табылады.

Бірде имам әш-Шарани (қ.с.) өзінің ұстазы Әли әл-Хаууастан (қ.с.): «Мен кедейге қалай қарым-қатынас жасағаным дұрыс? Оған садақа беру арқылы жомарттық көрсетейін бе? Әлде, оған кедейлікті таңдаған Алла тағаланың алдында әдеп сақтап, сол күйінде қалдырайын ба?» – деп сұрайды. Әли әл-Хаууас (қ.с.) былай деп жауап береді: «Менің ойымша, әдеп сақтағаның дұрыс. Егер, Алла тағала бір байды кедей қылған болса, Алланың бұлай жасауында сөзсіз бір хикмет бар. Алла тағала ғаламдағы барлық нәрсені көріп, біліп, естиді. Сондықтан Алла тағаланың алдында әдептілік

танытып, Оның жаратылыстарын қандай күйде көрсен, сол күйінде қалдырғаның дұрыс. Алла тағаланың рұқсатынсыз олардың жағдайын өзгертуге тырыспа. Өйткені сен Алла тағала кедей еткісі келген адамды бай етуді сұрап, Аллаға қатысты әдептік нормаларды бұзуын мүмкін. Ақыр соңында, Алла тағала бұл құлдың еншісін саған беруі мүмкін. Сол кезде, сенің сол кедейдің жағдайын өзгертуге тырысқаның сияқты, Алла тағала сенің жақсы көретін және разы болған нәрселерінді, жақсы көрмейтін және көңілің толмайтын нәрселерге ауыстырып жіберуі мүмкін. Ал егер Алла сені кешіріп, олай жазаламаса, бұл кешірім сен үшін, тіпті, сезе алмайтын бір айлаға айналып, нәтижесінде рухани құлдырауға ұшырағандармен бірге сен де рухани күйреуге ұшырайсың».

ТЫНЫШТЫҚ – ТОЛЫҚ БОЙҰСЫНУШЫЛЫҚТА

Құлдың әдепсіздігінің ең жаман көрінісі – Алла тағаладан бір нәрсені табанды түрде сұрау. Өйткені, Жаратушы мұндай дұғаны қабыл еткен кезде, құлдың уайымы көбейіп, көптеген қиындықтарға кезігеді. Сол кезде құл Жаратқан Иесінен берілген нәрседен құтқаруын сұрайды. Бірақ егер пенде Алла тағаланың алдында ұялып, ешнәрсе сұрамаған болса еді, Раббысы құлына

күткенінен де көп нәрсені берер еді. Сондықтан Алла тағалаға жасалған дұғада қатты талап етпегеніңіз абзал. Бірақ бұл тек өзіне сұраған адамның дұғасына қатысты, ал басқа адамдар үшін бір нәрсе сұрауға келетін болсақ, бұл жағдайда ешқандай тыйым жоқ.

Кейде нығмет сынақтың ішінде, ал сынақ нығметтің ішінде жасырынуы мүмкін. Ендеше, нығметтің ішкі жағына үңілетін болсақ, оның бойында көптеген жамандықтарды табамыз. Ал бұл қиыншылықтардың ең кішісі – Алла тағаланың сол нығметке ие болған құлынан берілген нығметке қатысты міндеттерін орындауды талап етуі: яғни нығметтерге тек тілмен ғана емес, жүрегімен шүкірлік ету. Ол нығметтің Алладан келгенін ойлап, оны тек Жаратушы бекіткен игі мақсаттар үшін ғана пайдалану. Ал, егер біз басымызға келген бақытсыздықтардың шынайы мәніне тереңірек үңілсек, онда үлкен нығметтердің жасырынғанын аңғарамыз. Өйткені келген қиындықтар тәкаппарлықтан арылуымызға көмектесе отырып, бойымызда өкініш, кішіпейілдік, бойұсыну сезімдерін тудырады.

Алла тағала бізге ғибадаттарды, оның барлық түрлерін орындауды, сондай-ақ, Алла тағалаға толық бет бұру үшін ғана білім алуды бұйырды. Осылайша пайғамбарлар мен мүршид

кәмiлдердiң нәпсiлерi Алланың әмiрлерiн орындау арқылы ең жоғарғы кiшiпейiлдiлiк пен мойынсұнушылыққа қол жеткiздi. Сондықтан да мұндай дәрежедегi адамдардың нәпсiлерi ешқашан жамандықпен, кемшiлiкпен сыналмайды.

Ендi мынаны ойланыңыз. Алланың құлы нәпсiсiн тазартпай ғибадат етсе, ол өз амалдарына сүйсiне бастайды. Сол кезде Алла тағала рақымын түсiрiп, мысалы, зина күнәсiн жасату арқылы ондай құлын сынауы мүмкiн. Сөйтiп, Алла тағала бұл құлды көршiлерi мен таныстарының алдында ұятқа қалдырып, оған жазалау үшiн басшының алдына алып баратын адамды жiбередi. Сөйтiп құлдың есiмi күнәһарлар қатарына қосылғанда, ол бiр тамшы арам нәжiстен де өзiн жексұрын, төмен сезiне бастайды.

Бiр күнi имам әш-Шарани (қ.с.) түсiнде: «Уа, Абдулуаһаб, күллi илаһи жазбаларда айтылған барлық нәрсенiң өлшемі болған сөздердi тыңда!» – деген дауысты естидi. Бұған имам (қ.с.): «Мойынсұнып тыңдаймын», – деп жауап бередi. Бұдан кейiн мынадай дауыс естiледi: «Құл жүрегiн кез-келген нәрсенi таңдаумен айландырмау керек. Тiптi алдағы тыныс алуды да таңдамағаны дұрыс. Алайда, ол Алланың сол адам арқылы жаратқан амалына лайықты iс

жасауы керек. Егер бұл амал құлшылық болса, онда бұл үшін Аллаға мақтау айтып, кез келген қателік пен ғапылдық үшін кешірім сұрау керек. Ал егер бұл амал мойынсұнбаушылық болса, Алланың әмірін бұзғаны үшін кешірім сұрап, маңдайына жазған тағдыры үшін Алланы мақтау керек. Бұған қоса, әрбір ғапылдық пен қателік жақсы амалдармен ауыстырылуы керек. Осылайша, сенің қолыңмен Алла жаратқан әр нәрседе Аллаға деген әдепті сақтау жолын саған үйреттік».

Біздің әрбір әрекетіміз бізге дәрі екені енді белгілі болды. Неге десеніз, құлдың шынайы қалпы мынандай: ол дененің көрінетін және көрінбейтін бөліктерінің қақпасында тұрып, белгілі бір әрекеттерді өзінен өткізіп тұрған қақпашы сияқты. Нағыз құл ғана қандай жағдайға тап болса да әрбір әрекетіне лайықтысын береді, өзінің құл екенін үнемі есте ұстайды.

Кемелдікке жеткен адам заттардың байланысына ақиқат "көзімен" қарайды. Ал бір көзімен ғана көретіндер – факихтар (шариғаттың сыртқы ғылымын меңгергендер) мен мүридтер – бір көзі соқыр адам сияқты. Өзін бір нәрсенің жасаушысымын деп есептеген әрбір адам Алла тағалаға серік қосқаны. Өйткені, адам қандай да бір нәрсені жасай алатын болса, оны үлкен кемшіліктермен қоса жасайтын еді. Расында,

Алла тағала бізден ешбір амалды жаратуды талап етпейді, тек «Мен жаратқан нәрсе бойынша амал етіндер, басқасын емес» дейді. Осыған сүйене отырып, жасалған күнә үшін өкінудің дәрежесі құл мен жасаған амалының арасындағы байланыстың күштілігіне байланысты. Демек, құл ешбір жағдайда өз күнәсін кішкентай, түкке тұрғысыз санамауы керек. Күнәларыңды ауыр күнәға жатқызу аса қажет, өйткені бұл жүректің дайындығын нығайтып, оны "ықылас" сатысымен өрлетеді. Бұл деңгейге жеткен құл өз күнәсін Алла тағаланың кешірімімен салыстырғанда түкке тұрғысыз көреді. Өйткені ол сол кезде шынайы Жаратушының тек Алла тағала екенін және басқа ешкім емес екенін түсінеді. Ей, мұсылмандар, қарапайым мұминді жүректің "ықылас" деңгейіне жетуге қатысты нәрсеге шақырудан сақ болыңдар. Оны күнәлары үшін өкінбеуге, қайғырмауға үйретпендер, өйткені бұл оны апатқа ұшыратады.

Біліп қойыңыз, кім Алланы танитын болса, өзін ешбір әрекеттің жаратылуына қатысы жоқ деп санайды. Керісінше, ол өзін Раббысы оның амалдарын көрсететін дене ретінде ғана көреді. Өйткені кісінің қасиеті болып табылатын амалдар тек дене арқылы көрініс табады. Ал дене мүшелері адамдар кіріп-шығатын есіктер сияқты, амалдарға арналған қақпа ретінде

қызмет көрсетеді, басқа ештеңе емес. Өйткені, бұл қақпалардан шыққан адамдар олардан туындамайды және оларға тікелей қатысы жоқ.

Ендеше, құлдың болмысының өзі Алланың жаратуы болса, құл Ұлы Жаратушының көмегінсіз қалайша бір амалды істеп, сол амалын Алланың қабыл етуін күтуі дұрыс болмақ?! Нәпсінің өзі барлық амалдарымен бірге Алла тағалаға ғана тән және Оның құдіретін бір сәт те тысқары шыға алмайды! Міне, осыны түсінген адам өзі арқылы көрініс тапқан игі істердің көптігіне қуанбайды, азайғанына қайғырмайды²².

Шейх әш-Шазали: «Мен түсімде рухани ұстазымның алдында бір адаммен отырғанымды көрдім. Ұстазым маған былай деді: «Мына төрт өсиетті есте сақта: біреуі осы адамға, ал үшеуі жеке өзіңе қатысты:

1. Өзіңе ешқандай істі тандап алма, керісінше, таңдаудың жоқтығын таңда. Кез келген таңдаудан аулақ бол, тіпті, осы аулақ болудың өзінен аулақ бол. Әр нәрседі Алла тағалаға қарай бой түзе²³. Өйткені ол: «Раббың қалағанның бәрін жаратады және олар үшін жақсысын таңдайды», – деді.

Шариғат таңдаған нәрсенің бәрі өз тәртібімен

²² Өйткені ол оларды жаратпаған. – Ред.

²³ Яғни, өзің үшін ешнәрсені таңдама, Алланың таңдауымен жүр.

бірге Алланың таңдауы, оған сенің еш қатысың жоқ. Бұған қоса, шарифатсыз – Жаратушының таңдауынсыз ешқайда бара алмайсың. Тыңда және мойынсұн! Ал егер адамдар сенімен дауласып, қарсы келсе, оларға: «Алла не істегендеріңнің бәрін біледі», – де.

2. Дүниелік ләззаттардан аулақ бол және әр нәрседе Аллаға тәуекел ет. Өйткені Аллаға тәуекел ету – кез-келген жағдай мен кез-келген ахаулдың негізі. Алланы куә қыл. Сөзде де, істе де, ахлакта да, рухани күйде де Оған тәуекел ет.

3. Күмәнданудан, Аллаға серік қосудан, басқалардың қолындағыға қызыға қараудан, сондай-ақ кез келген нәрседе Алла тағалаға қарсылық білдіруден сақтан. Алла тағалаға шынайы ықыласпен (ихсан) құлшылық етіндер».

Ұстаз әрі қарай былай деп сөзін жалғады: «Бұл бейшараның²⁴ жанын жаралап, құртқан екі қасиет: ол дүние істерін өз қалауымен қолға алып, тек өзіне ғана сүйеніп, ақырет істеріне, Алла тағаланың беретін нығметтеріне күмәнмен қарайтын. Істерінді ретке келтірудің алдында Алла тағалаға бет бұр және Одан жеңілдік нығметін ал. Кез-келген амал жасалғаннан кейін Алладан қорқып, Оған тәубе еткен кезде күнә болып есептелмейтінін ұмытпа. Ризық-несібенді

²⁴ Яғни, әш-Шазалидің түсіндегі үшінші адам.

Алланың жіберген жерінен алып, білімдеріңді пайдаланып, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетінен берік ұстан. (Кемелдіктің) баспалдағымен өз бетіңмен көтерілуге тырыспа, сүрініп кетесің».

КІМ АЛЛАДАН РАЗЫ БОЛСА, АЛЛА ОДАН РАЗЫ

Алла тағала, Өзінің разылығының бір белгісі – құлдың Раббысынан разы болуы екенін айтады. Сондай-ақ Алла тағала: «Алла оларға разы, олар да Оған разы» («Бәйина» сүресі, 8-аят) – дейді.

Бір шәкірт ұстазына: «Мен жүрегімнің Алла тағалаға разы болғанын көрсем, Алланың да маған разы екенін білемін», – дейді. Сонда ұстазы оған: «Әрекетің неткен көркем еді, балам!» – дейді.

Алла тағала Мұса (ғ.с.) пайғамбарға мынадай уахи түсірді: «Уа, Имранның ұлы, расында, Менің разылығым сенің Менің бекіткен тағдырыма разылығыңда жатыр».

3-БӨЛІМ. ҰЯТ

ҰЯТТЫҢ МӘНІ

Ұят (хая) сөзінің лексикалық мағынасы бір әрекеттің бұрыстығын сезінуден жанның ұялуы, қысылуы. Ал сопылық терминологияда ұялу – бұл, жүректің қысылуы. Сопы имам Жунайд әл-Бағдади (қ.с.) ұятқа мынадай анықтама берген: «Ұят – барлық нығметтің Алла тағаладан келгенін естен шығармау, сондай-ақ ғибадаттағы селқостығын мойындау. Осылардың арқасында Алладан ұялу сезімі туындайды. Бұған қоса, Алла тағаланың алдында барлық міндеттерді орындаймын деп айтудан бас тарту да ұялу сезімі болып табылады».

Ұялшақтықтың бірнеше түрі бар:

1. Мойынсұнбау салдарынан ұялу. Адам (ғ.с.) пайғамбар тыйым салынған жемісті жегеннен соң жәннатта ары-бері жүгіре бастады. Сонда Алла тағала одан: «Менен құтылу үшін осылай істеп жатырсың ба?» – деп сұрады. Адам (ғ.с.): «Жоқ, сенің алдында ұялғандықтан, уа, Алла», – деп жауап берді.

2. Ұқыпсыздық пен әрекетсіздіктен ұялу. Періштелер: «Саған лайықты түрде құлшылық жасай алмадық», – деп Аллаға бет бұрды.

3. Өркөкіректенуден ұялу. Алла тағаладан ұялып қанатының астына тығылған Исафил періштедей.

4. Тектіліктен туындайтын ұят. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зейнеп анамызға үйленіп, той жасап, дастархан жаяды. Сонда сахабалар түннің бір уағына дейін отырады, Пайғамбар олардан қайтуды сұрауға ұялады. Сол кезде мынадай аят түседі: «Әй мүміндер! Пайғамбардың үйлеріне сендерге рұқсат берілмейінше кірмендер, тамақтың пісуін күтпендер. Бірақ қашан шақырылсаңдар, кіріңдер де, тамақ жеп болған соң, дереу тарқандар, сөзге айналмаңдар. Расында бұларың Пайғамбарды қынжылтады әрі ол сендерден ұялады. Бірақ Алла тағала шындықтан ұялмайды...» («Ахзаб» сүресі, 53-аят).

Бұл аят Пайғамбарға (с.ғ.с.) сыпайылық пен құрмет көрсету қажеттігін көрсетеді. Өйткені Алла Елшісіне (с.ғ.с.) бару ерекше әдеп пен дұрыс уақытты таңдауды талап етеді. Бұл аятта тамақтан ауыз тию шақырудан кейін ғана рұқсат етілетіні айтылған. Яғни, Пайғамбардың (с.ғ.с.) үйіне кіруге рұқсат етіліп, асқа шақырылғанда, Алла Елшісіне (с.ғ.с.) қатысты шариғаттың қажетті талаптары мен әдептерін сақтай отырып, оның (с.ғ.с.) үйіне әдептілікпен кіріңдер.

«Әт-Тәуилә ән-нәжмия» кітабында былай деп айтылған: «Өзіңе қатысты нәрсенің барлығын орындаған соң немқұрайлылық танытпай шығып кет. Пайғамбардың (с.ғ.с.) көркем мінезі саған Пайғамбарға (с.ғ.с.) сыпайылық көрсетуге кедергі жасамасын және оның қатты ұялшақтығы сені Алла Елшісіне (с.ғ.с.) ауыртпалық салуға итермелемесін. Бұл жерде Пайғамбардың (с.ғ.с.) жақсы мінез-құлқы оны зиярат етуге келгендерді Оған (с.ғ.с.) әдепсіздік көрсетуге итермелесе керек. Сол үшін Алла тағала осы аятты түсірді».

Құрметі жоғары адамдарға қонаққа барған ақылды адамның міндеті – ілтипат танытып, тезірек кету, ал ақымақтықтың белгісі – қажетінен артық қалып, мезгілсіз, орынсыз келу деп айтылады.

Тектіліктен туындайтын ұят туралы Алла тағала былай дейді: «Оған екудің бірі ұялшақ адымдармен жақындады» («Қасас» сүресі, 25-аят). Бұл аятта Шуайб (ғ.с.) пайғамбардың екі қызының бірінің Мұса пайғамбарға (ғ.с.) қатысты ұялшақтығы туралы айтылады. Себебі ол Мұса (ғ.с.) пайғамбарды қонаққа шақырып, ол оның шақыруына жауап бермейді ме, деп ұялады. Ұялу – қонақты қабылдайтын адам үшін міндетті қасиет. Мұндай ұят та тектіліктен туындайтын ұятты білдіреді.

5. Әдепттен туындайтын ұят. Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) Пайғамбардың (с.ғ.с.) қызы Фатиманың күйеуі болғандықтан, құмарлықпен шәуеттің бөлінуіне қатысты сұрақтың шариғат тұрғысынан жауабын Алла Елшісінен (с.ғ.с.) сұраудан ұялғандықтан, Микдад ибн әл-Асуад (р.а.) арқылы сұратады.

6. Күшсіздіктен ұят. Бірде Мұса пайғамбар (ғ.с.) Алла тағалаға: «Расында, дүниелік мұқтаждық туындағанда, Сенен бір нәрсені сұрауға ұяламын, уа, Раббым!» – дейді. Сонда Алла тағала: «Менен қамырға тұз, тіпті қойға жемді де сұрандар», – дейді.

7. Мейірім арқылы көрініс табатын Ұлы Жаратушының ұяты.

Құл сырат көпірінен өткенде оған мөр басылған хат беріледі. Онда былай деп жазылады: «Сен істейтініңді істедің, бірақ Мен сенің істеріңді әшкерелеп, сені масқаралауға ұяламын. Ендеше жәннатыма кір, расында Мен сені кешірдім!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұяттың мәнін былай түсіндіреді: «Уа, Адамдар! Алладан шынайы ұялыңдар!». Олар: «Біз Алладан ұяламыз, уа, Алланың расулы (с.ғ.с.)! Аллаға мақтау болсын!» – дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл нағыз ұялу емес. Алла тағаладан шынайы ұялған

адам басын және басындағы барлық мүшелерін: көзін, құлағын, тілін және т.б., сондай-ақ құрсағын және құрсағына қатысты нәрселерді: жүрегін, аяғын, қолын, ұятты жерін және т.б. күнәдан сақтайды. Шын ұялған адам денесінің бұзылатынын, сөйтіп жоқ болатынын жиі еске алады Кімде-кім мына өмірден мәңгілік өмірді артық көрсе, Алладан шын ұялған адам сол».

Бір данышпан: «Ұялшақ адамдардың қасында болып, ұяттарыңды жаңалай түсіндер» – деген екен.

ҰЯТ – ИМАННАН

Мүрид үшін қажетті негізгі шарттардың бірі – Алла алдындағы парыздарды орындаудағы кемшіліктер салдарынан жүректің үнемі ұялып тұруы. Фудайл ибн Ияд (қ.с.) былай дейді: «Адамды бақытсыздыққа ұшырататын бес нәрсе бар: жүректің каталдығы, көзінің құрғауы (Алла тағаладан қорықпағандықтан көзінен жас шықпауы), ұяттың аздығы, дүниеге құмарту және таусылмайтын армандар». Сондай-ақ, данышпандар: "Адамнан қорқыныш пен ұят кеткенде оның бойында жақсылық қалмайды" – дейді.

Құлдың Алла тағала алдындағы ұят дәрежесі оның иманына, дүние тіршілігінен алшақ

болуына байланысты. Данышпандар былай дейді: «Ұят пен жұбаныш (унс²⁵) адамның жүрегін қағады. Егер олар ол жерде дүниеден бет бұру (зуһд) мен тақуалықты (уара²⁶) тапса, онда ол екеуі сол жерге орналасады. Ал таба алмаса, жүректі толығымен тастап кетеді».

Алла тағала былай дейді: «Ол оны қалаған еді, егер Раббысынан бір белгі көрмеген болса, ол да оны қалар еді» («Юсуф» сүресі, 24-аят). Бұл белгі туралы былай делінген: Зылиха бөлменің бұрышында тұрған пұтқа бір киім лақтырып жіберді. Мұны көрген Юсуф (ғ.с.) одан: «Не істеп жатырсың?» – деп сұрады. Ол: «Мен оның алдында күнә істеуге ұяламын», – деп жауап берді. Сонда Юсуф (ғ.с.): «Сенің мына пұттан ұялуыңнан көрі, маған Алла тағаладан ұялғаным жақсырақ», – деді.

ҰЯТҚА ҚАТЫСТЫ ФИБРАТТАР

Бұрынғы өткен ізгі адамдардың өмірлерінен олардың Алла тағала алдындағы ұятынан көптеген тамаша үлгі-өнеге алуға болады. Тақуалардың кейбірі Алла тағаланың алдында

²⁵ Алла тағаланы еске алудағы махаббат пен жұбаныш сезімі. – Ред.

²⁶ Шариғатты ұстануда, тіпті ұсақ-түйек нәрселеріне дейін ұқыптылық көрсету. Күмәнді нәрселерге түсіп қалудан қорқып, рұқсат етілген нәрселердің өзінен аулақ болу. – Ред.

ұят деп есептеп, Алла тағалаға мойынсұнбаған кезде мешітке, Алланың үйіне кіре алмаған. Бір күні жұрт мешіттің сыртында намаз оқып жатқан адамды көреді. Олар одан: «Неге намаз оқу үшін мешітке кірмейсің?» – деп сұрағанда, ол: «Алланың үйіне кіруге ұяламын, өйткені мен Оған мойынсұнбадым», – деп жауап береді.

Сондай тақуа жандардың ішінде Алла тағаладан өзге біреуден қорқудан ұялатындар да болды. Солардың бірі былай дейді: «Бір күні түнде қалың орманды аралап келе жатып, өзі ұйықтап, қасында аты жайылып жүрген адамға тап болдық. Біз оны оятып: «Мұндай қауіпті жерде ұйықтаудан қорықпайсың ба? Мұнда жыртқыштар көп!» – дедік. Әлгі кісі басын көтеріп: «Алладан өзгеден қорқудан ұяламын», – деп жауап берді де, теріс бұрылып, қайта ұйықтап қалды.

Әбу Бәкір әл-Уаррақ (қ.с.): «Кейде екі рәкат намаз оқып болған соң, бір нәрсе ұрлағандай ұялып, намаз оқитын жерден шығып кетемін», – дейді.

АЛЛАНЫҢ ҚҰЛЫ ҮШІН ҰЯЛУЫ

Алла тағала құлдарынан ұялады. Тәуратта былай деп жазылған: «Күнә істеуден ұялыңдар, өйткені Мен сендерді жазалаудан ұяламын».

Сондай-ақ илаһи кітаптардың бірінде: «Құлым Маған әділетсіздік жасады: ол Менен сұраса, Мен бермеуден ұяламын. Ал ол Маған бағынбаса, Менен, тіпті, ұялмайды да» делінген. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Алла тағала ең ұялшақ және ең жомарт. Егер Оның құлы бір нәрсе сұрап алақанын жайса, Алла тағала оның дұғасын қабыл алмаудан ұялады» – деп айтылған.

4-БӨЛІМ. КӨРКЕМ МІНЕЗ

КӨРКЕМ МІНЕЗДІҢ АБЗАЛДЫҒЫ

Жақсы мінез – адамның ең құнды қасиеті, соның арқасында нағыз батыл адамдардың болмысы ашылады. Алла тағала Пайғамбарға (с.ғ.с.) көптеген ізгі қасиеттер сыйлаған, соның ішінде Алла Елшісінің (с.ғ.с.) жақсы мінез-құлқын көбірек мадақтаған. Алла тағала былай дейді: «Расында, сен, уа, Пайғамбар, ең ұлық мінез иесісің» («Кәлам» сүресі, 4-аят). Ғалымдар: «Ұлық мінез – ешкіммен жауласпайтын, ешкімге дұшпандық ойламайтын мінез. Бұл Алла тағаланы танудың жоғары деңгейінің көрсеткіші» – дейді. Енді бір ғалымдар: «Ұлық мінез – адамдардың саған көрсеткен дөрекі мінез-құлқының барлығын Алланың бұйырғы деп

білу» – дейді. Ғалымдардың енді бір тобы: «Ұлық мінез – тек Алла тағалаға ғана қараған назар» – дейді. Сондай-ақ, дін ғалымдары жоғарыда аталған Құран аятына кеңінен тоқталып: «Уа, Пайғамбар (с.ғ.с.) сен ұлық мінез иесісің. Мұндай қасиетке ешбір жаратылыс жете алмайды. Сен халықтың зұлымдығына шыдамдысың, мұны ешкім жасай алмайды» – дейді. Ғұламалардың бірі бұл аятты былай түсіндіреді: «Сен Алланың ахлақымен безендірілгендіктен, адамдардың жала жабуы саған әсер ете алмайды және олардың жамандығынан азап көрмейсің. Өйткені сен өз күшіңмен емес, Алланың құдіретімен сабыр етесің. Алла тағала айтқандай: «Сабыр етіндер, сабырларың тек Алланың жәрдемімен болады» («Нахл» сүресі, 127-аят). Алладан асқан сабырлы ешкім жоқ. Сондай-ақ, аяттағы «ұлық мінез иесі» деген сөздер Алла Елшісінің (с.ғ.с.) артықшылығын көрсетіп, Пайғамбардың (с.ғ.с.) тек мақтауға лайық қасиеттерін және тек Алланың разылығына сай амалдары бар екенін білдіреді. Мұның бәрі тек Алла Елшісіне (с.ғ.с.) тән. Сондықтан Алла тағала былай дейді: «Уа, Пайғамбар, оларға айт: «Мен Құран әкелгенім үшін ақы талап етпеймін және өзімде болмаған мінезді көрсетуге тырыспаймын» («Сад» сүресі, 86-аят). Былайша айтқанда, мен жақсы мінезді боламын деп көзбояушылық жасамаймын. Өйткені бұл ұзаққа бармайды, ондай мінез ерте

ме, кеш пе бұрынғы қалпына қайтып келеді».

Сондай-ақ дін ғалымдары адамның мінез-құлқы оның кіммен дос болғанына және қандай да бір қарым-қатынасты сақтауға байланысты өзгеретінін айтады. Хадисте айтылғандай: «Адам өз досының дінінде. Сондықтан әркім өзінің кіммен дос екеніне мұқият қарасын». Тағы бір хадисте: «Адасушылыққа түсіп, дінде бидғат жасаушыларға ермеңдер. Расында, ол қышыма сияқты жұқпалы».

Пайғамбардың (с.ғ.с.) мінез-құлқын Алла тағала Құранда атап өткен және «ұлық» сөзімен сипаттаған. Алла тағала Құранды да солай атаған. Пайғамбардың (с.ғ.с.) мінезі өзінен бұрынғы барлық пайғамбарларға тән асыл қасиеттерді қамтиды: Нұхтың (ғ.с.) мейірбандылығы, Ибраһимның (ғ.с.) Раббысымен достығы, Мұса пайғамбардың (ғ.с.) шынайылығы, Исмаил (ғ.с.) пайғамбардың уәдеге беркітігі, Аюб (ғ.с.) пен Якуб (ғ.с.) пайғамбарлардың сабырлығы, Дәуіт (ғ.с.) пайғамбардың адамдарды ақтау қабілеті, Сүлеймен (ғ.с.) және Иса (ғ.с.) пайғамбарлардың қарапайымдылығы, сондай-ақ басқа барлық пайғамбарлардың қасиеттері. Алла тағала бұл туралы: «Уа, Мұхаммед! Алдыңғы пайғамбарлардың тура жолын ұстан!» – дейді. Бұл жердегі "тура жол" Алланы тану дегенді білдірмейді, өйткені тану өзгеге еруге

негізделген. Ал бұл Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жараспайды. Сондай-ақ, шариғат туралы да айтылып тұрған жоқ, өйткені Алла Елшісінің (с.ғ.с.) шариғаты алдыңғы пайғамбарлардың шариғатын жойды. Бұл жердегі «тура жолдың» мағынасы – алдыңғы пайғамбарлардың көркем мінездерін ұстану. Раббымыз Пайғамбарға (с.ғ.с.) тура жолмен жүруді бұйыру арқылы алдыңғы пайғамбарлардың барлық жақсы қасиеттерін бойына жинақтауды бұйырды. Бұрынғы пайғамбарлар мен елшілердің ешқайсысы мұндай жоғары дәрежеге жетпеген. Сондықтан Алла тағала ұлық мінез иесі ретінде Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) ерекше атаған. Алланы танығандардың бірі былай дейді:

*«Пайғамбардың бәрінде бар қасиет,
Соның бәрін жинаған жан – Мұхаммед (с.ғ.с.)».*

Жоғарыда айтылғандардың барлығы Айша анамыздың Пайғамбар (с.ғ.с.) мінезі туралы сұраққа берген жауабындай: «Оның мінезі – Құран» деген сөзбен түйінделеді. Яғни, Пайғамбардың (с.ғ.с.) Құранда айтылған барлық жақсы мінез бен мақтауға тұрарлық қасиеттерге ие екенін, сондай-ақ қасиетті жазбаларда тыйым салынған істерден, жаман қасиеттерден ада болғанын меңзеген. Тағы бір хадисте Айша анамыз былай деп жауап бергені айтылады: «Сен Құранның мына аяттарын оқымайсың ба?

«Шынында иман келтіргендер құтылды. Олар намаздарын аса ыждаһатпен оқиды. Олар бос нәрселерден аулақ болады. Олар, зекеттерін береді. Олар, ұятты жерлерін қорғайды. Бірақ жұбайлары немесе меншіктілері болса, оларға сөгіс жоқ. Кім бұлардан басқаны іздесе, міне солар, шектен шығушылар. Олар, аманаттарына берік, уәделерін орындаушы. Олар, намаздарына ұқыпты. Міне солар, мәңгі қалатын Фирдаус²⁷ жәннатына мұрагер болады» («Мүминун» сүресі, 1-11 аяттар). Бұл Пайғамбардың (с.ғ.с.) мінезі». Сондай-ақ бұл аяттарда Пайғамбардың (с.ғ.с.) көркем мінезі туралы өнегелер бар: жүрек қасиеттерінің негізі – иман, дене қасиеттерінің тірегі – намаз, мал-мүлік қасиеттерінің негізі – зекет, бөгде әйелдерге қатысты кіршіксіздік, аманатқа адалдық және уәдеге беріктік. Бұл аяттарда Алла тағала «парыз намаздарды ұқыппен орындаушыларды» екі рет қайталап, намаздың маңыздылығына ерекше назар аудартады.

Жунайд әл-Бағдади: «Пайғамбар (с.ғ.с.) ұлық мінез иесі еді. Ол өз үмметіне екі дүниенің жақсылығын тіледі, бірақ оны өзіне алуға ұмтылмады», – дейді.

Хусейн ән-Нури (қ.с.) былай дейді: «Алла

²⁷ Куртуби бұл жәннаттың ең жоғарғы деңгейі деп жазады. – Ред.

оның рухын (ішкі дүниесін) Өз қасиеттерінің нұрымен толтырған кезде Пайғамбардың (с.ғ.с.) мінезі қалайша ұлық болмайды?!»²⁸

Шейх Акбардың²⁹ «Тәлқих әл-Азхан» кітабында былай делінген: «Пайғамбарға (с.ғ.с.) қысқа, мағынасы терең әрі хикметті сөздермен сөйлеу қабілеті берілген. Ол адамдарды кемелдікке жеткізу және көркем мінезді үйрету үшін жіберілген. Сондықтан Алла тағала: «Расында, ұлық мінез иесісің», – дейді. Бұл Алла Елшісінің (с.ғ.с.) жолының ең дұрыс жол екенін көрсетеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Расында Алла тағалада үш жүз алпыс қасиет бар. Кімде-кім осы қасиеттердің тым болмағанда біреуіне ие болып, Алланың бірлігін мойындаса, жәннатқа кіреді». Сонда Әбу Бәкір (р.а.): «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) менде осы қасиеттердің тым болмаса біреуі бар ма?» – деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олардың бәрі сенде бар, уа, Әбу Бәкір. Аллаға ол қасиеттердің ең сүйіктісі – жомарттық», – деді.

Алла тағалаға адамның ең жақсы қасиеттері – Жаратушыға толық бойұсыну (тәслим) және Раббысына риза болу, ал адамдар арасындағы қарым-қатынаста жұмсақтық пен жомарттық.

²⁸ Пайғамбардың рухы Алланың қасиеттерінен мінезді көркейтетін нұр қабылдады. Бұл туралы хадисте де: «Алланың ахлағын қабылдаңдар» деп айтылады.

²⁹ Бұл шейх Мухиддин Арабидің лақап аты (қ.с.). – Ред.

«Алланың бірлігі» сөздерінің мынадай мағынасы бар: имансыз адамда да жақсы мінез болатыны сияқты, жақсы мінез-құлықсыз да иманды адам болады. Олай болса, жақсы мінез иманмен толықтанса, мұминге ешнәрсе істеуге де, қалдыруға да бұйырылмас еді.

КӨРКЕМ МІНЕЗ – ДІННІҢ НЕГІЗІ

Діннің негізі – көркем мінез. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілген. Бұл жайында Алла Елшісі (с.а.у.): «Расында, мен көркем мінезді жетілдіру үшін жіберілдім», – дейді.

Көркем мінездің мәні – адамның үй-ішіне, қызметкерлерге және барша мұсылмандарға жайдары, жұмсақ болуы. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Жәннәт тұрғындары – жұмсақ, жайдары және басқаларға жақын адамдар, ал тозақтықтар – тымырсық әрі қатыгез», – дейді. Сонда сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі! Қатыгез адамды қалай тануға болады?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұлар отбастарына, достарына және туыстарына қатал адамдар», – деп жауап берді. Ұлы Раббымыз: «Адамдарға жақсы сөз сөйлендер» («Бақара» сүресі, 83-аят) – дейді. Сондай-ақ Алла тағала былай дейді: «Уа, Пайғамбар, құлдарыма айт, айтатын сөздерін ең көркем түрде жеткізсін» («Исра» сүресі, 53-аят).

Жақсы сөз – жарым ырыс. Өзгелермен қарым-қатынаста жаныңызды жадырататын қасиеттерді көрсетіңіз: жылы сөз, жағымды істер. Сондай-ақ жаман, ұятты сөздерден, жаман істерден аулақ болуға тырысыңыз. Өйткені, Алла тағаланың өзге құлдарына қатысты белгілі бір әрекеттерді жасағанда, ондай әрекеттерді Алла тағала саған да жарата алатынын ұмытпау керек. Біліп қойыңыз, мұндай жаза – ең дұрысы. Яғни, кімде-кім Алланың құлдарына жәннат болса, мейірімін төгіп, адамдар саялайтын салқын көлеңке бола алса, Алла тағаладан да лайықты сауап алады. Өйткені, қожайынына құрмет белгісі ретінде құлды құрметтеген адам шын мәнінде қожайынның өзін биіктеткені. Сондықтан құдси хадисте Раббымыз қиямет күні құлына: «Мен аш болдым, бірақ сен мені тамақтандырмадың. Мен сенен шөлімді қандыруды сұрадым, бірақ сен Маған су бермедің. Мен ауырдым, ал сен Маған келмедің». Бұған құл былай жауап береді: «Сен бүкіл әлемдердің Раббысы бола тұра, қалай аш боласың?! Бүкіл әлемдердің Раббысы бола тұра қалай ауырасың?! Сен бүкіл әлемдердің Раббысы бола тұра, қалай шөлдейсің?!» Алла тәбарка уә тағала: «Менің пәленше құлым ауырып жатқан еді. Егер оның халін сұрап барғаныңда, Мені оның жанынан табар едің. Менің пәленше құлым аш еді. Егер сен оны тамақтандырғанда, Менен оған не берілгенін білер едің. Менің пәленше

құлым сенен шөлін басуды сұрады. Егер сен оған су бергенде, мұны Менен табар едің». Яғни, Алла тағала Өзінің: «Мен аш болдым, ауырдым, шөлімді қандыруыңды сұрадым» деген сөздерін мына сөздермен түсіндірді: «Менің мынадай құлым аш болды, мынадай құлым ауырды, мынадай құлым сенен шөлін қандыруын өтінді».

Жақсы мінез иесіне екі дүниеде де абырой әкеледі. Бұл туралы Әбу Тәліп туралы айтылған хадисте баяндалады. Бір күні Аббас (р.а.): «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.), Әбу Тәліп сені қорғап, көмектесті, бұл оған о дүниеде пайдасын тигізе ме?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, егер мен болмасам, ол тозақтың ең төменгі қабатына түсер еді», – деп жауап береді.

Сондай-ақ, Әбу Ләһаб түсінде бас бармағынан шыққан суды сорып ішіп жатқанын көргенін және бұл әр дүйсенбі күні түнде орын алғаны айтылады. Бұл болса, Әбу Ләһабтың Алла Елшісі (с.ғ.с.) дүниеге келгені туралы сүйінші хабар алған күні қуанғанынан құлын азат етуімен байланысты.

Алланың сүйікті құлдарының бірі: «Алла Елшісінің (с.ғ.с.) үмметінен кімде-кім Оны (с.ғ.с.) көремесе және Оны көруді шын ниетімен қаласа, Құранға қарасын. Өйткені Құранға қарау мен сүйікті Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қараудың айырмашылығы жоқ. Құран Абдулмутталиб

ұлы Абдулланың ұлы Мұхаммед (с.ғ.с.) атты адамның жайылған бейнесі іспетті».

Тағы бір салих адам: «Кімде-кім Алла Елшісінің (с.ғ.с.) дидарын тамашалағысы келсе, оның сүннетіне, әсіресе ұмытылған сүннеттерін ұстансын. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетінің қайта жаңғыруы Пайғамбардың (с.ғ.с.) қайта тірілуіне ұқсас. Ал Алла Елшісінің (с.ғ.с.) сүннетін қайта тірілткен адам бүкіл адамзатты тірілткендей болады. Өйткені Пайғамбар (с.ғ.с.) барлық жақсылықты кемелдікпен бойына сіңірген».

Сондай-ақ, тақуалы жандардың бірі былай дейді: «Мұхаммед (с.ғ.с.) бүкіл адамзатқа пайғамбар ретінде жіберілгеннен кейін, адамдар үшін жаман мінез-құлыққа қатысты түсініксіз ештеңе қалмады, өйткені Пайғамбар (с.ғ.с.) олардың шығу жолдарын егжей-тегжейлі түсіндіріп кетті». Демек, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға жақсылық пен жамандықтың не екенін анықтап түсіндіріп бергендіктен, адам баласының жамандық жасауына ешбір себеп қалмайды.

Дін ғалымдары Алла тағаланың Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жердегі барлық нығметтердің кілтін ұсынғанын, бірақ Алла Елшісінің (с.ғ.с.) оларды қабылдамағанын атап өтеді. Алла тағала Пайғамбарымызды

(с.ғ.с.) Мираж түні көкке көтеріп, оған барлық періштелерді, жәннатты көрсетті. Бірақ Алла Елшісі (с.ғ.с.) мұның бәріне мән бермеді. Алла тағала былай деді: «Пайғамбардың назары рұқсат етілген нәрседен еш жаққа таймады және шектен аспады» («Нәжм» сүресі, 17-аят). Ол оң-солына қарамады, сондықтан Алла тағала: «Расында, сен ұлық мінез иесісің», – деді. Бұл Алла Елшісін (с.ғ.с.) ақ жолдан тайдыруға қиыншылық та, молшылық та мәжбүрлей алмайды деген сөз.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қаншама қиындық пен азапқа шыдап, сабырлық танытқаны белгілі. Оның мүбәрак басы жараланып, тісі сынды. Соған қарамастан: «Уа, Раббым, үмметімді кеше көр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді» – деп жалбарынды. Қиямет күні әр пайғамбар өз қамын ойлап тірілсе, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Үмметім, үмметім!» – деп тіріледі.

КӨРКЕМ МІНЕЗ ТУРАЛЫ АЙТЫЛҒАН СӨЗДЕР

Көркем мінезге қатысты айтылған көптеген алтынға бергісіз сөздер бар. Жақсылыққа баулып, ғапыл жүректерді ояту мақсатында солардың кейбіреулерін ұсынып отырмыз:

1. Алла Елшісінен (с.ғ.с.): «Иман жағынан ең абзал кім?» – деп сұралды. Ол: «Мінезі ең жақсы адам», – деп жауап берді. Олар: «Бақытсыздық деген не?» – деп сұрағанда, ол: «Жаман мінез-құлық» – деп жауап берді.

2. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер Алланың құлдарына мал-мүліктеріңнен садақа бере алмасаңдар, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болып, жылы шырай танытыңдар», – дейді.

3. Бірде Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Уа, Алланың Елшісі! Мүшріктерге қарсы Алла тағалаға дұға ет!» – деп сұралды. Сонда ол: «Расында мен жазалаушы ретінде емес, рақым ретінде жіберілдім», – деп жауап береді.

4. Фудайл (қ.с.): «Егер адам көп жақсылық жасаса, бірақ тауығына жақсы қарамаса, ол тақуалардан емес», – дейді.

5. «Жақсы мінез-құлық – жасаған ғибадаттарын түкке тұрғысыз санау. Ал Алланың берген барлық нығметтерін биіктету», – деп айтылады.

6. Шах әл-Кәрмани (қ.с.) былай дейді: «Жақсы мінез-құлықтың белгісі – өзгеге зиян келтірмеу және олардан қиындықтарына төзе білу».

7. Салих Уахб (қ.с.): «Кімде-кім қырық күн бойы бір жақсы қасиетті ұстанса, Алла тағала оны құлына тұрақты мінез қылады», – дейді.

8. Хасан әл-Басри (қ.с.) Алла тағаланың «киімінді таза ұста» («Муддассир» сүресі, 4-аят) сөзін: «Уа, Пайғамбар, мінезінді түзе!» деген мағынада деп түсіндірді.

9. Әбу Хафстан жақсы мінез-құлық туралы сұралғанда, ол былай деп жауап берді: «Алла тағала Пайғамбарға (с.ғ.с.): «Кешірім жолын ұстан, дұрыстыққа бұйыр, надандардан аулақ бол» («Ағраф» сүресі, 199-аят) – деп бұйырды.

10. «Көркем мінез – жүректің бөтен, жат жердегідей жағдайда болуы. Яғни, сырты халықпен бірге болу, бірақ жүректі тек Алла байлау».

11. «Жақсы мінез – адамдардың кез келген дөрекілігін сабырмен қабылдау, Алланың тағдырына разы болу» – деп айтылды.

12. «Жаман мінез иесінің жүрегін қысады. Өйткені тар жерге бір ғана адамның сыйғанындай, оның жүрегінде өз мақсатынан басқа еш нәрсе болмайды», – делінген.

13. «Жаман мінездің белгісі – өзгенің кемшілігін көре беру» – деп айтылы.

КӨРКЕМ МІНЕЗ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР

Өткен ұлы адамдардан бізге көптеген таңғажайып әңгімелер жетті. Кейбіреулер үшін бұлар ойдан шығарылғандай болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұлар шынайы оқиғалар. Тақуалар Алланы тану дәрежесіне жетіп, соның арқасында көркем мінез иесі болды.

1. Абдулла ибн Омар (р.а.) намазды дұрыс оқыған бір құлды азат етеді. Мұны көрген басқа құлдары намазды көрсету үшін әдемілеп оқи бастайды. Дегенмен, Абдулла (р.а.) олардың барлығын азат етеді. Бірде Ибн Омарға (р.а.) оның осы әрекеті туралы айтылғанда, ол: «Кімде-кім мені Алланың діні турасында алдаса, мен алдануға дайынмын», – деп жауап береді.

2. Ахнаф ибн Қайстан (қ.с.)³⁰: «Жақсы мінез-құлықты кімнен үйрендің?» деп сұрағанда, ол: «Қайс ибн Асим ән-Накриден», – деп жауап берді. Сосын одан: «Ал оның мінез-құлқы қандай еді?» деп сұралды. Ахнаф (қ.с.) былай деп жауап берді: «Бір күні оның қызметшісі кәуап әкелмек болды. Кәуап өте ыстық еді, күннің қолынан сырғып кетіп, кішкентай баласы Ибн Асимге құлап, оның өліміне себеп болды. Күн қатты абдырап қалды, ал Қайс ибн Асим ән-Накри

³⁰ Ахнаф бин Қайс (қ.с.) момын, асқан көркем мінез иесі еді. Арабтар оның осы ізгі қасиеттерін мысал ретінде келтіретін болған.

(қ.с.) оған: «Қорықпа, саған қауіп жоқ, мен сені Алла разылығы үшін азат еттім», – деді.

3. Балалар Уәйс әл-Қараниді (қ.с.) көре қалса, оған тас лақтыратын. Ол балаларға былай деді: «Егер маған тас лақтыруды қоя алмасаңдар, ең болмағанда кішкентай тастарды лақтырыңдар. Әйтпесе аяғыма зақым келіп, тұрып намаз оқи алмай қаламын».

4. Бір күні бір адам Ахнаф ибн Қайстың (қ.с.) соңынан еріп, оны жамандай бастайды. Ахнаф ибн Қайс (қ.с.) бір көшеге жеткенде, тоқтап: «Ей, жас жігіт, маған айтатын тағы бір нәрсең болса, бәрін осы жерде айт, әйтпесе осы көшенің жындылары сенің балағат сөздеріңді естіп, саған зиян келтіруі мүмкін».

5. Бірде мүміндердің әміршісі Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) қызметшісін шақырады. Ол болса, жауап бермейді. Қайта шақырады. Сонан соң Әли (р.а.) қызметшісіне өзі барады. Оның жатқанын көріп: «Ей, құл, мені естімейсің бе?» – деп сұрайды. Құл естігенін айтқанда, мүміндердің әмірі: «Олай болса, шақыруыма неге жауап бермедің?» – деп сұрайды. Қызметші: «Сенің мені жазаламайтынына сенімді едім, сондықтан келуге еріндім», – дейді. Сонда Әли (р.а.): «Онда бара бер, мен сені Алла разылығы үшін азат етемін», – дейді.

6. Маруф әл-Курхи (қ.с.) Құран мен киім-кешегін бір жерге қойып, дәрет алу үшін Тигр өзеніне келеді. Осы кезде бір әйел келіп, Маруф әл-Курхидің (қ.с.) Құраны мен киімдерін алып кетеді. Ол болса, бейтаныс әйелді қуып жетіп: «Әй, әпкем, мен Маруфпын. Мен сізге кінә артпаймын. Бір сұрағым бар, Құран оқитын ұлыңыз бар ма?" Ол жоқ деп жауап берді. Сонда Маруф: «Құран оқитын жарың бар шығар?» – деп сұрайды. Ол тағы да жоқ деп жауап бергенде, Маруф: «Олай болса, Құранды маған қайтар, ал сыртқы киімдерді өзіңе қалдыр», – деді.

7. Бір күні ұрылар шейх Әбу Абдурахман әс-Сәлмидің (қ.с.) үйіне басып кіріп, бәрін алып кетеді. Кейін ол бір досына былай деген екен: «Бірде базарға барсам, ұрланған шапанымды көрдім. Мен ол жаққа қарамау үшін бұрылып кеттім».

8. Бірде Малик ибн Динарды (қ.с.) әйелі: «Ей, жақсылықты көрсетіп жасаушы!» – деп шақырады. Ол: «Әй, әйел, сен маған Басра қаласының тұрғындары да білмейтін ең лайықты лақап ат тақтың», – деді.

9. Яхья ибн Зияд әл-Харисидің (қ.с.) мінезі нашар қызметшісі болады. Яхьядан (қ.с.): «Неге мұндай жаман құлды ұстайсың?» – деп сұрағанда, ол: «Мен оның жаман мінезіне сабыр етуге тырысамын, ол мені момын болуға

үйретеді», – деп жауап берді.

10. Бір күні Ибраһим ибн Әдхам (қ.с.) шөл далада бір жауынгерді кездестіреді. Жауынгер: «Ел қоныстанған жер қайда?» – деп сұрайды. Ибраһим (қ.с.) зиратты нұсқайды. Жауынгер оны келеке етіп жатыр деп ойлап, Ибраһимнің (қ.с.) басын қатты ұрып, жаралайды. Ибраһим (қ.с.) кетіп қалған соң жауынгерге оның Хорасандағы атақты заһид (тақуа) Ибраһим ибн Адхам (қ.с.) екенін айтады. Кейін жауынгер одан кешірім сұрап келеді. Ибраһим (қ.с.): «Сен мені ұрғанда, мен Алла тағаладан саған жәннатын беруін сұрадым», – дейді. Жауынгер таңқалып, мұның себебін сұрайды. Сонда Ибраһим (қ.с.) былай деп жауап береді: «Сен мені ұрғаның үшін мен Алладан жақсы сый алатынымды түсіндім. Мен сенен жақсылық көргенде, мен үшін сенің жамандық көргеніңді қаламадым».

11. Шейх Әбу Осман әл-Хириді (қ.с.) бір кісі қонаққа шақырады. Тақуа адам шақырылған үйдің қақпасына жақындағанда, иесінің: «Уа, шейх, қазір сенің кіретін кезің емес. Негізі, мен сені шақырғаныма өкініп қалдым, кете беріңіз» – дегенін естиді. Әбу Усман (қ.с.) кері қайтады. Шейх үйінің қақпасына жеткенде, әлгі қонаққа шақырған адам оның соңынан еріп келіп: «Уа, шейх, айтқаныма қатты өкініп тұрмын» – деп, оны қайта үйіне шақырады. Діндар адам оған

келетінін айтады. Шейх екінші рет қонаққа шақырған кісінің есігіне келгенде, үй иесінің бірінші рет айтқан сөздерін қайта естиді. Әлгі адам үшінші және төртінші рет діндар адамға дәл солай әрекет жасайды. Әбу Осман әл-Хири (қ.с.) әр кезде үндемей кетіп, қайта келіп отырады. Тағы бір осындай жағдайдан кейін үй иесі: «Уа, шейх, мен сені сынағым келген еді», – деп мойындап, Әбу Осман әл-Хиридi (қ.с.) мақтап, кешірім сұрай бастайды. Сонда шейх былай дейді: «Иттен де табылатын бір қасиет үшін мені мақтамай-ақ қой. Ит те шақырса келеді, қусаң кетеді».

12. Тағы бір риуаят бойынша, бірде Әбу Осман (қ.с.) аптап ыстықта жол бойымен келе жатады. Кенет үйлердің бірінің төбесінен үстіне күл төгіледі. Жанында бірге жүрген достары қатты ашуланып, айқайлай бастады. Сонда Әбу Осман (қ.с.): «Ұрсыспандар! Отқа лайық біреудің үстіне күл төгілді деп ашулану дұрыс па?» – дейді.

13. Бір күні Жафар ибн Ханзалатты (қ.с.) көруге бір мүрид келеді. Үй иесі мүридке қонақжайлық танытып төрге шығарады, ал ол болса: «Егер яһуди болмағаныңда жақсы адам болар едің³¹», – дейді. Бұған Жафар (қ.с.) былай

³¹ Мүрид оның яһуди екенін ойлап қалса керек. Ал Жафар (қ.с.), сыпайылық көрсетіп, оған дінін айтпаған.

деп жауап берді: «Менің дінім саған қызмет етуіме зиян келтірмейді. Одан да Алла тағаладан өзіңе шипа³², ал мен үшін тура жолды сұрағаның абзал».

14. Отқа табынушылардың бірі Абдулла Хаят (қ.с.) деген тігіншіге жиі келетін. Абдулла оған киім тігетін, ал ол болса, оған үнемі жалған дирхаммен ақысын төлейтін. Бір күні Абдулла (қ.с.) жұмысының қауырттығына байланысты дүкенге бара алмай қалады. Ал әлгі отқа табынушы жалған дирхамдармен тағы келеді. Абдулланың (қ.с.) шәкірті ақшаны алудан бас тартады. Отқа табынушы шын дирхамдармен төлеуге мәжбүр болады. Қайтып келген соң Абдулла (қ.с.) шәкіртінен: «Отқа табынушының көйлегі қайда?» – деп сұрайды. Шәкірт оған болған оқиғаны айтып береді. Сонда Абдулла (қ.с.): «Қандай жаман іс қылдың! Бұл кісі маған ұзақ уақыт бойы жалған дирхамдармен төледі, мен сабырлық танытып, басқалар онымен алданып қалмас үшін ақшаны құдыққа лақтырып отырдым».

³² Ол адам науқас болса керек.

5-БӨЛІМ. ДҮНИЕДЕН БЕТ БҰРУ

ДҮНИЕДЕН БЕТ БҰРУДЫҢ МӘНІ

Дүниеден бет бұрудың (зуһд) мәні – жүректі Алла тағаладан басқаның бәрінен тазарту, дүние мүлкіне ие болудың кез келген жолынан бас тарту, сондай-ақ мал-мүліктің өзінен бас тарту. Бет бұрудан мақсат – ұзақ өмірге үміт артпау, дүние нығметіне деген құштарлықтан жүректі де, қолды да босату. Махаббат кісінің өз жанын құрбан етуге дайын қылатынындай, зуһд адамды дүние-мүлікке қатысты жомарттыққа жетелейді.

Адам баласының бойына мына үш қасиет тамыр жаймайынша, шынайы зуһд дәрежесіне жете алмайды.

Біріншісі, жүректің орындалған амалға байланбауы, яғни адам өзіне сенбей, жүрегін тек Алла тағалаға байлап, Оған ғана тәуекел ету керек. Өйткені, адам ешнәрсені өзі жаратпайды, тек Алла тағаланың бұйырғанын жасайды.

Екіншісі, ренжітпей сөйлеу, яғни өз сөздерімен өзгеден пайда түсіруге талпынбау.

Үшіншісі, – атаққұмарлық пен менмендіктен ада ұлылық. Яғни, Алла тағала пенденің беделін қанша көтерсе де, Алланың шынайы құлы өзін басқа адамдардан төмен санайды. Алланың

мұндай құлы адамдарға үстемдік жасауға, олардан жоғары тұруға ұмтылмайды.

Дүниеге деген сүйіспеншілік барлық шариғатта жамандалған. Өйткені дүние сүйіспеншілігі – әрбір күнәнің негізі және әр фитнаның басы. Сондықтан Алла тағаланың құлы дүниеден бас тартып, қоғамдағы биік орынға деген қызығушылықты, соған құмартуды жүрегінен өшіру керек. Расында, атаққұмарлық байлыққа деген қызығушылықтан да жаман. Бұл қасиеттер адам баласының ата жауы – дүние тіршілігіне деген сүйіспеншілікті тудырады.

ДҮНИЕНІҢ СҰМПАЙЫЛЫҒЫ ОДАН БАС ТАРТУҒА МІНДЕТТЕЙДІ

Дүние тіршілігінің шын мәні Алланың ең жақын құлдарына белгілі болды және олар дүниенің қаншалықты болмашы нәрсе екенін танып білді. Сондықтан тақуалар дүниеге мән бермейді және жүректерін дүние тіршілігіне байламайды. Бір күні Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) зиратқа келіп: «Ей, қабір тұрғындары, сендерге Алланың сәлемі, мейірімі мен рақымы болсын. Бізге жаңалықтарыңды айтасындар ма, әлде біз сізге өз жаңалықтарымызды айтайық па?» – дейді. Сол кезде қабірден мынадай дауыс келеді: «Алланың сәлемі, мейірімі мен рақымы саған да болсын. Бізден кейін дүниеде не өзгеріс

болғанын бізге айтып бер». Сонда Әли (р.а.) сөзін былай жалғады: «Әйелдерің үйленді, мал-мүліктерің басқаларға үлестірілді, балаларың жетім қалды, жауларың өздерің салып, өмір сүрген үйлеріңе қоныстанды. Бізде осындай жаңалық бар. Ал, сендерде не бар?» Олар былай деп жауап береді: «Кебініміз шіріп, шашымыз түсіп, теріміз ажырып, көзіміз ағып кетті. Мұрын қуысымыздан ірің ағып жатыр. Біз бұл жерде өмірде не істесек соны таптық, ал дүниеде қалдырған нәрселерімізден айырылды. Біз өз іс-әрекеттеріміздің тұтқынына айналдық».

Тақуалар дүние жайлы былай деді:

Фудайл ибн Ияд (қ.с.): «Егер қиямет күні есебін бермейтіндей бүкіл дүние маған ұсынылса, қасынан өтіп бара жатып, киімімді былғап тастамасын деп өлекседен жиіркенген адам сияқты, бұл дүние де мен үшін жиіркенішті болар еді».

Ибраһим ибн Әдхам (қ.с.) еттің қымбаттағанын естіп: «Оны арзандатыңдар» – дейді. Яғни мүлде сатып алмандар дегені.

Осылайша сопылар мынадай қорытындыға келген: кім дүниеге махаббат пен құмарту көзімен қараса, Алла тағала оны илаһи нұрдан, сондай-ақ жүректің шынайы білімінен және зұһдтіктен айырады.

Әбул-Хусейн әл-Хауариден (қ.с.) дүние ләззаттарынан алшақтау туралы сұрағанда, ол былай деп жауап береді: «Зүһд – дүниені оның құнын төмендете отырып қабылдау, менсінбеушілік таныту, көз салуға тұрарлық емес деп санау, өз абыройын сақтау».

Діндар, Алланы таныған Құтб Ахмад әл-Хусайни (қ.с.) «Әл-Иқд ан-нафс» кітабында былай деп жазады: «Алла тағала Мұса пайғамбарға (ғ.с.): «Егер басыңа кедейлік келгенін көрсен: "Қош келдің, тақуалықтың нышаны!" – деп айт. Ал егер дүниенің саған қарай ағылғанын көрсен: «Бұл маған дүниеде жаза ретінде келген күнә», – деп айт!» Хадисте: «Аз дүниені қанағат тұту – таусылмайтын қазына» делінген. Тақуалардың бірі: «Біздің ойымызша, азға қанағат ету дегеніміз – адамның жақсы піскен және піспей қалған арпа нанының айырмашылығын байқамауы. Сондай-ақ намаз оқи алатындай ғана мөлшерде тамақ жеу».

Бұрынғы өткен салих адамдар қайтыс болған баласын жоқтап, ал Алла тағаладан алатын сыйды жіберіп аламын ба, деп уайымдамайтын адамды ақымақ деп санаған. Ондай адам құдды: «Мен Раббымнан алшақтатқан нәрсеге жылап отырмын», – дегендей болады. Керісінше, ол баласының өліміне қатты қайғырмай, толығымен Раббысына бет бұруы керек еді.

Өйткені Алла тағала одан Алладан алшақтатқан нәрсені алды. Расында балаларың да, әйелдерің де, қызметшілерің де, достарың да сендерді өлгенде жоқтамайды. Өйткені олар сенен бұдан әрі ала алмайтындықтары үшін ғана жылайды. Ендеше, жылауда олардан алға шығып: «Олар (әйелі, балалары) мен өлгенде мен үшін жыламай тұрып, Алладан алатын ақымды ала алмағаным үшін жылауым лайығырақ», – де.

Алла тағала біреуді өзінің сүйіктісі (уәли) қылғысы келсе, ол құлына дүниені жек көргізеді. Хадисте: «Адамдар арасына дүние кіре бастаған кезде, олардың арасында дұшпандық пен өшпенділік пайда болады», – делінген.

Расында, Алла тағаланың алдында дүниенің масаның қанатындай да құны жоқ. Осыны түсінген адам Алла тағаланы таныған адамдарды дүние тірлігінен алшақтағаны үшін мақтамайды. Өйткені барлық дүниеден бет бұрғандардың бұл әрекеті – елеусіз, көзге көрінбейтін сол қанаттың өздеріне берілген бір бөлігінен айырылуы ғана. Ал мұндай елеусіз, пайдасыз нәрседен аулақ болған адамды мақтаған адам шын мәнінде дүниені бірінші орынға қойған адам. Ал, Раббысына жақын тақуалы жандар былай айтатындай: «Құл сол маса қанатының бөлігін лақтырып, таптап тастамайынша, біз дүниені жақсы көретін ешкімге Алла тағалаға

жақындауға мүмкіндік бермейміз. Бірақ дүние тіршілігін жақсы көретіндердің ешқайсысының бұған батылы бармайды».

Имам әш-Шарани (қ.с.): «Біз мына қадірсіз дүниені жек көріп, мәңгілік өмірімізді көрейтеміз деп ант бердік. Ей, сүйікті інім және жақын досым! Біздің тыныс алуымыз бен беруіміз санаулы, көбейіп, азаймайды. Бұл дүние – мәңгілік өмірдің егін алқабы. Егін егу кезінде құр тұрған адам егін жинау кезінде қатты қиналады. Алла тағала: «Адамға тек еңбекқорлығымен тырысқаны ғана беріледі» («Нәжм» сүресі, 39-аят) – дейді. Сондай-ақ рызық-несібе туралы Алла тағала былай дейді: «Жер бетінде жүретін, жорғалайтын, ауада ұшатын барлық тіршілік иесінің, мейлі кішкентай, мейлі үлкен болсын, еркек немесе әйел, ауру немесе сау болсын, барлығының рызығын Алла тағала береді» («Һүд» сүресі, 6-аят).

Алланың бізге онсыз да беремін деп кепіл бергенін алуға жүгіріп, күш салу және бізге міндеттеген нәрселерде жалқаулық танытып, әрекетсіз қалу – үлкен ақымақтық. Нәпсінің қалауымен ғана жүретін, оның айтқандарын ғана орындайтын адам жыланды бағып, кейін оны өлтіретін адам сияқты. Ал дүниеге құмартып, мәңгілік өмірден бас тартқан адам сасық өлексеге шабуыл жасаған ит сияқты».

ДҮНИЕДЕН БЕТ БҰРУДЫҢ МӘНІ

Бұрынғы ізгілер дүниеден бет бұрудың (зуһд) мәнін шын түсініп, оның әртүрлі деңгейлерін айтып кеткен. Әбу Язид әл-Бастамиден (қ.с.) дүниеден бет бұра бастауы туралы сұрағанда, ұлы салих: «Зуһдтің бір тұрақты орны жоқ», – деп жауап береді. Әл-Бастамиден (қ.с.) оның нені меңзеп тұрғанын түсіндіруді сұрағанда, ол былай деп жауап береді: «Өйткені мен үш күн дүниеден бас тарттым, төртінші күні одан шығып кеттім. Бірінші күні мен бұл дүниеден және ондағы барлық нәрселерден бас тарттым. Екінші күні мен о дүниеден және ондағы барлық нәрселерден бас тарттым. Ал үшінші күні Алла тағаладан басқаның барлығынан бас тарттым».

Зуһд сіздің дүние мүлкіңіз жоқ дегенді білдірмейді. Негізінен, бас тартудың мәні мынада: дүниеде мал-мүлкің болса да, жүрегіңді сол дүниеге байламау. Дүниеден бас тартудың мәнін бұрынғы салихтар осылай түсінген. Олар: «Ей, мүрид, тіленбейтіндей өзіңе жеткілікті мал-мүлкің болсын, дүниені толығымен тәрк етіп, шектен шығып кетпе», – дейді. Имам әш-Шарани (қ.с.): «Біз толықтай дүниеден бас тарту арқылы дүниеден бет бұрмайтындығымызға қатысты ант бердік. Біздің дүниеден бас тартуымыз Алла тағаланы шынайы таныған құлдарымен бірдей

болуы керек. Махаббатқа толы жүрегімізді тек Раббымызға бағыттап, содан кейін ғана дүниелік мал-мүлікті керектенуіміз керек. Ал мұның бәрі Алла тағаланың көктегі мен жердегінің бәрін бізге бағындырып, үлкен мейірім танытқаны үшін болып жатыр. Ал егер көктегі мен жердегі нәрселерге мұқтаж болмасақ, онда Алланың барлық жақсылықты бізге бағындырып, мейірімділік танытуының еш мәні болмас еді».

Дін ғалымдары, мұршидтер құлдың жүрегінде дүниелік нәрсенің болуы аса қауіпті екенін жиі ескертіп отырған. Сондықтан олар мүридтерін дүниенің қызыл-жасылынан қорғау үшін барынша күш салған. Мысал ретінде сондай діндар жандардың бірнеше ойлы сөздерін келтірейік.

Әбул-Хасан Әли ибн әл-Мазин (қ.с.) былай дейді: «Егер сіз бір адамды мақтап, оны ерекше салихтардың (сыддық³³) қатарына қоссаңыз, ал оның жүрегінде бір түйірдей болсын дүниеге деген махаббат болса, Алла үшін мұның еш мәні болмайды. Алланың атымен ант етемін, жүрегінде дүниеге деген, байлыққа деген аз да құмарлығы бардан басқа, тариқат жолына кіргендердің ешқайсысы әлі рухани жұтаңдыққа ұшыраған емес».

³³ Алла тағаланы танудың жоғары дәрежесіне жеткен адам. — Ред.

Шейх әш-Шазали (қ.с.) былай деп ескерткен: «Құл дүниені және дүниенің соңынан еріп жүргендерді жек көрмейінше, сондай-ақ екі дүниенің де нығметтерінен бас тартып, дүниеге деген махаббаты суымайынша Алла тағала ол құлын жақсы көрмейді. Алла тағала дүниені жақсы көретін әрбір адамды жек көреді. Сондықтан мүрид дүниелік нәрселерді қолынан да, жүрегінен де шығарып тастауға міндетті».

Діндар Әбу Раби әл-Уасити (қ.с.) былай дейді: «Мен Дәуіттен (қ.с.) өсиет етуді өтіндім, ол оған былай деді: «Дүниеге ораза ұста, ауызашарың өлім болсын. Адамдардан жабайы аңдардан қашқандай қаш».

Яхья ибн Мааз былай дейді (қ.с.): «Өзіңе арналмаған барлық нәрседен ұзақ тұр, сосын қолыңдағы нәрселерден бас тарт».

ДҮНИЕ СҮЙІСПЕНШІЛІГІНЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

Расында, Алла тағала нәпсіні бала-шағасын, жарын, қоғамдағы биік орнын және байлықты жақсы көретіндей етіп жаратты. Мүридтің жүрегі дүниеге байлынып, шариғат шеңберінен шығып кетпеуі үшін тасаууф ғалымдары жоғарыда аталғандардың шариғатта рұқсат етілген қатынасын талқыға салды. Имам әш-

Шарани (қ.с.) былай дейді: «Уа, мұсылмандар! Фитнаның пайда болуына төрт себеп бар. Олар: әйелдер, қоғамдағы жоғары мәртебе (мансапқорлық), байлық және балалар. **Әйелдерге деген сүйіспеншілікке** келетін болсақ, оларды жақсы көру керек. Алла біздің жүрегімізге оларға деген сүйіспеншілікті салып қойған. Олар сенің бір бөлшегің, олар сенен жаратылған.³⁴ Сондықтан сен оларды сүю арқылы өзіңді жақсы көргендей боласың. Бұл сөзімізді «Өзіңнен баста» деген хадис қуаттайды. Әсіресе, дүниеге ұрпақ әкелетін, дүние тіршілігін ретке келтіретін және солардың себебінен бойымызды уайым билейтін жандар солар. Алла тағаланың жаратқан, бекітіп қойған нәрселерінің барлығы ұрпақ жалғасуымен және дүние тіршілігінің жасампаздығымен жүзеге асып келеді. Демек, кімде-кім әйелдерді осылай жақсы көрсе, оларды нәпсі үшін емес, Алла разылығы үшін жақсы көргені. Ал мұндай құлға әйелдерге деген махаббат Алла тағаланың нығметі болмақ. Өйткені жоғарыда айтылғандай жақсы көрілген әйелдер ер адамды Аллаға бұрады, яғни ер адамның оларға деген махаббаты Аллаға деген махаббатқа айналады. Расында, мұндай жағдайда ер адам әйелді Алла тағаланың жаратқан нәрселеріндегі кемелдігінің көрінісі болғандықтан ғана жақсы көреді, басқа

³⁴ Әйел еркектің қабырғасынан жаратылған. – Ред.

себеппен емес. Бұл сөзімізді Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алланың қалауымен дүниеден әйел заты сүйдірілді» деген сөзі қуаттай түседі. Бұл жалпы әйелдерге деген сүйіспеншілікті білдіреді. Бірақ махаббаттың тағы бір түрі бар, ол адамдар арасындағы қарым-қатынасқа негізделген. Мұндай сүйіспеншілік, мысалы, Пайғамбардың (с.ғ.с.) жан жары Айша анамызға деген махаббаты немесе ең жақын досы Әбу Бәкірге (р.а.) дейді сүйіспеншілігін айтуға болады. Мұндай қарым-қатынастар екі адамның туғаннан рухани жақындығынан немесе табиғи мінез-құлықтарының ұқсастығына байланысты туындайды. Сондықтан мұндай махаббат екі дүниеде де жалғаса береді».

Салихтардың (сыддиқун) жүректерінен ең соңғы жойылатын жаман қасиет – ол **биік мансапқа деген құмарлық**. Өйткені нәпсі табиғи түрде бұл жамандыққа бейім келеді. Расында, Алла тағала құлына қамқорлық жасаса, оның нәпсісін барлық жамандықтан тазартып отырады. Ал нәпсі барлық жаман қасиеттерден арылып, Адам баласы өзіне осы уақытқа дейін беймәлім илаһи қасиеттерге ие болу ләззатын сезіне бастағанда, бұл құлда билік пен мансапқа деген сүйіспеншілік пайда бола бастайды. Бірақ бұл оның тәкаппарлығынан емес, өйткені бұл қасиет оның Раббысына тән.

Алланы таныған адам адам **байлыққа** деген **сүйіспеншілікті** Алла тағала разылығы үшін болған сүйіспеншілікке айналдырады. Мұндай адамдар дүниелік байлыққа деген сүйіспеншіліксіз өмір сүре алмайды. Өйткені мұндай сүйіспеншілік сезімі олардың бойында туғаннан болады. Алланы таныған тақуа жандар мына хадиске назар аударады: «Расында, нәпіл садақалар Рахман Аллаға жетеді». Яғни, мұндай адамдар дүние байлығын Алла жолында жұмсау үшін жақсы көреді.

Балаға деген сүйіспеншілік Алла тағаланың құлдарына қатысты ең үлкен сынақтарының бірі болып табылады. Өйткені ата-ананың өз баласына деген жанашырлығы мен мейірімінен олардың Алла тағалаға мойынсұнуларына кедергі болып немесе бола алмайтыны анықталады. Бұл ең үлкен сынақ, себебі бала ата-анасына бөтен болмаса да, Алла тағала оны ата-анасынан тәуелсіз, бөлек жаратылыс етіп жаратқан. Алла Елшісі (с.а.у.): «Алланың атымен ант етемін, егер Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық жасаса, мен оның қолын кесуден басқа амалым болмас еді», – дейді.

Кімде-кім осы төрт түрлі фитнаны лайықты түрде ескерсе, дүние игіліктерінен ләззат алу қауіпті емес. Ендеше, ей мұсылман, Аллаға жақын құлдар дүниені қатты жақсы көргендіктен

дүниенің нығметтерін пайдаланады деген жаңсақ пікірден сақтан. Бұлай ойлау, тақуаларға деген құрметсіздік.

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ

Уа, Аллаға және қиямет күніне иман келтіргендер, жоғарыда айтылғандардың барлығын түсінгеннен кейін, Алла тағаланың: «Ақырет өмірі – қайырлы әрі мәңгі» («әл-Алә» сүресі, 17-аят) сөздері және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Садақадан байлық азаймайды», «Өзіне жасалған зұлымдықты кешірген құл міндетті түрде биіктейді», «Садақаның сауабы жеті жүз немесе одан да көп есе артады», «Егер барлық жындар мен адамдар жиналып, бір құлды сыбағасынан, тіпті тозаңның түйіршегіндей бір нәрседен айыру үшін жұмылса, Алла тағаланың қалауынсыз еш нәрсе істей алмайды» – деген сөздерін ойла.

Біліп қой, дүние сенен теріс айналғанда, сенің сыбағанды сенен алып қойғысы келген адамды сен жақсы көріп, қуансаң, онда сен нағыз мұмин болғаның. Осы жерде сен дүниелік пен ақыреттікті қалай ажыратуға болатынын білетін боласың. Адамдарды қайғы-қасіретке ұшырататын және оларды бір-бірімен жауластыратын нәрселердің бәрі Алла тағала бізге бас тартуды бұйырған дүниелік

нәрселер. Расында, ақыреттік амалдарға дүние араласпайды, оларда ауыртпалық болмайды. Мұндай амалдарға: күндіз ораза ұстау, түнді Алла тағалаға ғибадатпен өткізу, жиі садақа беру, құдық қазу (адамдарды сумен қамтамасыз ету) және тағы басқа Алла жолында атқарылатын игі істер жатады. Мұндай мәселелерде адамдар бір-бірімен бәсекелеспейді. Ал, мысалы, ұстаз, қызметкер болу немесе қандай да бір сыйлық алуға немесе өз беделін арттыруға болатын басқа лауазымды атқаруда бәсекелестік болуы мүмкін. Яғни, дүниелік нәрселерде міндетті түрде бәсекелестік болады.

Бір күні бір адам монахтың ғибадатхана қызметшісіне былай дегенін естиді: «Сен сенімде әлсіз және қайырымды іске бей-жай қарайтын қандай адамсың! Жасаған қызметі арқылы дүниелікке қол жеткізгісі келген мұсылмандар сияқты!». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұмысын аяқтағаннан кейін өзіне тиесілі төлемді талап етуден ұялғаны белгілі. Бірде бір кісі Алла Елшісімен (с.ғ.с.) қой бағып жүргенде, Пайғамбарға (с.ғ.с.): «Уа, Мұхаммед, Хадишадан бізге тиесілі ақымызды сұра», – деп өтінді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен оны сұрауға ұяламын», – деп жауап берді.

Расында, ғұламалар дүниелік нәрселерден бет бұрып, жоғары лауазым мен билікке деген

сүйіспеншіліктің құлдығынан, дүние байлығына құмарлықтан және нәпсісін асқақтатудан ұзақ болуы керек. Сонда ғана олар ақыреттің нағыз ғалымдары және қиямет күні қаламының сиясы шейіттердің қанынан асып түсетін пайғамбарлар мұрагері болады. Олар: «Ғалымның ұйқысы – Аллаға құлшылық» – деген сөзге лайық болады. Сонда ғана олар мәңгілік өмірдің барлық сұлулығы мен сән-салтанатын көріп, дүниенің барлық қорлығы мен жиіркенішін сезіне бастайды. Олар ақыретке мәңгілік өмір, ал дүние тіршілігіне өтпелі, уақытша деп қарайды. Ғалымдардың мәңгілік өмірді артық көретіні сөзсіз, өйткені дүние мен ақырет екі әйел сияқты: бірін қуантсаң, екіншісі ашуланады. Демек, адам үшін мына жалған дүние қымбат болса, оған ақырет жексұрын болады, ал керісінше дүние тірлігі жексұрын болса, ақыреті құнды болады. Екі қарама-қарсыны біріктіру мүмкін болмағанындай, бұл жерде мүмкін емес.³⁵

³⁵ Заттың бір уақытта ақ немесе қара бола алмайтыны сияқты, адамға дүние тіршілігі мен мәңгілік өмірдің құны бірдей болуы да мүмкін емес. – Ред.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (С.А.У.) ДҮНИЕНІ ТӘРК ЕТУІ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұрығы өткендер мен енді келетін адамдардың ішінде дүниеден ең көп бас тартқан адам. Алла тағала Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) үнемі қасынан табылсын деп Тихама тауының көлеміндей алтын, күміс және зүмріт ұсынды. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұны қаламай: «Уа, Алла! Бір күні қарным аш, бір күні қарным тоқ (болғанын қалаймын)», – дейді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қарызымды қайтару үшін сақтағанымды санамағанда, егер үш күннен кейін таратып тастамайтын болсам, мен Ухуд тауының көлеміндей алтынымның болғанына разы болмас едім». Пайғамбар (с.ғ.с.) дүние байлығынан ешнәрсе сақтауды ұнатпаған. Алла Елшісінің (с.ғ.с.) Ухуд тауының көлеміндей алтыны болса да, бұл байлықты мұсылмандарға таратып, қарызды өтеуге қажетті ақшадан басқа өзіне бір нәрсе қалдырғанды қаламаған еді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұсылмандардың назарын махаббаттың мәніне аударып, бірде-бір құлдың жүрегі Алла Елшісіне (с.ғ.с.) деген махаббатпен толмайынша және бұл махаббатты басқалардан жоғары қоймайынша иманда кемелдікке жете алмайтынын айтты.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мені отбасынан, балашағасынан және бүкіл адамзаттан артық жақсы көрмейінше, ешқайсыларыңның иманы толық болмайды», – дейді.

Сосын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұсылмандарға дүние байлығына құмарлықтың адамды қор қылатынын, сарандығын арттыратынын айтты. Дүние байлығына тою мүмкін еместігін түсіндірді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Егер Адам баласының (ғ.с.) екі алқабы алтынға толы болса, ол үшіншісін қалар еді, ал үшеуі болса, төртіншісін қалар еді. Өйткені Адам баласының көзін тек топырақ тойдырады».³⁶

Алла Елшісі (с.ғ.с.) әрбір мұсылманның таза, адал болуын қалап, Алла тағаланың әрбір құлына дүние байлығына көз ілмеуді және дүниедегі барлық нәрседен өзінің қадір-қасиеті мен биіктігін сезінуді үйретуге тырысты. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Садақа – адамдардың кірі және күнәларының қалдығы», – дейді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұл сөздерінен мұминнің рухының асқақ, асыл және өзгенің қолындағыға көз тікпей, мұқтаждығын тек Аладан сұрау керектігін айқын аңғаруға болады. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұминдерге дүниеден бет бұру – Аллаға деген махаббат пен

³⁶ Яғни өлгеннен кейін немесе ешқашан тоймайды. – Ред.

адамдардың оны жақсы көруінің қақпасы екенін үйретіп кетті. Өйткені адамдар қолдарындағы байлыққа өзгенің көз салғанан ұнатпайды. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Дүниелік нәрселерден бас тартыңдар, сонда Алла сендерді жақсы көреді. Адамдардың қолындағы нәрселерді сұрамаңдар, сонда олар сізді жақсы көреді» – дейді. Дін ғалымдары былай дейді: «Ей, бауырым, егер сен біреуге көмектескің келсе, алдымен дүниеден бас тарт. Сыйлық алушылардың тізімінде атың аталмасын. Осылай жасасаң, халықтың жүрегінде саған деген шынайы құрмет пайда болатынына кепілдік береміз. Сені көргендердің бәрі саған таң қалсын».

Алла тағала қасиетті кітаптарда дүниеден бет бұрудың жалпы ережесін бекітті: «Алла адам денесінде екі жүрек жаратпады» («Ахзаб» сүресі, 4-аят). Бұл аят дүниеге деген махаббат пен Алла тағалаға деген махаббатты бір жүректе ешкім біріктіре алмайтынын растай түседі.

ДҮНИЕДЕН БЕТ БҰРУДЫҢ ЖЕМІСІ

Алла тағала дүние нығметіне деген сүйіспеншіліктен бас тартқан пенденің жүрегін байытып, оған көңілі қанша қарсы болса да дүние-мүлік береді. Тақуалардың бірі Алла тағалаға былай дұға жасады: «Уа, Алла, Сені жоғалтқан не тапты, сені тапқан не жоғалтты?!

Расында, Сенен басқаға разы болған адам сәтсіздікке ұшырады, ал Сенен басқаға жүгінген зиянға ұшырады!».

Бір күні бір адам Ибраһим ибн Әдхамның (қ.с.) киімін жамап отырғанын көріп, одан: «Уа, Ибраһим, Алла саған Балхта патша болудың орнына не берді?» – деп сұрайды. Сонда Ибраһим (қ.с.) былай деп жауап береді: «Алла тағала маған сенің ақылың жетпейтін нәрсені берді. Дегенмен, маған берілген нәрселердің ішінен сен түсіне алатын бір нәрсені айтайын» – дейді де, инені теңізге лақтырып жіберіп, Алладан оны қайтаруын сұрайды. Дәл осы кезде әрқайсысы аузында алтын ине ұстаған үлкен балықтар пайда болады. Ибраһим (қ.с.): «Уа, Раббым, мен бір инеден басқа ешнәрсе қаламадым», – дейді де әлгі кісіге бұрылып: «Міне, Алла тағала маған сен түсіне алатын осы нәрсені берді», – дейді.

6-БӨЛІМ. ШЫНШЫЛ БОЛУ

ШЫНШЫЛ БОЛУДЫҢ МӘНІ

Расында, шыншылдық (сыдқ) мүридтің тірегі, оның реттілігі, мәдениеті мен кемелдігі. Шыншылдық – пайғамбарлық дәрежелерінен кейінгі дәреже. Ал шыншылдықтың ең кішісі – жасырын және ашық әрекеттердің бір-біріне

сәйкес келуі. Сондай-ақ барлық сөзінде, ісінде және күйінде шыншыл болған сыддықтар³⁷ бар. Шыншылдық – іштей және сырттай ақиқатқа сәйкес болу деген сөз. Демек, шыншыл адам – жүрегінің әділдігінің арқасында оған деген құрметтің адамдардың жүрегінен жойылып кететініне көңіл аудамайтын адам. Нағыз сыддық адамдардың оның жақсы істерінің кішкене бөлігін болса да байқағанын ұнатпайды және оның қандай да бір жаман істерін адамдардың байқап қалуына реніш білдірмейді.

Имам әл-Жунайд (қ.с.) былай дейді: «Шыншылдық – өтірік айтпай құтыла алмайтын бір жағдайға тап болғанда да, шындықты айта білу. Өйткені өтірік шариғатта күнә және адам табиғатына жат қылық».

ШЫНШАЛ БОЛУДЫҢ АБЗАЛДЫҒЫ

Расында, тіл – құндылық, ол – адамның қадірі. Тілін түзеген – құрмет пен абыройға ие болады. Шыншыл болудың абзалдығын түсіну үшін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына сөздері жеткілікті: «Адамға күмән салатын нәрселерді таста, күмәнданбайтын нәрселермен жүр. Расында, ақиқат жүрекке тыныштық, ал өтірік күмән ұялатады». Сондай-ақ, Алла

³⁷ Сыддық – өте шыншыл, асқан адалдығымен белгілі адамның дәрежесі.

Елшісі (с.ғ.с.): «Расында, шындық жақсылыққа шақырады, ал жақсылық жәннатқа жетелейді. Өтірік зұлымдыққа, ал зұлымдық тозақ отына апарады» – дейді.

Лұқман әл-Хакімнен (к.с.): «Бұл дәрежеге қалай жеттіңіз?» – деп сұрағанда, ол: «Сөзде тура болу және маған қатысы жоқ нәрселерге араласпау», – деп жауап береді.

Дінтанушы ғалымдар нәпсінің азаптан құтылуы шыншыл болуында, дегенмен шыншылдық адамға қиындықтар, кейде тіпті жазаға ұшырауына себеп болады дейді. Олар: «Шындықты ұстан, өйткені шындық саған зиян тигізеді деп ойлайсың, бірақ ол саған пайдасын әкеледі. Өтірікті таста, өйткені сен одан пайда күткеніңмен, оның саған зияны тиері сөзсіз».

Саудагер өтірік айту арқылы тауарын жақсы сатамын ойласа, қатты қателеседі. Сахабалардан жеткен хадисте: «Шыншыл саудагер кедей болмайды» – деп айтылған.

ӨТІРІКТІҢ ЗИЯНЫ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұсылманның бойында көп мін болуы мүмкін, бірақ мұсылман өтірікші болмайды деп, өтірік айтудан сақтандырған. Расында, мұсылман өтірік айтпайды.

Әбу Дарда (р.а.): «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.), мүмин ұрлық жасай ма?» – деп сұрады. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Мүмкін», – деп жауап берді. Сонда Әбу Дарда (р.а.) тағы да: «Мүмин зина жасай ма?» – деп сұрады. Бұған Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иә, Әбу Дарда керісінше болғанын қаласа да», – деп жауап берді. Сахаба: «Мүмин өтірік айта ма?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Имансыз адам ғана өтірік айтады», – деп жауап берді. Басқа риуаятта: «Жоқ, тек иман етпегендер ғана өтірік айтады» – деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарды жиып, күлдірту үшін өтірік айтатындарды ерекше айыптаған. Ол: «Адамдарды күлдіріп, өтірік айту үшін сөйлейтін адам бәлеге ұшырады. Неткен қасірет! Неткен қасірет!» Сондай-ақ Алла Елшісі (с.ғ.с.) өтірік айту үш жағдайда ғана рұқсат етілгенін айтады: соғыста, өйткені соғыс – айла, екі адамды татуластыру үшін және әйелімен татуласқысы келген адамға. Ал өтірік барлық күнәлардың қақпасы екені даусыз. Өйткені, жалған сөйлеу – ең жиіркенішті қасиет.

Бір адам Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Мен үш күнә жасағаным үшін бәлеге ұшырадым: өтірік айту, зинақорлық және арақ ішу. Менің олардан құтылуға ерік-жігерім жоқ» – дейді. Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.) оған: «Өтірік айтудан тиыл!» – деді. Осыдан кейін ол кетіп

қалды. Бір күні ол адам зина жасағысы келіп, іштей: «Зина жасасам, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) менен мұны істеп-істемегенімді сұрайды. Мойындасам, жүз соққы бар, ал өтірік айтсам, уәдемді бұзған боламын» – деп зина күнәсын жасаудан бас тартты. Көп ұзамай ол шарап ішпек болды. Тағы да солай ойланып, бұл күнәдан да бас тартты. Сөйтіп, ол барлық күнәлардың негізі өтірік екенін түсінді.

Мұхаммед ибн әл-Харауи (қ.с.) былай дейді: «Адамға үлкен апат әкелетін екі сипат бар: сауабын біле тұра шындықты айтудан бас тарту және жазасын біле тұра өтірік айту».

ШЫНШЫЛДЫҚ ТУРАЛЫ СӨЗДЕР

Шыншылдық туралы, оның ұлылығы туралы қаншама асыл сөздер айтылды. Сондай сөздердің кейбіреулері төмендегідей:

1. Шақиқ әл-Балхи (қ.с.) былай дейді: «Шыншыл, адал мүридтің мысалы құрма ағашын егіп, оған жеміс емес, тікенек өседі деп қорқатын адамның жағдайына ұқсайды. Ал өтірікші мүридтің мысалы тікенді бұта көшетін отырғызып, оның құрма әкелуін күткен адамның жағдайына ұқсайды».

2. Әбу әл-Фатх әл-Мусилиден (қ.с.) шыншылдық туралы сұрағанда, ол ұстахананың

пешіне қолын салып, одан қызып тұрған темірді алып, алақанына қойып: «Шындық деген осы» – деді.

3. Сондай-ақ: «Шыншыл – өзінің ешбір сырын ашудан ұялмай өлімге дайындалған адам» – деп айтылады. Алла тағала: «...Егер шыншыл болсаңдар, өлім тілендер» («Жұма» сүресі, 6-аят) дейді. Құл өлімге шын дайын болса, оның уақыты қай мезгілде келсе де, Алла тағаланың алдында ұялатын ешнәрсе болмағандықтан, ол уайымға салынбайды.

4. Зун-Нун әл-Мыси (қ.с.): «Шындық – Алланың қылышы, ол қандай сынаққа түссе де, бәрін сұлатып тастайды», – дейді.

5. Сондай-ақ ғалымдардың бірі: «Кімде-кім тұрақты парызды орындамаса, одан белгілі бір уақытта орындалатын парызы да қабылданбайды», – дейді. Тұрақты парыздың не екенін сұрағанда: «Шындық», – деп жауап берді.

6. Тағы бір тақуа кісі: «Өтірікшінің белгісі – одан сұрамаса да, қайта, қайта ант ішу», – деді.

7. Сондай-ақ: «Өзін де, өзгені де мақтаған адам шыншылдықтың иісін де сезбейді» деп айтылды.

8. Алла тағаланың: «Ей, мұминдер, Алладан қорқыңдар және шыншылдармен бірге

болындар» («Тәубе» сүресі, 119-аят) деген аяты былай тәпсір етілді: «Ей, мұминдер! Шыншыл мұсылмандармен бірге болындар, яғни бұл дүниеде шындық арқылы иманның дәмін ал, сонда ертең жәннатта шыншыл мұсылмандармен бірге боласың».

9. Дінғалымдары былай дейді: «Шыншылдық – жақсы күйлердің ең жоғарғы дәрежесі. Бұл адамның іші мен сырты бір күйде болу дегенді білдіреді. Бұл өте сирек кездеседі және шыншыл болу, адамның жалғыз немесе адамдар арасында болуына байланысты емес».

Шындық сөзде де, рухани күйде де болады. Бұл оның ең кемелденген формасы.

7-БӨЛІМ. САБЫРЛЫҚ ЖӘНЕ НӘПСІГЕ КӨМЕКТЕСУДЕН БАС ТАРТУ

САБЫР ЕТУДІҢ МӘНІ

Сабыр – шыдамдылық, қиындықтарға төзе білу, шағымданбау, нәпсінің түрлі құмарлығынан сақтану, ашуды жеңу, батылдық және жомарттық. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: «Сабыр – шариятқа қарсы келмеу, басыңа қиыншылық түскенде салмақтылық таныту, сондай-ақ кедейлікке тап болғанда молшылықта жүргендей болу және тек Алладан ғана жәрдем сұрау».

Сабырлықтың белгісі – бақытсыздық кезінде өз жағдайыңды бақылауда ұстау және достарыңның алдында өзіңізді ұстай білу. Сондай-ақ сабырдың көрінісі – жақсылық пен жамандықты қабылдауда ешқандай айырмашылықтың болмауы деп айтылады.

САБЫРЛЫҚТЫҢ ҚАДІРІ ЖӘНЕ САУАБЫ

Алла тағала сабыр етушілерді ерекше айтып, оларға Өз нығметінен үлкен сауап берген. Жаратушы: «Расында сабыр етушілерге сансыз сауап бар» («Зүмәр» сүресі, 10-аят). Алла

тағала Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Әдемі сабыр ет» («Мағариж» сүресі, 5-аят) деп бұйырды. «Әдемі сабырдың» көрінісі – бақытсыздыққа ұшыраған адамның жұрттың арасында өзін әдеттегідей ұстауы. Яғни оның басына түскен бақытсыздыққа байланысты ішкі уайымын көрсетпеуге тырысуы. Алла тағала мүминдерге нәпсімен күресуде, сондай-ақ адамдармен қарым-қатынаста сабырлық танытуды бұйырды: «Ей, мүминдер, сабыр етіндер. Бұл істе өзгелерден озық болыңдар және жүректеріңді Маған құлшылыққа байландар» («Әли Имран» сүресі, 200-аят). Бұл ретте Алла тағала: «Сабыр ет, сабырың Алланың жәрдемімен ғана мүмкін болады», деп Алла қолдау көрсетпесе, құл сабыр ете алмайтынын айтқан.

Сабырдың барлық құндылығын Алла Елшісі (с.ғ.с.) баяндап берді: «Сабыр – иманның жартысы, ал шынайы білім мен сенім (яқин) – иманның барлығы». Сондай-ақ Ол (с.ғ.с.): «Қиыншылыққа сабырлық танытып, Алла тағаладан сауап үміт ету – құл азат етуден де артық», – дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сабырмен Раббысына жалбарыну – мұсылманның қандай күшті қаруы», – дейді. Алла Елшісі (с.а.у.): «Алла тағалаға ғибадаттардың ең құндысы – басына түскен қиыншылықтан кейін

жеңілдікке үміттену»³⁸ – дейді.

Сахаба Әли ибн Әбу Талиб (р.а.): «Денедіе бас қандай болса, иманда да сабыр сондай»³⁹, – дейді.

САБЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАМАША СӨЗДЕР

Сабырлық танытудың мәні мен құндылығын түсіндіретін діндар ғалымдардан бізге мынадай сөздер жетті. Солардың кейбірі мынадай:

1. Жунайд әл-Бағдади (қ.с.): «Сабыр – титтей де наразылық танытпай, қиыншылықтардың ащы дәмін тату», – дейді.

2. Ибн Атайллаһ (қ.с.): «Сабырлық – қиыншылық кезіндегі жақсы мінез-құлықтың көрінісі»⁴⁰ – дейді.

3. Сондай-ақ: «Сабыр – тыныштық кезінде де, қиыншылықта да өзін ұстай білу» – деп айтылады.

4. Әл-Хаууас (қ.с.): «Сабыр – Құран мен сүннетті орындаудағы табандылық», – деп айтты.

³⁸ Яғни, кісінің басына қиындық келіп, бақытсыздыққа ұшырағанда сабырлық пен мойынсұнушылық танытуы.

³⁹ Яғни, сабырсыз адамның иманы кемел емес.

⁴⁰ Яғни, Алланың кез келген шешіміне шағымданбау, керісінше оған разы болу.

5. Әли ибн Әбу Талиб (р.а.): «Сабыр – сүрінбейтін мініс жануары», – дейді.

САБЫРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сабырдың көптеген түрлері бар:

1. Нәпсіге қатысты сабырлық. Шейх әш-Шазали (қ.с.): «Жаман достан бас тартқың келсе, ең алдымен нәпсіңнен баста. Нәпсінің жаман қасиеттерінен бас тарт. Өйткені, сенің нәпсің саған басқалардан жақын, ал жақын адамдар жақсылық жасауға лайығырақ» – дейді.

2. Қиындыққа сабырлық таныту. Бұл Алланың тағдырына қатысты қарсылық пен наразылықтың болмауы. Бірақ егер сіз, біреуге басыңызға түскен бақытсыздық туралы шағымданбай, жай хабардар ету үшін айтсаңыз, онда бұл сабырлыққа қайшы келмейді. Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) былай дейді: «Егер сабыр мен шүкір түйе болса, мен үшін олардың қайсысына отыратыным маңызды емес». Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) иман туралы сұрағанда: «Иман – сабырлық пен мейірімділік», – деп жауап берді.

3. Қарызын өтеуге мүмкіндігі жоқ досыңа сабыр ету. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қарызын өтей алмайтын адамға сабыр ету – садақа, соның арқасында Алла тағала саған, сенің балаларыңа

және сенің мал-мүлкіңе апаттың жетпіс есігін жабады».

4. Адамдар келтірген зиянға шыдамдылықпен сабыр ету. Бұл – құндылығын ғалымдар атап өтіп, сопылар түсіндірген сабырдың ең маңызды түрі. Сабырдың бұл түрі – Алланы тану жолында маңызы зор қадам.

АДАМДАРДАН КЕЛЕТІН ЗИЯНҒА САБЫРЛЫҚ ТАНЫТУДЫҢ АБЗАЛДЫҒЫ

Мүридтің басты міндеттерінің бірі – дін бауырлары туралы жақсы пікірде болу. Бұл міндетті орындамау, яғни өзгелер туралы жаман пікірде болу – адамның ішкі дүниесінің таза емес екенінің айқын белгісі. Осылай бола тұра, мүрид нәпсісін қорғап, ақталуға тырысса, Алла тағала мұндай құлды Өзіне жақын құлдарының қатарына қосқысы келмейтінін біл. Мысалы, табиғиндер⁴¹ зорлық-зомбылыққа ұшыраған кезде, олар Алла тағаланы танығандықтан, залымдарға қарсы, тіпті, теріс батамен де жауап беруге асықпады. Ал егер табиғиннен кімде-кім сол залымдарға қарсы теріс бата жасаған күннің өзінде, бұл олардың ашуға берілгендігінен немесе қиын жағдаға тап болғандарынан емес,

⁴¹ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларымен кездесіп, олардан тәлім алған мұсылмандар.

оны тек Алланың рұқсатымен ғана жасаған.

Әш-Шазали (қ.с.): «Бірде мен залымға қарсы теріс бата жасауды ойладым, бірақ мұндай дұғаның рұқсат етілгеніне күмәндандым.

Осыдан кейін мен ұстазымды түсімде көрдім. Ол маған: «Егер сен залымның көзін жойғың келсе, бұған асықпа», – деді – «Өйткені дұшпанды жоюға асығу және Алланың жақын құлдарына көмектесуге ұмтылу жасырын құмарлыққа жатады. Алланың қалауына қарсы шығып, нәпсісінің құмарлықтары мен қалауына ерген адамнан асқан залым бола ма!?»

Егер мүрид нәпсісін қорғауға тырысып, оның айтқанына көнсе, ол топырақпен бірдей болғаны. Яғни, құл нәпсісін қолдап, қорғаған кезде рухани күйреуге ұшырайды. Ал нәпсісін разы қылған адам, ап-ашық шығынға ұшырайды.

Қазіргі таңда адамдар түрлі пікірталасқа түсіп, соның салдарынан қоғам жік-жікке бөлінді. Сондықтан, сені көре алмайтын адамдарға жұмсақтық танытып, оларға жауап бермей-ақ қоясың, яғни олардың арандатуына жол бермейсің деген үміттемін. Бидғатпен айналысқан осы залымдардың зияны Алла тағаланың сүйікті құлдарына тиіп кетуінен сақтану үшін, осылай істеу керек. Өйткені, мұндай залымдар өздерін ақылдымыз деп

ойлайды. Бірақ шын мәнінде олар істің байыбына бара алмағандықтан өзгені айыптап, Алладан қорықпағандықтан білмеген нәрселерін өсектейді. Мұндай адамдар он сегіз мың әлемнің пайғамбары – Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с.) жеткен Құран аяттарын ұстанбайды, ақиқат пен Алланы танудың қағидаларына сәйкес келетін жолдан ұзақ.

Жоғарыда айтылғандардың тобықтай түйіні сабыр ету, Алла тағалаға тәуекел ету, барлық мәселеде тек Аллаға ғана сүйену. Өйткені Ол бізге әр нәрседе жеткілікті, әрі Ол әлемдердің Раббысы ең жақсы қамқоршы. Бірақ әрбір Мұсаның перғауыны болады. Алла тағала барлығынан үстем.

ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ АЯҚҚА ТАПТАЛҒАНДА САБЫРЛЫҚ ТАНЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Уа, мұсылмандар, біздің заманымызда адамдардан келетін жамандыққа ерекше сабыр ету керек. Есіңізде болсын, Алла тағала еш күмәнсіз зұлымдық жасаушыларды, тіпті оларды соған итермелейтіндерді, олар қарсы тұра алмайтындарға қарсы бағыттайды. Сондықтан әрбір құл Алла тағаладан бүлік пен жамандықтан қорғауды сұрауы қажет. Ал егер Алланың құлы өзінің кінәсі болмаса да, қандай да бір жамандыққа тап болса, шарифат үйреткендей,

жамандыққа жақсылықпен жауап беру ең сауапты әрі дұрыс амал болмақ. Егер сізде мұны істеуге күш болмаса, сіз залымдарды кешіруге тырысып, оларға мейірімді болуға тырысуыңыз керек, осылайша сабырдың осындай тамаша көрінісі арқылы сіз бүліктің отын өшіре аласыз. Ал егер Алланың құлы мұны істей алмаса, онда бұл жағдайда Алла тағаланың алдын ала жазған тағдырына мойынсұнып, ешбір шара қолданбай, бүлік шығарушылар келтірген зиянға сабырмен, шыдамдылықпен төзе білуі қажет болады. Егер Алланың құлы сонда да аласапыран отқа оранса, оны тек ең жақсы жолмен – жұмсақтықпен, жуастықпен жену керек. Егер мұны да істеу мүмкін болмаса, онда бұл дау-дамайдан бас тартып, жөніне қалдырған дұрыс. Ал Алланың құлы мұны да істей алмаса, олардың бұл жамандығына мүмкіндігінше аз ғана жолмен жауап берсін. Жаратушы оның дұғасын қабыл етіп, тағдырын жеңілдеткенше, Алла тағалаға залымдардың зиянынан сақтай көр, деп қайта-қайта дұға етсін. Жоғарыда аталған барлық әдептердің осылайша сақталуын шарифат бізден талап етеді.

Шын ықыласпен құлшылық етуші надандық пен өзімшілдіктен, ішкі қараңғылықтан туындайтын және табанды түрде жауыздықтың көрініс табуын талап ететін өз нәпсісінің

жауыздығынан сақтансын. Өйткені, кімде-кім зұлымдыққа зұлымдықпен жауап беруге асықса, тіпті ол жәбір көруші болса да, адамдардың зияны теңіздей төгіледі. Мұндай құл екі дүниеде де рухани күйреуге ұшырайды. Осының барлығы басына осындай сынақ келген кезде, құлдың Алла тағаланың көмегіне жүтінбегені үшін жаза ретінде орын алды. Бірақ ол өзінің әлсіздігі мен кемшілігін мойындай отырып, кішіпейілділікпен Алла тағалаға дұға жасап, Оған бет бұрса, Жаратушы ешқандай себепсіз оны адамдардың барлық жамандығынан құтқарады. Бұдан кейін құл еш қиындық көрмейді немесе Жаратушы жәбір көрген адамдарды басқа нәрсемен баурап алатыны сонша, олардың зұлымдыққа жауап беруге де ешбір уақыты қалмайды. Сондай-ақ, Алла зәбір көргенге зор мейірім мен әдемі сабырлық беруі мүмкін. Соның арқасында бұл құл Алла тағаладан жеңілдік келгенше барлық қиыншылықтар мен ауыртпашылықтың ащысына лайықты түрде төтеп береді. Сонда Алланың құлы екі дүниеде де сауапқа жетеді. Сөйтіп, мына жалған дүниеде де жақсы нәтижеге қол жеткізіп, адамдар оның сабырының дәрежесін көреді. Ал ақыретте болса, Алла тағаланың сабырлыларға есепсіз беретін сансыз сыйына ие болады. Жаратушы: «...Сөйтіп олардың сабыр қылулары себепті Раббыңның Исрайыл ұрпақтарына деген игі

сөздері орындалды»⁴² («Араф» сүресі, 137-аят), – дейді. Сондай-ақ Алла тағала: «Кек алудан тыйылып, сабыр етсеңдер, бұл сендер үшін қайырлы» («Нахл» сүресі, 126-аят).

Қасиетті Құран кәрімде сабыр туралы айтылған басқа да көптеген аяттар бар. Жоғарыда айтып өткенімізден әр адам өзіне ғибраталарлықсабақалаалмағандықтан, адамдар бір-біріне зиян тигізіп, үнемі қиындықтар мен азапта қалады. Мұндай адамдарды үлкен қауіп күтіп тұр. Бұл Алла тағаланың өз қамқорлығына алған құлдарды қоспағанда, олардың екі дүниеде де құрдымға кетуі. Қарапайым адамдар, кез келген зұлымдықты басынан өткергенде, болып жатқан барлық жағдайға тек өзіне зәбір көрсеткеді кінәлайды. Бұның бәрі Алла тағаланы және Оның хикметтерін ойлауға селқос және алыс болғандықтан туындайды. Ондай адамдар өз күштерімен, айлаларымен және нәпсісінің күшімен өздеріне келген зұлымдыққа қарсы шығуға тырысатыны сөзсіз. Сондықтан олар адамдар жасаған барлық зұлымдыққа төтеп беруге тура келеді және жаза ретінде олар ұзақ уақыт бойы рухани қараңғылықта қамалады.

Ал парасатты, дана адамға келсек, ол адамдар

⁴² Бұл жерде Алла тағаланың Исраил ұрпақтарына жауды жеңіп, жер бетінде өмір сүруге мүмкіндік берілгеніне уәде етілгені туралы айтылып отыр («Қасас» сүресі, 5-6 аяттар).

тарапынан болатын барлық жамандықтың Алла тағаланың тағдыры екенін, оған ешкім қарсы тұра алмайтынын толық біледі. Сондықтан бойсұнған құлдың білімі мен ақыл-ойы өзінің әлсіздігі мен күшсіздігін мойындай отырып, үнемі Алла тағаладан көмек сұрауға тырысады. Осылайша, мұндай адамдар барлық жамандықтан сақтайтын Алла тағаланың құдіретін еш естен шығармауға тырысады. Ал мұндай жағдайда Алланың құлы адамдардан келетін жамандықты еш қиналмай қайтара алатыны даусыз. Өйткені, адамдардың жасаған зұлымдығынан алапат өрт тұтанса да, Алла тағаланың жәрдеміне жүгінген құлға бұл өрт ет зиянын тигізе алмақ емес. Жаратушыға ғана сенетін құлға ешкім де, ештеңе де билік ете алмайды.

Қазіргі заманда әр адамға сабырлық керек. Ал жоғарыда айтылған тура жолды ұдайы ұстанған адам екі дүниеде де бақыт табады. Ал кім бұл жолдан тайса, Алла тағаланың әмірімен нәпсінің қолына түседі. Осыдан кейін мұндай адам өзінің күші мен айласына сеніп, адамдардан келген зұлымдыққа қарсы төтеп бере бастайды. Нәтижесінде, ол осы дүниеде де, мәңгілік әлемде де құрдымға кетеді.

Сондықтан адамдар саған қандай да бір жамандығын тигізбей тұрып, барлық істеріңді Алла тағалаға тапсыру керек. Істерінің басында

Алла тағалаға жүгінгісі келгендерге қатысты Алланың үкімі осындай. Осы жолдан мықтап ұстан, өйткені ол қымбат қазына және жылдам келетін жеңілдік. Ал бұл істің көмекшісі – сабырлық.

НАҒЫЗ САБЫРЛЫҚТЫ ТАНЫТУҒА НЕ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге мұсылманның сабырлы болуына көмектесетін зікір, дұғаларды көрсетіп кетті. Ол (с.ғ.с.): «Кімде-кім күн сайын таң намазынан кейін мына он сөзді оқыса, Алланың разылығы мен қамқорлығын көреді. Мұның бесеуі дүние тіршілігіне қатысты болса, қалған бесеуі о дүниеге қатысты: 1. «Хасби Аллау ли-дини» (Дінімде Алла маған жеткілікті); 2. «Хасби Аллау лимә әһммәни» (Маңызды нәрселерде Алла маған жеткілікті); 3. «Хасби Аллау лимән бәға алаййа» (Зұлымдық жасағанға Алланың өзі жеткілікті); 4. «Хасби Аллау лимән хасәдани» (Менен қызғанғанға Алла маған жеткілікті); 5. «Хасби Аллау лимән кәдани бис-суи» (Жамандық жасау үшін маған жақындағанға Алланың өзі жеткілікті); 6. «Хасби Аллау индәл-мәути» (Өлім келгенде Алла маған жеткілікті); 7. «Хасби Аллау индәл мас'алати фил-қабри» (Қабір сұрағында маған Алла жеткілікті); 8. «Хасби Аллау индәл-

мизан» (Қиямет күні амалдарымды таразыға салғанда Алла маған жеткілікті); 9. «Хасби Аллау индас-сирати» (Сырат көпірінен өткенде маған Алла жеткілікті); 10. «Хасби Аллау лә иләһә иллә һуә әләйһи тәуәккәлту уә һуә Рабб ул-аршил азыйм уә иләйһи униб» (Алла маған жеткілікті, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешнәрсе жоқ, мен Оған ғана тәуекел етемін, Ол Ұлы Арштың Раббысы және мен Оған қайтамын».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадис құдсиде Алла тағаланың мына сөздерін жеткізеді: «Құдіретіммен және ұлылығыммен ант етемін, егер құлдарымның бірі шын ықыласпен және жүрегінде нық сеніммен Менің көмегіме жүгінсе, тіпті, егер жер мен көктегілердің бәрі оған қарсы зұлымдық ойласа, Мен оған міндетті түрде көмектесемін».

Сахаба Әнас (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұл дұғаны көп оқығанын жеткізеді: «Аллауммә әтина фид-дунйә хасәнәтән уә фил-ахирати хасәнәтән уа кинә азәбән-нар» (Уа, Раббым! Бізге бұл дүниедегі және о дүниеде барлық жақсылықты нәсіп ете көр және ақыретте бізді тозақ отынан сақтай көр!)

Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Кімде-кім «Аят әл-курси» аятын және «Бақара» сүресінің соңғы екі аятын басына келген қайғы-қасірет кезінде

оқыса, Алла тағала оған жәрдем береді», – дейді. Сондай-ақ Алла Елшісі (с.а.у.) былай дейді: «Мен мұнайған адам айтқан кезде жеңілдейтін сөздерді білемін. Ол менің бауырым Юнус (ғ.с.) пайғамбардың қараңғыда қалғанда⁴³: «Лә иләһә иллә әнтә, субханәкә, инни кунту минәз-залимин» (Уа, Алла! Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір нәрсе жоқ, Сен барлық нәрседен пәксің. Мен өз-өзіме жамандық қылғандардың бірі болдым. Өйткені мен халқыма ашуланып, сенің рұқсатыңсыз оларды тастап кеттім) – дұғасы». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп түсіндірді: «Юнус пайғамбар киттің қарнында болған кезде Раббысына: «Лә иләһә иллә әнтә, субханакә, инни кунту минәз-залимин» – деп дұға етті. Қандай да мұқтаждығы бар бір мұсылман, осы дұға арқылы Аллаға жалбарынса, Ұлы Жаратушы оған міндетті түрде жауап береді».

ҮКІМ АЛЛАДАН

Барлық істер тек Алла тағаланың күдіретінде және барлық адамдар Ол қалағандай қозғалатын денелер мен бейнелер ғана. Бұл ақиқатты түсінген адам өзіне біреуден зиян келгенде ашуланбайды. Өйткені ол барлық нәрсенің шынайы Жаратушысы тек Алла тағала екенін біледі.

⁴³ Түн қараңғылығы, теңіз қараңғылығы және киттің ішіндегі қараңғылық.

Діндар ғұламалардың ұлық ұстазы (күтб) шейх Абдулуаһһаб әш-Шарани (қ.с.) «әл-Минан әл-кубра» атты кітабында былай деп жазады: «Алла тағала маған жақсылық берді: мен маған зиян тигізген адамды кінәламай немесе оған дәл сондай зұлымдықпен жауап бермей, оны ақтап алу үшін асығамын. Өйткені, Алла тағаланың қалауынсыз және мен осыған сәйкес күнә жасамағанымда, ешкім маған сөзбен де, іспен де зиян тигізе алмайтынын білемін. Яғни, менің назарым адамдардың қалауына емес, илаһи қалауға, Алла тағаланың тағдырына шоғырланған. Болып жатқан оқиғаға осындай көзқараспен қарайтын адам өзіне зиян келтірген адамға ешқашан ренжімейді де, ашуланбайды да. Өйткені Алла тағаланың тағдырына ашулану мүмкін емес. Жамандық жасаған адамдарға, тіпті, реніш сезімінің болмауы дегенге келсек, бұл барлық нәрсенің: қозғалыс та, тыныштық та Алланың қалауымен екенін түсінуде жатыр. Яғни, жамандық жасайтын адамдар бір-бірін ұрған қамшы сияқты. Парасатты адам бұл соққыны қамшыдан көрмейді, қамшыны қолданып ұрып жатқаннан соққы келгенін түсінеді. Ал Алла тағаланың пешенеге жазған тағдырына ашуланбау дегенге келер болсақ, бұл болып жатқан жағдай ананың баласына жақындығы мен мейірімінен де құлына жақын әрі мейірімді Аллатың жазған тағдыры екеніне

толық сенімнен туындайды».

Бұдан кез келген зұлымдық жасаған адамға деген өшпенділік, барлық әрекеттерді адамдар жасайды деп ойлайтын адамның ғана басында болатыны белгілі болды. Күнәға батып, жұрт алдында масқара болған құлдың істеген күнәсінә өкініп, өкініштен өзегі қалай өртенетінін ойлап көріңізші. Ал егер ол дүниеге келмей тұрып, бұл істі Алла тағала оған алдын ала маңдайына жазып қойғанына сенімді болса, оның жүрегінде ауыртпалық сәл де болсын жеңілдеп қалар еді. Екі дүниеде де бір ғана әмірші – Алла тағала екенін түсінген адам да жетістікке жетеді. Ондай адам басынан өткен барлық нәрседен ләззат алады. Бұл тозақ періштелерінің (забания) қиямет күніндегі жағдайына ұқсас. Өйткені, барлық күнәһарлардан перделер алынып, жасағандары жұртқа жария болған кезде, олардың ешқайсысы бастарына келген қандай да бір қиыншылықты тозақ періштелерінен көрмейді және оларды сол үшін айыптамайды. Демек, бұл өмірде амалдың жаратылуы Алла тағаладан басқа ешкімге тән емес. Алланың құлы періштелердің өздеріне бұйырылғанын ғана істеп жатқанын көреді. Діндар, тақуа адам бұл өмірде өзіне зұлымдық жасаған әрбір адамды Алла тағаланың алдын ала жазған тағдырына сай әрекет етуші ретінде көреді. Яғни, Алла тағаланың бұйырған әмірлері

мен тыйымдарын орындаудан, құлына сол істі жүктегеннен тыс Алланың құлы ешқашан адамдарға артық зорлық-зомбылық көрсетпейді.

Сондай-ақ имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Алла тағаланың маған берген нығметтерінің бірі – көп адамдардың жасағаны сияқты сөзімен немесе әрекетімен маған зиян тигізгендерге қулық ойлап, жүрегімді шаршатпаймын. Кейбіреулер бұдан, тіпті, түнде ұйықтамай алмайды, жауынан кек алу үшін қандай да бір айла ойлап табуға тырысады».

Ей, мұсылмандар, өтірік куәлік пен жала жабуды айтпағанның өзінде, бір ғалымның немесе салих адамның жасай алатын ең жаман әрекеті – кек қайтару, сондай-ақ біреудің кемшілігін әшкерелеу екені сендерге құпия емес. Расында, Алла тағала құлдарының кемшіліктерін көреді, бірақ жасырады. Алла тағала осындай амалды жасайтын, яғни өзгенің кемшілігін жасыратын құлдарын жақсы көреді.

Кемшіліктерді жасырумен қатар, мұсылман әдебі болып саналатын тағы бір нәрсе, дұшпанның іс-әрекетіне жұмсақтық таныту, Алла тағаладан әлгі адам үшін кешірім сұрау болып табылады. Әли әл-Хаууас (қ.с.) былай дейді: «Егер біреу саған жамандық жасаса немесе адамдардың көзінше масқара қылса, бұл күнәларыңды еске түсіру үшін Алла тағаланың

ескертуі екенін біл. Шын жүректен өкініп, қателіктерің мен бағынбаушылықтарыңа тәубе ет. Саған зұлымдық қылғанды айыптаудан сақтан».

Ей, мұсылмандар, егер сендер Ұлы Алладан алыстамағандарыңда, Ол сендерге ешкімді жібермес еді. Өйткені кімде-кім Алла тағалаға жақын болса және Оның көріп тұрғанын білсе, жындар мен адамдардың ешқайсысы оған зиян тигізе алмас еді.

Сондай-ақ имам әш-Шарани (қ.с.) былай деп жазады: «Алла тағаланың маған берген нығметтерінің бірі – егер біреу маған зұлымдық жасаса, мен Алла тағаланың тағдырына шағымданбай, бұл үшін тек өзімді кінәлаймын». Бұдан, күнәларымыз себебінен болмаса, бізге ешбір залым зұлымдық жасай алмайтыны белгілі болады. Ал бұл, шын мәнінде, біздің іс-әрекеттеріміздің жазасы, бізге жасалған зұлымдық емес. Егер жүрегіміздің перделері ашылса, бұл дүниедегі зұлымдық жасаушыларды тозақтың азаптаушы періштелердің жағдайындай көретін едік. Дегенмен, бұл дүниеде бізге зорлық-зомбылық жасағандардың істерін өздеріне жатқызамыз, яғни солар жасады дейміз, өйткені бұл дүниеде жасаған ісіне жауапкершілік (тәклиф) әркімге жүктелген. Ал о дүниеде жауапкершілік

(тәклиф) мәселесі болмағандықтан, жасалған зұлымдықты періштелер жасады дей алмаймыз.

Қиындықтан алыс, жәбірленуді қаламайтын адам азап келетін қақпаны жауып алсын. Бұған барлық күнәлі істерден бас тарту арқылы қол жеткізуге болады.⁴⁴

Діндар ғалымдар: «Ақылды адам құдықты жаман судан тазартқысы келсе, алдымен су ағып келетін арықты жабуы керек.

Әйтпесе, арықтан дәл сондай мөлшердегі лас су аға береді. Ендеше, зұлымдыққа ұшырадым деп шағымданған адам үшін жиі дұға жасап, тәубе етуден артық ем жоқ. Ал Раббысының ашуын келтірген адам үшін истиғфардан артық ем жоқ».

Жоғарыда айтылғандардан күнәға батқан адамның: «Менің бұған еш қатысым жоқ, бұл мен дүниеге келмей тұрып маңдайыма

⁴⁴ Кейде құл өз қолымен жасаған күнәларының жазасы ретінде апат-бәлеге ұшырайды. Сынақтар кейде тазару үшін, кейде "улул азм" деп аталатын бес ұлы пайғамбардың дәрежелері мен рухани күйлеріне жақындағанша Алланың алдындағы дәрежесін көтеру үшін жіберіледі. Сынақтардың оған жаза болып келгенінің белгісі, оның бұл қиыншылықтарға шыдамауы. Ал осы сынақтардың күнәларды жою үшін келгендігінің белгісі – достарға, жақындарына шағымданбай, басына келген бәлеге сабырлық танытуы. Ал мұның Аллаға жақындық дәрежесін арттырудың белгісі – қанағат пен жан тыныштығы.

жазылып қойған» деген сөздері Алла тағалаға деген әдепсіздіктің көрінісі екені белгілі болды. Өйткені бұл сөздерде өз кінәсін мойындамау, нәпсісін ақтап алу үшін сылтау іздеу бар.

Имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Маған зиян келтіргенге, зұлымдық қылғанға қарсы шықпау, оған дәл солай жауап қайырмау, мен үшін Алла тағаладан келген бір жақсылық деп есептеймін. Осындай жағдайға тап болған кезде, мен өз нәпсімді айыптап, Жаратушыдан кешірім сұрай бастаймын. Алла тағалаға тәубе етіп, оған бет бұрып, Алла тағаланың құзырында тұрмын деп ойлаймын. Сонда Алла құлдарының маған не істегенін көреді. Кімде-кім болып жатқан жағдайға осылай қараса, барлық жындар мен адамдардың зұлымдығына сабырлықпен төзе алар еді. Сондай-ақ, жүрегі Аллаға байланған пендеге ешбір адам зиян тигізе алмайтынын білемін. Жаратушы Алла тағаланы құл ұмытқанда ғана, Алла оған зұлымдық қылатын адамды жібереді».

Сондықтан дін ғалымдары: «Адамдар саған зиян тигізе бастағанда Раббыларың Аллаға бет бұрындар. Расында олардың істеген зұлымдықтарының тізгіні Оның құдіретінде. Оларға қарсы тұруға тырыспа, әйтпесе босқа шаршайсың және өзіңе одан да көп зұлымдық жасайсың».

ЗҰЛЫМДЫҚТЫҢ КӨБЕЮІ – ҚИЯМЕТТІҢ БЕЛГІСІ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ақырзаманның жақындауының бір белгісі – зұлымдықтың көбеюі және адамдар арасында зорлық-зомбылықтың таралуы деп айтқан. Сондықтан сахабалар өсиет сұрағанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға өсиет еткендей сабыр ету керек. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Ақырзаманның белгілері бар», – деді. Сахабалардың бірі: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.), оның белгілері қандай?», – деп сұрады. Ол: «Мешіттерде күнәһарлардың дауыстарының көтерілуі және залымдардың, адасқан адамдардың шыншылдарды жеңіп шығуы», – деп жауап берді. Сонда бәдәуилердің бірі: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) мұндай жағдайда маған не істеуді бұйырасың?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жаман істерден ұзақ тұр, ақиқаттан ұстан және үйінде отыр», – деп жауап берді.

Тағы бір риуаятта бір кісі Пайғамбардан (с.ғ.с.): «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) бізден өз құқықтарын орындауды талап ететін және біздің құқығымызды аяқ асты қылатын адамдар бізді басқарса, сен бізге не істеуді бұйырасың? Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оларды тыңдаңдар және оларға бағыыңдар. Расында, олар әділетті

болуға міндетті (әйтпесе, бұл үшін олар күнә ақалайды), ал сендер оларды тыңдап, оларға мойынсұнуға міндеттісіңдер (айтқандарын орындаған кезде Алла тағаладан үлкен сауап адасыңдар). Олар сізден бір нәрсені орындауды талап етсе, әділетсіз болса да орындандар және олардың сендерге қатысты міндеттерін орындауын талап етпеңдер. Егер олар сендердің құқықтарыңды аяқ асты қылса, олармен соғыспаңдар, сендерден сұрағандарының орнына Алладан сауап сұраңдар. Олар істегендері үшін жазасын алады, ал сендер жасағандарың үшін сауап аласыңдар».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп ескертеді: «Сендерді жақсылық та жасайтын, шарифатқа сай келмейтін амалдарды да жасайтын басшылар басқарады. Кімде-кім олардың жаман істерін қабылдамаса, олар үшін күнә жазылмайды. Жүрекпен, іштей олардың жамандығына наразы болған адам да құтылады. Бірақ олардың мінез-құлқына риза болып, олардың жасағандарына және оларға ергендер олардың күнәларына ортақ болады». Сахабалар: «Олармен соғыспаймыз ба?» – деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, олар намаз оқып тұрғанша олармен соғыса алмайсыңдар!» – деді.

Бұл хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ақырзаманға жақын заманның билеушілері

туралы хабардар еткен. Олардың кейбір істері жақсы, кейбіреулері жаман болады. Кімде-кім олардың шариғатқа сай келмейтін жаман істерін айтып, теріске шығарса, ол екіжүзділіктен тазарады. Кімде-кім олардың жаман істерін жүрегімен қабылдаса, олардың күнәларына ортақ болудан құтылады. Ал олардың зұлымдығына риза болып, лайықсыз істерде солардың соңынан ергендер күнә мен азапта оларға ортақ болады.

Сондай-ақ Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Ақыр заман жақындаған сәтте жүзі адам болғанымен, жүрегі шайтани адамдар пайда болады. Олар адамдардың қанын төккен жауыз қасқыр сияқты, жүректері мейірімнен ада болады, жиіркенішті істерден жиіркенбейді. Егер оларға ерсең, олар сенің үстіңе отырып алады, ал егер көздерінен таса болсаң, сені жамандай бастайды. Егер олар сенімен сөйлессе, саған өтірік айтады, егер сен оларға сенсең, олар саған опасыздық жасайды. Балалары зиянкес, жастары шайтан, үлкендері сені жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыймайды. Олар арқылы өзінді жоғарылатуға тырысу – қорлық, ал олардың қолындағыны алуға ұмтылу – кедейлік. Олар үшін момын адам – адасқан адам. Ал, нәпсіге ерген адам – шыншыл адам. Шынайы мұмин қор болып, жаман адам қастерленеді. Олар Пайғамбардың (с.ғ.с.)

сүннеттерін бидғат деп санап, ал бидғатты сүннет деп қабылдайды. Осы уақытта бұл адамдардың үстінен билік олардың ең нашарларына беріледі. Сонда олардың ең жақсылары Аллаға дұғамен жүгінеді, бірақ Алла олардың дұғаларын қабыл етпейді».

Қандай да бір қауым Алла тағаламен және Оның Елшісімен (с.ғ.с.) келісімін бұзса, Жаратушы олардың бар дүниесін тартып алатын дұшпан жібереді. Олардың басшысы Алла тағаланың Кітабы бойынша үкім етпесе, Раббы оларды өзара соғыстырып қояды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім тозақтан құтылып, жәннатқа кіргісі келсе, Аллаға және қиямет күніне иман келтіре отырып, өлімге дайындалсын. Өзіне қалай қарым-қатынас жасалғанын қаласа, адамдармаен сондай қарым-қатынаста болсын».

Адам өмірден иманмен кете ме, жоқ па білмейді. Өмірдің соңы қалай боларын бір Алла біледі. Бұл айтылғандардың түйіні – Аллаға және қиямет күніне иман келтіріп, иманмен о дүниеге кетуге себеп болатын іс жасау. Хадисте айтылғандай: «Кісі қандай күйде өлсе, сондай күйде тіріледі». Демек, құл Алла тағала туралы жақсы пікірде болуы керек. Адамдардың берген жапасына төзіп, өзіне қалай қарым-қатынас жасалғанын қаласа,

өзі де олармен сондай қарым-қатынаста болуы керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Барлық адамдар – Алланың қамқорлығында. Аллаға олардың ең сүйіктісі – Өз қамқорлығындағы адамдарға ең пайдалысы», – деп айтқандай, адамдарға жақсылық жасаған дұрыс. Пайғамбар (с.ғ.с.) мұндай адамға тозақтан құтылып, жәннатқа кіретініне кепілдік береді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Екі үлкен топ бір-бірімен соғыспайынша қиямет болмайды. Олардың арасында үлкен соғыс болады. Әр тарап бір нәрсеге (яғни, Исламға) шақырады және әр тарап өзінің дұрыс екенін айтады. Сондай-ақ, өздерін пайғамбар дейтін 30-ға жуық дажжал шықпайынша, ақиқат дін білімі жойылмайынша, жер сілкінісі көбеймейінше, уақыт жылдам өтпейінше, бүлік көбеймейінше, тәртіпсіздік, кісі өлтіру белең алмайынша қиямет болмайды. Кісінің байлығы артып, оны (зекет пен садақа) ретінде беретін адам таппай, тіпті, егер тапса да ол адам оған: «Оның маған қажеті жоқ», – демейінше, адамдар көпқабатты үйлер салуда жарыспайынша біреу бейітінің жанынан өтіп бара жатып: «Мен сенің орнында болсам ғой!» – демейінше қиямет болмайды», – дейді.

ІЗГІЛІК – ҚИЫНДЫҚТЫ САБЫРМЕН КӨТЕРЕ БІЛУДЕ

Екіжүзді адам – көп шағымданатын, басқаларға пайдасы тимейтін, көп дауласатын адам. Бұрынғы өткен ізгілер өз шәкірттеріне адамдардан келетін зиянға сабырлықпен төтеп беруді өсиет еткен. Олардың бірі шәкіртіне: «Маса мен шаянның шаққанына шыдамды бол, сонда басқалардың зиянына да төзесің», – дейді. Бірде ол маса өлтіріп жатқан мүридті көріп оған былай дейді: «Сен масаның шаққанына шыдай алмай, ашуланып оны өлтіресің де, Аллаға жақын адамдардың жолын ұстануға қалайша ұмтылмақсың?!

Бір шейх: «Мүридтің ең жақсы мінезі – мұсылман бауырларына құрмет көрсету, оларға қарайласу және артық киім-кешегі, азығы мен ақшасының болмауы», – дейді.

Аурып жатқан жатқан салих әш-Шиблиге (қ.с.) бір топ адам келеді. Ол: «Сендер кімсіңдер?» – деп сұрайды. Олар: «Сізді жақсы көретін адамдармыз», – деп жауап берді. Сонда ол әлгі адамдарға тас лақтырағанда, Келгендер тым-тырақай қаша бастайды. Сонда әш-Шибли (қ.с.): «Ей, өтірікшілер, егер мені жақсы көрсеңдер, менен келген зиянға сабыр етер едіңдер!» – дейді.

Тақуалардың бірі: «Егер дүниелік бір нәрсе үшін ашуланбау қолыңнан келсе, онда солай істе», – дейді.

8-БӨЛІМ. АЛЛАДАН ҚОРҚУ ЖӘНЕ ОНЫҢ РАХМЕТІНЕН ҮМІТ ЕТУ

Адам баласы азаптан құтылу жолын және оған осы мақсатқа жетуге көмектесетін нәрсені тапқанда ғана Алланың мейірімін үміт етуіне болады. Егер адам құтылу жолын және амалдарын таппаса, онда ол толық шығынға ұшырайды.

Қорқыныш – бұл жүректің нұры, соның арқасында адам өз бойындағы жақсылық пен жамандықты айыра алады. Алданып қалмау үшін (истидраж) Алланың қаһарынан қорқып, Оның мейірімінен үміт етіп, әрқашан үміт пен үрей арасында болу керек. Бұл үлкен ұстаздардың жеткізген өсиеттері. Алладан қорқатын адамды Алладан қорқатын адам ғана көреді. Баласынан айырылған әйел, сондай қайғыға тап болған адамды көргісі келеді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алладан қорқып жылаған адам, сүт емшекке қайта кірсе де тозаққа кірмейді», – дейді.

Әр нәрсенің көркі бар. Құлшылықтың

көркі – Алладан қорқу. Ібіліс қарғысқа ұшырап, Алла тағаланың мейірімінен мақрұм қалғанда Жәбірейіл мен Микаил періштелер ұзақ жылай бастайды. Сонда Алла тағала оларға уахи түсірді: «Сендерге не болды, неге сонша жылайсыңдар?». Олар: «Уа, Раббымыз, біз де сенің сынағыңа ұшыраймыз ба деп қорқамыз», – деп жауап берді. Сонда Алла тағала оларға: «Осы қалыптарыңды сақтаңдыр, Менің сынағымнан қорғалдық деген сенімге кіріп кетпендер», – дейді.

Рухани кемелдікке қол жеткізген пенде Жаратушы оны қанша биікке көтерсе де, Алланың емтиханына түспеймін деген сенімде болмайды. Тіпті, егер Алла тағала оған: «Мен Саған қатты ризамын!» – десе де, ондай адам Алла тағаланың сынағына түсіп қаламан ба, деген қорқыныштан арылмас еді.

Алла тағала: «Олар, жақсылық жасаса да, жүректерінде қорқыныш болады» («Мүминун» сүресі, 6-аят) – дейді. Ғалымдар бұл аятты былай тәпсірлеген. Бұл жерде зекеті мен нәпіл садақасын беретін және жүректерінде Алла мұны қабылдай ма екен, деген қорқынышы бар мұминдер жайлы айтылып тұр. Өйткені олар зекет беруде бір нәрсені дұрыс істемедім немесе кем бердім деп қорқады. Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) аталған аят туралы сұрап: «Уа, Алланың Елшісі!

Жүрегінде қорқыныш бар адам, ұрлық жасаған, зина жасаған немесе арақ ішкен адам ма?» – дейді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, бұл жерде ораза ұстаған, намаз оқып, садақа беретін және Алла тағала мұнымызды қабылдай ма екен, деп қорқатын адамдар айтылып тұр», – деп жауап береді.⁴⁵

Имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Біз қандай жағдай болмасын күшімізге емес, әлсіздігімізге сүйенуге және Алланы тануды жоғары бағалауға сөз бердік. Алланы таныған адамның шарты – Раббысынан қатты қорқу. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен Алланы барлығыңнан жақсырақ білемін және Одан бәріңнен көбірек қорқамын», – дейді.

Сондай-ақ біз басымызға қиындық түскенде, бізді бұл қиындықтан құтқаруын Алладан тілейміз, кейбіреулер сияқты табандылық пен сабырлылық тілемейміз деп ант бердік. Өйткені, мұндай табандылық Алланың қалауына қарсы тұрумен бірдей. Кейде біздің ауруымыз соншалықты күшейіп, шыдамдылық жоғалады.

⁴⁵ Кейбір сахабалар, Алла олардан разы болсын, садақа беріп, мал-мүлкін Алла жолында жұмсап, ал жүректерін қорқыныш билейтін адамдар туралы аятты толық түсінбей қалады. Олар қорқыныштарының себебі жақсы амалдарын қабылдауға кедергі болатын олардың күнәлары деп ойлайды. Алла Елшісі (с.ғ.с.) оларға қорқыныштың себебі күнә емес, олардың Аллаға жақындығы олардың қорқынышын арттырды деп түсіндіреді.

Сосын әлсіздігімізді мойындап, бұған шыдай алмай, Алла тағаладан жеңілдік тілейміз. Себеб тек маса шаққан болса да, қиналғаныңызды көрсеткен дұрыс. Алла тағала құлдарының әлсіздіктерін көрсетіп, жиі кешірім сұрағанын, денінің саулығы мен амандығын сұрағанын жақсы көреді».

9-БӨЛІМ. МЕЙІРІМДІЛІК

Ей, мұсылмандар, Алла тағала құлдарына ата-анасынан да мейірімді екенін біліңдер. Кімде-кім Алланың мейіріміне бөленгісі келсе, бауырына мейірім көрсетсін. Кааб әл-Ахбар (р.а.) Інжілде былай деп жазылғанын айтады: «Ей, Адам баласы, сен басқа адамдарға қандай мейірімді болсаң, олар да саған солай мейірімді болады. Алланың құлдарына мейірім көрсетпесең, Алладан Оның мейірімін қалай сұрайсың?!».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өзгелерге мейірімді болғандарға Алла тағала мейірімді. Жер бетіндегілерге мейірімді болыңдар, сонда көктің Раббысы сендерге мейірімді болады».

Ей, мұсылмандар, күнәһар адам сендерден дәрі сұраса, одан теріс айналу дан сақ болыңдар. Бұл дәрі – Алланы еске алу (зикр). Имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Кімде-кім

мойынсұнбағандарға мейірім көзімен қарамаса, тариқат жолынан шығады. Жүрегінде шынайы мейірімділік пайда болмайынша, ешбір адамға жаман істерді таста деп насихат айтпа».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) егер бір адамды Исламды қабылдар деп үміттенсе, оған жұмсақ қарым-қатынас жасаған. Өйткені шылы шырай, жақсы сөз адамның айтылғанды қабылдауын жеңіл қылады. Тариқат ұстанушылардың түсінігі бойынша Исламның үкімдеріне мойынсұнбаған мұсылман (пасық) жоғалған зат сияқты, оны қай жерден тапса, алады.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Мұсылман бауырының жүзіне Алла разылығы үшін сүйіспеншілікпен қарауың, қырық жыл менің мешітімде итикафқа кіруден артық».

Расында, Алла тағаланың мейірімі шексіз. Дәуіт пайғамбар (ғ.с.) Алла тағаланың мынадай сөзін риуаят етті: «Мен үшін бір адамның тозақ отымен азапталуынан мың адамның кешірілуі жақсырақ. Өйткені Мен күнәларды кешіруші, аса мейірімдімін».

Бір адам Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Бір әйел үйінің төбесінде тұрғанда қолынан баласы түсіп кетті. Ол жан ұшыра жалма-жан баласына қарай жүгірді». Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

«Расында, Алла менің үмметіме бұл әйелдің баласына мейірімділігінен де мейірімді», – деді.

МЕЙІРІМДІЛІК ТАРИҚАТЫҢ БІР БӨЛІГІ

Шейх әс-Сухрауарди (қ.с.) «Ауариф әл-маариф» атты кітабында былай деп жазады: «Тариқат жолын ұстанатындар жаратылысынан бір-біріне деген сүйіспеншіліктері мен жанашырлықтары мол, дос әрі тату. Араларында титтей де болсын қарама-қайшылық жоқ».

Алла тағала Құранда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларын сипаттай отырып: «Олар бір-біріне мейірімді» («Фәтх» сүресі, 92-аят). Сондай-ақ Алла тағала: «Ей, Пайғамбар, жер бетіндегінің бәрін берсең де, олардың жүректерін жарастырып, тату қыла алмас едің. Алайда Алла олардың жүректерін жарастырды» («Әнфал» сүресі, 36-аят). Расында, өзара сүйіспеншілік пен татулық рухтардың сәйкестігінен, келісімінен туындайды. Бұл туралы хадисте: «(Рухтар әлемінде) бірін-бірі танитын жандар бірігеді, ал бірін-бірі танымағандар бөлінеді» делінген. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мүмин – өзгелермен дос, өзгелер де онымен дос болған адам. Өзгеге жылы шырайлы және өзгелер оған жылы шырайлы болмаған адамда қайыр жоқ». Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

«Екі мүминнің кездесуі бір-бірін жуатын екі қол сияқты. Екі мүмин кездессе, бір-бірінен пайда көрері сөзсіз».

Әбу Ыдырыс әл-Хаулани (р.а.) Муазға (р.а.): «Мен сені Алла разылығы үшін жақсы көремін», – дейді. Сонда Муаз (р.а.) былай дейді: «Қуана бер! Қуана бер! Мен Алла Елшісінің (с.ғ.с.) былай дегенін естідім: «Қиямет күні Арштың айналасында бір топ адам үшін арнайы орындар бөлінеді. Олардың жүздері толған айдай нұрланады. Басқа адамдар көмек сұрап жүгіріп жүргенде, олар тыныштықта болады. Басқалары қорыққанда, олар жайбарақат күйде болады. Бұлар – Алланың сүйікті құлдары (әулие). Олар үшін қорқыныш та, қайғы да жоқ». Біз Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Олар кімдер, уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.)?» – деп сұрадық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұлар бір-бірін Алла разылығы үшін жақсы көргендер», – деп жауап берді.

Тарикаты ұстанушылар арасындағы достықтың өз араларында өте қатты сезілетіні, міне, осыдан. Өйткені олар бір-бірін Алла разылығы үшін жақсы көргенде бір-біріне мінез-құлықтың, сыйластықтың ең көркемін көрсетеді. Бір-біріне деген сүйіспеншіліктерінің арқасында олардың достықтары күшейе түседі. Осы махаббаттың арқасында мүрид шейхтен,

мұсылман бауырлар да бір-бірінен пайда көреді. Міне, сол үшін Алла тағала әр көшеде, әр ауданда күніне бес рет мешіттерге жиналуды бұйырды. Әр елді мекеннің тұрғындарына аптасына бір рет үлкен мешітке жиналуды бұйырды. Мұсылмандардың екі мейрамында да (кұрбан айт пен ораза айт) Алла тағала барлық адамдардың бір жерге жиналуын бұйырды. Ал қажылық кезінде түрлі елден келген адамдар бір жерге жиналады. Осының бәрінде үлкен хикмет бар. Бұл мұминдер арасындағы достықты, татулықты, сүйіспеншілікті нығайту. Міне, сондықтан да Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Мұмин мұминмен бір-біріне қосылған ғимараттың кірпіштері іспетті, бір бөлігі басқа бөлігіне тірек болады», – дейді. Сондай-ақ хадисте былай делінген: «Расында, мұминдер бір-біріне сүйіспеншілік, жылулық және мейірім танытуда бір дене тәрізді: егер бір мүше (ауру салдарынан) шағымданса, бүкіл дене ұйқысыздық пен қиыншылықты бастарынан кешеді»

Өзара сүйіспеншілік, жылулық көрсету достықты нығайтады. Ал жақсы адамдармен достықтың берер әсері де күшті болады.

10-БӨЛІМ. ҚЫЗҒАНУ

Қызғану – басқасының ортақ болғанын қаламау. Діндар әш-Шибли (қ.с.) былай дейді: «Қызғаныш екі түрлі: адамның адамды қызғанышы және Алланың жүректерді қызғанышы». Сондай-ақ Әш-Шибли (қ.с.) былай дейді: «Алланың адамның тыныс алуын қызғанышы – адамның оны (тыныс алуды) Алла тағаладан басқа нәрсеге ысырап етуі».

«Қызғаныш екі түрлі: Алла тағаланың құлға деген қызғанышы – Раббысының сүйікті құлын адамдарға бұрылуын қаламауы. Ал құлдың Аллаға деген құлшынысы – құлдың бар байлығын, әр тынысын Алла тағалаға арнауы. Аллаға деген қызғаныш құлды Жаратушының нұсқауларын ұлықтап, амалдарын Алла үшін тазартуды міндеттейді».

Алла тағаланың әулие құлдарына қатысты ережесі мынау: егер олардың жүректерінде Жаратушыдан басқа нәрсе орын алса немесе олар Жаратушыдан басқа нәрсеге ден қойса, Алла оларға кедергі болады. Хақ тағала олардың жүректеріне қызғанышпен қарайды, оларды толық және шынайы түрде Өзіне қаратады, жүректерін барлық жат нәрседен тазартады. Бұл Адам (ғ.с.) пайғамбардың жағдайына ұқсас. Адам (ғ.с.) өзін жәннатта мәңгі тұруға дайындаған

кезде, Алла оны сол жерден шығарды. Осындай жағдай Ибраһим (ғ.с.) пайғамбарда да болды. Ол ұлы Исмаилға (ғ.с.) сүйсініп қарай бастады. Алла тағала оның жүрегінен сүйіспеншілік сезімі кетіп, рухы тазарғанша баласын құрбандыққа шалуды бұйырды. Содан кейін Жаратушы баласының орнына қошқарды құрбандыққа шалуды бұйырады.

Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Алладан асқан қызғаншақ ешкім жоқ. Жаратушы осының арқасында жасырын, ашық барлық арсыз істі харам етті». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла қызғаншақ, мүмин де қызғаншақ. Алла тағаланың қызғанышы мүмин құл Алланың тыйым салғанын істегенде көрінеді» – дейді. Ғалымдар былай дейді: «Бұл хадистердегі қызғаныш пендедегі қызғанышқа ұқсамайды. Өйткені Алла барлық кемшілік атаулыдан ада, пәк. Алла тағаланың сипаттары оның жаратқандарының сипаттарына мүлде ұқсамайды. Жаратушының қызғанышы – оның арсыздықтан тыйып, одан қорғауын білдіреді. Бұл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына сөздерімен түсіндіріледі: «Қызғаныштың арқасында Жаратушы барлық арсыздықты тыйды», яғни олардан алыстатып, тыйым салды. Алла тағала былай дейді: «Ей, Пайғамбар, айт: Раббым ашық болсын, жасырын

болсын арсыздықты харам етті» (Ағраф сүресі, 33-аят).

Бір күні Сарий әс-Сакатидің (қ.с.) алдында Алла тағаланың мына аяты оқылады: «Уа, Пайғамбар, сен қашан Құран оқысаң сенімен ақыретке сенбегендердің арасына бір перде орнатамыз» («Исра» сүресі, 45-аят). Сонда Сарий (қ.с.) қасындағыларға былай дейді: «Бұл қандай перде екенін білесіңдер ме? Бұл қызғаныш пердесі. Алла тағаладан асқан қызғаншақ ешкім жоқ». Сарийдың (қ.с.) «қызғаныш пердесі» деген сөзінің мағынасы Алла тағала кәпірлерді діннің ақиқатын білуге қауқарсыз қылған дегені.

АЛЛА ТАҒАЛА ӨТЕ ҚЫЗҒАНШАҚ

Алла тағаланың қызғанышын, Алланы тану үшін Өз жолынан басқа жол жаратпағандығымен түсіндіруге болады. Алла тағала пайғамбарлардың біріне мынадай уахи түсірді: «Бір адамның Маған мұқтаждығы болса, Мен де оған мұқтажбын. Егер ол Менің мұқтаждығымды орындаса, Мен де оның қажеттілігін өтеймін». Пайғамбар: «Уа, Алла! Сен қалайша біреуге мұқтаж боласың?!» – деп Аллаға жалбарынады. Сонда Алла тағала: «Ол адамның жүрегінде Менен басқа нәрселер орын алған. Жүрегін босатсын, мен оның қажеттілігін өтеймін».

Тақуалардың бірі былай дейді: «Лубнан тауының маңын аралап жүргенімде, кенеттен күн мен желден қап-қара болып күйіп кеткен жас жігіт пайда болды. Маған қарады да, жалғыздықты қалағандай қаша бастады. Мен оған: «Ей, бауырым, тым болмаса бір сөз айтсаңшы, мүмкін маған пайдасы тиер», – дедім. Сосын маған жалма-жан бұрылып: «Абайлаңыз, Алла өте қызғаншақ. Ол құлының жүрегінде Одан басқа нәрсені көруді ұнатпайды» – деді.

Рухани ұстаз Әбу Әли әд-Даққақ (к.с.) былай дейді: «Бір бәдәуи Алла Елшісінің (с.ғ.с.) мешітіне кіріп, кіші дәрет сындырады. Оны көрген сахабалар адамды мешіттен шығаруға тырысады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бәдәуи ұятсыздық жасады», – дейді. Сахабаларға мұндай ұяттан безген адаммен ұшырасу ауыр тиеді. Дәл сол сияқты, Алла тағаланың ұлылығын таныған адамға немқұрайлы, бей-берекет жүрекпен зікір жасаған адамды тыңдау да қиынға соғады. Жаратушыға лайықты түрде құрмет пен әдеп көрсетпей құлшылық еткен адамға мойынсұну қиын болғаны сияқты.

11-БӨЛІМ. ЖАНКЕШТІЛІК, ЖОМАРТТЫҚ ЖӘНЕ КЕҢПЕЙІЛДІЛІК

ЖОМАРТТЫҚ

Жомарттықтың мәні – өзгелер үшін өзін құрбан етуден ешқандай қиындық сезінбеу.

«Жомарттық – бұл бір нәрсені алғаш ойлаған кезде сол ойлағанды құрбан етуге дайын болу», – деп айтылды. Әд-Даққақ (қ.с.): «Байдың кедейге бергені жомарттық болып саналмайды. Жомарттық – мұқтаж жанның байларға беруі» – дейді. Алла тағала былай дейді: «Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелері Мәдинаға көшіп келгендерді жақсы көріп, оларға берілгенге көңілдерінде титтей де кірбеңдік болмады. Олар өздері таршылық көре тұра көшіп келгендерді өздерінен артық көрді. Кімде-кім сараңдықтан арылса, міне, солар құтылды» («Хашр» сүресі, 9-аят). Бұл аят мұһажирлер Меккеден қоныс аудармай тұрған кездегі Мәдинада өмір сүрген ансарлар туралы түсірілген. Ансарлар өздеріне көшіп келген меккеліктерді жақсы көрді, олар тек Меккеден көшіп келгендерге арналған олжаны меккелік мұһажирлерден қызғанбады. Ансарлардың өздері мұқтаждық пен тар жағдайда бола тұра, Алланың мұһажирлерді

ерекше атап көрсеткен шешіміне олардың жүректерінде титтей де қарсылық болған жоқ. Сондай-ақ бұл аят, өзіне піскен қойдың басы сыйға келген мәдиналық мұсылман туралы түскендігі айтылады. Ол қойдың піскен басын сыйға алатын адамды іздеп жеті үйді аралап шығады, бірақ әр үйдегі адам оны басқа біреуге беруді ұсынады. Сөйтіп қойдың басы айналып, бірінші үйге қайта келеді. Сондай-ақ бұл аят тағы бір мәдиналық адам туралы түсірілген деп те айтылады. Оның үйіне қонақ келгенде үй иесі қонақтың алдына тамақ қойып, шырақты сөндіріп қояды. Бұлай жасауының себебі, қонақ үй иесі де онымен бірге тамақтанып отыр деп ойласын дейді. Бұл ансар сахаба қонағын өзінен және отбасынан артық көрді. Сондықтан осы сахаба жайлы аят түседі.

«Қонағына, ағайынына үй салып берген – жомарт. Ал өзіне үй салған – сараң», – деп айтылды. Сондай-ақ: «Нағыз жанкешті адам өзі аш болса да, тоқ адамды өзінен артық көреді» – деген сөз бар. Яғни, ол өз қажеттіліктерін ескермей, басқа адамның мүддесі үшін өз мүддесін құрбан етуге дайын. Тамақты өзі жегенше, басқа біреуге, тіпті аш емес адамға бергенді артық көреді.

Хадисте: «Дүниеде ансарлардан асқан жомарт халық болған емес. Расында, олардың

барлығы жомарт және олардың арасында бірде-бір сараң жоқ еді» – деп айтылады.

Сахаба Хузайфа әл-Адауи (р.а.) былай дейді: «Ярмук соғысы күні мен немере ағамды іздеуге шықтым. Оған су беру үшін жаныма су алып алған едім. Мен оның қасына келгенде: «Саған су берейін» – дедім, ол басын изеп, келісті. Сол кезде шөлден өлейін деп жатқан бір адамның ыңырсыған дауысын естідік. Немере ағам суды әлгі кісіге беруімді ымдады. Ол Хишам ибн Ас (р.а.) болып шықты. Мен оған су ішесің бе, деп едім, ол басын изеді. Сонда Хишам (р.а.) шөлден өлейін деп жатқан басқа бір адамның ыңырсыған дауысын естіп, маған оған баруымды ишарат етті. Мен оның жанына барғанда, ол өліп қалған екен. Сосын Хишамға (р.а.) қайтып келдім. Бірақ, ол да о дүниеге аттанып кетіпті. Содан немере ағама қайтып келдім, бірақ оның да дүние салғанына куә болдым». Бұл басқалардың өмірін сақтап қалудағы жанкештіліктің мысалдары. Жанкештіліктің бұл түрі, мал-мүлкінді садақа етуден әлдеқайда жоғары.

«Өт-Тәкмилә» кітабында былай деп айтылады: «Ең сахихы аяттың сахаба Әбу Талха әл-Ансари (р.а.) туралы түскендігі. Алла Елшісіне (с.ғ.с.) қонақ келгенде, оның үйінде қонақты қарсы алатын ештеңесі жоқ еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына бұрылып:

«Сендердің араларында бұл кісіні қонақ қылатын біреу бар ма? Алла оны рақымына алсын!» – дейді. Сонда Әбу Талха (р.а.) тұрып, қонақты үйіне алып барып, әйеліне: «Алла Елшісінің (с.ғ.с.) қонағына құрмет көрсетейік», – дейді. Тамақ ішер кезде балаларды жатқызып, жарықты өшіріп, тамақты қонақтарына береді. Үй иесі қонақпен бірге тамақтанған сияқты сыңай танытып, бірақ тамақ ішпейді. Сол кезде жоғарыда аталған құран аяты түседі. Бұрынғы өткен ізгі, тақуа адамдардың аз нәрсеге қанағат етулері мен мейірімдері әлдеқайда жоғары еді.

Бір патша өзінің уәзіріне: «Ғалымдар байлық жағынан да, мейірім жағынан да сопылардан алда», – дейді екен. Бірақ уәзір бұған келіспей: «Оларды екі нәрсемен сынап көрейік, ханием», – дейді.

1. Уәзір хабаршыға бірнеше мың дирхам беріп медресеге жібереді. Хабаршы ғалымдарға: «Патша маған бұл дирхамдарды араларындағы ең лайықты әрі кемел болғанға беруімді бұйырды. Ол кім?» – дейді. Сонда ғалымдардың бірі: «Бұл менмін!», ал екіншісі: «Ол өтірік айтады, мен ең лайықтымын!» – деп шуылдай кетеді. Әрқайсысы өзінің мықты екенін айтып дауласа бастайды. Сонда хабаршы: «Сендердің ең лайықтыларыңды анықтай алмадым», – деп, бұрылып кетіп қалады. Сарайға келіп болған

жайды айтып береді. Содан кейін уәзір ақшаны сопыларға апаруын тапсырады. Ғалымдардың ісіне тура қарама-қайшы әрекет жасаған сопылардың әрқайсысы: «Ол менен артық! Ол менен артық, сол лайықты!» – дейді.

2. Уәзір қылыш алып шығып, оны хабаршыға беріп, сопыларға жібереді. Хабаршы: «Патша маған көсемнің басын кесуді бұйырды. Көсем кім?» – деп сұрайды. Олар: «Мен көсеммін», десе, екіншісі: «Жоқ, менмін» дейді. Әркім өзгелердің өмірін артық көріп, қасындағының өмірін сақтау үшін өздерін құрбан етуге даяр болады. Хабаршы олардың қайсысы көсем екенін анықтай алмай, қайтып оралып, болған жайды айтып берді. Уәзір хабаршыны енді сол қылышпен ғалымдарға жібереді. Ғалымдар болса, сопылардың айтқандарының керісіншесін айтып, даурығады. Сөйтіп уәзірдің бұл дәлелі патшаның дәлелінен күштірек болып шығады.

Қазіргі заманның мүридтері сол кездегі мүридтерден мүлдем өзгеше. Әбу Язид әл-Бәстами (қ.с.) былай дейді: «Мені Балхтық бір жас жігіт жеңіп кетті. Ол: «Сен үшін дүниеден бет бұрудың шегі қандай?», – деп сұрады. Мен: «Жейтін нәрсе тапсақ жейміз, таппасақ сабыр етеміз», – деп жауап бердім. Жас жігіт: «Балхта біздің иттер де солай істейді. Ал біз жейтін нәрсе таппасақ, Аллаға мадақ айтамыз, ал

тапсақ, өзімізден өзгені артық көріп, өзгелерге таратамыз» - деді.

КЕҢПЕЙІЛДІК ПЕН ЖОМАРТТЫҚТЫҢ АБЗАЛДЫҒЫ

Мүминдердің анасы Айша анамыздан жеткен хадисте Алла Елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Жомарт адам Алла тағалаға, адамдарға, жәннатқа жақын және тозақтан алыс. Ал сараң адам Алла тағаладан, адамдардан, жәннаттан алыс және тозаққа жақын. Алла тағала көп құлшылық жасайтын сараң адамнан гөрі білімі аз, бірақ жомарт адамды жақсы көреді». Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Беруші қол, алушы қолдан жақсырақ», – дейді. Бишр ибн әл-Харис (қ.с.) былай дейді: «Сараңға қарау жүректі қарайтады».

Бір күні мүминдердің әміршісі Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) жылай бастайды. Қасындағылар «сізді не жылатты?» деп сұрағанда, ол былай деп жауап береді: «Маған қонақ келмегелі бір апта болды. Алла тағала мені осылай төмендетті ме деп қорқамын». Сахаба Әнас ибн Мәлик (р.а.): «Қонақ үшін бөлек бөлменің болуы – үйдің зекеті», – дейді.

ЖОМАРТТЫҚ ТУРАЛЫ АЛТЫН СӨЗДЕР

1. Ғалымдардың бірі: «Егер біреу келіп менен көмек сұраса, мен көмектен бас тартқанды ұнатпаймын. Өйткені егер ол игі адам болса, мен оның абыройын сақтаймын, ал егер ол жаман пиғылды болса, одан өз абыройымды сақтаймын», – дейді.

2. «Жомарт адамның қонағы да жомарт» – деп айтылады.

3. Ибраһим ибн әл-Жунайд (қ.с.) былай дейді: «Жақсы адам әмірші болса да, бас тартуына болмайтын төрт қасиет бар: әкесі келген кезде тұру, қонақ күту, білім үйреніп жүрген ғалымға құрмет көрсету және білмегенін одан сұрау».

4. Абдулла ибн Мүбәрәк (қ.с.) былай дейді: «Өзгенің мал-мүлкінен бас тарту арқылы көрініс табатын жомарттық, өз мүлкін садақа ету арқылы жасалатын жомарттықтан құндырақ». Яғни, адам өзінің мал-мүлкін басқаларға беруге дайын болғаннан гөрі, басқалардың бергенінен бас тарта алатын болса, тақуалығы көп екенінің белгісі.

ЖАНҚИЯРЛЫҚ ПЕН ЖОМАРТТЫҚ МЫСАЛДАРЫ

Бұрынғы өткен діндар, тақуалы адамдардың жомарттығы, кеңпейілдігі мен жанқиярлығының жоғары деңгейі туралы көптеген ғибратты әңгімелер бар. Солардың кейбірі төмендегідей:

1. Бірде Ғұлам Халил деген кісіні сопыларға жала жапты деген желеумен халифа оның басын кесуді бұйырады. Олар Жунайд әл-Бағдадиге (қ.с.) тиіспейді. Өйткені ол Ислам құқығының (фикһ) ғалымы болатын. Ол Әбу Саурдың (р.а.)⁴⁶ мәзһабы бойынша діни-құқықтық шешімдер қабылдайтын. Шаххам (қ.с.), Раққам (қ.с.), Нури (қ.с.) және тағы бір топ адамды да қамауға алады. Алдарына арнайы былғары кілемше төселіп, үстіне жазаға тартылғандардың кесілген бастары тасталады. Сол кезде Нури (қ.с.) алға ұмтылып шығады. Жазалаушы: «Неге асығып тұрғаныңды білемісің?» – деп мысқылдайды. «Білемін» деген жауап алса да, қайтадан: «Неге асығып тұрсың сонша?» – дейді. Нури (қ.с.): «Мен достарымның сәл де болса да ұзақ өмір сүргенін қалаймын», – деп жауап береді. Жазалаушы бұл сөздерге таң қалып, оларды халифаға апарады. Халифа қамауға алынғандарды олардың істерін

⁴⁶ Әбу Саур – Әбу Ханифа (рах.) және Имам Шафиғи (рах.) фикһтарын өз мәзһабында біріктірген факих ғалым.

карасын деп, қазыға жібереді. Қазы Әбу Хусейн Нуриге (қ.с.) фикһ бойынша сұрақтар қояды. Нури (қ.с.) оған күшті, анық жауаптар береді. Сосын Нури (қ.с.) сөзін былай деп жалғастырды: «Алла тағаланың Өзімен өмір сүретін құлдары бар, олар сөйлегенде тек Ол туралы айтады», – деп, қазыны жылататын сөздер айтады. Қазы халифаға: «Егер бұл адамдарды адасты десеніз, онда жер бетінде бірде-бір мұсылман қалмағаны», – дейді.

2. Әли ибн Фудайл (қ.с.) үйінің маңайындағы саудагерлерден сауда жасап жүреді. Бірде оған біреулер: «Базарға барсаңыз, сол жерде арзанырақ сатып алар едіңіз ғой», – дейді.

Сонда Әли ибн Фудайл (қ.с.): «Бұл адамдар бізден пайда көреміз деп, біздің маңайымызға орналасты ғой», – деп жауап берген екен.

3. Абул Хасан әл-Бушанджи (қ.с.) дәрет алып жатып шәкіртін шақырып алады да: «Мына көйлекті алып, пәленше деген адамға апарып берші», – дейді. Шәкірті: «Ұстаз, дәретханадан шыққаннан кейін айтсаңыз да апарып берер едім ғой?» – дейді. Сонда ұстазы: «Менің нәпсім қабылдаған шешімін кейін өзгертіп жібере ме, деп қорықтым», – деп жауап береді.

4. Қайс ибн Саад ибн Убадтан (қ.с.) біреу: «Сіз осы өзіңізден де жомарт адамды көрдіңіз

бе?» – деп сұрайды. Ол: «Иә, көрдім. Бір күні сахарада бір әйелді кезіктірдік. Артынан оның күйеуі келді. Әйелі оған қонақтарымыз бар, деді. Күйеуі бір түйені әкеліп, бауыздады да, «бұл сіздердің сыбағаларыңыз», деді. Келесі күні тағы бір түйені әкеліп, оны да сойып, алыңыздар, деді. Біз: «Кеше сіз бізге арнап сойған түйенің етін әлі тауыспадық қой», – дедік. Сонда ол: «Мен қонаққа кешегіден қалған тамақты бермеймін», – деді. Жаңбыр қатты жауып тұрғандықтан, біз екі-үш күн олардың қасында болдық, ол күнде сол ісін қайталаудан жалықпады. Қайтар күні, оның үйіне жүз динар қалдырдық та, әйеліне: «Күйеуіңізден біз үшін кешірім сұраңыз», – дедік те, үйден шықтық. Сәлден соң күннің қызған шағында артымыздан айқайлаған бір адамның дауысын естідік: «Токтандар, сараң аттылар! Бұл не, менің сый-сыяпатыма баға қойғандарың ба?» -деп, бізді қуып жетіп: «Мына ақшаны қайта алыңдар» – деп бергенімізді алмай қойды.

5. Абдулла ибн Жафар (р.а.) үйіне бара жатып, басқа адамдарға тиесілі құрма бағында демалуға тоқтайды. Бақта бір құл жұмыс істеп жүр екен. Олар құлға тамақ әкеп береді. Сол кезде бір ит қоршаудан секіріп өтіп, құлдың жанына келеді. Құл итке нан лақтырады. Сосын тағы бірнеше нан тастайды. Ит оларды да жеп алады. Абдулла ибн Жафар (р.а.) құлға қарап: «Ей, құл, сенің

бір күндік тамағың қандай?» – деп сұрайды. Ол: «Сенің көргенің (яғни, үш нан)», – деп жауап береді. Абдулла (р.а.): «Неге өзіңнен гөрі мына итті артық көрдің?» – деп сұрайды. Сонда құл: «Бұл маңайда ит жоқ. Соған қарағанда бұл ит алыстан аш келді, мен оны құр жібергім келмеді» – дейді. Абдулла (р.а.): «Енді не істейсің?» – деп сұрайды. Ол: «Бүгін аш жата беремін», – деп жауап берді. Сонда Абдулла ибн Жафар (р.а.) былай деді: «Адамдар мені тым қолың ашық, деп кінәлайды. Бұл құл менен де жомарт екен!» Абдулла ибн Жафар (р.а.) құлды, бақшаны және ішіндегі барлық нәрсені сатып алады. Содан кейін құлды азат етіп, оған бақшаны сыйға береді.

6. Мутарриф ибн Шиххир (р.а.) былай деді: «Сендер өз мұқтаждықтарыңды менің өтеуімді қаласаңдар, маған хат жазыңыздар. Себебі, мен мұқтаж адамның менің алдымда төмендегенін қаламаймын».

7. Бір адам Хасан ибн Әли ибн Әбу Талибке (р.а.) бір өтінішпен келеді. Хасан (р.а.) оған елу мың дирхам және бес жүз динар беріп, жүк тасушы әкелуді тапсырады. Ол жүк тасушыны алып келгенде, Хасан (р.а.) оған бағалы шапанын беріп: «Бұл менің тарапымнан жүк тасушының ақысы болсын», – дейді.

8. Имам әш-Шафиғи (рах.) дүниеден өтер сәтінде: «Пәленше деген кісі мені жуындырсын», – деп өсиет етеді. Имам дүние салғанда ол кісі алыс сапарда болғандықтан келе алмайды. Сапардан оралған соң оған адамдар Имамның сөзін жеткізеді. Ол кісі Имам әш-Шафиғидің (рах.) жазып қалдырған қағазын алып келулерін сұрайды. Қағазда Имамның өсиеттерімен қатар жетпіс мың дирхам қарызы қалғаны да жазылған екен. Әлгі кісі имам әш-Шафиғидің (рах.) қарызын өтеп: «Уа, Имам! Бұл менің сені жуғаным болсын», – деген екен.

9. Әс-Сарий әс-Сакати (қ.с.) айт күні жол жөнекей бір жоғары мәртебелі адамды кездестіреді. Әс-Сарий онымен көңілсіз сәлемдесе салады. Кейін оған адамдар: «Бұл өте маңызды адам», – дейді. Сонда ол былай деп жауап береді: «Ия, мен оны білемін, бірақ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Екі мұсылман кездессе, оларға жүз жақсылық түседі де, оның тоқсаны көбірек жылы шырай танытқанына беріледі», деген сөзі бар еді. Мен оның көбірек жақсылық алғанын қаладым».

10. Тақуалардың бірі былай деді: «Күн қатты суық болатын. Бишр ибн әл-Харистің (қ.с.) үйіне бардым. Жұп-жұқа киіммен отыр екен, суықтан тоңып отырғанын көрдім. Мен оған жақындап: «Уа, Әбу Наср, мұндай күндері адам

жылырақ киінеді ғой, мына жұқа киімің не?» – дедім. Ол былай деп жауап берді: «Мен мұқтаж жандар мен олардың қиын жағдайын есіме алдым. Менің оларға көмектесуге мүмкіндігім жоқ. Сондықтан тым болмаса, олардың тартқан қиындықтарына осылай ортақтасқым келді».

12-БӨЛІМ. АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЕРЛІК

АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ МӘНІ

Ерлік пен адамгершіліктің анықтамалары әртүрлі болғанымен, түпкі мағыналары бір-біріне өте ұқсас: шыншылдық, мұсылман бауырының қателігіне сабырмен шыдау, жанындағыларға пайдалы болу, көршіге жамандық қылудан сақтану.

Әбу әл-Хасан әл-Бушанжиден (қ.с.) ерлік туралы сұрағанда, ол былай деп жауап берді: «Қасыңда барлық амалдарыңды жазып тұратын періштелер болған кезде (яғни, үнемі), харам нәрсені жасаудан бас тарту».

Әл-Антаки (қ.с.) былай дейді: «Адамгершілік – бұйырылғанның бәрін орындау, тыйым салынған нәрседен аулақ болу және тән құмарлығынан бас тарту».

Тақуалардың бірі: «Ерліктің негізі – пенденің басқа адамдардың қажеттіліктерін өтеуге үнемі ұмтылуы», – дейді.

Жүнәйдтен (қ.с.) ерлік туралы сұрағанда ол: «Бұл кедейлерді жеккөрмеу, байларға қарсы келмеу. Ал шыншылдық – бұл батылдық пен еркіндіктің досы» – дейді.

АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЕРЛІК – ТАРИҚАТ ШАРТЫ

Тариқат жолын ұстанушылар адамгершілік, ерлік және батылдықты Алла тағаланы тану жолында шарт деп бір ауыздан мақұлдаған. Мен тау текесі сияқты, адамдардың қолындағыдан бас тартып, ұзақ тұрғанды жөн көрдім. Жер жүзіндегі барлық байлықты жиса да, Алла тағаланың құзырында шыбынның қанатындай қадірі жоқ дүние мүлікті қайыр садақа қылып қабылдаған ешкі сияқты болғым келмейді.

Имам әл-Хаууастан (қ.с.) мүридтер неліктен адамдардан ешнәрсе алмайды деп сұрағанда, ол былай деп жауап берді: «Өйткені адамгершілік пен көркем мінез мүридті адамдарға пайдасын тигізуге, ақыларын өтеуге және оларға қамқорлық жасауға ынталандырады».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына адамгершіліктің маңыздылығына тоқталып,

осы сипатқа қарама-қайшы кез-келген жаман іс-әрекеттен сақтандырған. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Жол бойында отырудан сақтаныңдар. Ал егер жол бойында отыру керек болса, онда жолдың ақысын беріңдер», – дейді. Олар: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) жолдың ақысы не?» – деп сұрайды. Ол (с.ғ.с.): «Көзді харамнан сақтау, біреуге жамандық қылмау, сәлем беру, жақсылыққа шақыру және жамандықтан тыю», – деп жауап береді.

Алла Құран кәрімде Үңгір достарын (Асхаб кәһф) мадақтап, олардың ерліктерін ерекше атап өтті. Олардың батылдығы ерлікке ұласып, кемелдіктің бастауы болып табылатын таухидке жетеледі. Алла тағала: «Уа, Пайғамбар, саған олар туралы ақиқатты айтамыз. Расында, олар Раббыларына иман келтірген батыл адамдар. Әрі оларды Біз тура жолда күшейттік» («Кәһф» сүресі, 13-аят) – дейді.

Үңгір достары ерлік жасады, өйткені олар бірден, іркілмей Раббыларына сенді. Сондай-ақ, олар сапарға шығып, Алла тағаланы танығанға дейін тоқтамағандықтан ерлік сипатына ие болды деп айтылады. Ерліктің негізі – иман деген сөз бар. Сондықтан Раббымыз үңгір достарын батыл деп атады: «Расында, олар Раббыларына иман келтірген батыл қауым» («Кәһф» сүресі, 13-аят).

ЕРЛІК ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ТУРАЛЫ СӨЗДЕР

Бұрынғы өткен игі-жақсылардың ерлік пен адамгершілік туралы айтқан өнегелі сөздері баршылық:

1. Тақуалардың бірі: «Біздің пайымдауымызша Адамгершілік дегеніміз – мақұрым қалдырғанға беру, зұлымдық жасағанды кешіру, байланысын үзгендермен жақсы қарым-қатынаста болу, зияны тигенге жақсылық жасау», – дейді.

2. Имам әл-Жунайд (қ.с.): «Батылдық Шамда, шешендік Иракта, шыншылдық Хорасанда», – дейді.

3. Фудайл (қ.с.): «Ерлік – мұсылман бауырларының қателіктерін кешіре білу», – дейді.

4. Әбу Бәкір әл-Уаррақ (қ.с.): «Батыл адам – қарсыласы жоқ адам», – дейді.

5. Мұхаммед ибн Әли ат-Тирмизи (қ.с.): «Батылдық – Алла разылығы үшін нәпсің жауы болу», – дейді.

6. «Ешкімге жау емес адам – батыл адам» – деп айтылды.

7. Сондай-ақ: «Ең үлкен пұтты бұзған – батыл» деп айтылды. Құран кәрімде былай

делінген: «Кей адамдар айтты: «Біз бір жас жігіттің осы пұттар туралы айтқанын естідік. Оның есімі Ибраһим» («Әнбия» сүресі, 60-аят). Әр адамның пұты – өз нәпсісі. Өз құмарлығын жеңген адам – нағыз батыл адам».

8. «Батылдық – өзгеге әділ болу және өзгеден өзіңе әділдік талап етпеу», – деп айтылады.

9. Омар ибн Осман әл-Мәкки (қ.с.): «Ерлік – ол көркем мінез», – дейді.

10. Ан-Насрабади (қ.с.) былай дейді: «Адамгершілік – ерліктің бір тармағы. Ол – екі дүниеден де теріс айналып, олардан жиірену (тек Аллаға ғана бет бұру)».

11. Мұхаммед ибн Әли ат-Тирмизи (қ.с.): «Ерлік – сенің үй ішіндегілер мен қонаққа келгендерге бірдей қонақжайлық көрсетуің», – дейді.

12. Бір діндар адамнан ерлік туралы сұралғанда, ол: «Бұл қорқатын нәрсең үшін (яғни, о дүниеде азаптан қорқып) құмартқан нәрсеңнен бас тартуың», – деп жауап берді.

13. Тағы бір салих адамнан ерлік туралы сұралғанда, ол: «Қасында тамақтанып отырған адам тақуа ма, әлде дінсіз адам ба айырмашылығының болмауы», – деп жауап берді.

14. Жүнәйд (қ.с.): «Ерлік – жамандықтан тыйылу, тек жақсылық жасау және шағымданбау», – деді.

15. Сахл ибн Абдулла (қ.с.) былай дейді: «Ерлік – Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетімен жүру».

16. Сондай-ақ: «Ерлік – уәденде тұру және аманатқа қиянат етпеу», – деп айтылды.

17. «Ерлік – жасаған жақсылықтарыңды байқамау (яғни, өзіңнен деп есептемеу)».

18. «Ерлік – алдыңа сұраушы келсе, одан қашпау».

19. «Ерлік – Алла тағаланың саған берген нығметтерін жария ету және басыңа түскен қиыншылықтарды жасыру».

20. «Ерлік – он кісіні шақырып, тоғыз немесе он бір адам келіп қалса күйіңнің өзгермеуі».

21. «Достықтан пайда көздеу ерлікке жатпайды».

22. «Ерлік – дүниелік және ақыреттік барлық нәрселерде өзгелерді өзіңнен артық көру».

23. «Ерлік – лайық пен лайық еместің бәріне жақсылық жасау».

24. «Ерлік – әрқашан басқа адамдардың қажеттіліктерін өтеумен айналысу. Өйткені

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Алла тағала құлына бауырының мұқтаждығын өтеген сайын, оның мұқтаждығын өтеуін тоқтатпайды».

25. «Ерлік – адамдардың қателіктерін кешіріп, кемшіліктерін жасыру».

26. «Ерлік – өзінді басқалардан артық санамау».

27. Тақуалардың бірі: «Қонақты жұмсау, адамгершілікке жатпайды», – деді.

ЕРЛІК ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ЖАЙЛЫ ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Бізге діндар, тақуа адамдардан үлкен ғибратты әңгімелер жеткен. Төменде олардың кейбірін ұсынамыз:

1. Хатамның (қ.с.) «әл-Асам» (саңырау) деген лақап атқа ие болуына мына оқиға себеп болған дейді. Бір әйел оған діни сұрағына жауап алу үшін келді. Әйел адам Хатамға (қ.с.) сұрақ қойғанда, еркінен тыс қатты жел жіберіп қояды. Бұған әйел адам қатты ұялып қалады. Сонда Хатам (қ.с.) оған: «Қаттырақ сөйлеші, естімедім!», – деп, оны байқамағандай кейіп танытады. Әйел: «Ол ештеңе естімеді», – деп қуанады. Осы оқиғадан кейін ол «әл-Ассам» (саңырау) деген атқа ие болды.

2. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: «Мені адасты деген айыппен халифаға әкелгенде, сол жерде мен су таратушыны көрдім. Оның басында тақиясы мен мысырлық орамалы, қолында әдемі, қымбат форфор ыдыс-аяқтар бар еді. Мен: «Мына кісі халифаға су беріп жүр ме?» – деп сұрадым. Олар маған: «Жоқ, ол қарапайым адамдарға су таратып жүр», – деп жауап берді. Мен одан су алып ішіп, жанымдағыға: «Оған бір динар бер», – дедім. Ал су таратушы адам: «Сен тұтқынсың, сенен бір нәрсе алу дұрыс емес», – деп ақшаны алудан бас тартты.

3. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.): «Саудагерлер арасында Ахмад ибн Сахл есімді бір жас жігіт бар еді. Мен одан ақ мата сатып алдым. Ол матаның өз құнын ғана алды. Мен одан: «Аз алдың ғой» деп сұрадым. Сонда ол: «Бағаға келер болсақ, сен бұл матаның кемшілігін айтуға қорықпайтындай мөлшерде ғана ақша алдым», – деп жауап берді.

4. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: Бір кісі достарымен бірге Нишапурдан Насаға⁴⁷ жолға шығады. Бір таныстары оларды қонаққа шақырды. Қонақтар тамақтанып болған соң, қолында құманы бар бір қызметші әйел шығып, қолдарын жуу үшін қонақтарды айнала

⁴⁷ Наса – қазіргі Түркіменстан аумағында орналасқан ескі ауыл атауы.

бастайды. Ал, әлгі нишапурлық ер адам болса, қолын жуудан бас тартып: «Әйелдердің қолға су құюы бізге жараспайды. Бұл жігіттікке жатпайды!», – деді.

5. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: Бір күні бір қажы Мәдинада ұйқыға кетеді. Оянған кезде жанында әмиянының жоқ екенін байқайды. Ол сыртқа шығып, Жафар әс-Садықты (р.а.) көріп, сол алған шығар деген оймен: «Әмиянымды сен алдың ба?» – деп сұрай бастады. Жафар (р.а.) одан: «Әмияныңда не бар еді?» – деп сұрайды. Қажы: «Ішінде мың динар болатын», – деп жауап береді. Жафар (р.а.) оны үйіне алып барып, қолына мың динар ұстатады. Кейін қажы өзінің орнына оралып, жоғалтқан әмиянын сол жерден тауып алады. Ол кешірім сұрап, ақшаны қайтару үшін Жафарға (р.а.) барады. Бірақ Жафар (р.а.): «Мен берген нәрсені қайта алмаймын», – деп ақшасын алудан бас тартады.

6. Имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Алла тағаланың сүйікті құлдарының (әулиелерінің) батылдығы мынада: егер оларға шапағат ету құқығы берілсе, олар ең алдымен бұл дүниеде өздеріне зиян тигізгендерге, адасушы, имансыз деп кінәлағандарға және басқа да кемшіліктерді таңып, айыптағандарға шапағат етер еді. Олар бұл дүниеде мүлде білмеген және Алланың

сүйікті құлдары ғана ие болатын Алла тағаланың құзырындағы биік дәрежені көріп, өздеріне зиян келтірген адамды өкініштен құтқару үшін осылай жасайды. Қиямет күні шапағат иесі ізгілерді айыптағандардың жаны тынышталып, қорқыныштары сейіледі».

Сондай-ақ ол былай деді: «Діндар, Алланың сүйікті құлдары, шапағат етуді бұл дүниеде оларға жақсылық жасап, сеніп, ізінен ергендерден бастамаған. Өйткені жақсылық жасаған адам сол жасаған амалы арқылы жүрегі тыныш болады. Оның жақсылығы оған жеткілікті және оның осы амалы оған шапағатшы болады».

Әсіресе, дұшпандары олардың кемшіліктерін естіген кезде табалайтыны белгілі болса, жолдастарыңның кемшілігін жасыру нағыз батыл әрекет екенін біл.

Діндар Әбу Әли әд-Даққак (қ.с.): «Ерлік пен жанқиярлықтың кемелдігі тек Мұхаммед Пайғамбарға (с.ғ.с.) тән болатын. Қиямет күні барлық пайғамбарлар: «Өз жағдайым, өз жағдайым!» – деп өз қамын ойлағанда, Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.): «Үмметім, үмметім!» – деп үмметінің қамын ойлайды.

Азат болу шыншылдықтан қадірлі, ал ерлік екеуінен де қымбат. Адамгершілік, адамшылық – ерліктің бір тармағы. Батыл адамның дүниеден

бет бұрған адамнан айырмашылығы – дүниеден бет бұрған адам байлығы бар кезде, ал батыл адам – өзі мұқтаж кезде басқаларды өзінен артық көреді. Алла тағала былай дейді: «Олар өздері таршылықта болса да, өзгені өздерінен артық көрді».

13-БӨЛІМ. АЗАТ БОЛУ

Нағыз азаттық адамдарға құл болмау және Алланың ешбір жаратылысының бақылауында болмау. Азаттықтың белгісі – адамның жүрегінде өзгелерді алаламай, Алланың барлық жаратылысына бірдей қатынасы.

Сондай-ақ, азаттықты адамның саналы түрде дүниелік игіліктерді тастап, Аллаға құлшылық етуді таңдауы деп айта аламыз.

Азатболудың мәні Аллатағаланың алдындағы құлдығыңның (убудият) кемел болуында екенін ұмытпағайсыз. Жүнайдтан (қ.с.) дүниеден ешбір нәрсе қаламаған адам туралы сұрағанда, ол: «Мукатаб құл (белгілі бір мөлшерде ақша төлеу шартымен азат етілген құл), тіпті, оған (азат болу үшін) бір дирхам ғана төлейтін ақшасы қалса да, ол құл болып қалады». Хусейн ибн Мансур (қ.с.) былай дейді: «Кімде-кім азат болуды қаласа, Алланың алдында құлдықтың шынайы көрініс табу дәрежесіне жетсін. Азаттықтың мұндай

деңгейі өте сирек кездеседі».

Азат болудың үлкен бөлігі мүридтерге қызмет етуде екенін біліңіз. Яхья ибн Муаз (қ.с.) былай дейді: «Дүниенің байлығына ұмтылғандарға құлдар мен күндер, ал мәңгілік өмірге ұмтылғандарға азат және тақуа адамдар қызмет етеді». Алла тағала Дәуіт пайғамбарға (ғ.с.) былай деп уахи түсірді: «Тек Маған ғана құлшылық ететін бір адамды көрсең, оған құл бол». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Халықтың басшысы – халыққа қызмет еткен адам», – дейді.

АЗАТ БОЛУ ТУРАЛЫ ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕР

Азаттық туралы көптеген құнды сөздер айтылды. Солардың кейбірі төмендегідей:

1. Тақуалардың бірі: «Менің нәпсім дүниеден теріс бұрылды. Сол кезде мен үшін кәдімгі тас пен алтынның қадірі бірдей болды», – дейді.

2. Діндар әд-Даққақ (қ.с.): «Кімде-кім бұл өмірде дүниелік нәрселерден таза болса, о дүниеде де одан (яғни, күнәлардан) таза болады», – дейді.

3. Ибраһим ибн Әдхам (қ.с.) былай дейді: «Нағыз азат пенде мына жалған дүниеден көшпей тұрып-ақ, жүрегі дүниеден ажырайды».

4. Сондай-ақ: «Көп тыңдайтын және көп

сөйлемейтін жомарт, азат адамнан басқа ешкіммен дос болма», – деп айтылды.

14-БӨЛІМ. МАХАББАТ

Махаббат дегеніміз – ол жанашырлық, адам табиғатының біреуге немесе бір нәрсеге бейім болуы. Жақсыкөрілген нәрсе (махаббатобъектісі) ғашық адамға ләззат сыйлайды. Құлдың Раббысына деген шынайы махаббаты оның жүрегі барлық рухани кірден тазартылғаннан кейін ғана пайда болады. Өйткені Алла тағалаға деген махаббаттың жағып жіберетін қасиеті бар. Мұндай махаббаттың белгісі екі дүниеге де құмартудан арылу. Алланың құлына деген махаббатының белгісі – құлдың Аллаға деген махаббаты. Алла тағаланың құлға деген махаббаты – құлды өзіне жақындатып, оған жоғары рухани дәрежелер беру арқылы сансыз мейірім мен нығметке бөлеуді қалауы (ирада). Ерік (ирада) – Алла тағаланың бір сипаты. Бірақ бұл сипат байланысты затына қарай түрліше аталады. Ерік жалпы игіліктерге байланысты болса, ол рақымдылық (рахма) деп аталады. Ал егер ерекше игіліктерге байланысты болса, онда ол махаббат (махабба) деп аталады.

Аллаға ғашықтар үшке бөлінеді: қарапайым адамдар, таңдаулылар және арнайы

тандалғандар.⁴⁸ Кімде-кім Алла тағаланы қатты жақсы көрсе, оны бәрі жақсы көреді. Бүкіл мұсылман жамағаты бірауыздан Аллаға және Пайғамбарға (с.ғ.с.) деген махаббат әрбір мұминнің жеке міндеті екенін мақұлдайды.

Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Алла тағала өз құлын жақсы көргенде: «Ей, Жәбірейіл, мен мына құлымды жақсы көрдім, сен де оны жақсы көр!» – дейді. Сонда көктегі барлық жаратылыс бұл адамды жақсы көреді де содан кейін жердегі барлық адам оны қабылдайды». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаланың: «Мен құлдың жүрегіне үңіліп, ол жерде дүниеге деген сүйіспеншілікті таппасам, оның жүрегін Маған деген сүйіспеншілікке толтырамын» – деген сөзін жеткізген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға деген махаббаттың белгісі – Оны еске алуға деген сүйіспеншілік», – дейді.

МАХАББАТ ТУРАЛЫ НАҚЫЛДАР

1. «Құлдың Аллаға деген махаббаты – Алла тағаланы ұлықтау, Оның разылығын үміт ету және үнемі Алланы еске алумен жүректі тыныштандыру».

2. Алланы сүю дегеніміз – парыз және нәпіл ғибадаттарды орындауға асығу, бағынбаушылықты толықтай тастау деп

⁴⁸ Яғни, қарапайым мұсылмандар, мүридтер және муршидтер.

айтылды. Мұны Пайғамбардың (с.ғ.с.) Алла тағаладан жеткізген сөздері де растайды: «Құлдар маған парыздарды орындаудан артық еш нәрсемен жақындамады. Мен оны жақсы көргенге дейін, құл сүннет амалдарды орындау арқылы да Маған жақындауын тоқтатпайды. Ал мен оны жақсы көрсем, оның құлағы, көзі және қолы боламын».

3. Сондай-ақ: «Махаббат – құлдың жамандық көрсе азаймайтын, жақсылық көсе көбеймейтін күйі», – деп айтылды.

4. «Махаббат – ғашықтан басқаның бәрін өртеп жіберетін жүректегі от».

5. Алла тағаланың: «Аллаға құлшылық қылыңдар және Оған серік қоспаңдар» деген сөзін Мұжаһид (қ.с.): «Алладан басқа ешкімді сүймендер», деп тәпсірлейді.

6. Арифтердің бірі (Алланы танушы) Алла тағаланың мына сөзін жеткізеді: «Ей, құлым, мен бәрін сен үшін жараттым, ал сені Өзім үшін жараттым. Сен өзің үшін жаратылғанға жүгіріп, Мені ұмыттың. Егер саған берілген нәрсе сені Алладан алшақтатса, сен ол нәрселер үшін лайықты түрде шүкірлік ете алмайтын боласың. Өйткені сені Менен алыстататын әрбір нығмет – ол жаза, Менен алшақтатқан әрбір сый – ол апат».

Дегенмен, Алланы жақсы көремін деп айтуда да қауіп бар. Сондықтан Фудайл (қ.с.): «Егер сенен: «Алла тағаланы жақсы көресің бе?» деп сұраса, үндеме. Өйткені болымсыз жауап берсең, иманыңнан айырыласың. Ал егер оң жауап берсең, сенің бойыңда Алланы жақсы көретіндерге тән қасиет бар ма, білмейсің. Сондықтан Алланың қаһарынан қорқындар», – дейді. Дін ғалымдарының бірі: «Жәннатта ең жоғары нығмет Алла тағаланы танып, жақсы көргендерге арналған. Жаһаннамда ең ауыр азап Алланы танып, жақсы көреміз деп айтып, өздерінде мұндай қасиет болмағандарға арналған».

15-БӨЛІМ. ЫҚЫЛАС

Ықылас – жасалған амалдарды көрсеу үшін жасаудан сақтану. Ықылас – бұл амалдарды көрсету үшін жасауға қарама-қайшы нәрсе. Егер адам бірдеңені көрсету үшін істемесе, ол оны шын жүректен жасағаны. Ал көзбояушылық (рия) үшін амал жасау – кісінің жақсы амалдары мен қасиеттерін жария қылу арқылы өзгелердің жүрегінен орын алуды қалау. Мысалы, адам өзінің ғибадатын және басқа да жақсы істерін адамдардың байқағанын қалауы. Алла тағала хадис құдсиде былай дейді: «Ықылас –

күлдарымның ішінен жақсы көргендерімнің жүрегіне аманат еткен сырларымның бірі», – дейді.

Аллаға деген ықылас амалда, сөзде және мал-мүлікте болады. Әрбір дәреженің таухидті ұстанушылар үшін өз шарттары бар. Бұл шарттар: кез келген адамнан пайдасы немесе зияны тиеді деп, я болмаса бір нәрсені істеуге тыйым салады деп күтпеу; «мен», «біз», «біздің», «біздікі» деген сияқты сөздерді қолданбау (ауыспалы мағынада қолдану немесе ұмытып кету, бұлардың сыртында). Өйткені болып жатқан нәрселер адамдардың қалауымен деп ойлау, Алла тағалаға серік қосу болып саналады. Алла тағала: «Аллаға құлшылық қылыңдар және Оған еш нәрсені серік қоспаңдар» («Ниса» сүресі, 63-аят) – дейді. Мұнда үкімнің маңыздылығын көрсету үшін «еш нәрсе» деген сөз қолданылған.

Мүридтердің бірі Раббысынан күнәларының кешірілуін сұрап: «Уа, Раббым, мені кешір! Расында Саған серік қоспаған әркімге кешірім беруді уәде еткенсің және менің Саған еш нәрсені серік қоспағанымды білесің» – дейді. Сонда ол: «Сүт әкелген күні де ме?!» деген құпия дауысты естиді. Сонда мүрид ұялып қалды. Өйткені бір күні оған бір адамның сүт әкелгені есіне түсіп: «Сүттің маған зияны тие ме деп қорқамын», – деген еді. Алла бұл сөздерді серік қосу деп

санады, өйткені мүрид зияндылық пен сүтті бір-біріне байланыстырды. Осы туралы ойланып көріңіз.

РИЯНЫҢ ЕМІ

Кімде-кім бұл қасиеттен (көрсету үшін амал жасау) толық арылғысы келсе, ол ықтиярына толық бойсұнатын кемел рухани ұстазға мұқтаж. Бұл рухани ұстаз оны беймәлім жолмен жүргізіп, Алла тағаланы тануға апару үшін қажет. Өйткені бұл жолға (тариқат жолына) түспеген адам ғибадатында бір дәрежеге көтерілмей, нәпсісімен бір жерде тұралап қалады. Егер ол шын ықыласпен тариқат жолына түссе, амалдардың шынайы жаратушысы тек Алла тағала екенін түсінер еді. Сонда ол жасаған амалдарын өзімен және өз қалауымен тек астарлы, ауыспалы түрде байланыстырар еді. Өз денесінің ағзаларын басқа біреу басқаратынын және өзінің тек қозғалатын құрал екенін қабылдай бастар еді. Алла тағала оның дене мүшелерін қозғалысқа келтіріп, оған қуат беріп, қолдау көрсететінін түсінер еді. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Мен үмметім үшін жасырын серік қосудан басқа ешнәрседен қорықпаймын. Бұл (жасырын серік қосу) – рия», – дейді.

Көзбояушылықты емдеу қиын мәселе, өйткені бұл қасиет адам жүрегімен біте қайнасып, содан тамыр жаяды. Оны емдеудің қиын болуының

себебі, кісі адамдардың арасында болған кезде, оларды үнемі бір-бірін мақтап, өздерін жақсы жағынан көрсету үшін жарысып жатыр деп ойлайды.

Имам әш-Шараниден (қ.с.): «Ғибадат-құлшылық жасап жүрген әрбір адам, өздерінің алдарына Алла тағала рұқсат етпеген, Алладан өзге бір мақсат қойып алады. Осы белгі бойынша, адамдарды бірнеше санатқа бөлуге болады:

1. Білімімен, амалымен және басқа да игі істерімен адамдардың жүрегінен орын алуға, атақ пен құрметке ие болуға ұмтылып, қоғамда жоғары орынға ие болуға тырысатындар.

2. Өз білімі және амалы арқылы дәрежесін көтеруге ұмтылып, керемет жасау қабілетіне ие болуды қалайтындар, дүниеде болып жатқан құбылыстарға әсер етуді; су бетімен жүру, ауада ұшу сияқты құпия білімге ие болғысы келгендер.

3. Білімі мен амалынан дүниелік мақсатты көздемей, жәннаттан орын алуды, жәннаттың сұлу қыздары мен ақыреттің басқа да нығметтеріне бөленгісі келетіндер.

4. Білімі мен амалдары арқылы тозақтың отынан және қиямет күнінің азабынан құтылуды қалайтындар. Ақыреттегі Алланың беретін жазасынан құтылуды қалайтындар.

5. Өздерінің білімі мен амалдары арқылы Алла тағалаға жақындауға, Оның разылығы мен Оған деген махаббатқа ие болуға ұмтылатындар.

6. Алланың расында құлшылыққа лайық екенін түсінуден басқа еш нәрсеге ұмтылмайтындар. Ондай адамдар өз күшіне сүйенбей, Алла тағаладан қорқып, барлық әрекеттерін шын ықыласпен жасайды. Олар өзіне бұйырылғандай ғибадаттағы міндеттерін өтеуде тозаңның түйіріндей болса да дұрыстап, лайықты түрде атқара алмадым деп есептейді. Мұндай мүрид Алланың таңдаулы құлдарының ықылас дәрежесіне көтеріледі. Мұндай дәрежедегі адамдардың әрбір кішентай ғана ғибадаты алдыңғы бес санаттағы адамдардың мың жылдық құлшылықтарына тең келеді. «Ибриз» кітабында: «Сауап пен пайда алу үшін істеген амалдарыңның барлығы Алла тағаланың разылығы үшін жасалған болып саналмайды» – деп айтылған.

Алла тағаланың разылығы үшін емес, өзінің максат-мүдделері үшін жасалған адамдардың амалдары мүлде пайдасыз. Мұндай әрекеттер адамды Алла тағаладан алыстатады. Өйткені олардың амалдары Алланың үкімдерінің мәніне қайшы келеді. Алла тағала: «Сен мақсатыңа жету үшін амал жасасаң, мен саған үлкен сауап беремін» деп айтпаған. Керісінше: «Маған шын

ықыласпен құлшылық етесің, Мен сені жақсы сыйға бөлеймін», – дейді. Сондықтан кез келген амалға қатысты ниетіміз тек Алла тағаланың разылығы болу керек.

Жасаған амалдарының тозаңның көлеміндей пайда әкелмейтінін біле тұра, амалдары арқылы пайда мен сауап табатынына сенетін құл қандай жексұрын, надан десеңізші! Өзімізді де, амалдарымызды да Алла тағала жаратқанын біле тұра, Оның мейіріміне сүйенбей, Алла тағала жаратқан осы амалдарымыздың пайдасын аламыз деп қалайша дәмеленеміз?! Аллаға деген немқұрайлылық, селқостық жүректі көр қылады. Алла бізді осыдан сақтасын!

Көзбояушылықтың, амалдарды көрсету үшін жасаудың және өзін жоғары санаудың, тәкаппарланудың (ужб) емі – Алла тағаланы жиі еске алу (зікр). Ижазасы бар мұршид кәміл шынайы таухид пайда болғанға дейін және мұрид өзінің барлық істерін тек Алланың жаратылысы деп санағанға дейін бұл зікірді мұридтің жүрегінде салып отырады. Бұл амалдарда атынан басқа құлға ештеңе тиесілі емес.

Ұстазымыз Абдуррахман әл-Асауи (қ.с.): «Адам Алланы ғана жаратушы ретінде көріп, барлық нәрсені қозғалысқа келтіретін тек Алла деп сезінетін дәрежеге жеткенке дейін,

көзбояушылықтан құтыла алмайды», – дейді. Бұл жағдай мүрид кемелдік дәрежесіне жеткенде ғана болады. Алла жақсырақ білуші!

АМАЛДАРДЫ КӨРСЕТУ ҮШІН ЖАСАУДЫҢ ҚАУІПТІ ТҰСТАРЫ

Амалдарды көрсету үшін орындаудың қауіпті тұстарына Алла тағалаға жақындау ниетімен ғибадат жасауды жатқызуға болады. Бұл жалданып жұмыс істегенге ұқсайды. Бұл – адам бойындағы өте жасырын кемшілік болып табылады. Кейде осындай мақсатпен құлшылық етуші, Аллаға жақындық дәрежесіне көтерілуі де мүмкін. Сонда оған: «Кері қайт! Сен Аллаға жақындауға лайықты емессің», – деп айтылады. Ал бұл дәрежеге Жаратушыға жақын болуды үміт етпей, Оның әмірін орындап, Оның алдындағы парызын өтеп құлшылық ететіндер ғана лайық.

Адамдарға жақсылық жасаудан бас тарту да рияның қауіпті тұстарына жатады. Фудайл (қ.с.) былай дейді: «Адамдар үшін жақсылық жасаудан бас тарту – рия, ал адамдар үшін амал жасау – серік қосу. Ықылас дегеніміз – Алланың сені осы екі күнәдан құтқаруы».

Бұған, сыйлы адам келгенде, Алла тағала рұқсат еткен әзілдерді айтпау да жатады. Фудайл (қ.с.): «Егер маған: «Саған мүминдердің әміршісі

келеді» десе, мен сол үшін мен сақалымды түзетсем, менің есімім екіжүзділер арасында жазыла ма деп қорқатын едім», – дейді. Айтылған нәзік мәселелерге маңызды адам кіргенде басын төмен иіп, кішіпейілдік таныту да жатады.

Уа, мұсылмандар, ықыласты адам адамдардың сөзіне мән бермейді. Адамдар оны айыптаса, жүрегі ауырмайды. Мақтағанды ұнатпайды және оған қуанбайды.

Жүрегіңізбен Алламен бірге болыңыз және соған бар күш-жігеріңізді салыңыз. Адамдарға жақсылық жасаңыз, өзіңізге және отбасыңызға өмір сүруге нәпақа табуға тырысыңыз. Қай жерден тапсаңыз да, адал мал-мүлікке ие болыңыз.

Ибраһим әл-Матбули (қ.с.) былай дейді: «Алла тағала адамдарды жаратқанда олардан: «Сендер кімсіңдер?» – деп сұрады. Олар: «Сені жақсы көретін құлдарың», – деп жауап берді. Алла тағала: «Айтқандарың туралы ойланыңдар, өйткені Мені жақсы көрген адамды Менен еш нәрсе ұзақтата алмайды, тіпті қылыш пен пәле де ұзақтата алмайды», – дейді. Адамдар: «Бізді қалаған нәрсеңмен сына», – дейді. Сонда Алла тағала оларға дүние тіршілігінің нығметтерін жаратты. Адамдардың оннан тоғызы дүниеге беріліп, оннан бір бөлігі ғана қалды. Алла тағала оларға: «Сендер кімсіңдер?», – деді. Олар: «Сені

жақсы көрген құлдарың», – деп жауап берді. Алла тағала былай деді: «Айтқандарың туралы ойланыңдар, өйткені Мені жақсы көрген адамды Менен еш нәрсе ұзақтата алмайды, тіпті қылыш пен пәле де ұзақтата алмайды. Достарыңның дүниелік нәрселерге қалай жүгіргенін көрдіңдер». Олар: «Бізді қалаған нәрсеңмен сынап көр» дейді. Сосын Алла тағала олар үшін жәннатты жаратады. Сонда қалғандардың оннан тоғызы жәннатқа жүгіреді. Алла тағала қалғандарынан: «Сендер кімсіндер?» – деп сұрайды. Олар: «Сені жақсы көргендер», – деп жауап берді. Алла тағала: «Айтқандарың туралы ойланыңдар, жолдастарыңды көрдіңдер», – дейді. Олар: «Бізді қалаған нәрсеңмен сынап көр» – дейді. Сонда Алла тағала оларды бір бәлемен сынайды. Олар табандылық танытып, нық тұрады. Сөйтіп Алла тағала оларға осыны нәсіп етеді. Алла тағала былай дейді: «Сендер Менің шынайы құлдарымсыңдар, дүние нығметіне де, жәннатқа да қызықпадыңдар, қиыншылықтан да қашпадыңдар. Уа, періштелерім, олар Маған жақын құлдарым. Куә болыңдар, Мен олардан разымын».

ЫҚЫЛАС ТУРАЛЫ ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕР

1. Алла тағала: «Таза дін Аллаға тән» («Зүмәр» сүресі, 3-аят). Бұл аят Оған серік

косудан Алла тағала пәк дегенді білдіреді.

2. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұсылманның жүрегінде өшпенділіктің пайда болуына жол бермейтін үш нәрсе бар: амалдарды Алла разылығы үшін ықыласпен жасау, билік иелеріне насихат айту және мұсылмандармен бірге болу».

3. Хасаннан (р.а.) ықылас туралы сұралғанда, ол былай деді: «Мен Хузайфаға (р.а.) ықылас туралы сұрақ қойдым, ол бұл сұрақты Пайғамбарға (с.ғ.с.) қойғанын айтты. Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл туралы Жәбірейіл періштеден сұрадым деп жауап берді. Жәбрейіл бұл сұрақты Ұлы Раббысына қойғанын айтты. Сонда Алла тағала: «Ықылас – менің сырларымның бірі, оны Мен сүйген құлымның жүрегіне аманат еттім», – деп жауап берді.

4. «Егер олар өздерінің ықыластарын – шын ықылас деп есептесе, онда олардың ықыластарының өзі ықыласқа мұқтаж» – деп айтылды.

5. Жұнайд (қ.с.) былай дейді: «Ықылас – Алла мен құл арасындағы сыр. Оны періште де жаза алмайды, шайтан да бұза алмайды, құмарлық та оны жоя алмайды».

6. Діндар Саһлдан (қ.с.): «Нәпсі үшін ең киыны не?» – деп сұралды. Ол: «Ықылас, өйткені онда нәпсінің үлесі жоқ», – деп жауап берді.

7. Дін ғалымдарының бірі: «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтатындар көп, бірақ ықыласты құлдар өте аз», – дейді.

8. «Құл ғибадатта қырық күн ықыласты болса, оның жүрегіндегі хикмет бұлақтары тілінен төгіледі», – деп айтылды.

9. Тақуалардың бірі: «Дүниедегі ең сирек нәрсе – ықылас. Қанша жерден мақтануға деген құштарлықты жүрегімнен өшіруге тырыссам да, ол басқа түске боялып шыға келеді», – деді.

16-БӨЛІМ. АДАМДАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адамдарға көмектескеннің аяғын Аллатағаласырат көпірінде берік қылады», – дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұсылман бауырына көмектескен сайын Алла тағала құлына жәрдем береді», – деп ескерткен. Алла тағала адамға билік беріп, жер бетінде әділ тәртіп орнату үшін оны басқа жаратылыстан жоғары қойды. Әли әл-Хаууас (қ.с.) былай дейді: «Құлдардан оларға берілген игіліктерді алып тастау уақыты келгенде, Алла адамдарды сынау үшін жер бетіне періштелерді жібереді. Халық арасында кеңпейілділігімен, қонақжайлығымен

танылған адамның босағасына періштелер келіп, одан бір нәрсе сұрап, табандылық танытып тұрып алады. Әлгі адам өтініштерін орындаса да, періштелер қайта-қайта сұрай береді. Сонда адам ашуланып, жаман мінезін көрсетіп қояды. Сонан соң періштелер Аллаға жалбарынып, Алла ол адамды нығметтерінен айырып қояды».

Мұны Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына сөздері растайды: «Кісі адамдарға көмектесуден жалыққанға дейін Алла тағаланың ол құлына беретін нығметтері бар. Олар шаршаған кезде Алла бұл игіліктерді басқа құлдарына береді»;

«Ей, Айша, Алланың саған берген нығметтеріне құрмет көрсет, өйткені олар бір үйдің босағасынан кетіп қалса, қайтып келуі сирек болады».

АДАМДАРҒА КӨМЕКТЕСУДІҢ АБЗАЛДЫҒЫ

Уа, мұсылмандар, мұминдерге құрмет көрсету арқылы Алла тағаланы ұлықтандар. Сыйластық арқылы мұмин нағыз тақуалық дәрежесіне жетеді. Діндар Маруф әл-Курхи (қ.с.) Дәуіт әт-Тайдың (қ.с.) достарының бірі оған: «Жақсы амалдарды тастаудан сақтан, өйткені олар сені Раббыңның разылығына жақындатады», – деп айтқанын айтады. Бұл

қандай амалдар екенін сұрағанда, естіген жауабы: «Раббыңа үнемі мойынсұну, мұсылмандарға қызмет ету және оларға тура жол көрсету. Ең бейшара адам – байдың алдында өзін қорқылып, оның әділетсіздігіне мойсұнатын кедей адам. Ал ең ұлық адам – кедейлердің көңілінен шығуға тырысатын және оларға құрмет көрсететін бай кісі».

Бұрынғы өткен салих адамдар дін бауырларына көмектесуге және кедейлердің қиындығын жеңілдетуге асығатын. Имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Мен ұстазым Әли әл-Хаууас (қ.с.) біздің заманымыздың кейбір адамдарының имандылығының төмендеу себебін сұрадым, ол былай деп жауап берді: «Мұның себебі – олардың достық пен махаббатқа жетелейтін нәрселерден бас тартуы. Олар: бір-біріне көмектесу, сыйлық сыйлау, садақа және басқа да игі істер». Хадисте: «Жүректер жаратылысынан өздеріне жақсылық жасағандарды жақсы көру үшін жаралған» деп айтылған. Әли әл-Хаууас (қ.с.) әкесінің оған былай дегенін айтты: «Мен әйеліме көйлек, аяқ киім, сабын, бидай, арпа, қант, бал, жібек, орамал, шалбар сияқты адамға қажетті нәрселерді сатып алғаным есімде жоқ. Достарымыз бізге мұның бәрін өздері әкеліп беретін». Бұдан шығатыны, адамдар бір-біріне көмектесіп, жақсылық жасаса,

олардың жүректері бірігіп, қиыншылықтар оларға қауіп төндірмейді. Адамдар арасында алауыздық өрті тұтанғанға дейін, апат, қайғылар жер мен көктің арасында болады. Адамдардың жүректері бір-бірінен ажырағанда оларға апат келеді.

Мүридтерді ойша болса да кінәлаудан сак бол. Егер олар саған: «Бізге жақсылық қылып, байлығыңнан бермесең, бізбен бірге болма», – десе, бұны олар дүниені жақсы көргені үшін емес, сені сынау үшін айтып жатыр деп біл. Олар сенің мал-мүлкіңнен көрі оларды жақсы көргенінді қалайды. Көптеген саудагерлер мен дәулетті адамдар ұстаздарына: «Алланың атымен ант етеміз, сен бізге бүкіл дүние-мүлкімізден, отбасымыздан да қымбатсың!» – дейтін. Ал олардан бір динар сұралса, бергісі келмейді. Мұндай адамдарға садақа беру қандай қиын!

Уа, мұсылмандар, ақшасы жоқ адамға үйленуге жәрдемдесу құл азат етуден және жорыққа қатысудан да артық. Мың немесе одан да көп динарыңыз бола тұра, құдық салуға, үйленуге қаражаты жоқ адамға көмектесуге, жетім баланы киіндіруге, қиын жағдайда қалған адамның қарызын өтеуге бермесеңіз немесе көршіңізді қуантпасаңыз, бұл дүниеден ақыретке көшуге қорқыңыз.

Имам әш-Шарани (қ.с.) былай дейді: «Біз басына қиындық түскен әрбір адамға көмектесуге сөз бердік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Мұсылмандар бір дене сияқты: егер бір мүше (ауру салдарынан) қиналса, бүкіл дене ұйқысыздық және қызудың азабын шегеді». Сондай-ақ біз үйден жиырма минут немесе одан да көп уақытқа шыққанда: «Уа, Раббым, егер мұсылман бауырлардан немесе басқа біреу бір мұқтаждықпен немесе сәлем беру үшін бізге келетін болса, біз қайтып келгенше оның күтуін қамтамасыз ет. Ал егер ол жолға шыққан болса, ол келгенше біздің шығып кетпеуімізді нәсіп ет!» – деп дұға жасап барып шығуға ант бердік.

17-БӨЛІМ. УАРА‘

УАРАДЫҢ МӘНІ

Уара‘ – шариғат шарттарын орындауда күмәнді нәрселерден қашу. Діндегі күмәнді нәрселер – рұқсат етілгені немесе тыйым салынғаны анық емес нәрселер.

Дінде уарадың маңыздылығын шейх Әбу әл-Хасан (қ.с.) былай түсіндіреді: «Жүректеріңді дүниелік нәрселерге байлаудан, әйелдерге деген сүйіспеншіліктен, нәпсіқұмарлықтан сақтандар. Барлық нәрседе Алла тағаланың саған берген

нығметіне риза бол. Егер оған Алла тағала разы болатындай амалмен қол жеткізген болсаң, оған шүкіршілік ет. Ал егер оны Жаратушының ашуын тудыратындай етіп алсаң, сабырмен одан бас тарт». Аллаға деген махаббат барлық жақсылықтардың айналатын осі сияқты. Бұл игіліктерді қорғаушы «қамал» төрт қасиет: шынайы тақуалық, ізгі ниет, істегі шынайылық және дін ғылымымен айналысу. Дегенмен, егер тақуа мұсылман адаммен немесе саған нұсқау беретін ұстазбен байланыста болмасаң, бұл төрт қасиет сенің бойыңда кемеліне ермейді.

Шариғат рұқсат еткен нәрселерден басқа дүниелік нәрселерді өзгеден алудан сақ бол. Қазылар харам жолмен алуға дағдыланған дүниеге қолыңды созудан сақ бол. Ібіліс оларға қоқысты алтынмен аптап, уды тәттімен қаптап безендіріп қойды. Дәмі тәтті, бірақ өлтіретін уды ішу немесе алтынға ұқсайтын қоқысты таңдау – ақымақтың әрекеті.

Расында, бұл дүниенің материалдық құндылықтары шектеулі. Дүние байлығының көбі таусылды, аз ғана бөлігі ғана қалды, оның өзі бұзылған. Алла тағала: «Мәңгілік өмір қайырлы әрі ол тұрақты» («Әлә» сүресі, 17-аят) дейді.

Ұстазы қарызға ақша алған шәкіртіне былай деді: «Ей, балам! Тасаууф ғалымдары Алла

жолындағы адамға адамгершілік, ержүректік, батылдық шарт деген. Бірақ сен қорлықты, қорқақтық пен сужүректікті таңдапсың. Батылдықтың мәнін түсінбепсің. Арсыздыққа апаратын әрекет жасадың. Өзге адамнан ақша алуға қалай ұялмайсың?! Сыйлықтан бас тарту шариғатта құпталмаса да, бас тартуға болмайтындардың сыртында мен оларды қабылдамайтынымды білесің! Алсам да, мүмкіндігінше, орнын толтыруға тырысамын.

Ей, балам, мен адам қолындағыдан бас тартқан тау текесіндей болғанды жөн көремін. Дүние байлығын бәрін қоссаң да, Алла тағала үшін масаның қанатындай болмайтын дүниені адамдардан күтетін ешкі сияқты болғым келмейді».

Ибраһим ибн Адхам (қ.с.): «Азығыңды шариғат рұқсат еткен жолмен тап. Сонда күндіз нәпіл ораза ұстап, түнде ғибадатқа тұруға қажет қалмайды».

УАРАҒ АЛЛАНЫҢ НЫҒМЕТІН ҚОЛДАНУДАН ТЫЙМАЙДЫ

Шынайы уарады Алла тағаланың нығметтерінен ләззат алумен бірлестіруге болады. Уарағ тек харам, мәкрух және күмәнді саналатын нәрселерден тыйылу ден сөз.

Ғұламалар: «Мүридтің ісі – тыйым салынған және күмәнді нәрселерден тыйылу, ал мұның бәрінің тірегі – астың адал болуына көңіл бөлу. Адал тамақ тұтынатын адам күнә жасағысы келсе де, күнә жасай алмайды. Ал тыйым салынған нәрселерді тұтынған адам Аллаға құлшылық қылғысы келсе де, табысқа жете алмайды».

Айта кету керек, рұқсат етілген нәрседен тыйылудың тақуалыққа қатысы жоқ. Хадисте: «Бір адам күн астында тұрып ораза ұстауға нәзір етті. Алла Елшісі (с.а.у.) бұл кісіге көлеңкеге кіріп, отырып, оразасын аяқтауды бұйырды». Пайғамбар (с.ғ.с.) оған Аллаға ғибадат саналатын нәрсені аяқтауды және ғибадат емес нәрсені тастауды бұйырды. Әттең, тақуалықты ту еткен адам рұқсат етілген нәрселерден бас тартып, таза әрі күнәсіз қалса ғой! Бірақ іс керісінше, ол шарифатқа қатысы жоқ нәрсені шарифатқа жатқызғандықтан күнәһар болады. Бір нәрсені екіншісінен артық деген сенім, бұл адасушылық – шарифаттың шешімі екі нәрсеге де бірдей.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бал қосылған халуаны жақсы көретін, ет жейтін, әсіресе ортаңғы жілікті ұнататын, суға құрма мен мейіз қосып сусын әзірлейтін, миск қолданатан.

УАРАҒА ТУРАЛЫ ӘДЕМІ СӨЗДЕР

1. Ғалымдардың бірі: «Тақуалық (уара) – күмәнді нәрселерден бас тарту», – дейді.

2. Сондай-ақ: «Сыртқы тақуалық – адамның Алланың разылығы болмайтын ешбір қимыл жасамауы. Ал ішкі тақуалық – адам жүрегіне Алладан басқа ешнәрсенің болмауы» – деп айтылды.

3. Суфиян әс-Саури (қ.с.): «Мен тақуалықпен жүруден оңай нәрсе көрмедім: қандай нәрседе кішкене күмән болса, оған жуымайсың», – дейді.

4. «Уара – тілінді мақтау мен айыптаудан сақтау».

5. Бір діндар ғалымнан: «Дінде ең басты нәрсе не?» – деп сұрағанда, ол: «Тақуалық» деп жауап берді. Ал одан: «Діндегі апат не?», – деп сұрағанда, ол: «Дүние байлығына сараңдық», – деп жауап берді.

6. Алла тағала Мұса пайғамбарға (ғ.с.) уахи түсірді: «Құлдар тақуалық пен дүниеден бет бұрудан артық нәрсемен Маған жақындамайды».

7. Абул-Фауарис әл-Кирмани (қ.с.): «Тақуалықтың белгісі – уара, ал уарадың белгісі – күмәнді істерден бас тарту», – дейді.

8. Сондай-ақ: «Өтіріктен, зұлымдықтан және

жала жабудан аулақ бол, сосын қалағаныңды істе» делінді.

9. Салихтар айтады: «Кімде-кім харамнан көзін тыйса, нәпсісін күмәнді істерден сақтаса, ішкі әлемін үнемі Алла тағалаға бұрса, ал сыртқы әлемін Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетін орындаумен әсемдесе, өзін адал асқа ғана үйретсе, оның көрегендігі мен түйсігі оны адастырмайды».

10. Шәкиқ (қ.с.) былай дейді: «Адамның ең жақсы қасиеті төртеу: ашу кезінде жұмсақтық таныту, жоқшылықта жомарттық көрсету, кез келген жағдайда шындықтан таймау және оңаша қалғанда тақуалықты сақтау».

11. Дін ғалымдарының бірі: «Мына он нәрсені өзіне парыз санамайынша кісінің тақуалығы толық болмайды: 1) тілді күпір сөздерден сақтау; 2) басқаларды келеке етуден аулақ болу; 3) біреу туралы жаман пікірден аулақ болу; 4) тыйым салынған нәрсеге қарамау; 5) шыншыл болу; 6) Алланың мейіріміне үміт артып, өз-өзіне сеніп, менменсіп кетуден сақтану; 7) мал-мүлкін жамандыққа емес, жақсылыққа жұмсау; 8) атаққұмарлық пен тәкаппарлықтан сақтану; 9) парыз намаздарын қалдырмай оқып, жамағатпен намаз оқуға тырысу; 10) сүннет жолын үнемі және қатаң ұстану».

ТАҚУАЛАРДЫҢ ТАБАНДЫЛЫҒЫ

Төменде уара, тақуалық және шарифатты орындауда табандылық танытқан салихтардың өмірлерінен мысалдар мен айтқан сөздері берілген:

1. Риуаят бойынша: «Хасан ибн Әбу Саннан (қ.с.) жатып ұйықтамайтын, майлы тамақ жемейтін және салқын су ішпейтін».

2. Харис әл-Мухасибидің (қ.с.) әкесі – қадария⁴⁹ сеніміндегі адам болатын. Әкесі қайтыс болғанда Харис мұрадан бас тартуды тақуалық деп санады. Өйткені ол әкесі қайтыс болар алдында әһли сүннет уәл жамағат сенімінде болмады деп ойлады. Осындай оймен ол мұрадан бас тартты. Өйткені хадисте әртүрлі дін өкілдері өзара мұрагер бола алмайтынына қатысты: «Екі түрлі дін өкілі бір-бірінен мұра алмайды», – деп айтылған.

3. Әбу Әли әд-Даққак (қ.с.): «Харис әл-Мухасибиді (қ.с.) күмәнді тағамға қолын созса болды, қолдары дірілдей бастайтын. Бір күні Жунайд әл-Бағдади (қ.с.) бір жақынының үйлену тойынан Хариске (қ.с.) тамақ алып келеді.

⁴⁹ Қадария – тағдыр адамның өз қолымен жасаған ісі, адамның іс-әрекетін жаратушы Алла тағала емес кісінің өзі деген сенімді алға тартқан адасқан топ. Бұлар омейядтар халифаты кезінде пайда болды.

Алайда Харис (қ.с.) оны жеуден бас тартады. Бірнеше күн өткеннен кейін оған құрғап қалған нан ұсынылады. Сонда ол нанды қолына алып: «Мүридке ас ұсынсаң, осыны ұсын», – деген екен.

4. Хамдун әл-Кассара (қ.с.) өлім аузында жатқан бір досының жанында болады. Досы қайтыс болғаннан кейін Хамдун (қ.с.) шамды сөндіреді. Жанында отырғандар: «Мынадай жағдай болып жатса, шамды өшіргенің қалай?» – дейді. Бұған Хамдун (қ.с.) былай деп жауап береді: «Осы уақытқа дейін ол шамның иесі бар еді. Ал енді осы сәттен бастап бұл шам оның мұрагерлерінің меншігіне айналды. Бізге қолдануға болмайды».

5. Имам әш-Шарани (қ.с.): «Біз өз отбасыларымыз болған жерге, тіпті, әтек болса да (ер) қызметшілерді кіргізбеуге сөз бердік».

Бұрынғы өткен салих, тақуалы жандар тамақ, сусын, киім және үй-жайдың сән-салтанатынан бас тартты. Мүминдердің әмірі Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) егер біреуі жеткілікті болса, бір уақытта екі түрлі тағам жеуден баласын тыйып, мөлшерінен асып кеткеннің бәрін жұртқа таратуды бұйырды.

18-БӨЛІМ. АДАМДАРДАН АЛЫСТАУ

АДАМДАРМЕН КӨП АРАЛАСУДЫҢ ЗИЯНЫ

Халуат дегеніміз – адамдар арасында болсаң да, жүрегіңмен олардан ұзақ болу. Ал, **узлат** дегеніміз – басшы, билік өкілдерінен ұзақ болу, олардың қолындағы материалдық құндылықтарға қызықпау және тақуалықта (уара) табандылық танытып, нәпсінің қалауы мен құмарлығынан алшақтау.

Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Амандық – жалғыздықта, ал бәле – екі адамның арасында. Денелерің адамдармен, ал жүректерің Алламен бірге болсын», – дейді. Сондай-ақ ол: «Менің Алламен бірге болатын ерекше уақытым бар, ол жерде Аллаға жақын періштеге де, жіберілген пайғамбарға да орын жоқ», – дейді. Бұл – оңаша калу уақыты, деп айтылды.

Адамдармен көп уақыт өткізіп, оларға жүрегімен жақын болған адам ғибадаттың дәмін ала алмайды. Дүниелік нәрселерді тым жақсы көретін адамның ақыры жаман болу қаупі бар. Залыммен дос болған адам дінінде тура жолда қалады деген үміт аз. Адамдардың разылығын

іздеген адам, Алла тағаланың разылығын ала алмайды.

Құлға ең пайдалы амалдар: ұдайы үнсіздік; үйде болу; адамдардан аулақ болу. Бірақ соңғысы менмендік пен мақтаншақтықтан емес, өзін адамдар арасында көрінуге лайықсыз деп санағаннан және оларға құтырған иттің беретін зиянындай зияным тиіп кетеді деген сенімде болу.

Адамдармен араласқанда ешкімнің өзін күнә жасаудан қорғай алмайтыны даусыз. Адам тілін күнәдан қорғай алса да, құлағы күнә естиді. Ал тыңдаушы – күнәға бату жағынан сөйлеушінің серігі.

Жунайд әл-Бағдади (қ.с.) былай дейді: «Кімде-кім дініне зиян келмеуін және денесінің тыныштықта болуын қаласа, адамдардан аулақ болсын. Мына заман – жалғыздықты өзіне серік қылған адамның сыртында, әр ақылды адамды қорқыныш билеген, қам жеген, мұңы басым заман».

19-БӨЛІМ. ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ ПЕН КІШПЕЙІЛДІК

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ ПЕН КІШПЕЙІЛДІКТІҢ МӘНІ

Қарапайымдылық (тауаду‘) – Алла тағалаға толық мойынсұну және Оның алдын ала жазған тағдырын еш қарсылықсыз толықтай қабылдау. Ал кішіпейілділік (хушу‘) – жүректің толық Алла тағаланы ойлауға бағытталған күйі.

Сондай-ақ, кішіпейілділік – барлық құпияны білуші Алланың алдында өзінің түкке тұрғысыз екенін сезіну, адам үнемі өзінің Алланың бақылауында екенін түсінген кезде оның қандай төмен екені жүрегіне аян болады. Алла тағала былай дейді: «Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе: “сәлемет болсын” деп қана жауап береді» («Фурқан» сүресі, 63-аят). Яғни, олар қарапайым, кішіпейіл, сабырлы. Надандар оларға сұрақ қойса, әдемі түрде жауап беретін тақуа адамдар.

Тақырыпқа қатысты Алла Елшісінің (с.ғ.с.) хадистері: «Алла тағала ешкім ешкімге тәкаппарлық танытпай, ешкім ешкімді ренжітпейтіндей қарапайым болуларың үшін

маған уахи түсірді»; «Алла тағала өзі қорғауына алған адамдардың сыртында, кісіге діні немесе дүниесіне қатысты оны саусақпен нұқып көрсету оған зұлымдық ретінде жеткілікті»; «Адамды құртатын үш қасиет бар: адамды өзіне бағынышты қылған сараңдық, кісіні ерттеп, мініп алған құмарлық және өз-өзіне масаттану»; «Жүрегінде тозаң түйіріндей тәкаппарлық болған адам жәннатқа кірмейді. Ал жүрегінде тозаң түйіріндей иманы болған адам тозаққа кірмейді».

Әбу Язид Бастами (қ.с.) бірде құлағына мынадай бір дауыс келгенін айтады: «Ей, Әбу Язид! Алла тағаланың құдықтары ғибадатқа толы. Егер Алла тағаланы тануға қол жеткізгің келсе, онда Раббыңа мұқтаждығыңды көрсетіп, өзіңнің төмендігіңді қабыл ет (өзіңді өзгеден артық санама).⁵⁰

КІШІПЕЙІЛДІКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Тәкаппарлық – ақиқатты қабылдамау, адамдарды менсінбеу және оларды жеккөру. Ал кішіпейілділіктің белгілері – ақиқатқа еру, өркөкіректенбеу және адамдарға жұмсақтық таныту және шындықты кімнен болса да

⁵⁰ Бұл сөздердің мағынасы мынау болса, керек: Мүридтердің көбі Алла тағалаға ораза, намаз, садақа сияқты құлшылықтар арқылы жақындады. Алланың кейбір құлдары ғана Оған кішіпейілділік пен өзін төмен санау арқылы жақындады.

қабылдау. Кішіпейілділік сонымен қатар адамдарға көмектескенде олардың арасын алаламау, дүние істерінде де, ақырет істерінде де саған ешкім мұқтаж емес екенін түсіну, жоғары рухани дәрежеге ұмтылуды ойламау және адамдар арасында ең жаманы менмін деп ойлау.

ДІНДАРЛАРДЫҢ КІШПЕЙІЛДІЛІК МЫСАЛДАРЫ

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) үлгі алған ізгілер ешқашан бір-біріне тәкаппарлық танытпаған. Алла Елшісі (с.ғ.с.) науқасты зиярат етті, жаназаға қатысты, есекке мінді, қызметшісі шақырғанда барды, түйе бақты, үй сыпырды, аяқ киімін жөндеді, киімін жамады, қой сауды, қызметшісімен бірге тамақ жеді және қызметшісі шаршаған кезде бидай тартуға көмектесті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отбасына қажетті заттар алу үшін базарға барудан арланбады. Кедеймен де, баймен де қол алысты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдардың басына түскен қиыншылықты жеңілдетті, жұмсақ мінезімен, ерекшеленді. Адамдарға жақсы қарады, ақжарқын, жылы жүзді, күлімсіреп тұратын, бірақ қатты күлмейтін. Мұңаятын, бірақ тұнжырамайтын. Қарапайым еді, бірақ өзін қор қылмайтын. Жомарт еді, бірақ ысырап жасамайтын, жүрегі нәзік, әрбір мүминге мейірімді болатын. Пайғамбарымыз

(с.ғ.с.) ешқашан қарнын тоя толтырмаған және ашкөздікпен ештеңеге жүгірген емес.

Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) жылдам жүретін және былай дейтін: «Осылай жылдам жүру мақсатқа жетелеп, кісіні тәкаппарлықтан сақтайды». Бір күні ол өзіне бір нәрсе қажет болып, соны алуға барғанда, қасындағылар оған: «Бізге айтсаңыз, әкелетін едік қой», – дейді. Сонда ол: «Мен Омар болып барып қайттым»⁵¹, – деп жауап берді.

Былай риуаят етілді: «Зәйд ибн Сәбит (р.а.) түйемен кетіп бара жатқанда, Ибн Аббас (р.а.) үзеңгіні ұстау үшін оның алдына келді. Зәйд (р.а.): «Олай істеме, уа, Алла Елшісінің (с.ғ.с.) көкесінің баласы!» – деді. Ибн Аббас (р.а.) былай деп жауап берді: «Бізге дін ғалымдарына осылай қызмет ету бұйырылды». Сонда Зәйд (р.а.) Ибн Аббастың (р.а.) қолын ұстап, сүйіп: «Бізге Алла Елшісінің (с.ғ.с.) әулетіне құрмет көрсету осылай бұйырылды», – деді.

Уруа ибн Зубайр (р.а.) былай дейді: «Мен Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) иығында ауыр су торсығын көтеріп алғанын көрдім де, оған: «Уа, мүминдердің әмірі, сізге олай көтеруге болмайды!», – дедім. Сонда Омар (р.а.): «Маған бас иіп, кішіпейілділікпен түрлі делегация

⁵¹ Бұл сөздердің мәні мынада болса керек. Яғни, бұл әрекеті оның қадір-қасиетін мүлде төмендетпейді.

келгенінен, мені мақтаныш сезімі билей бастады. Мен сол сезімді сындырғым келді», деді де, осы су торсығымен ансарлық егде әйелдің үйіне барып, оның ыдысына су құйып берді».

Бір күні адамдар Мәдинаның әміршісі Әбу Һурайраның (р.а.) бір бума отын арқалап алып: «Әміршіге жол беріңдер!» – деп қайталап кетіп бара жатқанын көреді.

Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Мұсылман бауырының ыдысынан қалған сусынды ішу – кішіпейілділіктің белгісі».

Омар ибн Абдулазиз (р.а.) баласына былай деп жазды: «Мен сенің жүзікке мың дирхам тұратын асыл тас сатып алғаныңды естідім. Менің хатымды алған соң ол жүзікті сатып, түскен ақшаға мың адамды тамақтандыр. Өзіңе екі дирхамға сақина сатып ал да, қарапайым қытай тасына тапсырыс бер. Сосын оған: «Нәпсісінің бағасын білген адамды Алла рақымына бөлесін» деп жазып қой.

Омар ибн Абдулазиз (р.а.) мұсылмандарға уағыз айтқан кезде оның үстінде құны он екі дирхам болатын киім болған. Олар: шекпен, сәлде, көйлек, шалбар, былғары шұлық және бас киім.

Ибраһим ибн Адхам (қ.с.) былай дейді: «Мен мұсылман болғалы екі рет қатты қуандым.

Бірінші рет мен бір көңілді жігітпен кемеде болдым. Ол: «Түркі қалаларында біз Исламды қабылдамағандарға осылай жасайтынбыз», – деп, шашымнан ұстап, сілкіп тастады. Мен бұған қуандым, өйткені оның көзінде кемеде менен асқан жексұрын адам жоқ-тұғын. Екінші рет ауырып, мешітте жатыр едім. Азаншы келіп: «Шық!» деді, бірақ орнымнан тұра алмадым. Сосын ол аяғымнан сүйреп, мешіттен шығарып тастады».

ТӘКАППАРЛАРҒА НАСИХАТ

Уа, мұсылмандар, жан-тәніңізбен ойланып, толғаныңдар, сонда барлық нәрседен ұлы Жаратушыны көресіңдер. Алланың жаратқанын қалайша жек көресің? Алланың жаратқандары көзінде, жүрегінде үлкен болып көрінсін. Мүрид басқа адамдардың кемшілігін көре беретін болса, кемелдікке жете алмайды. Өзгелердің кемшілігін көріп, сынайтын мүрид, оны жетілдіретін, тәрбиелейтін және тақуа жандардың, періштелер мен пайғамбарлардың дәрежесіне жеткізетін мұршидке мұқтаж.

Бірде шейх Мұхиддин ибн әл-Арабидің (қ.с.) басынан мынадай оқиға өтеді. Бір күні ол кемеге мінген кезде жел көтеріліп, дауыл тұрады. Ол: «Тыныштал теңіз, үстінде білім теңізі бар!» Оның сөзінен кейін толқын басылып, судың

ішінен бір үлкен мақұлық шығып, шейхке бұрылып: «Ей, Мұхиддин, мен саған бір сұрақ қояйын, егер оған жауап берсең, ғалымсың, ал егер жауап бере алмасаң, надансың», – дейді. Ол: «Қандай сұрақ?» деп сұрайды. Мақұлық: «Егер Алла тағала бір әйелдің күйеуін қандайда бір басқа жаратылысқа айналдырса, оның иддет⁵² мерзімі қандай болады? Күйеуі қайтыс болған әйел сияқты ма, әлде талақ берілген әйел сияқты ма?» – дейді. Шейх не айтарын білмей қалды. Сонда мақұлық: «Егер мені өзіңе ұстаз қылсаң, сұрақтың жауабын аласың», – дейді. Ғалым бұған келісіп, мақұлық былай деп жауап береді: «Егер күйеуі тірі жанға айналған болса, онда әйел ажырасқандағыдай иддет ұстайды. Ал егер ол жансыз затқа айналған болса, онда иддет күйеуі қайтыс болған кездегідей болады». Осы оқиғадан кейін адамдар дүниеден өткеге дейін шейх Мұхиддинден (қ.с.) қандайда бір білімінің бар екеніне қатысты ешқандай сөз естімейді.

Мына сөздер туралы ойланып көрейікші: «Егер мен бір кісінің алдында кішіпейіл болып, сыпайылық танытқанда ол адам тәкаппарланып кетеді деген қорқыныш менде болмағанда, солай етер едім». Бұл сөздер нағыз тәкаппар адамның сөзі. Өйткені сіз өзіңізді дін

⁵² Иддет – күйеуі қайтыс болған немесе ажырасқан әйелдің басқа адамға күйеуге шығуына рұқсат етілмейтін белгілі бір уақыт кезеңі.

бауырыңыздан жоғары қоясыз, содан кейін оның деңгейіне түсесіз. Алланы танығандардың ұятына келсек, олар бұл тәкаппарлықтан ада. Өйткені олар өздерінің рухани дәрежесін басқа мұсылмандардан жоғары деп санамайды. Пайғамбарлар күнәсіз бола тұра, олар Алла тағаладан өздерін шайтаннан және жалған мәсих дажжалдың бүлігінен сақтауын сұрады. Әли әл-Хаууас (қ.с.) былай дейді: «Дажжалдың фитнасы, ол Алланың сипаттарын өзіне таңа бастағанда Дәжжал заманында өмір сүрген адамдар оны ақтап алады деген қорқыныш». Хадисте құдсиде Алла тағала былай дейді: «Ұлылық пен тәкаппарлық – Менің киімім (яғни, Алла тағалаға ғана тән қасиеттер). Кімде-кім олардың біреуін Менен шешіп алғысы келсе, Мен оның көзін жоямын».

Ей, мұсылмандар, адамдарға үкім шығарудан сақтанындар. Расында, Алла тағаланың құл бейнесіндегі патшалары бар және патша бейнесіндегі құлдары бар. Алла тағала Өзінің құлына құлдық (убудия) киімін жиі кигізіп, оны Өз құзырында құл, басқалардың алдында қожайын етеді. Кім өз нәпсісін Перғауыннан жоғары деп санаса, тәкаппарлық жасағаны. Қарызын өтеуді нәпсіден артық кешіктіретін борышкер жоқ. Шайтаннан асқан жау жоқ. Өз құмарлықтарыңнан күшті жау жоқ.

Алла тағаланың көмегіне кедергі болатын тәкаппарлықтан асқан нәрсе жоқ. Өйткені жаңбырдың суы тау басына емес, ойпатты жерге жиналғаны сияқты, тәкаппардың жүрегі де солай: мейірім олардың жүректерінен алыстап, ұятты жандардың жүректерінде орналасады. Сонымен қатар, жарасымды, әдемі киінетін адамдар емес, шындықты қабылдамайтын адамдар тәкаппар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тәкаппарлық – ақиқатты менсінбеу, яғни оны қабылдамау және адамдарды төмен көру», – дейді. Дегенмен, менмендік тек жоғары лауазымды немесе ауқатты адамдарға ғана тән деп ойламаңыз. Кейде ол кешкі асты ішпеген адамда да болуы мүмкін. Тәкаппарлық адамды тек қана бұзады, жақсартпайды. Өйткені бұл Алла тағаланың жаратқандарына деген тәкаппарлық.

Күнәһарлар қандай жиіркенішті істер жасаса да, өзінді олардан артық санамау керектігін біл. Егер мүрид өзін иттен немесе шыбыннан артық санаса, онда ол ұлы адамдардың (шейхтердің) кемелдігіне жете алмайды. Күнәһарларға ашулануға болады, өйткені олар ақиқатты тастап, өтірікке еріп, Алланың жолынан алыстап кетті. Мұндай күйдегі ашу, Алла разылығы үшін ашулану болады.⁵³ Өйткені, күнәһарлар тәубеге келіп, Аллаға бет бұрып, кейін олардың рухани

⁵³ Яғни, олардың өздерін төмендетіп, оларға ашулану емес, олардың мойынсұнбаушылықтары мен күнәларына ашулану.

жағдайы бізден де жақсырақ болуы мүмкін. Әш-Шарани (қ.с.) өзінің ұстазы Әли әл-Хаууастан (қ.с.): «Білгенімен амал ететін ғалым бола тұра, өзімді надан мен залымнан қалай төмен санаймын?» – деп сұрады. Ұстазы былай деп жауап берді: «Шындығында адамдардың бір-бірінен артықшылығы олардың болмысында (денесінде) емес, қасиеттерінде. Алла тағаланың: «Ей, Пайғамбар, былай де: Мен де сендер сияқты адаммын, маған уахи түсірілді» («Кәһф» сүресі, 110-аят) деген сөздері туралы ойлан. Хақ тағала адамдар мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) арасын тек уахи арқылы бөлді және Өзі үшін жаратылған Алла тағалаға мойынсұнудан басқа олардың арасына ешқандай айырмашылық қоймады. Бұдан адамдардың бір-бірінен артықшылығы тек тұрақты, өзгермейтін нәрседен ғана болатынын аңғаруға болады. Ал адамның білімі мен жағдайы өзгеріп отырады». Ендеше, уа, мұсылман, егер сен біліміңнен айырылсаң, сені надандардан жоғары жоғары қылатын қасиеттен де айырылар едің.

Мұса пайғамбардың (ғ.с.) алдында екі адам өздерінің асыл тектерімен мақтана бастады. Бірі: «Мен пәленшенің баласымын» деп, тоғызыншы ұрпаққа дейінгі ата-бабасын тізіп шықты. Сонда Алла тағала Мұса пайғамбарға (ғ.с.) уахи түсірді: «Оған айт: «Оның ата-бабасының бәрі тозақта.

Ал ол болса, оларға еретін оныншысы».

Үш мінез қасиетті адамдардың амалы. Біріншіден, олар ақшасын мұқтаждарға жұмсағанды жақсы көреді. Екіншіден, олар әлсіз мұсылмандарға көмектескенді жақсы көреді. Үшіншіден, олар қарапайымдылықты және адамдардан келетін қиындыққа сабыр ете алады. Әбу Саид (р.а.) Алла Елшісінің (с.ғ.с.) былай дегенін жеткізеді: «Алланың нағыз ғалымдары – кішіпейіл әрі ұятты адамдар. Ал ғұлама басшылыр⁵⁴ өркөкіректік пен тәкаппарлық иелері».

Сондай-ақ: «Кішіпейілдік – адамдар қызғанбайтын нығмет. Тәкаппарлық – адамдарға жанашырлық танытпайтын бәле. Адамның мәртебесі кішіпейілдікте, ал оны тәкаппарлықтан іздейтіндер, ол жерден оны ешқашан таба алмайды».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім адамдардың өзін жоғарылатуын қаласа, өзіне тозақтан орын дайындай берсін», – дейді. Бұрынғы өткен игі-жақсылар адамдарды қарапайымдылығы үшін жоғарылатуға сөз берген. Демек, Алла тағалаға көбірек бойұсынып, адамдармен қарым-қатынаста кішіпейілдік танытатын адам, нағыз құрмет пен мейірімге лайық адам деген сөз.

⁵⁴ Өз мүдделерін ғана ойлайтын жаман ғалымдар.

Абдулқадир Гайлани (қ.с.) былай дейді: «Мен Алла тағаланы тану деңгейіне түнгі намаз және күндізгі оразамен емес, жомарттықпен, кішіпейілдікпен, шынайылықпен, Жаратушыға кішірейіп, жалбарына бет бұрумен және Оның мейірімімен, өзімнің күшсіз, әлсіз екенімді мойындаумен ғана жеттім».

Алла тағала кішіпейіл болғанға Өзіне жақындау мүмкіндігін береді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім Алла тағаланы таныса, сөзсіз кішіпейіл болады», – дейді. Рахманның құлы біреуге зорлық-зомбылық көрсетсе немесе онымен дауласса, оның Алла тағалаға жақындағандардың қатарында емес екенідгі белгілі болды.

20-БӨЛІМ. НАСИХАТ АЙТУ

Уа, мұсылмандар, расында, дін – насихат. Бір хадисте Алла Расулы (с.ғ.с.): «Дін – насихат», – деп айтады. Сонда сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.), кімге қатысты?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға, Құранға, Алланың елшісіне, мұсылмандардың басшыларына және барша мұсылмандарға қатысты», – деп жауап береді.

Насихат айтудың бірнеше әдебі бар. Олар мыналар:

1. Ықыласты болу. Атақ-даңқ немесе ашуды басу үшін емес, тек Алланың разылығы үшін насихат айту.

2. Барлығының көзінше емес, оңаша қалғанда насихат айту. Барлығының көзінше айту – оның құпия ісін әшкерелеу болып саналады.

3. Насихат айтуда тыңдаушыны ренжітіп алмау үшін жұмсақ, мейірімді болу.

4. Насихат айтушы Алланың ашуына ұшырамау үшін айтқан нәрселерін, өзі де орындауы керек. Алла тағала: «Ей, мүминдер, өздерің істемейтін нәрсені неге айтасындар? Өздерің істемейтін нәрсені айту, Алланың ашуын тудырады» («Саф» сүресі, 2-3 аяттар). Ең жақсы насихат – адамның өз-өзіне насихат айтуы арқылы, нәпсісін жамандықтан құтқаруы. Әулие адамдарды жоққа шығарып, өзін құрдымға кетуден қорғауы керек. Егер ол өз надандығынан оларды жоққа шығаратын болса, онда ол адам алдымен олар туралы тиісті мәлімет алуы керек. Әулиелердің өмірі, насихаттары және ғибадаттары туралы нағыз дін ғұламаларының кітаптарынан оқып білу керек. Өйткені, адамның өзі білмейтін нәрсені жоққа шығаруы тыйым салынған.

Алла тағала былай деді: «Өзің білмеген нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және

жүрек барлығы есеп береді» («Исра» сүресі, 36-аят). Яғни, өзің білмеген нәрсенің соңына түсу дұрыс емес. Расында, Алла тағала айтылған дене мүшелерімен жасаған барлық амалдарыңды сенен сұрайды.

Қорыта келе, мәселе мына үш нәрсеге келіп тіреледі: Ақиқаты айқын, анық нәрселердің артынан ер. Жалғандығы белгілі болған нәрседен аулақ бол. Сені күмәнға түсіретін нәрсені білетін адамнан сұра.

21-БӨЛІМ. ҚОЛ АЛЫСУ

Кездесу немесе қоштасу кезінде қол алысу сахабалардың дәстүрі болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір-біріңмен қол алысыңдар, бұл өшпенділіктен арылтады», – дейді. Сондай-ақ, Алла Елшісі (с.а.у.): «Қол ұстасу – амандасуды толықтайды және де оң қолды қысу керек», – дейді. Тіпті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп ескерткен: «Алғаш болып құшақтасып амандасқан Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар болды. Одан бұрын әр екі жақ сәлем белгісі ретінде иіліп амандасатын. Ал Исламмен бірге қол алысып, амандасу келді». Хадисте: «Екі мұсылман кездесіп, қол алысып, Аллаға мадақ айтып, бір-бірі үшін истиғфар айтса, Алла

екеуінің де күнәларын кешіреді», делінген. Алла Елшісі (с.а.у.) былай дейді: «Егер екі мұсылман кездесіп, біреуі екіншісіне сәлем берсе, көбірек ықылас танытқаны Алла тағаланың сүйіктісі болады. Олар қол алысқанда, оларға Алладан жүз нығмет түседі де, бірінші сәлем бергенге тоқсан, екіншіге он нығмет беріледі».

22-БӨЛІМ. АТА-АНАҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ең үлкен жақсылық – кісінің ата-анасы жақсы көретін адамдарымен жақсы қарым-қатынаста болуы екенін айтқан. Ата-анаға бағынбау, оларды азаптау – ең ауыр күнәлардың бірі. Алла Елшісі (с.а.у.): «Күнәлардың ең ауыры – адамның ата-анасын қарғауы», – дейді. Сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) адам ата-анасына қалай лағынет айтады?! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол біреудің әкесіне тіл тигізеді, ол оның әкесіне тіл тигізеді. Біреу біреудің анасын сөгеді, ал екіншісі оның анасын сөгеді».

Алла тағала Құранда ата-анаға жақсылық жасауды бұйырған: «Алласендерге Өзінен басқаға құлшылық қылмандар, ата-анаңа жақсылық қылындар деп бұйырды. Егер сендердің ата-ананың бірі немесе екеуі қолдарыңда қартайса,

оларға жаман сөз айтпаңдар, тіпті «уф!» деген сөздің өзін айтпаңдар. Олардың істеріне кедергі болмандар, оларға жақсы, жұмсақ қарым-қатынас жасаңдар. Оларға мейірімділік танытып, былай деп айтыңдар: «Уа, Раббым! Олар бала кезімде маған мейірімділік танытқанындай, оларға рақым ете көр» («Исра» сүресі, 23-24 аяттар).

Алла тағала әрбір балиғатқа толған және мүмкіндігі бар адамға (мүкаллаф) Өзіне ғана құлшылық етуді бұйырды және мұны ата-анаға жақсылық жасау әмірімен байланыстырды. Сонда, бұл екі әмір бір-бірімен қалай байланысты? Біздің өмірге келуімізге себепкер Алла ғана және бізді шын өсірген Алла болса, ата-ана біздің дүниеге келуімізге көзге көрінетін себепкер, көзге көрінетін тәрбиешілер. Алла тағаланың жаратылыс, үстемдік пен адамға деген мейірім сияқты қасиеттері алдымен ата-анамыз арқылы көрініс тапқан. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ата-анаға жақсылық жасау нәпіл намаздан, ораздан, үлкен және кіші қажылықтан және Алла жолындағы жиһадтан да абзалырақ», – дейді. Ата-анаға мейіріммен қарау міндеті олар қартайған сайын арта түседі, өйткені олардың жасы ұлғайған сайын мұқтаждықтары арта түседі. Сондықтан бізге

ата-анаға тіпті «уф!» деген сөзбен де жақтырмай қарауға тыйым салынды. Бұл сөз ұнатпаудың ең төменгі көрінісі. Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Егер ұнатпауды білдіретін «уф!» деген сөзден де төмен бір сөз болса еді, Алла тағала оған да тыйым салар еді».

23-БӨЛІМ. МҰҢАЮ

Мұңаю сопылық жолды ұстанатындардың сипаты. Алла тағала мұнды жүректі жақсы көреді. Алла тағала құлын жақсы көргенде оның жүрегіне жылататын, мұңайтатын бір нәрсені ұялатады. Ал Жаратушы құлды жек көрсе, оны қызық пен ойын-сауыққа құштар қылады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көп жағдайда мұңайып, үнемі ой үстінде болатын. Ішінде тұратын адамы жоқ үйдің тозатынындай, мұңы жоқ жүрек те күйрейді. Адамның қайғысын оның жиі ыңырсуынан байқауға болады. Сондай-ақ уайым адамның тыныш тамақтануына кедергі. Қиямет күні мұминнің игі істерінің басым бөлігі дүниеде көрген қайғылары мен уайымдарынан тұрады. Әр нәрседен зекет берілетіні сияқты, ақылдың зекеті де ұзақ қайғыру.

Суфиян ибн Уяйна (қ.с.): «Қандай да бір қауымнан бір қайғылы адам көз жасын төгіп, жыласа, Алла тағала сол қауымды мейіріміне

бөлейді», – дейді.

24-БӨЛІМ. АШТЫҚ

Аштық – сопылардың сипаты және нәпсіге қарсы күрестің алғы шарттарының бірі. Аштық әдебі адамның әдетте тұтынатын тағам мөлшерін мысықтың құлағына тең мөлшерде азайту болып табылады. Аштық – нұр, тоқтық – от. Бұл от иесін күйдірмейінше сөнбейді. Тоқтық – бұл дүние тіршілігі амалдарының кілті, ал аштық – мәңгілік өмір амалдарының кілті.

Фатима анамыз Алла Елшісіне (с.ғ.с.) бір үзім нан әкелгенде, ол одан: «Бұл не, уа, Фатима?» деп сұрайды. Фатима анамыз: «Бұл мен пісірген шелпек. Сізге осының бір бөлігін әкелгенше асықтым», – дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл сенің әкеңнің үш күнде жеген алғашқы тамағы», – деді.

Шейхтардың бірі қатты аштықтан жылай беретінін көрген біреу одан жылау себебін сұрағанда, шейх: «Алланың менің аш қалтырудан мақсаты – менің жылауым екенін білмеуші ме едің?!» – деп жауап береді.

Бір шейхке күніне бір рет қана тамақ ішетін адам туралы айтылғанда, ол: «Сыддиқундар (Аллаға өте жақын адамдар) осылай тамақтанады», – деп жауап береді. Одан күніне

екі рет тамақ ішетін адам туралы сұрайды. Ол: «Бұл мұминдердің тамағы», – деп жауап береді. Ал одан күніне үш рет тамақтанатын адам туралы сұралғанда, ол: «Оның отбасына айт, оған жемсауыт дайындасын», – деп жауап берді.

Әбу Абдулла ибн Хафифтің (қ.с.) шәкірттерінің бірі: «Ұстаз ауыз ашу үшін маған күнде кешке он мейіз әкелуімді тапсырды. Бір күні мен оны аяп, он бес мейіз алып келдім. Ол маған қарап: «Саған сонша көп әкел деп кім айтты?» – деді де, оның он данасын ғана жеді».

25-БӨЛІМ. ИСТИҚАМА

Истиқама⁵⁵ – нәпсіге тән әдеттер мен амалдардан алшақтап, Алла тағала белгілеген ақиқат пен тура жолды ұстану. Ей, балаларым, жасырынға да, ашыққа да иман келтіргендердің қатарынан болыңдар, истиқама шеңберіне кіріңдер – бұл кереметтен де үлкен нәрсе.

Есіңізде болсын, истиқама тақуалықты кемеліне келтіреді. Истиқама – нәпсісін әдепті сақтауға шақыру, Құран мен хадисте айтылған тура жолды үнемі және қатаң ұстану. Алла тағала: «Адамдарға жұмсақ бол, оларға жақсылық жаса, надандардан аулақ бол» («Ағраф» сүресі, 199-аят) - дейді.

⁵⁵ Тұрақты және қатаң түрде дұрыс жолмен жүру

Замандастарыңа қатысты: кішіге әкесіндей, үлкенге ұлындай бол. Адамдарды Раббыңның жолына хикметпен⁵⁶, көркем үгітпен шақыр. Жұмсақ бол, адамдармен олардың ақыл-ой деңгейінде, олар түсінетін тілде сөйлес. Міне сонда, Алла тағала сені сенімді адамдардың қатарынан етіп, мүминдерді саған жәрдемші қылатынына үміт бар. Истиқама шеңберінен шықпа және Алланың сынақтарынан қорғаудамын деп ойлама (макр), өйткені бұл құпиялардың ең жасырыны.

Алла тағала былай деді: «Расында: «Раббым Алла» деп, сосын амалдарында тура жолды ұстанғандарға өлім сағатында періштелер түседі де: «Қорықпаңдар, мұнаймандар! Сендерге дүниеде уәде етілген жәннат бар» («Фуссилат» сүресі, 30-аят). Алла тағаланың: «Содан кейін олар өз амалдарында тура жолды қатаң ұстанды» – деген сөзі мүминдердің амалдарын Алла разылығы үшін шын ықыласпен орындап, шариғат талаптарына сай Жаратушыға құлшылық жасайтындарын білдіреді.

Әбу Бәкір Сыддық (р.а.): «Бұл олардың Алладан басқа ешбір тәңірге бет бұрмағанын білдіреді», – дейді. Омар (р.а.) бұл сөздің мағынасын, дұрыс жолды таңдап, бұрыс жаққа

⁵⁶ Жеке өзің немесе Құран кәрім арқылы басқаларға үйреткенінді іс жүзінде қолдану.

бұрылмаулары, түлкі сияқты алдамауы (шариғат үкімдерін айналып өту) деп тәпсірлеген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Дұрыс жолды ұстан, сонда оның сансыз сауабын санай да алмайтын боласың.⁵⁷ Діндегі амалдардың ең жақсысы – намаз. Тек шынайы мұмин ғана үнемі дәретпен жүруге тырысады».

Сондай-ақ, дінде тура жолмен жүру – кез келген істің кемелдігі мен толықтығына жету дәрежесі екенін ұмытпа. Бұл деңгейді ұлы адамдар ғана меңгере алған. Сөзімізді растау үшін шейхтердің бірінен жеткен бір оқиғаны келтірейік. Бір шейхтің түсіне Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кіреді. Шейх: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) сіздің: «Худ» сүресі түскен кезде менің шашым ағарып кетті», – деген сөзіңіз жетті. Сүренің қай жері сіздің шашыңызды ағартты, пайғамбарлар туралы қиссалар ма, әлде халықтардың жойылу оқиғалары ма?» – дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, олар емес. Алла тағаланың: «Саған бұйырылғандай тура жолдан ұстан!» деген аяты», – деп жауап берді.

⁵⁷ Немесе: Сен өз күш-қуат, қабілетің арқылы дұрыс жолды ұстанып жүре алмайсың.

26-БӨЛІМ. ЖҰМСАҚ МІНЕЗ

Кім тату өмір кешсе, шейіттік өмір сүргені. Адамдармен тату-тәтті қарым-қатынаста болу – жоғары дәрежелі пайғамбарлар мен салих адамдарға тән қасиет. Кімде-кім жұмсақ, сыпайы және адамдармен жақсы қарым-қатынаста болса, Алла она тозаққа харам етеді. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өте жұмсақ адам болған. Сахабалары дүние тіршілігі туралы айтқанда, ол оларды қолдап, ақыреттік өмір туралы сөйлескенде, ол әңгімегеге де араласатын. Тамақ, ас-ауқат туралы әңгіме бола қалғанда да, Пайғамбар (с.ғ.с.) шетте қалмайтын.

Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) былай деді: «Бүгін сендер қаталдық пен дөрекіліктің арасында тұрсыңдар. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құлдарымен және барлық сахабаларымен жұмсақ мінезді, оларға жанашыр болатын».

Алла тағала: «Раббыларың мұминдерге мейірімді» («Ахзаб» сүресі, 43-аят) – дейді. Тағы бір аятта: «Сендерге араларыңнан бір Пайғамбар келді. Бастарыңа бір қиындық келсе, оған ауыр тиеді, сендердің иман келтіріп, ақиқат жолында болуларыңды аңсайды, мұминдерге ынтық, өте мейірімді» («Тәубе» сүресі, 128-аят) – дейді. Демек, саған келген Пайғамбар (с.ғ.с.) да сен сияқты адам. Алла тағала оны (с.ғ.с.) басқалардан

жоғары қойды, Оған (с.ғ.с.) мейірім шапанын кигізіп, Оны (с.ғ.с.) сендерге тағайындады. Өйткені, Ол (с.ғ.с.) сендерге мейірімді, жанашыр. Ең бастысы, Ол (с.ғ.с.) сендердің иман етулеріңді қалайды.

Жоғарыда айтылғандардың мағынасын былайша да жеткізуге болады: Ей, арабтар, сендерге өздерің сияқты араб ұлтынан, өз тілінде сөйлейтін елші (с.ғ.с.) келді. Тілдің ұқсастығы адамдарды өзара достық пен жанашырлыққа шақырып, дау-дамайдан құтқарып, дауды тез шешуге мүмкіндік береді. Тіл білмесе, біреуге тура жолды көрсету мүмкін емес. Сондай-ақ Пайғамбар (с.ғ.с.) – Алла тағаланың жаратқандарының ең кадірлісі.

Әбу Хурайра (р.а.) былай дейді: «Пайғамбар (с.ғ.с.) Жәбірейіл періштеден: «Ей, Жәбірейіл, сенің жасың нешеде?» – деп сұрады. Періште былай деп жауап берді: «Уа, Алланың Елшісі, мен қанша жаста екенімді білмеймін, бірақ төртінші аспанда жетпіс мың жылда бір көрінетін бір жұлдыз бар. Мен сол жұлдызды жетпіс екі мың рет көрдім». Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Уа, Жәбірейіл, Раббымның ұлылығымен ант етемін, ол жұлдыз менмін», – дейді.

Алла тағала Адам (ғ.с.) пайғамбарды жаратып, оның жауырынына Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) нұрын салып, Адам (ғ.с.) пайғамбардың

маңдайынан Оның нұрын жарқыратады. Пайғамбардың (с.ғ.с.) асыл болмысы мен шыққан тегі Алланың барлық жаратылыстарының ішіндегі ең ұлысы. Ал оның (с.ғ.с.) пәк рухы – рухтардың ішіндегі ең ұлысы. Оның (с.ғ.с.) руы барлық рудың ішіндегі ең лайықтысы. Оның (с.ғ.с.) тілі ең жақсы тіл. Оған (с.ғ.с.) түсірілген Кітап илаһи жазбалардың ең жақсысы. Оның (с.ғ.с.) серіктері мен жанұясы – сахабалардың және жанұялардың ең жақсысы. Оның (с.ғ.с.) туған уақыты – уақыттардың ең жақсысы. Ал оның (с.ғ.с.) нұрлы қабірі Раузаны жер бетіндегі ең құрметті орын қылды. Оның (с.ғ.с.) асыл саусақтарының арасынан аққан су сулардың ең жақсысы. Алла тағаланың «Сендердің иман келтіріп, тура жолында болуларыңды қалайды», деген сөзі Пайғамбардың (с.ғ.с.) мұсылмандардың иман келтіріп, рухани дәрежелерінің көтерілуін қатты қалайтынын білдіреді. Ал «Ол мұминдерге ынтық, өте мейірімді» деген сөздер оның (с.ғ.с.) мейірімінің тек мұминдерге бағытталғанын білдіреді. «Барлық істе сыпайы болу, барлық хош иістердің арасындағы миск сияқты» – деп айтылды.

27-БӨЛІМ. ӘДІЛДІК

ӘДІЛДІК – БҰЛ ӨЗ НӘПСІҢНІҢ ҚҰМАРТҚАНДАРЫНА ҚАРСЫ КЕЛУ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір сағат әділдік жасау алпыс жыл ғибадат етуден жақсырақ», – дейді. Мұса пайғамбар (ғ.с.) Алла тағаладан перғауынның көзін жоюды сұрағанда, Алла оған: «Ей, Мұса, оның күпірлігі Маған зиян тигізбейді, оның әділ бұйрығынан құлдарыма да пайда бар», – деп уахи түсірді. Перғауын адамдарға зұлымдық жасай бастағанда, Алла оны жойды.

28-БӨЛІМ. АЛЛА ҮШІН ЖАҚСЫ КӨРУ ЖӘНЕ АЛЛА ҮШІН ЖЕК КӨРУ

Дүниені сүйген адам, адамдардың өшпенділігінен ешқашан құтыла алмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұны дүниеден бет бұру мен адамдардың сені жақсы көруін байланыстыру арқылы түсіндірді. Ол (с.ғ.с.): «Адамдардың қолындағыдан бас тарт, сонда олар сені жақсы көреді», – деді. Демек, адам дүниені жақсы көрген сайын оның дұшпаны да көбейеді.

Біреуді Алла разылығы үшін жек көретін болсаң, сенің жек көруің адамдардың болмысына емес, тек олардың сипаттары мен іс-әрекеттеріне бағытталу керек. Өйткені адамның болмысын Алла жаратқан және Оның жаратылысы өзгермейді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сарымсақ туралы: «Сарымсақ – маған иісі ұнамайтын өсімдік» деген сөздеріне ой жүгірт. Байқадың ба, Алла Елшісі (с.а.у.) сарымсақтың өзін жақсы көрмейтінін айтпаған, оның иісінің өзіне ұнамайтынын айтқан.

Ей, бауырым, мен саған адамдарға дұшпандығың Алла разылығы үшін бе, әлде нәпсісінің қалауы үшін бе екенін анықтауға болатын өлшемдерді үйретейін. Алдымен жек көретін адамыңның әрекетін Құран және сүннетпен салыстыр. Егер оның істері ол жерде мақталса, сен оны жақсы көр. Ал егер ол жерде оның істері айыпталса, оған дұшпандық таныт. Сонда тек нәпсіңнің қалауымен адамды жақсы көріп не жек көріп кетпейтін боласың. Біз нәпсінің қалауы үшін ешбір мұсылманды жек көрмейміз деп сөз бердік. Пасықтар мен залымдарға келетін болсақ, біз оларды Алла тағала разылығы үшін жек көруге міндеттіміз. Бұл өзгелер туралы жаман пікірде болу деген мағынаға келмейді.⁵⁸

⁵⁸ Біз оның өзін емес, күнәһарлығын жек көреміз. Біз әрбір адамды жеке тұлға ретінде сүйеге міндеттіміз.

29-БӨЛІМ. ҚАНАҒАТ

Азға қанағат ету – қолында жоқ нәрсеге деген құлшыныстан бас тарту, қолындағыға қанағат ету және Алланың тағдырына нәпсінің риза болуы. Қолда барға қанағат еткен адам аш болса да бай. Ақылды адам – дүние істерін қолында барымен жүргізетін, болмаса кейінге қалдыратын, ал ақырет амалдарын ыждағаттылықпен, кідіріссіз жасайтын, сондай-ақ білімімен амал ететін адам. Қолда бар нәрсеге қанағат ете алу үшін адам күніне бір рет тамақтану керек. Күніне екі рет тамақтанатын адамды азға қанағат етті деп атай алмаймыз.

Алла тағала бес нәрсені бес жерге жасырды: Ұлылықты – Аллаға мойынсұнуда; қорлықты – Аллаға бағынбауда; қадірлі болуды – түнде тұрып, ғибадат етуде; даналықты – аштықта; байлықты – барға қанағат етуде жасырды. Әл-Қаттани (қ.с.): «Кімде-кім басқаның қолындағыны қаламаса және барға қанағат қылса, ол ұлылыққа қол жеткізгені», – дейді.

Тақуалардың бірі былай деді: «Қажылық маусымында Жунайд әл-Бағдадидің (қ.с.) қасында отырғанымда, оған бір кісі келіп, бес жүз динар әкеліп: «Мыналарды мүридтерге тарат», – дейді. Сонда Жунайд (қ.с.): «Сенде тағы динар бар ма?» – деп сұрайды. Ол: «Иә, менде әлі көп динар

бар», – деп жауап береді. Жунай (қ.с.): «Бұдан да көбірек динарыңның болғанын қалар ма едің?» – деп сұрайды. Әлгі адам болымды жауап берді. Сонда Жүнәйд: «Динарларыңды алып кет, сен оларға бізден көбірек мұқтаж екенсің», – деп одан ақшаны қабылдамайды.

30-БӨЛІМ. ҮНСІЗДІК

Үнсіздік нағыз ерлердің, кәміл адамдардың қасиеті. Ол Алла жақындау әдептерінен саналады. Адам өзіне керек нәрсені, айтылуы қажет нәрсені ғана айтса, ол да үнсіздердің қатарына кіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үндемеуді насихаттады: «Тіліңе ие бол, өйткені үндемеген адам құтылады. Үйің саған кең болсын⁵⁹, күнәларыңа көз жасыңды төк».

Сөйлегің келгенде – үндеме, үнсіз қалуды қалағанда – сөйле.

31-БӨЛІМ. ТАНЫМАЛДЫҚТАН ҚАШУ

Барлық ізгілік көзге түспеуде, даңқы шығып, танымал болудан қашуда жатыр. Қазіргі қоғамның жағдайын және өз заманыңыздағы

⁵⁹ Яғни, үйінді Аллаға құлшылық қылатын, фитна, бүліктен сақтанатын орынға айландыр.

адамдардың моральдық қасиеттерін ескере отырып, істеріңізді жария етуге асықпаңыз.

Танымалдық – бәлекет,
Бірақ бәрі соны аңсайды.
Көзге түспеу – тыныштық,
Бірақ бәрі одан қашады.

Бишр (қ.с.) былай дейді: «Кім танымал болуды жақсы көрсе, мәңгілік өмірдің дәмін тата алмайды», – дейді. Бір шейхтың шәкіртіне айтқан насихаты: «Ешқашан өзінді айналадағылардан артық санама, әрқашан мойынсұнғыш, кішіпейіл бол. Дүниені уайымдаудан және даңқыңды арттыратын орындарда отырудан аулақ бол. Дүние мен тәкаппарлықты солардың соңынан ергендерге қалдыр. Бұл дүниеде ұнатпайтын нәрсені істе, соның ащысын тат. Мына жалғанды тастап кеткен достарың мен таныстарыңнан ғибрат ал. Біз оларға қосылып, олармен бірге болмайынша олар ешқайда кетпейді».

32-БӨЛІМ. МҰСЫЛМАН БАУЫРЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Екі мұсылман кездесіп, бірі екіншісінен: «Қайдан келдің?» – деп сұрайды. Сапардан келген адам: «Мен Қағбаны тауап етіп, Пайғамбардың (с.ғ.с.) қабірін зиярат еттім. Ал өзің қайдан келесің?» Екіншісі: «Мен Алла разылығы үшін жақсы көретін мұсылман бауырыма барып келе жатырмын», – деп жауап берді. Қажылыққа барған мұсылман: «Сен мұсылман бауырыңмен жүздескендегі алған сауабыңды қажылық сауабымен айырбастар ма едің?» – деп сұрайды. Мұсылман бауырына барған адам басын төмен қаратып, біраз уақыт үнсіз қалады. Сол кезде ол: «Мұсылман бауырыңа баруың, Алланың алдында жүз еселенген (нәпіл) қажылық сауабынан артық», – деген дауыс естиді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мұсылман бауырымен жүздесуге барса, онымен бірге жетпіс мың періште еріп жүреді», – дейді.

Имам әш-Шарани (қ.с.) ұстазы Әли әл-Хаууастан (қ.с.): «Қазіргі уақытта мұсылман бауырыңа барған дұрыс па, әлде оның маңыздырақ шаруасына кедергі болудан қорқып, бармаған дұрыс па?» – деп сұрады. Шейх былай деп жауап берді: «Әуелі ниетінді дұрыста, сосын оның халін сұрауға бар. Тек пайдакүнемдік

мақсатпен барғандар ғана сөгіске лайық».

33-БӨЛІМ. ШҮКІРЛІК

ШҮКІРЛІК ЕТУДІҢ МӘНІ

Шүкірлік ету – құлдың Алла тағалаға лайықты түрде шүкір ете алмайтындығын мойындауы. Бұл туралы Жунайд (қ.с.) былай дейді: «Шүкіршілік – өзін нығметке лайық санамау. Шүкіршіліктің мәні тек нығметті байқау емес. Алланың берген нығметтерін кішіпейілділікпен қабыл алып, нығметтің тек Алла тағаладан келетінін түсінуден тұрады». Сондай-ақ: «Шүкірлік – келген игіліктің Алладан екенін жүрекпен білу және тиісті шүкірлік, мақтау сөздерін айту» – делінген.

ШҮКІРЛІК – АЛЛАНЫҢ НЫҒМЕТІ

Шүкірліктің өзі Алла тағаланың нығметі екенін ұмытпаңыз. Егер Алла тағала сізге шүкірлік ету қабілетін бермесе, сіз оны өзіңіз жасай алмас едіңіз.

Тақуалардың бірі Аллаға бет бұрып: «Уа, Раббым, менің шүкіршілігімнің өзі Сенен келген нығмет болса, мен Саған қалай шүкір ете аламын?» – дейді. Сонда Алла тағала: «Енді

сен Маған шынайы түрда шүкірлік еттің», – деп илһам етеді. Мұса пайғамбар (ғ.с.): «Уа, Раббым, Сен Адам (ғ.с.) пайғамбарды жараттың және оған мынадай, мынадай игілікті нәсіп еттің, ол оған қалай шүкірлік етті?» – деп Аллаға дұға жасайды. Сонда Алла тағала: «Ол бұл игіліктердің барлығының Менен екенін білді. Бұл оның Маған деген шүкірлігі болып саналады», – деп жауап берді.

АЛЛА ТАҒАЛА ҒАНА ШҮКІР АЙТУҒА ЖӘНЕ МАДАҚҚА ЛАЙЫҚ

Тақуалар Алла тағаланың нығметіне бөленгенде де, нығметі келегенде де шүкірлік етуге сөз берген. Діндар, тақаулар және Алланың қамқорына алған адамдары өздерін Аллаға тапсырды. Ал Алла тағала өзіне сенген құлына опасыздық жасаудан ада. Сондай-ақ олар өздерінің ешбір жақсы қасиеттерін жария қылмауға тек Алла тағалаға шүкірлік ету немесе басқаларға үлгі болу мақсатында айтуға сөз берді. Басқа жағдайларда тақуа адамдар өздерінің барлық ізгі амалдарын жасырып, Алла разылығы үшін ғана жасайды. Олар бұл дүниеде жұрт мақтап, қолпаштайды деп қорқып, түрлі жиындарда сөйлемейді. Мақтауға Алла тағала ғана лайық.⁶⁰

⁶⁰ Адамдардың Алла тағаланы мадақтағанындай оларды мақтауын қаламау.

Имам әл-Ғазали (қ.с.) мадақтың мақталып жатқанадамға үлкен зиян келтіретінін түсіндіреді. Мақтау мақтаныш сезімін тудырады және адам өзі туралы жоғары пікірде қалады. Ал кейде ол бұл мақтауға қуанып, жасаған жақсылығынан айырылады. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер адамды мақтағандарды көрсеңдер, олардың беттеріне топырақ лақтырыңдар», – дейді. «Мақтау айтылған кезде, балшықтан жаратылғаныңды есіңе ал, ұятты бол және өз-өзіңе масаттанба» – деп айтылды.

Әбул-Хасан әш-Шазали (қ.с.): «Алла тағала құлына жақсылық қаласа, одан нәпсісінің кемелдігін жасырады. Жаратушы оны Өзінің пәк, шынайы құлына айналдырады және онда Алла тағалаға ғана лайық сипаттардың ешқайсысы болмайды». Құл ілім мен танымнан нәпсісі үйренген барлық нәрседен, тіпті сырларды білу (кәшф) немесе ерекше рухани күй (хал) болса да, барлығынан бас тартуы керек. Егер Алла тағала оны таңдап, оған құл ретінде разы болса, онда білімі де, ізгі амалы да болмаса да, оған қандай зиян тиюі мүмкін?

ШҮКІРДІҢ ЕҢ КІШІ ДӘРЕЖЕСІ

Дін ғалымдары Алла тағалаға шүкірлік етудің ең кіші дәрежесі – шүкірлікті тілмен айту дейді. Тілмен алғыс айтпаған адамнан әлсіз адам жоқ. Мұндай алғыс жан-жақты болуы керек. Жаратушының берген нығметтеріне тілмен шүкіршілік етудің ең жоғары дәрежесі – құлдың «Фатиха» сүресін оқуы. Оны оқи отырып, мүмин Алла тағаланың барлық нығметтеріне: ашық және құпия, материалдық және рухани, құлға белгілі және белгісіз, дүниеге және ақыретке қатысты, оған келіп қойған және енді келетін нығметтеріне шүкірлік етуді ниет етсін. Осы ниетпен адам бұл сүрені мүмкіндігінше бір реттен жүз ретке дейін оқысын. Кімде-кім мұны істесе, Алла тағала оны шүкір етушілер қатарына қосады немесе бұл құл ниетіне және Алланың уәдесіне сәйкес одан да көп әжір-сауапқа ие болады.

Тілмен шүкір етудің көптеген жолдары бар. Осындай шүкірліктің мысалы ретінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына сөзін келтіруге болады: «Уа, Раббым, мен Саған лайықты түрде шүкірлік ете алмаймын. Сен Өзіңді қалай мадақтасаң, сондай мадақ Иесісің».

Адам (ғ.с.) пайғамбар: «Уа, Раббым, маған

өз қолыммен тамақ табуды үйреттің⁶¹, енді маған барлық мақтау, мадақты қамтитын сөзді үйрете көр» – деді. Сонда Алла тағала оған уахи түсірді: «Ей, Адам, күнде таңертең және кешке үш рет: «Әл-хамду лилләһи раббил-аләмин, хамдан йувафи ниямәһу уә юкафи мазидәһу» (Раббым Аллаға Оның барлық нығметтерін қамтитындай және Оның арттыруына сай келетіндей мадақ, мақтау айтамын)). Бұл дұға Алланы мадақтаудың барлық түрін қамтиды».

Шүкірлік етуші (шакир) мен көп шүкір етуші (шакур) құлдың айырмашылығы мынада: Шакир – Алла тағаланың бергеніне шүкіршілік етеді, ал шакур – Алланың бір нәрседен тыйғанына, айырғанына да шүкір етеді.

Расында, әрбір нығметке сай шүкірдің түрі бар. Көздің шүкірлігі – тыйым салынғанға қарамау және адамдардың кемшіліктеріне көз жұму. Құлақтың шүкірлігі – адамның кемшілігін тыңдамау. Қолдың шүкірлігі – өзгенің мүлкіне қол ұзатпау. Аяқтың шүкірлігі – Алла тағаланың тыйым салған жерлерін баспау. Дененің басқа мүшелеріне қатысты шүкірлік те, осы сияқты жалғаса береді.

Шүкірліктің мәні Алланың сізге берген нығметтерін өз мақсатына сай пайдалануда.

⁶¹ Яғни, күн көрісімді қамтамасыз ететіндей жұмысым бар. – Ред.

Бұған мүлік, дене және сыртқы және ішкі ағзалар жатады. Сондықтан бұл игіліктердің кез келгенін жаратылған нәрсеге сай келмейтіндей пайдалансаңыз, бұл сол нығметті бағаламау, рахметі жоқтық болып саналады.

КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА АЛЛАҒА МАДАҚ АЙТУШЫЛАР

Алла Елшісі (с.а.у.) жәннатқа ең бірінші кіретіндер кез-келген жағдайда Аллаға мадақ айтатын адамдар екенін айтты. Тағы бір риуаятта: «Олар қуанышта да, қайғыда да Алланы мақтайтындар» – делінген. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әл-хамду лиллаһ» сөздері барлық нығметтерге шүкір етудің көрінісі», – дейді.

Әс-Сарий әс-Сакати (қ.с.) былай дейді: «Мен бір кездері айтқан «Аллаға мадақ» сөзім үшін отыз жыл бойы Алладан кешірім сұрап келемін». Олар одан: «Бұл қалай?» деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: «Бағдадта үлкен өрт болды. Бір адам маған жақындап: «Сенің дүкенің аман қалды» – деді. Сонда мен: «Аллаға сансыз мақтаулар болсын», – дедім. Енді мен отыз жыл бойы осы сөздеріме өкіндім, өйткені басқа мұсылмандар қиналып жатқанда өз пайдамды ойладым».

Хасан ибн Әли (р.а.) Қағбаның бұрышына келіп, Аллаға былай дұға жасады: «Уа, Раббым, маған нығмет бердің, бірақ шүкірлік етпедім. Сен мені қиындықпен сынадың, бірақ мен шыдамдылық танытпадым. Мен шүкір етпесем де, Сен мені нығметтен айырмадың, шыдамсыздығым үшін басыма бәле де жібермедің. Уа, Раббым, Жомарттан тек жомарттық қана тарайды».

34-БӨЛІМ. ЖАҚСЫЛЫҚҚА ШАҚЫРЫП, ЖАМАНДЫҚТАН ТЫЮ

Ибн Аббас (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.), жер бетінде тақуалар тұрғанда, дүние құрдымға кете ме?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, егер олар басқалардың ықыласына бөлене бастаса (өздерін жақсы қылып көрсету үшін шындықты жасырса) және күнә жасалған кезде үндемесе», – деп жауап берді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің үмметімнің ішінен кей адамдар Қиямет күні қабірлерінен тұрып, Алла тағаланың алдына маймыл, шошқа кейпінде шығады. Өйткені олар күнәһарларға жағымпазданып, қолдарынан келсе де, олардың жасаған күнәларына кедергі

болмады», – дейді. Алла Елшісі (с.а.у.): «Ей, Әбу Хурайра, жақсылыққа әмір ет, жамандықтан тый және қиыншылыққа сабыр ет», – деп ескерткен.

Имам Әбу Саид әл-Хадими (қ.с.) «Әл-Бариқа әл-Махмуд» кітабында: «Шариғатта жағымпаздану деп мынаны айтады: күнәһардың немесе басқа біреудің разылығын алу үшін немесе шариғатқа немқұрайлы қарағандықтан қолынан келіп тұрса да күнәлі іске кедергі болмау», – дейді. Имам әл-Биргиуи «Тариқат әл-Мұхаммадия» кітабында: «Мұндай жағымпаздыққа тыйым салынады», – дейді.

Шындықты анықтап, өтіріктің бетін ашқанда үнсіз қалуға болмайды. Ақиқат туралы үндемейтін адам – мылқау шайтан. Күнәһарларға жақсылық жасағандар қиямет күні маймыл мен шошқа кейпінде қайта тіріледі. Жақсылықты жайып, жамандықтан тыйып, мына хадистен пайда тап: «Жақсылыққа жол көрсетуші – сол жақсылықты өзі істеген адам сияқты».

Діннің әмірлерін орындауға келгенде елдің сөзінен қорықпа. Алған білімнің, кем дегенде оннан бір бөлігін ұстан. Әт-Тирмизи (р.а.) Әбу Хурайрадан (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мынадай сөзін жеткізеді: «Сендер (сахабалар) шариғат бұйырғанның оннан бірін жасамағанда құрдымға кететін заманда өмір сүріп жатырсыңдар. Кісі бұйырылғанның оннан

бір бөлігін орындаса болды, құтылатын уақыт келеді».

Шариғатта күнә саналатын нәрседен сөзбен, айтумен тыятын адамдар – бұлар дін ғалымдары. Олар мұны дөрекі немесе тәкаппар болғандарынан емес, биязылықтарының арқасында осылай жасайды. Жамандықты жүрегімен тыятындар – бұлар кәміл шейхтер мен салих адамдар. Ибраһим әл-Матбули (қ.с.): «Күнәлі істі қолмен (күшпен) өзгерту – билеушілер мен олардың айналасындағылардың ісі. Тілмен өзгерту – білімдерімен амал еткен дін ғалымдарының ісі. Ал жүрекпен өзгерту – сөз иелерінің ісі».

Күші жетпесе де, біреуді жасаған жамандықтан тыюға талпыну, бүлікке, фитнаға апарады, мұның ешқандай пайдасы болмайды. Мүридтің міндеті, егер тиісті бұйрық болмаса, күнәлі істі жоюға ешқашан кіріспеу.

Алла тағалаға құлшылық етіп, адал еңбегімен тапқанын ғана тұтылатын бір топ жас адамдардың болғаны айтылады. Шайтан олардың қай-қайсысына да жақындағысы келсе, жанып кете беретін болады. Бір күні олар Алланы зікір ету үшін жиналғанда, шайтан олардың маңындағы бір топ бұзақыларды бір-біріне қарсы қояды. Бұзақылар бір-бірін таяқпен қан-жоса қылып ұра бастайды. Шайтанның

мақсаты – Алла тағаланы зікір еткен жастарды «бұл зұлымдықтан адамдарды құтқару Алланы зікір етуден жақсырақ», деп ойлату еді. Содан жастар Алла тағаланы зікір етуді қойып, бұзақыларды ажыратуға күш салады. Бұзақылар оларға шабуыл жасап, олар тақуа жастарды Алланы зікір етулеріне де, басқа ғибадаттарына да кедергі болады. Сонда шайтан қатты қуанады. Өйткені оның басты мақсаты Алла тағаланы зікір еткен жиынды бұзу болған еді.

Бір кісі діндар, салих адамға көршісінің күнә жасап жатқанын шағымданып келеді. Тақуа адам одан: «Ол үшін бір түн болса да, түнде тұрдың ба?» – деп сұрайды. Ол «жоқ», деп жауап бергенде, діндар адам сөзін былай жалғайды: «Ол адам үшін жеті рет түнде тұрып, Алла тағалаға дұға ет. Алла оны мейіріміне бөлейді. Егер бұдан кейін тәубе етпесе, одан сенің одан да жаман екенінді біл. Ол кезде сен өз нәпсіңді түзете баста», – дейді.

35-БӨЛІМ. ТАҚУАЛЫҚ

Тақуалық – жүрегінде Алладан басқа ешнәрсенің болмауы. Алладан қорқудың сыртқы және ішкі жағы бар. Сыртқы жағы – шариғат бекіткен шеңберден шықпау, ал ішкі жағы – ниет тазалығы мен ықылас. Алла тағала тақуалықты

ақырет өмірінің ең жақсы азығы деп атаған. Алла тағала: «Азық дайындаңдар, азықтың ең қайырлысы – тақуалық» («Бақара сүресі», 197-аят) – дейді.

Діндар ғалымдар: «Алладан қорқудан артық азық жоқ», – дейді. Олар Алладан қорықпайтын жүрек қайғыру керек деп санады. Сондай-ақ ғұламалар: «Ғалымның білімінде төрт қасиет болмаса, ондай ғалымның қадірі жоқ, біліміне де сенуге болмайды. Ондай ғалым кітап көтерген есекке ұқсайды. Олар: Алладан қорқу, жүректі дүниеден алшақтату, кішіпейіл болу, нәпсімен күресу».

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Адамдардың жәннатқа кіруіне ең көп себеп болатын нәрсе не?» – деп сұрағанда, ол: «Алладан қорқу және көркем мінез», – деп жауап берді. Сосын олар: «Ал, тозаққа кіруіне?» – деп сұрағанда, ол: «Екі қуыс: ауыз қуысы (тіл) мен құрсақ қуысы (жыныс мүшелері)», – деп жауап берді.

36-БӨЛІМ. АЛЛАҒА ТӘУЕКЕЛ ЕТУ

ТӘУЕКЕЛДІҢ МӘНІ

Тәуекел – тыныштықсыз уайым және уайымсыз тыныштық. Бұл молшылыққа да, жоқшылыққа да бірдей қарау дегенді білдіреді. Тағдырыңды титтей де күмәнданбай Аллаға тапсырып, толықтай сенім арт, сонда жүрегіңде тыныштық орнайды және ол ешқашан бұзылмайды. Ал егер Алла тағала иманыңның кемелдігі мен құлшылықтарды орындауға қатысты сенің жүрегіңе алаңдаушылық ұялатса, Алланың қалауы болмайынша жүрегің тыныштық таппайтын болады.

Ғалымдар тәуекел ұғымына көптеген анықтамалар берді:

1. Тәуекел – Алланың бұйрығына мойынсұнып қабылдау, жүректің Алламен үнемі байланыста болуы және жеткілікті ризыққа қанағаттану.
2. Тәуекел – нәпсіңнің ойлаған істерін жоспарлаудан бас тарту.
3. Тәуекел – Алла тағаладан үміт ету және адамдардың қолындағыға қызықпау.
4. Тәуекел – әр нәрседе Алла тағалаға қанағат

ету және Оған сүйену.

5. Жәбірейіл періште былай дейді: «Тәуекел – адамдардан үміт үзу және Алланың кез келген жаратылысы саған зиян да, пайда да бере алмайтынын, бір нәрсені бере де, кедергі де бола алмайтынын түсіну. Тәуекелдің шарты – жүректің Алладан басқа барлық нәрседен теріс бұрылуы».

Тәуекел – пайғамбарлардың қасиеті, оларға Алладан салауат болсын. Бағыну (тәслим) – Ибраһим пайғамбардың (ғ.с.) қасиеті. Әр нәрседе Аллаға арқа сүйеу (тәфуиз) – Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қасиеті. Тәуекелшіл адам анасының омырауынан басқа ештеңені қаламайтын емшектегі бала сияқты. Тәуекел еткен адам да, дәл солай, Ұлы Раббысына ғана жүгінеді.

АЛЛАҒА ТӘУЕКЕЛ ЕТУДІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Алла тағалаға тәуекел еткен адамды оның ерекшелігінен тануға болады. Біріншіден, ол ешкімнен ештеңе сұрамау керек. Адамдардан ештеңе сұрамай, бергеннің қолын қайтармай және олардан келгенді қолда ұстамау. Мүминнің ең жақсы күйі – Алла тағаланың алдында өлікті жуған адамның алдында жатқан мәйіттей болу. Өйткені, өлген адам ешбір қимыл жасамайды,

шара қолданбайды.

Жоспарлауды тоқтатып, Алланың таңдауына толықтай сенім арт. Өйткені, сен нәпсің үшін болмай тұрып, Алла тағала сен үшін болғанын білесің. Алла сені жаратудан бұрын қандай болса, өлгеннен кейін де сондай болады. Адамдарды қиындықтан құтқару – бұл мүридтер мен кемел адамдардың қызмет өлшемі. Материалдық дене қалай таразыланса, адамдардың күйлері мен қасиеттері де таразыланып, бағаланады. Күнкөріс қамын ойлама! Алла тағала сен тумай тұрып сен үшін болды, туылғаннан кейін сені қалай ұмытсын. Сен үшін басқаның жасап жатқанына, алаңдамай-ақ қой.

Бишр әл-Хафи (қ.с.) былай дейді: «Кейбір адамдар Аллаға тәуекел етемін деп өтірік айтады. Егер олар Аллаға тәуекел етсе, Алланың оларға жасаған әрбір ісіне риза болар еді».

СЕБЕПТЕРДЕН ҰСТАНУ – ТӘУЕКЕЛГЕ ҚАЙШЫ ЕМЕС

Тәуекел ету – Пайғамбардың (с.ғ.с.) мінезі, ал еңбекпен нәпақа табу – оның жолы (сүннет). Кімде Пайғамбардың (с.ғ.с.) мінез-құлқы болса, оның сүннетін тастап кетпесін. Кімде-кім өзін-өзі қамтамасыз ету үшін амал жасауды айыптаса, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетін айыптағаны.

Кімде-кім тәуекелді жоққа шығарса, иманы зиянға ұшырайды. Тәуекелдің ордасы – жүрек екенін ұмытпаңыз. Адамның физикалық белсенділігі оның жүрегіндегі тәуекелге кедергі келтіре алмайды.

Сахаба Әнәс ибн Мәликтен (р.а.) риуаят етілді: «Бір адам Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Уа, Алланың Елшісі (с.ғ.с.) Аллаға тәуекел етіп, түйемді қоя берейін бе?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Түйенді байлап, сосын Аллаға тәуекел ет»,⁶² – деп жауап берді.

Ибраһим әл-Хаууас (қ.с.) тәуекел етушілердің бірі болатын. Алайда, ол ешқашан жіп, ине, қайшы және су құятын ыдысын тастамаған. Ол: «Егер сіз су құятын ыдысы, ине-жібі жоқ мүридті көрсеңіз, оның намазға толық дайындығына сенбеңіз», – дейтін.

Тәуекел ету, себептерді пайдаланудан бас тарту және амалда ақылға қонымсыз әрекет жасау дегенді білдірмейді. Керісінше, ақылды адам өз істерінде сақтық танытып, байқап, өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін адамдар жиі қолданатын құралдар мен себептерді іздеуі керек.

Басқаша айтқанда, тәуекелдің мақсаты – жақсы мақсаттарға жету үшін құралдар мен

⁶² Яғни, материалдық сақтығыңды жасап ал да, сосын Аллаға тәуекел ет.

себептерді пайдаланудан бас тартпау. Дегенмен, шынайы мұмин өз жоспарларын жүзеге асыру үшін адамдардан алғандарына сенім артпайды.

Демек, тәуекел – шынайы иманнан туындайтын нәрсе. Сондықтан тәуекел болмаса, иман да болмайды. Өйткені иман – Алланың бір екенін мойындау және барлық болып жатқан нәрсенің Одан екенін ұғыну. Ал кімде-кім Алладан басқа біреуге немесе бір нәрсеге сүйенсе, ол қанша айтса да, шын мәнінде Алланың бір екенін толық мойындамайды.

Адамды тәуекелге жетелейтін дәрі – мына бес нәрседе: Біріншісі, Алла тағала сіздің жағдайыңызды өте жақсы білетінін ешқашан ұмытпау; екіншісі – Алла тағаланың құдіретінің кемелдігіне толық сенімділік; үшіншісі – Алланың ұмытшақтық пен қателесуден пәк екендігіне сенімділік; төртінші – Жаратушының өз уәделерін орындамаудан пәк екеніне нық сенім; бесінші – Жаратушының Аса Жомарт екендігіне, оның бізге қажет нәрсенің барлығын біздің сұрауымызсыз беретініне деген сенім.

ТӘУЕКЕЛГЕ ҚАТЫСТЫ АЛТЫН СӨЗДЕР

Тәуекелдің мәнін түсіндіретін сөздер:

1. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім адамдардың ең күштісі болғысы келсе, Аллаға тәуекел етсін», – дейді.

2. Яхья ибн Муаздан (қ.с.): «Адамды қашан Аллаға тәуекел етті деп айтуға болады?» – деп сұралды. Ол: «Қолдаушы, қорғаушы ретінде Алладан разы болған кезде»⁶³, – деп жауап берді.

3. Ибн Атайлладан (қ.с.) тәуекелдің мәні туралы сұралғанда, ол былай деп жауап берді: «Қаншалықты қажет болса да, себептерге⁶⁴ арқа сүйемеу. Себептерден ұстанса да, Аллаға тәуекел тыныштығы деп аталатын ақиқаттан алыстамау».

4. Әбу Хатам әс-Сижистани (қ.с.) былай деді: «Әбу Тураб ән-Нахшаби (қ.с.) айтқандай, тәуекелдің шарты – Алланың алдында денемен шынайы құлдықты орындау, жүректің Алламен үнемі байланыста болуы, жеткілікті ризық-несібеге қанағаттану, нығметке шүкіршілік ету және жоққа сабыр ету».

⁶³ Оның барлық амалдарын тек Алла жаратып, орындайтынын білу.

⁶⁴ Яғни, азық табу мақсатындағы еңбек, дене белсенділігі және кез келген әрекет.

5. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: «Тәуекел – өзіне бір нәрсені таңдаудан бас тарту (өз ойы бойынша өзіне ең қолайлысын таңдаудан бас тарту және толығымен Аллаға тапсыру) және өз күшіне емес Аллаға сену және Алла тағала оның барлық жағдайын білетінін және көретінін ұмытпау».

6. Сондай-ақ: «Тәуекел – ризыққа қатысты уайымдарды бір күнге қысқарту (яғни, үлкен жоспарлар жасамау) және ертеңгі күнді ойламау» деп айтылды.

7. Сахл ибн Абдулла (қ.с.) былай дейді: «Тәуекел – Алланың қалауымен бірге болу».

8. Сондай-ақ: «Тәуекел мұминдердің қасиеті. Толық мойынсұну (тәслим) – әулиелердің қасиеті, ал барлық нәрсені Аллаға тапсыру (тафуиз) – барлық нәрсе тек Алладан деп білетін Аллаға жақын құлдардың қасиеті. Демек, тәуекел – қарапайым мұсылманның қасиеті, тәслим – Алланың таңдаулы құлдарының қасиеті, тафуиз – Алланың таңдаулы құлдарының ішіндегі таңдаулыларының қасиеті».

9. Зун-Нун әл-Мысри (қ.с.) былай дейді: «Тәуекел – адамның жүрегін Алла тағаладан басқа барлық нәрселерден тазарту және амалдар мен себептерге үміттенбеу».⁶⁵ Бір адам бұл сөзді

⁶⁵ Барлығын Алла жарататынына, ал құрал, себептердің еш салмағы жоқ екеніне және барлық нәрсе Алладан екеніне

ашып түсіндіруін сұрағанда ол былай деді: «Бұл нәпсінің Аллаға толық бағынуы және оны илаһи сипаттарға ұмтылу құмарлығынан тазарту».

10. Әбу Абдулла әл-Қуршиден (қ.с.) тәуекел туралы сұрағанда, ол: «Бұл барлық жағдайда құлдың Алла тағаламен байланысы», – деп жауап берді.

11. Бір ғалымнан тәуекел деген не деп сұралғанда, ол: «Өзіне келетін барлық нәрсенің Алла тағаладан келетінін түсіну»⁶⁶ – деп жауап берді.

12. Сондай-ақ былай делінді: «Тәуекел етудің үш дәрежесі бар: тәуәккел, мойынсұну (тәслим) және Аллаға тапсыру (тафуиз). Тәуекел еткен Тәңірдің уәдесінде тыныштық табады».

13. «Мойынсұнушы (тәслим) Алланың оның жағдайын білгеніне риза болады, ал Аллаға толықтай арқа сүйеген (тәфуиз) Оның жазған тағдырына риза болады», – делінген.

14. Әбу Дарда (р.а.) былай дейді: «Иманның шыңы – ықылас, тәуекел және ұлы һәм мәртебелі Раббысына толық мойынсұну».

15. Ғалымдардың бірі: «Алла тағала саған

сенімді болу.

⁶⁶ Құралдар мен себепер өз бетімен еш нәрсе бере алмайтынын түсіну және оған келгендердің бәрі Алладан екеніне толық сену.

бір нәрседе таңдау мүмкіндігін берсе, таңдаудан сақ бол. Өз таңдауыңнан бас тартып, Жаратқан Иенің таңдауына жүгін, өйткені ол істің соңы не болатынын білмейсің».

16. Тәуратта: «Раббысына тәуекел етпей, өзі сияқты адамға арқа сүйеген адам, Алланың мейірімінен макрұм» – деп айтылған.

17. Ғұламалар: «Кімде-кім Аллаға тәуекел етіп, Одан жәрдем сұраса, Раббысы адамдарды оған мұқтаж етіп, оның тілінен хикмет төгіледі», – дейді.

18. Бір кісі Әбу Язидтен (қ.с.): «Тәуекел деген не?» – деп сұрады. Ол: «Бұл туралы өзің не айтар едің?» – дейді. Сұрақ қоюшы: «Достарымыз айтады, тәуекел деген, оң мен солың жыртқыш аңдар мен үлкен жыландарға толы болса да, мұның сені мүлде мазаламауы, деп», – дейді. Сонда Әбу Язид (қ.с.) сөзін былай жалғайды: «Иә, бұл шындыққа жақын анықтама. Дегенмен, дұрысы мынадай. Егер жәннат тұрғындарының нығметке бөленуі мен тозақылардың азапқа ұшырауында сен үшін айырмашылық болса, сенің толық тәуекел етпегенің».⁶⁷

19. Әбу Бәкір әл-Уаррақ (қ.с.): «Егер

⁶⁷ Құл үшін Алла оны жұмаққа немесе тозаққа апаратынында ешқандай айырмашылық болмауы керек. Әр нәрседе Аллаға сүйену керек. Өзі үшін барлық таңдаудан бас тартқан ол, өлікті жуатын адамның алдында жатқан мәйіт сияқты болуы керек.

сұраншақтан оның әке-шешесі кім екенін сұраса, ол Алланың алдын ала белгілеген тағдырына күмән келтірушілік⁶⁸, деп жауап берер еді. Кәсібің қандай деп сұраса, ол қор болу деп жауап береді. Ал, нәтижең қандай болады деп сұраса, ол айырылу деп жауап берер еді» – дейді.

20. Шейх әш-Шазали (қ.с.): «Егер адамда осы бес қасиеттің ең болмағанда біреуі болмаса, онда оның иманы толық болмағаны: Алланың әмірлеріне мойынсұну, Оның үкіміне разы болу, бәрін Жаратушыға тапсыру, Аллаға тәуекел ету және басына апат келген алғашқы сәтте сабырлық қылу».

21. «Шаһарлардан (ақша табудан) үміттерінді үзіп, Аллаға тәуекел етіндер», – деп айтылды.

ТӘУЕКЕЛ ЕТУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Алланың алдында тәуекел етуден асқан дәреже жоқ. Алла тағалаға тәуекел етіп, Оның шешімдеріне мойынсұнып, барлық істерін Оған тапсырған және Оның тағдырына риза болған адам дінін күшейткен болады. Тәуекелді айыптайтын адам иманды айыптағаны.

⁶⁸ Өйткені өзгенің мал-мүлкіне көз артқан пенде Алла тағалаға арқа сүйеп, Раббысының қазыналарының толы екенін және басқаларға қанша берсе де таусылмайтынын білсе, басқаның мал-мүлкіне көз салмас еді, өйткені Алланың қазынасы баршаға жетеді.

Тәуекелшілерді сүйген адам, Алла Тағаланы да жақсы көреді.

Тәуекелдің бастауы – тәуекел еткен Алланы, Оның құдіретін, әр нәрсені хикметпен басқаратынын түсіну. Құл әділетті орнататын, барлық істерді реттейтін және алдын ала белгілейтін, жер мен көктің қазынасы Өзіне тиесілі ұлы Раббысының бар екенін түсінгенде, бұл құл құдіретті Раббысына қарайды және осының арқасында өзі де күшті болады. Алла тағаланың арқасында құл көтеріліп, Жаратушыға жақындауға разы болады. Сонда құлдың ғибадаты ықыласпен атқарылып, таухиді тазарады.

Мүмин адамдарды Жаратушысын тану арқылы таниды, сыбағасын өзі құлшылық ететін Алладан іздейді, адамдар бір нәрсе берді немесе бір нәрседен айырды деп оларды мақтамайды да, сөкпейді де. Өйткені, құл Алла тағаланың әр нәрсенің қамқоршысы және беруші екеніне сенімді болады. Адамдарға Алла тағала әмір еткені үшін ғана алғыс айтады. Мұның барлығына Алла тағаланың ахлағымен ахлақтанып және Оның Пайғамбарының (с.ғ.с.) сүннетіне еру арқылы жетуге болады.

Ей, мұсылмандар, жүректеріңді дүниеден ажыратып, Аллаға тәуекел етуде табанды болыңдар. Дүниеден алыстау – игі істердің

бастауы, ал тәуекел ету – Раббысына ұнайтын рухани күйлердің негізі. Алла тағаламен куәлік етіндер, сөзде, істе, ахлақта және күйде Оны паналаңдар. Кімде-кім Аллаға сүйеніп, Одан жәрдем тілесе, ол тура жолға түседі. Аллаға күмәнданудан, Оған серік қосудан, бір нәрсені қатты қалаудан немесе Аллаға қарсы келуден сақтаныңдар. Алла тағалаға жақындайтындай ғибадат ет, сонда таңдаулылардың қатарынан табыласың, Раббыңның сүйгеніне айналасың және Оның қорғауын сезінесің. Өйткені, Алла тақуалардың қамқоршысы.

Имам әш-Шарани (қ.с.) өзінің ұстазы Әли әл-Хаууастан (қ.с.): «Азығын ойлап, ақшаны сақтап қою, мақтауға тұрарлық амал ма?» – деп сұрады. Ұстазы былай деп жауап берді: «Мүрид өзінің ризығы, басқа ешкімнің үлесі жоқ екенін білген азықтан басқа ештеңені сақтап қоймауы керек. Оған азықты жинап, сақтап қоюға рұқсат етілмейді. Оны осы іске итермелеген оның сараңдығы». Содан кейін әш-Шарани (қ.с.): «Егер мүрид бұны отбасы үшін сақтаса және олардың азығы тек сол арқылы келсе, ол кезде бола ма?» – деп сұрады. Ұстазы: «Иә», – деп жауап берді. Имам Әш-Шаарани (қ.с.): «Ал егер мүрид бұл оның отбасының сыбағасы екенін білсе, бірақ Алла оны соның қолымен жібере ме, әлде басқа жақтан келе ме білмесе, онда азықты

жинап, сақтауға бола ма?» – деді. Оған шейх: «Жоқ», – деп жауап берді. Сонда имам былай деп сұрады: «Ал егер Алла тағала мүридке оның отбасы тек ол арқылы ризық алатынын илһам етсе, бірақ Алла айтқан уақытқа дейін мүрид бұл ризықты алмаса (қашан келетіні белгісіз болса), сол кезде азықты сақтап қоюға бола ма?» Ұстазы былай деп жауап берді: «Ондай жағдайда, ол сол уақытқа дейін азықты сақтауына немесе жұмсауына болады. Ол кезде ол отбасының ризығын сақтаушы болады».

Әш-Шарани (қ.с.) ұстазынан былай деп сұрайды: «Кей мүридтер қажетті азықсыз жыл сайын қажылыққа барады. Бұл мақтауға тұрарлық па, әлде ұнамсыз іс пе?» Ұстазы былай деп жауап береді: «Бұл ұнамсыз іс. Өйткені Алла тағала адамды жол азабын тартпасын, адамдардың алдында (қаражаттың жоқтығынан және оларға жүгінуге мәжбүр болып) ұятқа қалмасын, өзгелер оған азық не көлік жағынан көмектеспеген жағдайда оларға дұшпан болып кетпесін деп, қажылыққа бару үшін қаражаттың бар болуын шарт қылды. Қаражатсыз аттанған адам жоғарыда айтылған жағдайларға тап болмай қоймайтындығын бұрынғы өткен ізгілер айтып кеткен. Ал тілімен басқаларға зиян келтіретіндерге, мұндай сапарға шығуға тыйым салынады».

Ол ұстазына тағы мынадай сұрақ қояды: «Өзі асымды тауып жеуім үшін қолөнер түрімен айналысқаным дұрыс па?» Ұстазы былай деп жауап береді: «Бәрін Алла тағалаға тапсыру керек. Оның рұқсатынсыз, адам өздігінен ешнәрсені таңдамағаны дұрыс. Ризық адамды өзі іздеп тауып алады. Ал, пенде ризығын іздеп, қайда барарын білмей қиналуда. Олардың бірі (ризық немесе пенде) тоқтап қалса, екіншісі оны іздеуге көшеді. Сондықтан түгелдей ризыққа ұмтылу да жақсы іс емес, толықтай талап қылмау да дұрыс емес. Құлдың ризығы екіге бөлінеді:

1. Пенде күш сарп етпей-ақ келетін ризық. Ризықтың бұл түріне келер болсақ, оның соңына түсу жақсы емес.

2. Қолға түсіру үшін күш салуды қажет ететін ризық. Мұндай ризыққа талаптану абзал».

37-БӨЛІМ. АЛЛА ТАҒАЛА ТУРАЛЫ ЖАҚСЫ ОЙДА БОЛУ

Уа, мұсылмандар, Алла тағала туралы жақсы ойда болу – алдыңғылар пен кейінгілердің тұрақтайтын орны. Алла тағала хадис құдсиде былай дейді: «Құлым Мен туралы қандай ойда болса, Мен сондаймын. Ендеше, ол Мен туралы жақсы ойда болсын». Тағы бір риуаятта былай

айтылады: «Олай болса, құл Мен туралы қалай қаласа, солай ойласын». Ақылды адам, әрбір алған және шығарған тынысында Раббысы туралы пікірін жақсартта түскен адам.

Егер Алла сені бұл өмірде құрдымға жібермейді, бір сәтке болса да нәпсіңнің қолына тастамайды деп ойласаң, Жаратушы да солай етеді. Егер Алла сенің жасап қойған қателіктеріңнің орнын толтырып, сені сол үшін жазаламайды деп ойласаң, Алла солай жасайды. Егер Алла тағала саған таухидпен жан тапсыру бақытын сыйлайды деп ойласаң, Раббым саған мұны да береді. Егер Алла тағала сені қиямет күнінің азабынан сақтайды деп ойласаң, Жаратушы солай етеді. Жаратушы сені ешқандай сұраққа тарпайды деп ойласаң, Алла солай жасайды. Егер сен Алла тағала сырат көпірінде аяғыңды нық қылады деп ойласаң, Ол солай етеді. Жаратушы сені жұмаққа жібереді деп ойласаң, Алла мұны да береді.

38-БӨЛІМ. ӘЙЕЛІНЕ САБЫРЛЫ БОЛУ

Тақуа, діндар адамдардың әдеті – әйелдеріне сабыр ету, олардан келетін қиыншылықты көтеру. Бұл туралы көптеген ғибратты әңгімелер бар. Солардың бірі мынадай. Шейх Ахмад ар-

Рифаидің (қ.с.) күнде ұрысып ауыз жаппайтын долы әйелі бар еді. Бір адам түсінде шейхтің Алла разы болатын жоғары дәрежесі бар екенін көреді. Бір күні бұл адам шейхтің үйіне барғанда, әйелі оның иығынан көсеумен ұрғылап жатқанын, киімінің қап-қара болып кеткенін көреді. Шейхтің болса, үнсіз қарап тұрғанын көреді. Әлгі кісі ашынып, үйден шығып кетеді. Содан кейін ол шейхтың мүридтерімен кездесіп, олардан: «Уа, адамдар, мына әйел шейхымызға соншалықты зиян келтіріп жатқанда, сендер қалай үндемей отырсыңдар?!» – дейді. Мүридтердің бірі: «Бұл әйелдің махрының құны бес жүз динар, ал шейх кедей адам», – дейді. Сонда бұл кісі бес жүз динар жинап, табаға салып шейхтің алдына қояды. Шейх: «Бұл не?» – деп сұрады. Ол: «Бұл сізге жамандық жасап жүрген ана байғұс әйелдің махры», – деп жауап береді. Сонда шейх күлімсіреп: «Егер мен оның ұрып-соғуына, ащы тіліне шыдамағанымда, түсінде мені Алла разы болатындай жағдайда көрер ме едің», – дейді.

Бір тақуа кісі әйелімен ажырасқысы келгенде біреулер одан: «Оның саған қандай зияны тиді?» – деп сұрайды. Ол: «Ақылды адам әйелінің айыбын ашпайды», – деп жауап береді. Ажырасқаннан кейін олар тағы да: «Оны неге талақ еттің?» – деп сұрағанда. Ол: «Мен үшін бөтен кісіге айналған әйел туралы айтудың

маған не керегі бар», – деп жауап береді.

Сондықтан, балаларым, әйелдеріңмен жақсы қарым-қатынаста болуларыңды бұйырамын. Оларға жақсы мінез көрсетіп, жұмсақ болып, разылық пен қанағатта болыңдар. Адамдар біз сияқтыларды (мүридтер) ең кішкентай олқылығы үшін де сынайды. Ұсақ-түйек кемшіліктерімізді, істерімізді үлкен көреді. Мейлі сөз болсын, мейлі іс болсын адамдар бізді сөгетін нәрселерден сақ болыңдар. Жұбайларыңа мейірімді, жайлы болыңдар. Алла тағала сендерге бірге, бақытты өмір сүруді нәсіп етсін!

Егер біз әйелдерімізбен жиі ұрысып, нашар қарым-қатынаста болсақ, онда олар бізді аз құрметтеп, қадірлейтіні сөзсіз. Олар көп жағдайда үй шаруасымен айналысып, бізге қарауға уақыттары жетпей жатады. Сондықтан сабырлық танытып, оларды кешір. Қатаң болмай, ақырын, биязы түрде насихат айт. Олардың жасап жатқандары бізге жетеді.

*Әлемдердің Раббысы Аллаға
мақтаулар болсын.*

*Кітап хижраның 1436 жылы мухаррам
айында жазылып аяқталды. Пайғамбарымыз
Мұхаммедке (с.ғ.с.), оның отбасы мен
сахабаларына Алланың игілігі мен сәлемі
болсын!*

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

I-ТАРАУ

НӘПСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

1-БӨЛІМ. Нәпсінің болмысы	6
Нәпсі – адамның ата жауы	8
Нәпсінің деңгейлері	9
2-БӨЛІМ. Нәпсіні тәрбиелеу	11
Нәпсіні тәрбиелеудің үш жолы	12
Нәпсіге қарсы тұру	13
Өзін-өзі бақылау	16
Нәпсімен күрес	20
Токмейілсу	23
Екі өсиет	27
3-БӨЛІМ. Тәубе	28

II-ТАРАУ

ЖАМАН ҚАСИЕТТЕР

1-БӨЛІМ. Қызғаныш пен өшпенділік	33
Қызғаныш пен өшпенділіктің мәні және салдары	33
Көреалмаушымен қарым-қатынас	35
2-БӨЛІМ. Тәкаппарлық	36
Тәкаппарлықтың негізі	36
Тәкаппарлық шайтанның түбіне жетті	36
Тәкаппарлықтан құтылудың жолы	37
3-БӨЛІМ. Атаққұмарлық	38
Атаққұмарлықтың негізі	38
Атаққұмарлықтың емі	39
4-БӨЛІМ. Ашу	41
Ашу – дұшпан	41
Амалдардың түрлі кейіптегі бейнесі	42
Ашу кезінде не істеу керек?	44
5-БӨЛІМ. Ғайбат пен өсек	45
Ғайбат мен өсектің мәні	45

Ғайбат пен өсектің қауіпі	46
Ғайбат және өсек туралы ғалымдардың айтқандары.....	47
Ғайбат айтып қойса, не істеу керек?	50
6-БӨЛІМ. Дүниені жақсы көру	52
Дүниені жақсы көру мен құлшылық – үйлеспейтін екі ұғым	54
Дүниенің арбауынан сақтану	56
Алланың сүйікті құлдарының дүние туралы айтқандары.....	57

III-ТАРАУ

ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕР

1-БӨЛІМ. Аллаға құл бола алу.....	61
Аллаға құл болудың мәні	61
Аллаға құлдықтың белгілері.....	63
Өзіңді барлығынан төмен санау	66
Өзгені кіналап, өзіңді ақтау – құлдық сипанына қарама-қайшы.....	69
Сен жүрегіндегінің құлысың	70
Дұға – ғибадаттың өзегі.....	71
Құлшылыққа кедергі сипаттар.....	72

Аллаға құл болудың жемісі 76

2-БӨЛІМ. Жаратушыға риза болу, оған толық
мойынсұнып, барлық істерді оған тапсыру ... 78

Алла тағалаға риза болу,
оған толық бойұсыну (тәслим)
және барлық істерді Оған
тапсырудың (тафуиз) мәні 78

Алланың жазғаны –
құлға жақсылық..... 80

Алланың тағдырына разы болып, Оған толық
бойсұну – құлдықтың ең жоғарғы дәрежесі .. 83

Тыныштық – толық бойұсынушылықта 85

Кім Алладан разы болса,
Алла одан разы 92

3-БӨЛІМ. Ұят..... 93

Ұяттың мәні 93

Ұят – иманнан 97

ұятқа қатысты ғибраттар 98

Алланың құлы үшін ұялуы 99

4-БӨЛІМ. Көркем мінез 100

Көркем мінездің абзалдығы 100

Көркем мінез – діннің негізі 106

Көркем мінез туралы айтылған сөздер.....	110
Көркем мінез туралы әңгімелер.....	113
5-БӨЛІМ. Дүниеден бет бұру.....	119
Дүниеден бет бұрудың мәні	119
Дүниенің сұмпайылығы одан бас тартуға міндеттейді	120
Дүниеден бет бұрудың мәні	125
Дүние сүйіспеншілігінен құтылудың жолы	127
Құндылықтың өлшемі	131
Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниені тәрк етуі . 134	
Дүниеден бет бұрудың жемісі.....	136
6-БӨЛІМ. Шыншыл болу	137
Шыншыл болудың мәні.....	137
Шыншал болудың абзалдығы	138
Өтіріктің зияны	139
Шыншылдық туралы сөздер	141
7-БӨЛІМ. Сабырлық және нәпсіге көмектесуден бас тарту	144
Сабыр етудің мәні	144

Сабырлықтың қадірі және сауабы	144
Сабырлық туралы тамаша сөздер.....	146
Сабырдың түрлері.....	147
Адамдардан келетін зиянға сабырлық танытудың абзалдығы.....	148
Құқығыңыз аяққа тапталғанда сабырлық танытудың маңызы	150
Нағыз сабырлықты танытуға не көмектеседі?.. 155	
Үкім Алладан	157
Зұлымдықтың көбеюі – қияметтің белгісі	164
Ізгілік – қиындықты сабырмен көтере білуде	169
8-БӨЛІМ. Алладан қорқу және Оның рахметінен үміт ету	170
9-БӨЛІМ. Мейірімділік.....	173
Мейірімділік тариқатың бір бөлігі	175
10-БӨЛІМ. Қызғану	178
Алла тағала өте қызғаншақ.....	180
11-БӨЛІМ. Жанкештілік, жомарттық және кеңпейілділік	182
Жомарттық.....	182
Кеңпейілдік пен жомарттықтың абзалдығы	187


Жомарттық туралы алтын сөздер	188
Жанқиярлық пен жомарттық мысалдары	189
12-БӨЛІМ. Адамгершілік пен ерлік	194
Адамгершілік пен ерліктің мәні	194
Адамгершілік пен ерлік – тарихат шарты	195
Ерлік пен адамгершілік туралы сөздер	197
Ерлік пен адамгершілік жайлы ғибратты әңгімелер	200
13-БӨЛІМ. Азат болу	204
Азат болу туралы өнегелі сөздер	205
14-БӨЛІМ. Махаббат	206
Махаббат туралы нақылдар	207
15-БӨЛІМ. Ықылас	209
Рияның емі	211
Амалдарды көрсету үшін жасаудың қауіпті тұстары	215
Ықылас туралы өнегелі сөздер	217
16-БӨЛІМ. Адамдарға көмек көрсету және оларды құрметтеу	219
Адамдарға көмектесудің абзалдығы	220
17-БӨЛІМ. Уараң	223

Уарадың мәні.....	223
Уара Алланың нығметін қолданудан тыймайды	225
Уара туралы әдемі сөздер.....	227
Тақуалардың табандылығы.....	229
18-БӨЛІМ. Адамдардан алыстау	231
Адамдармен көп араласудың зияны.....	231
19-БӨЛІМ. Қарапайымдылық пен кішіпейілдік	233
Қарапайымдылық пен кішіпейілдіктің мәні	233
Кішіпейілдіктің белгілері.....	234
Діндарлардың кішіпейілділік мысалдары ...	235
Тәкаппарларға насихат	238
20-БӨЛІМ. Насихат айту	244
21-БӨЛІМ. Қол алысу	246
22-БӨЛІМ. Ата-анаға жақсылық жасау	247
23-БӨЛІМ. Мұңаю	249
24-БӨЛІМ. Аштық	250
25-БӨЛІМ. Истиқама	251
26-БӨЛІМ. Жұмсақ мінез.....	254
27-БӨЛІМ. Әділдік.....	257

Әділдік – бұл өз нәпсіңнің құмартқандарына қарсы келу	257
28-БӨЛІМ. Алла үшін жақсы көру және Алла үшін жек көру.....	257
29-БӨЛІМ. Қанағат	259
30-БӨЛІМ. Үнсіздік	260
31-БӨЛІМ. Танымалдықтан қашу	260
32-БӨЛІМ. Мұсылман бауырымен жүздесу	262
33-БӨЛІМ. Шүкірлік.....	263
Шүкірлік студің мәні	263
Шүкірлік – Алланың нығметі	263
Алла тағала ғана шүкір айтуға және мадаққа лайық.....	264
Шүкірдің ең кіші дәрежесі	266
Кез-келген жағдайда Аллаға мадақ айтушылар	268
34-БӨЛІМ. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю	269
35-БӨЛІМ. Тақуалық.....	272
36-БӨЛІМ. Аллаға тәуекел ету.....	274
Тәуекелдің мәні	274
Аллаға тәуекел студің белгілері.....	275

Себептерден ұстану – тәуекелге қайшы емес.....	276
Тәуекелге қатысты алтын сөздер.....	279
Тәуекел етудің артықшылығы.....	283
37-БӨЛІМ. Алла тағала туралы жақсы ойда болу.....	287
38-БӨЛІМ. Әйеліне сабырлы болу.....	288





**ШЕЙХ АХМАД-
ҚАЖЫ АБДУЛЛАЕВ**
Дағыстан Мүфтиі

ТАҚУАЛАР ӨНЕГЕСІ

Орыс тілінен аударылды

Редакторы: А.О. Жүнісова
Корректор: А.Г. Дүйсенова
Мұқаба дизайны: О. Алтай